



PLA DYNAMICS

PLA DYNAMICS
POLYMER LETTERS



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Е. А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Е.А.Бөкетов

Шығармалар жинағы

АЛТЫ ТОМДЫҚ

4 том

Қарағанды

2005

ББК 84 Р7-7

Б 78

Бөкетов Е.А.

Б 78. Шығармалар жинағы: 6 томдық. Т. 4 /Е.А.Бөкетов;
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
Редакциялық алқа: Е.Қ.Көбеев (бас редактор) және басқалар. —
Қарағанды, 2005, 433 бет.

ISBN 9965-442-05-3 (Т 4)

ISBN 9965-442-03-7

Бұл томға Евней Арыстанұлы Бөкетовтің В.Шекспирдің, Джон Флетчердің, В. Маяковскийдің, С. Есениннің орыс тілінен қазақ тіліне аударылған драмалық шығармалары мен поэмалары кіріп отыр. Театрларға қойылып жүрген драмалар һәм «Анна Снегина» сияқты тамаша аудармаларын оқырман қауым көптен біледі. Басқа аудармалар да үлкен шеберлікпен орындалған.

ББК 84 Р7-7

Редакциялық алқа мүшелері:


Көбеев Е.Қ. (бас редактор)

С.М.Әдекенов, Ө.Б.Әшімов, Қ.А.Бөкетов, М.Ж.Бүркеев,

Р.М.Жұмашев, В.П.Малышев, А.С.Масалимов,

З.М.Молдахметов, С.Ш.Тахан, М.Ж.Толымбеков

Б $\frac{4702010200}{00(05) — 05}$



ISBN 9965-442-05-3 (Т 4)

ISBN 9965-442-03-7

© ҚарМУ, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Евней Бөкетов жайлы сөз қозғағанда оның терең білімді ғалым, ерекше туған жан-жақты дарын екені халқымыздың жүрегіне орныққан белгілі ұғым. Metallургиялық химияның өрістеу жолында бұрынғы Одаққа аты кең тараған мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғылым докторы, профессор, бірнеше шетелдік патенті бар ғылым мен өндірісті тығыз байланыстыра білген жаңашыл оқымысты десек, бір адамның өміріне толығымен жеткілікті деректер екені шүбә келтірмес. Бірақ Евней үшін ол аздық етеді, шолақ қайырумен тең.

Е.А.Бөкетовтің селен мен теллурдың Қазақстандағы ірі зерттеушісі ретінде, әлемдік дәрежеде түсті және кара металлургияның өндірістік қажетін, жаңа металдарды табиғи қосындыларынан бөліп алудың майталманы және көмірден мұнай түзіп алудың жол бастаушысы атанғаны, қатардағы ғалым емес ғұлама оқымысты екенін толық дәлелдейді. Ол – Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың таңдаулы шәкірттерінің бірі болып, Қарағандыдағы Химия металлургия институтын он екі жыл басқарған, ғылымға еңбегі сіңген үлкен қайраткер, Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалап, сегіз жыл басқарған тұңғыш ректоры, ғылым мен білімнің көрнекті ұйымдастырушысы танылып, аты тарихта алтын әріппен жазылған қазақ халқының ардақты перзенті, рухани өмірімізге өшпес із қалдырған зор тұлға.

Егер осы айтқанымыз санасы саңлақ Евней Арыстанұлы Бөкетов жайлы толық мағлұмат береді десек қателескеннің үлкенін көрсетер едік те, ұлтжанды туған ұланғайыр еңбектері бар жан-жақты туған зор таланттың жарты өмірі мен жарты еңбек жолын сипаттаған дәрежеде қалар едік. Ағылшынның атакты тарихшысы үлкен философ А.Тойнбидін: “...бір нақтылы нысанаға қол жеткізуге ұмтылғанда тек қана сол қиялың емес, одан әлде қайда жоғары, өте жоғары бір нысанаға бой ұру керек”, – дегені бар.

Тарлан тарихқа көз жүгіртіп қарай қалсақ, шынында да адамзат қауымының көрнекті өкілдері бір ғана, жалғыз нысананың құлы болып қалмай, одан ерекше көзге түсіп,

көңілде қалардай талай-талай өнердің басын қайырғандары белгілі. Әлемнің ең үздік ақыны, “дауыл мен шабуылдың” поэзиясын жасаған Гете өз заманының көрнекті ғалымы болып, талай-талай күрделі жақсылықтарды ашты.

Гете: “Табиғаттанумен айналыспасам, адамдардың мінездерін түбегейлі түсіне алмас едім. Табиғат мүлтіксіз жаралған, ол қалпынан таймайды, тек қана адамдарға қателесу мен адасу тәнті. Рухы жұтаңнан ол іргесін аулақ тартады, тек қана адал, таза дарынға барын ашып, тағзым етеді”, – депті. Міне, осы данышпандық ойдың құшағында Евней Арыстанұлы да туды, ол жаратылыстанушы болмай жатып, тамаша қаламгер бола бастап еді. Бір нысанада қалмай өте жоғарғы нысанаға ұмтылса, атакты ғалым үшін ол – ана сүтімен ере келген ақындығы мен жазушылығы болатын. Осының бірі оны үлкен ойшылдыққа жеткізді, ғұламалардың қатарына қосты. Шекспирмен шендеспесе де, теңдеспесе де Абай айтқандай, “ұқсап бакты”.

Е.А.Бөкетовтің қазақ әдебиеті, мәдениеті үшін қалдырған мұрасы аз емес. Ол – ақын, жазушы, аты әйгілі публицист, жасынан танымал әдебиеттанушы, әсіресе жанрға бөле келсек, ол - әдеби эссенің қазақ топырағындағы ең үздік шебері, көрнекті аудармашы ретінде кеңінен танылды.

Евней ағаның аудармаларын қолға алып, бір ауыз сөз жазуға кіріскенім әдеби талдау не ғылыми зерттеу емес, жаңа жинаққа аз ғана түсінік ретінде шылбыр тастау, сақ қыранның томағасын сыпыру іспеттес қимылым деп білемін. Жалпы алғанда ақындық дерті Евнейге жастайынан жабысты. Ол анасынан ақын болып жаратылды, бірақ бодандық өміріміздің оны бала күнінен әр саққа салуы тағдырдың сан түрлі қиындықтарынан өткізді. 1932-1933 жылдар әкелген аштық жеті жасында жабысса, Ұлы Отан соғысының ауыртпалығы жастық шағына дөп келді. Көп бейнеттің де зейнеті сол шығар ол өмірдің қызу ортасында өсті, тайғақ кешу, тар кезеңдерді өз көзімен көрді. Демек, тағдыры қандай тілекке салса да, ол - өлең мен жазудан ешқашан қол үзбеді.

Е.А.Бөкетовтің аудармашылық өнерін сөз еткенде Есениннен есіп өтіп, Шекспирге бірақ жетті десек адасқанымыз

болар еді. Оларға жеткенше, әу бастан халқымыздың әдеби бай мұрасынан сусындады. Ауыз әдебиетін жіті білді. Евней Абайды жатқа білді десек, еш жаңалық ашпаймыз, ондай ұлағатты мысалдар толып жатыр, ал оның Жамбыл атамызды өте терең, мейлінше толық игергеніне тандануым, қайран қалуым шексіз еді. Талай жылдар кездесіп жүргендегі мен байқаған шоқтығы биік бір байлығы осы – Жәкеңді терең меңгергендігі болатын. Жәкеңнің үздік “Манасшыл” ақын екенін де Евекеңнен естідім. Бір жолы қайны атасының елі – Шу бойында балық аулап жүргенде Жамбыл облысының ауылдарында Жәкең жайлы айтқандары химияның емес “Жамбылтану” ғылымының профессоры дегізгендей етті.

Сол жолы Жәкеңнің бір әңгімесін әдемілеп айтып берді. Денесі зор, Қобыландыдай батыр нұсқалы көрінісі де, Евекеңнің жүзі жылы, бет әлпеті сүйкімді, ал әңгіме айтқандағы әрі ұғымтал, әрі нәзік сиқыр сазымен баурап алатын ауызекі сөзге шеберлігі мол еді. Әңгімеде Алматының түбіндегі інісінің үйіне Жәкең бесін ауа келсе, қоналқаға келісіп, үй иесі тайыншадай меңсіз қара қойға төрт-бес жасар баласын мінгізіп, бауыздар алдында бата тілетіпті. Сонда Жәкең:

“Аузыма Алла әуелі дуа берсін,
Дұшпанның аузын мықтап буа берсін.
Келіннің балағынан бала саулап,
Салпы ауыз, боқ мұрындар туа берсін”, – депті.

Біз ду күлістік, қонақтап отырған жеріміз даладағы қойшы Ахметтің үйі еді, екі әйелі бар екен, екі киіз үй қатар тігіліпті, екі жұбайы да жүгіріп жүрді. Дәл Жәкеңе әкелгендей Ахаң да бір баласын мінгізіп бір “еділбайский” марка қозыны алып келіп бата сұрады. Сонда Евекең: “Жәкеңнен артық айта алмаспын. Қашан да қазақ халқының санын ұлғайту ұлттық үлкен мақсат қой”:

“Батасы Жамбыл ата ауып келсін,
Толқытып, Шу бойында шабыт желсін.
Беу, Асқар! Сен үбірлі, шүбірлі бол,
Қос келін 20 бала тауып берсін”, – деп Евней ағамыз да әуминге әрең жеткізіп ду күлдірді. Ол кісінің Жамбыл өмірінен алынған осындай әңгімелерін айтып бөлек дүние жазса

қызғылықты жинақ болар еді. Ал “Евгений Онегин” мен “Қыз Жібекті” жатқа біліп олардың ырғақтық сарындық ұқсастықтарын дәлелдеп әндетіп беретін өнері бір хикая.

Осының бәрі жазушылық, ақындық өнерге келуіне үлкен дайындық емес пе? Тоғызыншы сыныпты үздік бітірген Евнейді соғыс жылдары мұғалімге тапшылықтан аудан басшылары қазақ, орыс ауылдарындағы мектептерге сабаққа жекті. Бұл күндердің өз бергені сол, әсіресе жатқа айтуға, оқуға, көркем сөздің ауызекі шеберлігіне ынтыққан шағының, бүршік жарған кезі еді. Ол сол кездердің өзінде орыс тілінде өлең жаза бастады, орыс тілінен қазақ тіліне бірсыдырғы шығармаларды аударды. Мектепте орысша оқытса да, үйде Зейінғабиден ағасына Евней (Евінғабиден) еліктеп қазақша сауатын ерте ашты, жеті жасында қазақ тіліндегі кітаптарды, газет-журналдарды оқып жаттықты, латыншаны игерді, кейін кирилицаға да жеңіл көшіп кетті. Қазақ өлеңдерін де көп білетін, шешендік сөздердің шебері еді.

Міне, осының барлығы оның үстіне күнделікті ізденімпаздығы мен орасан еңбекқорлығы Алматыда оқып жүрген студент, аспирант кезінде әдеби қауымға таныс етті. Орысшадан қазақ тіліне аударылған бірсыпыра еңбектермен танысып, газет, журнал беттерінде оларға өзінше адал баға беруге кірісті. Аударманың сыншысы бірде: “мук'а” мен “му'каны” айыра алмаған ақын Маяковскийді аударуға қалай барады” – деп үлкендерге де ауыз сала бастады. Кейін Е.А.Бөкетов өз аудармаларын жариялауға еркін кірісті.

Қолымыздағы аудармалар жинағына тоқталсақ, Евней Арыстанұлының аударған: В.Шекспирден “Макбет”, “Юлий Цезарь”, Джон Флетчерден “Испан сопысы” атты драмалық шығармалар кіргізіліпті. Сондай-ақ, В.В.Маяковскийдің “Қандала”, “Тамара мен Демон”, “Керемет” атты поэмалары; С.Есениннің “Анна Снегина” атты поэмасы және де “Советтік Русь”, “Келіншекке хат”, “Качаловтың итіне” атты өлеңдері бұл кітапқа еніп отыр.

Әрине, Евней Бөкетов дегенде оның В.В.Маяковскийді әрі аударып, әрі өзге аудармашыларға сыншы көзбен қарап, демей бергені еске түседі. Евнейдің аударуында В.В.Маяковскийдің “Қандаласы” қазақша қалыбына дәл түсті. “Еркекке күш те

керек, іс те керек, білек те, жүрек те керек”, – дегендей Евекен де күш те молынан, білек пен жүрек ере туған серіктері, ал солардың арқасында үлкен-үлкен істер де дүниеге келді. Тиген жерін тесіп өтер Маяковскийдің өткір де, жер-жебесіне жеткір ұшқыр сөздері Бөкетовтің аудармасында өз баламасын сәтті тапты. “Қандаладағы” түйме сатушының:

“Түйме үшін азаматтар үйленбе!

Түйме үшін әйеліңнен жиренбе!

Басып қалса сұқ қолымен бармағы,

Шешілмейді азаматтың шалбары”, – дегені;

Қайрақ сатушының:

“Қайрап, ұста, пышағынды

болсын десең жүзі өткір,

Қайра, безеп тілінді

Болсын десең сөзі өткір”, – деуі;

Селедка сатушының:

“Республикада ең тұздысы тамақтың,

Жан серігі күймақпенен арақтың”, – деп шалкуы,

Слесарьдің:

“Ол қыз емес, ол бір құт,

Екі емшегі екі пұт”, – деп айқайлаулары сол күндерде ауызға ілігіп, қанатты сөздер болып кетті. Маяковскийдің шығармаларын аударған қаншама аты шулы адамдар көп болса да Бөкетовтің “Қандаласы” ең тамаша аударма болып, әділ бағасын алды. “Қандаладағы”:

“Қандалиус нормалис,

Тоғышарис вульгарис”, – дегені де тапқырлығын танытты.

“Тоғышарис вульгаристер” қай заманға да үйірсек болады екен. Осы күнгі кей қауіпті хайуанаттарға үнілсек, тоғышарлардың әрі іске олақ, әрі қадалған жерінен қан алып өзіне керегін сорып жатқаны көзге елестеп, санаңа орнығады. Бейімбет Майлиннің “Мырқымбайы” секілді Маяковскийдің “Қандаласы” да қазақ зиялы қауымына кең тарады.

Евней Маяковскийдің шығармаларын белгілі мақсатпен аударды. Біріншіден өжет мінезі, екіншіден астарлы да ойлы сөзі бауыр тартты. Қоғамдағы хайуанат сипаттыларды Маяковскийше әшкерелей білу де үлкен өнер ғой. Сол ерен

мінезінен тапқан кедергілері де аз емес, орыстың ұлы ақынының өлімі де жұмбақ болып өтті. Маяковскийде үлкен ойшылдықтың, тарихтың тереңіне қарай білудің нышаны анық белгі береді. Оның өзі үлкен сабақ еді, тамаша үлгі көрсетті.

Ақынның сырлы сөздің саңлағы, көркем сурет шебері Сергей Есенинге баруы да заңды құбылыс. Сергей көрген сергелдеңді Евней де көрді. Шым-шытырық өмір құбылыстарының да ұқсастықтары аз емес-ті. Есениннің жинақтары алғашқы рет қолға түскенде ауыл өмірінің айналасындай, тіршіліктің тірі суретіндей бауыр тартқаны айдан анық. Оның үстіне біздің де, Евнейдің де мектептегі кезінде Есенин жабық жатты, ал ол ақталып ашылған кезде, яғни халық пен орыстың дүлдүл ақындарының арасындағы заңсыз перде ашылғанда Евекендер, әу дегеннен керегін аңдап, сүйгенін аударуға кірісті. Ақ қайындардың арасында өскен Евнейге орыстың құдды сондай сұлу табиғатын жайлап өскен Есениннің өлеңдері қызғылықты құбылыс болып көрінді де аударма келгенде, аударма емес, жеңіл оқылып өзінің төл туындыларындай тартымды әсер қалдырды.

“Анна Снегинаның” барлық көріністері біздің Есіл – Көкше өңіріне өте ұқсас, поэмадағыдай талай диірмендерді де, диірменшілерді де көріп өскен елміз ғой. Кез келген екі селен, не екі ауылдың арасындағы талас-тартыс, араздық, достық, бәсеке, бақталастық бәрі-бәрі де танымал өз өміріміздей көрінеді. Сондықтан да Евнейдің:

“Айтпасқа жетпес әліміз,

Бейнесі өшпес жан екен.

Жас күнде сүйдік бәріміз,

Бізді де сүйген бар екен”, – дегені нағыз қазақы өлеңдей емес пе. Тап осындай үздік аудармалар қай жүректен де орын табады ғой. Бұл поэмадан орыстың исі аңқып тұр, поэмада ашық, мырза – орыс өмірі. Орыс мінезді дүние жеткілікті, ал соңғы шумаққа келсек, әмбеге ортақ. Есенинді аударып Евекен өз шер-шеменін бір емдесе, қаншама тағдыры ұқсас оқырманның сауабын алды. Бәріміз де бәрекемді, шындық сыры осындай болу керек қой деп бір серпіліп қалдық.

“Бізді де сүйген бар екен” дерлік өткен күннің асыл белгісіндей абзал арумен кездесу кімнің көңіл өрісін кеңітпейді. Ақын өз өкініші, өз жұбанышы арқылы бүкіл оқушы жұртшылықтың көңілінен шығып отыр, аудармашы да ұлы ақынның туындысын дәлме-дәл көрсете білген. Поэманың аяққы кезінің әр жерінен дәмі жүрекке дем берген кейбір шумақтарын алып, романс құрсақ былай түседі екен:

“Қызарып атқан таң ба бұл?

Көкжиек өртке ұқсайды.

Сепкендей елес жанға нұр,

Жақсылық сезім ұштайды.

Балдырған бала кезіміз,

Қоштады күзгі гүл алаң.

Жарасты ынтық сөзіміз,

Он алты жасар екі адам.

Тағы да елге келемін,

Шілденің түні еркелі.

Арбада жеңіл желемін,

Самал жел мұңын шертеді.

Көзтаныс есік түр жолда,

Он алты жаста ем, үмітті ем.

Ақ көйлек албырт қыз сонда,

Елжіреп еді: “ұмыт” – деп.

Айтпасқа жетпес әліміз,

Бейнесі өшпес жан екен.

Жас күнде сүйдік бәріміз,

Бізді де сүйген бар екен”.

Қандай тамаша романс десеңші, бұл аудармашының үлкен жетістігі. Тіпті аударма деуге де қимайсың. Әнге қосу әрине, композиторлардың ісі.

Евней Арыстанұлы нақ осындай аршынды қадамдардан кейін Джон Флетчердің “Испан сопысын” аударып, ол жорықтан да жеңіспен оралып, Шекспир әлеміне сапар шекті. Қазақ ақыны В.Шекспирдің ең ауыр трагедияларының бірі “Макбетті” аударып үлкен жетістікке жетті. Шым-шытырық күрделі де қиянкескі уақиғаларды сипаттау драматургиялық шеберлік пен тілге өрнектеу оңай сауда емес, әсіресе көркемдік жағына баса

қарап, көз тойып, құлақ құрышы қанардай еткен жерлері көп-ақ. Жалпы аударма сәтті шықты.

Шотландияның королі Дунканға келіп, қолбасшысы әрі оның туысы Макбет:

“Патшаның адал қиялы болып,

Көппен бірге қосылып,

Намыс пен ілтипатқа лайықты,

Қайрат көрсету біздің ісіміз”, – дегенде Макбет сияқты әрі туысы, әрі қолбасшысы Банко:

“Мен де Макбет сияқты алма ағашын һәм оның жемісін өзіңізге дайындағанмын” дейді. Ақыры Макбет королді өлтірді. Ал, Макбет королді өлтіру азғырындысына әйелі леди Макбеттің құйрығына тұз салумен күйтұрқыланып жүр. Күнәға батпайын деп, королге қол саларының алдында таубаға келгендей жұбайына: “Осымызды қоялық. Ол маған көп жақсылық істеді, әрі халық ардақтайды. Мен де сыйлы күйімде біраз өмір сүрейін дегенде қанпезерлігі қызған, мансапқор леди Макбет:

“Сонда сенің арманың,

Тұрғаннан кейін бір ұйықтап,

Райыңа қайтатын, лепірме мастық болды ғой?

Сөзге батыр, іске жалтақ.

Бүйтіп сүйгенің де құрысын!

Ұмтылсаң асқақ мансапқа,

Токтат қалтырап қорқуды,

Достаспас так пен қорқақтық,

“Тәттіні татқын, қаттыдан қашқың келеді”,

Болғаның ба сен мысық”, – деп адам жанын түршіктіреді.

Бұл сөздерден кейін Макбет көкірегіндегі жақсылықтың соңғы шырағын сөндіріп, залым қанпезер леди Макбеттей зайыбына табынған мансапқорлық жеңген зұлым болып шығады. Е.Бөкетов аударған “Макбет” қазақ сахнасына алғашқы рет Қарағанды облыстық драма театрында тұсауын кесті. Қойылым жемісті болып, жетістікке жетті. Елдің де, аудармашының да қуанышында шек болмады. Өйткені үлкен азаматтың тап осы мезет өмірлік арманы еді. Спектакльдің Алматыда қойылуы республикамыздың мәдени өміріндегі

тамаша құбылыс деп саналды. “Макбет” еліміздің көптеген қалаларында сәтті қойылып болашаққа бет бұрды. Е.Бөкетовтің бұл аудармасы Қазақстанда жарық көрген В.Шекспирдің таңдамалы шығармаларының екі томдығына кіргізілді. Мұхтар Әуезов бастаған, Ғабит Мүсірепов, Хамит Ерғалиев, Әбіш Кекілбаев қостаған шекспиршілердің асыл ортасында Евней Бөкетов те қосылды. Қазақ әдебиетінің даму, өркендеу, өрістеу жолында Евней Арыстанұлы өзінің алтын қазығын осылай қағып кетті. Ғалымдығына пара-пар тартқан көкейкесті асыл нысанасы да осы еді, абзал азамат ол арманына толық жетті.

Е.А.Бөкетовтің философиясы өзі айтқандай: “Адамның мүмкіншілігінде шек жоқ, ұлылық жалғасып жатады” деген үлкен ойға орныққан. Ол үшін Абай мен Мұхтар Гете мен Шекспирдің жалғасы, Қаныш Шоқанның жалғасы. Ал бұл дау тудырмайтын ұғым болса, В.Маяковскийді А.С.Пушкиннің жалғасы деген де әдебиеттанушы ғалым, ойшыл ғұлама Евней Бөкетов. Бұл ұғымның дау тудырған кездері де болды, бірақ Маяковскийдің поэзиясындағы алғашқы жас бейнелер Онегиннің жалғасы деген дерегін қазақ әдебиеттанушы ғалымы, тамаша аудармашы ақыны Е.А.Бөкетов тайға таңба басқандай етіп дәлелдеп берді. Сондықтан бұл Евней айтқан сара жол, үлкен ұғым – оның заманымыздың көкірегі гуманизмге толы үлкен ойшыл перзенті екенін дәлелдеді.

Кітаптағы: “Өмір – елес, адам сахнадағы ойыншы”, “Мияулап мысық тосып тұр, бақа да көлде бақылдап, оған үнін қосып тұр”, “қаны бір арысым, жібермесін намысын”, “Атақпенен сыйлыққа дағды керек”, “адамның жүзі алдамшы”, “Тілінді тіре тісіңе”, “Мықтап ұста тағынды, тағыңа келер қағынды”, – деген сияқты қанатты сөздер аз емес. Бұл мысалдар да түпнұсқадағы ұлы ойшылдықтың Евней қазақшалаған жалғасы.

Аса көрнекті ғалым, ақиық ақын, тамаша жазушы, үлгілі аудармашы, ғылым мен әдебиеттің терең зерттеушісі Евней Бөкетов бар дарынын туған еліне, қазақ атты қасиетті ұлтына арнады. Сол ұланғайыр еңбектерінің ішінде шоқтығы биік көрініп тұрған осы жинақтағы аудармалары әлемдік әдеби мұраны меңгеруде кәсіби шеберлікті, көркемдік талантты,

шынайы сауаттылық пен мәдениеттілікті айдан айқын көрсетіп тұрған үлкен жетістік, ол тамаша қаламгердің жетістігі, ұстазымыздың үлкен мерейі. Көркем сөз зергерінің бұл тамаша туындылары классикалық драматургия үлгілерін насихаттау, поэзияның асыл қазыналарын ел игілігіне жаратуда үлкен үлес қосады деп кәміл сенемін. Оқушы қауымның қолына тағы да бір тамаша поэзия шоқ гүлі түсті, құттықтаймын.

Кәкімбек Салықов

ВИЛЬЯМ ШЕКСПИР

Юлий Цезарь

Buketov university

Қатысушылар:

Юлий Цезарь
Октавий Цезарь
Марк Антоний
Марк Эмилий Лепид

} - Цезарь өлгеннен
кейінгі триумвирлер.

Цицерон
Публий
Поппий Лена

} - Сенаторлар.

Марк Брут
Кассий
Каска
Требоний
Лигарий
Деций Брут
Метелл Цимбр
Цинна

} - Цезарьге қарсы шыққандар.

Флавий
Марулл

} - трибундар

Артемидор Книдский - риторика мұғалімі.
Көріпкелі бар адам

Цинна, ақын.
Екінші ақын.

**Луцилий
Титиний
Мессала
Жас Катон
Волумний**

- Брут пен Кассийдің достары.

**Варрон
Клит
Клавдий
Стратон
Луций
Дарданий**

- Брут қызметшілері.

Пиндар - Кассийдің қызметшісі.

Кальпурния - Цезарьдің зайыбы.

Порция - Бруттың зайыбы.

Сенаторлар, азаматтар, қанаушылар, қызметшілер, тағы басқалар. Оқиға Римде, Сардтың маңында, Филипп маңында өтеді.

**Акад. Е.А. Бокетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті
Ғылыми кітапханасы**

БІРІНШІ АКТ
Бірінші көрініс
*Рим. Коше. Флавий, Марулл,
бір топ азаматтар шығады.*

Флавий

Жоғалыңдар! Сыпыра арамтамақ!
Үйді-үйіңе тарандар! Бүгінгі күн
Той күні емес, ендеше, қолкәсіби адамдар
Шеберліктің таңбасын тақпай шығар болмас-ты!
Әй, сен кімсің?

Бірінші азамат

Ағаш шеберімін, тақсыр.

Марулл

Былғары алжапқыш пен сүргін қайда?
Той тойлауға шыққан киім кигенің не?
Сен кімсің, жараным?

Екінші азамат

Шынын айтсам, тақсыр, шын шебердің алдында, сізден
жасырарым жоқ, құр долбаршы бола алам.

Марулл

Қандай іске шеберсің? Дұрыстап айт.

Екінші азамат

Мен, тақсыр, өз кәсібіме сыйынып, тазаланып кірісем бе
деген ойым бар;әйтпесе болмайды, тақсыр, мен басқалардың
күнәсін жамап-жасқап, жауып жүрген адаммын.

Марулл

Ол не кәсіп? Жөндеп айт, арамтамақ қу.

Екінші азамат

Мысалы, Сіз, тақсыр, далимаңыз! Далисаңыз, бірдеңеңіз
көріне бастар да, мен соны жамап, жаба қоярмын.

Марулл

Әй, не оттап тұрсың? Немді жамамақсың, дөрекі неме?

Екінші азамат

Мысалы, тақсыр, ұлтаныңызды жамамақпын.

Флавий

Сонда етікші болғаның ба?

Екінші азамат

Дәл түстіңіз, тақсыр, күн көрген аспабым біз ғана. Мен әйел ісі болсын, еркек ісі болсын, әйтеуір басқалардың ісіне тек бізбен кірісем. Ескірген етік-кебістің, тақсыр, бірден емін табатын сабазбын, өлермен болып жатқан жерінен тік тұрғызам. Өгіз терісін аяғына ілген пенденің бірі қалмай менің шеберлігімнің арқасында жер басып жүр.

Флавий

Отырмаспысың үйінде, шегенді қағып ұлтанға,
Жұртты мына дүрліктіріп жүргеніңше көшеде?

Екінші азамат

Бұларды осылай, тақсырым, жүргізбесем, тоздырар ма бұлар ұлтанын? Тоздырмаса ұлтанын, мен жұмыссыз қалам ғой... Ал, шынын айтсам, тақсырым, біз мейрамдай келдік. Цезарьды көрмекпіз, оның асқақтығы мен жеңістеріне қуанбақпыз!

Марулл

Қуанбақсың! Қандай жеңіске қуанбақсың?
Аманаты қайда оның, осы Римге әкеліп,
Жұрт алдында жүргізіп, көркейтердей жеңісін?
Мұздай мылқау, тастай мылқау боларсың ба?
Жүрегінде сезім жоқ Рим халқы!
Помпейді ғой ұмыттыңдар? Ұлы Помпей
Келе жатыр дегенде, шатыры мен мұржасына
Үйлерінің өрмелеп, терезені далитып ашып тастап,
Көрі-жасың бірің қалмай, қолыңа ұстай баланды,
Бір көруге ынтық боп, сарыла қарап көшеге,
Күні бойы жалықпай күткендерің есте жоқ.
Күймесі оның алыстан көрінгенде естерің шығып,
Жаңғырығың Тибрдің кеңейткендей арнасын.
Айқай салып, шулап-азынап беретін сендер емес пе?
Ал бүгін бар жақсыңды киіп апсың.
Мейрамдауға құлшынып келдіңдер?
Помпейдің қаны былш басып, жеңіске ие болғанның
Гүл төсеге жолына дайындалып келіңдер?
Жоғалыңдар! Үйді-үйіңе жеткен соң
Опасызды жаратын қанды қанжар обадан
Сақтасын деп жүгініп, құдайлардан тілендер!

Флавий

Азаматтар, қайтындар. Кемтар мен ғаріптерді
Жинап алып, Тибрге барындар да, аза тұтып,
Көз жастарың өзеннің арнасын әбден толтырып,
Жалағанша жиегін, тілеу тілеп жыландар.

Азаматтардың бәрі кетеді.

Көрдің бе, дөрекінің өзі де жұмсарғанын?
Кінәларын білгендей, үндеместен тайды бәрі.
Сен тура мына жолмен Капитолий жаққа бар.
Мен былай кеттім. Көрсен жолда
Сыпыра кет мүсіндердегі жалауын.

Марулл

Өйткен дұрыс болар ма екен?
Луперкалий мерекесі бүгін ғой.

Флавий

Болса ше! Цезарьды мадақтайтын шүберек
Мүсіндерден жалбырап тұрмағаны әділет.
Мен кеттім ессіз жұртты көшеден таратуға.
Топталған халық көрсен, сен де істе осыны.
Қанатынан Цезарьдың қауырсынын жұлайық,
Өзгеден биік ұшпасын. Биікке ұшса, бәрімізді үркітіп,
Құл етіп, басып ұстайды.

Кетеді.

Екінші көрініс

*Алаң. Күй түтіктер. Цезарь, жарысқа түспекші болған
Антоний, Кальпурния, Порция, Деций, Цицерон, Брут,
Кассий және Каска кіреді. Бұлардың соңында бір топ халық,
ішінде көріпкелі бар адам.*

Цезарь

Кальпурния! Каска! Тыңдандар! Цезарь сөйлеп тұр!
Музыка толастайды.

Цезарь. Кальпурния!

Кальпурния. Тыңдадым, мырзам!

Цезарь

Антоний, жүгіргенде, ізгі ниет білдіріп,

Жолында тұр. Антоний!

Антоний. Ұлы Цезарь!

Цезарь

Зымырап келе жатып, қолыңды тигізіп өт Кальпурния жеңген. Киелі қол тигеннің Құр жатпас деп құрсағы қарттар бұрын айтатын. Осыны сен ұмытпа!

Антоний

Ұмытпаймын ешқашан ұлы Цезарь айтқанын.

Цезарь

Ал, барыңдар, істендер бар тәртібін.

Музыка.

Көріпкелі бар адам. Цезарь!

Цезарь. Мені атаған қайыссың?

Каска

Қойсаңдаршы шулауды! Музыканы тоқтат!

Музыка тоқтайды.

Цезарь

Осы топтың ішінде мені қайсысын шақырған? «Цезарь» деген дауысы музыкадан да ащы. Шық бері. Цезарь сені тыңдап тұр.

Көріпкелі бар адам

Марттың ида күнінен сақтан.

Цезарь. Кім өзі?

Брут

Марттың ида күнінде бір оқиға болады демекші ғой.

Цезарь. Бері шықсын. Көрейін.

Каска. Шық бері, алдына кел Цезарьдың.

Цезарь. Не дедің жаңа маған? Қайталап айт.

Көріпкелі бар адам

Марттың ида күнінен сақтан дедім.

Цезарь

Сандырақ қой мынасы тыңдауға да тұрмайтын. Кеттік.

Күй түтігі белгі береді.

Брут пен Кассийден басқасы кетеді.

Кассий. Той қызығын көруге барасың ба?

Брут. Бармаймын.

Кассий. Барғаның жөн. Өтінем.

Брут

Марк Антоний сиякты әуесқой емеспін мен. Ойын менен ойнаққа құмарлық жоқ бойымда. Бұл мінезім саған да сірә, үйлеспес. Кеттім.

Кассий

Брут, сенің көзіңнен бұрынғыдай ілтифат, Бұрынғыдай мейірім көре алмай жүргенім. Жақындығың ең керекті кезінде сен алыстап кеткендейсің. Өзінді сүйген досыңды бөтен адамға ұқсатып, салқын тарта ұстайсың.

Брут

Кассий, сен қателеспе. Түнерсем, мен мұнымды ішіме түйген адаммын. Тек өзіме сәйкесті қилы ойлар берекемді кетірді. Сырт салқындық себебі де осыдан. Достар бұған, сол достардың басы Кассий, ренжімес деп білем. Досқа көңіл бөлмесе Брут пақыр, өзімен-өзі жекпе-жек арпалысып, мейірімді болуға мұршасы жетпегені деп түсін.

Кассий

Онда мен сені, сірә, түсінбеппін.

Сондықтан осы жайды көп ойланып,

Ішімде талай сырлар сақтап келдім.

Брут, сен өз жүзінді өзің көре алар ма едің?

Брут

Жоқ, Кассий, біздің көрген бейнеміз

Тек басқа зат бетіне түскен біздің сәуле ғой.

Кассий

Шын-ау. Өттегене-ай дейсің де қоясын да.

Әйтпесе сен, Брут, бойыңдағы өзіңнің,

Ерлігің мен адамгершілігіңді көлеңкеңдей

Көрер болсаң. Естідім мен Римнің

Ең жақсы жайсандары Брут десе,

Ішкен асын жерге қойып: «Көзі жетсе, Бруттың,

Мына құлдық қамытын киген жайға», - дейді деп

Күрсінді қамығып. Даңқты Цезарь

Қосылмас бұған, әрине.

Брут

Қауіпті жол сілтеп тұрсың сен маған.

Жобасы, сен өз бойымнан жоғымды

Іздетпектей ойың бар.

Кассий

Сондықтан да, Брут, сен тыңда мені.
Өз бейненді зат бетінен көремін деп айттың ғой.
Олай болса, мен айнаң болайын да,
Өз тұлғанның өзіңе мәлім емес жерлерін көрсетейін.
Мейірбан Брут, сенер бол. Жалған сөйлеп достықты,
Бажылдар жан емеспін. Және де таныса сала
Біреуге сүйдім-күйдім дейтін көрсеқызар мен емес.
Көзінше мақтап біреуді, сүйіп-құшып айналса болды,
Сыртынан балағаттар мен емес.
Ішіп-жеген жерінде маскүнемге көрінген сырын
Айтып жүреді деп естіген болсаң, сенбеуіне онда болады.
Күйтүтік. Музыка. Айқайлар.

Брут

Айқайлап жатқанын естідің бе?
Халық өзін патшалыққа көтеріп жатқан жоқ па?

Кассий

Сөз ыңғайың қарсы болғанға ұқсайсың.

Брут

Қарсымын. Цезарьдың қара басын әбден жақсы көрсем де.
Сен мені бұл арада қандай іске керек қып ұстап тұрсың?
Не айтпаксың, көнекей?
Игілікті істерге келіп тұрса жұмсағың,
Намысым мен шыбын жаным бірдей маған.
Екеуін де бұлтақсыз бірге пида етемін.
Намысым мен арым үшін өлімнен мен қорықпан.
Бұл пиғылым құдайларға аян-ды.

Кассий

Қайтпас қайсар ер екенінді сенің, Брут, мен білемін. Ерлік
сенің тұлғанның бас белгісі. Сол ар-намыс жөнінде мен де
айтқым келіп тұр. Білмеймін, сен не ойлайсың, басқалар не
ойлайды. Бірақ та мен өзіме ұқсас пендеден қорқақтап, бұғып,
Иіліп өмір сүргім келмейді. Біз де Цезарь сияқты азат күйде
туғанбыз. Сол сияқты қоректеніп өскенбіз. Екеуіміз де үскірік аяз
соққанда сол Цезарьдан кем қайрат көрсететін болмаспыз. Әлі
есімде: сонау кезде дауыл тұрып, Ашулы Тибр толқынын жарға

соғып, Жаңбыр жауған сүренсіз күннің бірінде Цезарь маған: «Кассий, сен мына жынды толқынға сүнгіп кетіп, ар жағына ұмтылсам, маған серік боласың ба?» – дегенде, киімімді шешпестен, нар тәуекел, қалма, - деп ұрып кеттім. Су тасқыны гүрілдеп соққанына қарамай, Әлімізді барынша жинап, құлаштап келе жаттық. Бірақ, арғы жағаға жеттік пе енді дегенде, Цезарь маған: «Құтқар, Кассий, менде дәрмен қалмады», - деп айқайлаған кезінде Троялық ардагер арғы атамыз батыр Эней баяғыда Анхизді аркалап шыққанындай, әлқайраты құрыған Цезарьды мен толқыны асау Тибрдың қойнынан сүйреп алып шықтым. Енді ғой сол Цезарь құдай болды. Кассий болса құмырсқамен теңесіп, құдай басын изесе әлдеқалай мәз-мейрам боп қуанып, аяғында жүрмек қой. Испанияда болғанда безгекпен ол ауырды. Ұстағанда безгегі, шыбын жаны түршігіп, Қорыққанын көрген ем. Осы құдай қорыққан. Қалш-қалш еткен байғұстың еріндері бозарып, Әлемге кәзір қаһарын шашқан ана көздері Айрылған-ды нұрынан. Ынқылдамай жатуға Дәті сонда жетпеген. Римдіктер кәзірде ұрпаққа мирас етпекке Аузынан шыққан сөздерін қағып алып жазатын Осы Цезарь дегбірсіз қыз баладай: «Титтиний, су!» - деп дамылсыз айқайлайтын. Уа, құдайлар жаратқан, Тап осындай осал пенде озық шығып өзгеден, қай күшімен, қай қайратпен әлемді асқар билемек?

Дүрбелең айқайлар. Күй түтіктер дабылы.

Брут

Айқайлап жатыр тағы да.

Жобасы, сол Цезарьды үсті-үстіне қошеметтеу айқайы.

Кассий

Осы кісі тынысы тар тірліктен шалқып шығып, бейне Колосс сияқты асқактатуда. Біз сияқты жұпыны, уақ пенделер табанының маңында күйбеңдеп жүр. Фәни жалған дүние атақсыз, атсыз біздерді қай жеріне жасырар деген ойдамыз. Өз тағдырын адамдар кейде өзі шешеді. Жаным Брут, жұлдыз емес кінәлі. Осындай ез құлдыққа көнген өзіміз кінәліміз. Сен – Брутсың, ол – Цезарь. Сенен оның несі артық? Не себепті оның аты артық сенің атыңнан? Жазшы қатар, сенің де атың кем жазылмайды қағазға. Айтып көрші, бір-бірінен артық-кем

естілмейді. Салмағы да бірдей-ақ: Шақырғанда «Цезарь!» – деп. Жетіп келер әруақтар, шақырғанда «Брут!» – деп келмейді деп кім айтар? Құдайлар куә осыған. Қандай бір тегі өзге қорек алып өскен ед біздің Цезарь, Осыншама асқақтап, кердендейтін? Жалған заман! Ада болып асылынан, қанынан азған Рим қаласы! Баяғы ұлы тасқын заманынан бергі кезде Аярлық пен атактан осындай сыңар болған сүреңсіз кезің болып па еді? Қабырғасы кең Рим қаласында бар халықтың сабыры мен санасын, Ары менен намысын, парасаты мен адамгершілігін жалғыз-ақ адам артар деп арқасына кім естіген? Уа, қабырғасы кең Рим! Кеңдігің сенің осы ма, сыйғызғаның қу сынар жалғыз болса? Брут болса (Сен емессің, сенің атаң атақты) Римді тиран қолынан, аждаһадан кем болмай шықсадағы сол тиран Құтқарар алар еді деп айтушы еді әрқашан ата-бабаларымыз.

Брут

Маған деген ілтифат сенде берік екенін білемін мен. Неге бұрып тұрғаныңды түсінем. Кәзіргі жағдай жөніндегі ойымды кейін айтармын. Кәзір, бірақ, достығымыз анық болса, ашындырма сен мені. Не айтасың тағы, тындарлық уақытты алда табармыз. Оған дейін, есіл ерім, батырым, есінде болсын: Брут далаға, жапанға шығып кетуі бар, бірақ, Мына қамытты мойнына іліп алып, өзін Римнің ұлымын деп атаудан аулақ болар.

Кассий

Қуанамын, егерде сүреңсіз менің сөздерім

Брут ердің бойынан осындай от шығарса.

Брут. Жарыс бітсе керек, Цезарь келе жатыр.

Цезарь мен қосшылары кіреді.

Кассий

Кетерінде Касканың жеңін тартып қал.

Не жаңалық болғанын әдетінше сықақтап,

Деттетіп айтып береді.

Брут

Айтқаныңды істеймін, Кассий, бірақ қарашы Цезарьдың мандайына, ашуы бар сияқты. Ергендері таяқ жеген сияқты, салбыранқы түрлері.

Кальпурния бозарған. Цицеронның көздері көртышқан көзі сияқты қанға толы. Капитолий ішінде сенаторлар көнбесе айтқанына, тап осындай болушы ед.

Кассий. Каска бізге бәрін де айтар болар.

Цезарь. Антоний!

Антоний. Цезарь?

Цезарь

Маған қосшы болғандар толықтау, етженділеу, түн ұйқысын бұзбайтын ұйқышы болса деп едім. Мына Кассий қу сүйек, көзі өнменнен өткендей. Ойы сергек мұндай жан қауіпті болар әдеті.

Антоний

Сескенбе, Цезарь. Ешбір оның қауіпі жоқ.

Кассий шын ер, бізге бөтен ойы жоқ.

Цезарь

Бойында бір жапырақ еті жоқ. Мұндайдан мен қорықпаймын. Бірақ та қорқар болсам, қу сүйек осы Кассийден жүрер едім алыстау. Бұл өзі көп оқиды, көпке көзі түседі. Пендешілік істердің әржағын көріп тұрады. Сен сияқты, Антоний, әуес емес ойын менен сауыққа. Сирек күледі, бірақ күліп, езу тартса, өзінің езуіне өзі ие бола алмай, осалдығын білдіргенін әжуалай күледі. Мұндай жанның өзінен басқа бір адам аздап оза бастаса, Ішіне сыймайды күдігі, қауіпті деуім сондықтан. Қорыққаннан айтпаймын, сақтықты ойлап айтамын. Өйткені, мен – Цезарьмын. Оң жақтан тұр, сол құлақтың мүкісі бар. Осы Кассий туралы шынықты айтып берші.

Күй түтігі дабылы. Цезарь мен қосшылары кетеді. Каска қалады.

Каска

Женімнен тарттың. Не айтқын келіп еді?

Брут

Ия, Каска. Айтшы бізге, не болды?

Цезарь неге ашулы?

Каска. Сендер онда болмаған ба едіңдер?

Брут. Болсақ сенен сұраймыз ба?

Каска

Цезарьға патша тәжін ұсынды. Тәжді ол міне, былай қолымен итеріңкіреп тастады. Халық осыған шуылдай бастады.

Брут. Екінші рет несіне шуылдады?

Каска. Тағы соған.

Кассий

Үшінші ретте ше? Халық үш рет шуылдады ғой?

Каска. Тағы да соған.

Брут

Сонда оған тәжді үш рет ұсынды ма?

Каска

Оллаһи, үш рет. Үш ретінде де ол итеріп тастап отырды, бірақ итерген сайын қолы шабандау қозғалды-ау, сонда да менің жанымдағы сыйластар бақырып жатты.

Кассий. Тәжді кім ұсынды?

Каска. Кім дедің бе? Антоний.

Брут

Ардақты Каска, толығырақ айтып берші.

Каска

Асып өлтірсе де басша-кесшесін айта алмаймын, сайқы-мазақ іс сияқты, бәрін соның байқай да алмадым. Көргенім: Марк Антоний тәжді ұсынды, ұсынғаны тіптен тәж емес, тәжге ұқсас бірдеңе, итергендей болды деп айттым ғой, бірақ сол итергеннің өзінен қуана жабыса қалғысы келіп тұрғанын сезген сияқтымын Содан кейін Антоний тағы ұсынғанда, тағы итерді, бірақ, бес саусағымен жабыса қалғысы келгендей итерді. Антоний үшінші рет ұсынды, ол үшінші рет итергендей болды, ұсынған сайын жиналғандар есі шығып айқайлап, қол шапалақтап, тер сіңген қалпақтарын көкке лақтырып жатты, қызған жұрт өз демімен ауаны бұзғаны сондай, Цезарь демін ала алмай қалды, ол есеңгіреп құлап түсті. Мен сол кезде сақылдап тұрып күлгім келіп еді, аузымды ашып, жаман ауа жұтқым келмегеннен, езу тартпай, шыдадым.

Кассий

Цезарь неден есеңгіреді дедің?

Каска

Ол дәл алаңның ортасында аузынан көбігі шығып құлады, тілі байланып қалды.

Брут

Түсінікті ғой, қояншық ауру белгісі.

Кассий

Цезарь емес, сен, мен, Каска – осы үшеуіміз қояншыққа шалдыққан.

Каска

Сенің тұспалдап тұрғаныңды білмеймін, бірақ Цезарьдың құлағанын өз көзіммен көрдім. Мені өтірікші дерсің, егер оған әр жерден жиналған азғындар қол шапалақтап, шуылдап, айқайлап жатқаны жалған болса. Соларға Цезарь бейне бір театрдағы ұнау-ұнамағанына қарай қошаметтеп шуылдайтын артист сияқты болды.

Брут

Есі кіргенде не деді ол?

Каска

Оллаһи, құлар алдында ол сыпыра тобыр оның тәжді алмағанына шулағанын байқады да, кеудесін ашып тастап, кеңірдегін қиып жіберуді өтінді. Іс басында мен болсам, мен сол сөзін ұстай алып, бұлтартпай орындар едім. Ит болып оңбай кетейін, орындар едім. Ия, құлады. Есі кіргенде, әлде бірдеме артық болса, науқасқа байланысты мейірбандылықпен кешіріндер деп өтінді. Жанымда тұрған үш-төрт жәлеп қыз: «О, жаныңнан садаға!» – деп бірден бәрін шын жүректен кешірді. Бірақ осыларды есепке алып бола ма, Цезарь аналарын жарып өлтіріп тастаса да, олар дәл осылай кешіре салады.

Брут

Осыдан кейін түнерген бойында кетті ме?

Каска. Ия.

Кассий. Цицерон ештеме деген жоқ па?

Каска. Дөп жатты, бірақ грек тілінде.

Кассий. Не деді?

Каска

Қайдан білейін, көзім ағып кетсін, егер бірдеме түсінсем. Бірақ, түсінгендер күлісіп, басын шайқасып жатты, ал мен үшін оның айтқаны балдыр-батпақ бірдеме сияқты көрінді. Тағы бір жаңалық айтайын сендерге: Марулл мен Флавий мүсіндерден әшекей жалауларды сыпырғаны үшін сөз сөйлеу хұқынан айырылыпты. Сау болындар. Тағы осындай есуастықтар көп болды, бәрі есімде жоқ.

Кассий

Кешкілік тағамға қарсы біздің үйге соқпайсың ба?

Каска

Басқа бір жерге шақырулы едім.

Кассий

Ертең түстікке келсең қайтеді?

Каска

Құп, егер тірі болсам, егер сен осы шақыруыңнан бас тартып жүрмесең, егер түстік дастарханың баруға тұрардай болса, сөз жоқ, келісемін.

Кассий. Болыпты. Мен сені күтем.

Каска. Күт онда. Екеуің де сау болыңдар.

Кетеді.

Брут

Әпенде бола қалыпты.

Мектепте ғой жүріс-тұрысы жинақы, пысық болатын.

Кассий

Егер құнға тұратын жұмсар болсаң істерге, ол кәзір де батырлық пен батылдыққа кенде емес. Ол бізге әдейілеп ыбылжып тұр. Тұрпайылау көрінсе, бойынан шыққан мысқылы өтімдірек, ащырақ та болмақ қой.

Брут

Ия, солай. Онда мен сені қалдырам. Керек десең, ертең келем ақылдасуға. Әйтпесе, өзін келсең, үйде күтем.

Кассий. Өзім келем. Сен ойлан Рим тағдырын.

Брут кетеді

Асыл, адал жігітсің-ау, Брут, сен. Бірақ, жұмсақтау, көнбіс металлдан жаралғансың. Сондықтан да асқақ рух иесі тек өзіне ұқсас пен істес болғаны абзал. Жұмсармайтын, жыламайтын қатты қайда? Цезарь мені жек көреді. Брут оның сүйіктісі. Егер Кассий Брутқа айналып, Брут болсам, мен оған жұмсармас ем. Бүгін түнде Бруттың әйнегінен әркімдер жазған хат етіп бірнеше қағаз тастайын. Жазайын, Брут Римде ең беделді адам деп. Цезарьдың мансапқорлығын төте жазып жатпай-ақ, сездірейін буалдыр. Уа, Цезарь, енді сен мықтап ұста тағынды. Одан жаман болмаса, тағыңа келер қағынды.

Кетеді

Үшінші көрініс

Көше. Күн күркіреді, найзағай жарқылдайды. Сахнаның шеттерінен қапжарым безенген Каскаға қарсы Цицерон шығады.

Цицерон

Сәлем, Каска. Цезарьды сен үйіне апардың да қайттың ғой?
Берекең неге қашып тұр?

Каска

Уай, жер қозғалып тұрғанда қозғалмайтын сен ғана боларсың-ау. Ау, Цицерон, мен көрдім мына дауылдан дәу бәйтерек жарылып, дария тасып, толқындары өрекіп, көтеріліп, қаһарлы қара бұлттарды қалай қуалап жатқанын. Дәл бүгінгі күнге дейін тап осындай от аралас дауылды мен көргем жоқ. Осы аспанда, жобасы, бір сұрапыл тартыс пен атыс бар.

Құдайларды әлде біз өкпелетіп алдық па, қаһар төгіп осынша, қиратқандай жер бетін.

Цицерон. Бұдан артық не ғажаптар көрдің?

Каска

Құлдардың бірі, сен түсінен танысың, көтерген еді сол қолын, жалын болып жалпылдап жанып тұрды, өзі оны сезген жоқ. Одан соң – қапжарым содан қынабына түскен жоқ. Капитолий тұсында арыстанға кездестім. Ызғарлы түсін бұрды да, тиіспей өтіп кетті. Сол жерде жүздері сұп-сұр, қорыққан бір топ әйел кездесті. Олар маған үсті-басы жалын боп жанып жүрген кісілерді көрдік деп ант берді. Кешегі күні түн құсы тапа-тал түс шағында, алаңында сауданың бағанаға отырып, саңқылдапты күңірене.

Ғажайыптар осындай біріне-бірі ұласса, «үйреншікті, белгілі оқиға» деп айтуға аузың бармас. Елге, жұртқа осылар қаптай келген бүліктің тұспалы болып жүрмесін.

Цицерон

Ия, бір ерекше кезеңде өмір сүріп тұрмыз ғой. Бірақ, әркім өзінше, ішкі сырын түсінбей топшылайды табиғат құбылысын.

Капитолийге ертең Цезарь келетін шығар?

Каска

Келеді. Ертең келетіндігін хабарла деп өзіңе, Антонийға тапсырған.

Цицерон

Сау бол, Каска. Мына бұлтар түнерген, қыдыруға жайсыздау.

Каска. Сау бол, Цицерон.

Цицерон кетеді. Кассий келеді.

Кассий. Кімсің?

Каска. Тұрғынымын Римнің.

Кассий. Бұл Касканың дауысы.

Каска

Саққұлақсың мейлінше. Бұл не қылған сұрапыл түн, Кассий-ау!

Кассий

Қасқайған қас ерлерге арналған түн.

Каска

Аспанның мұндай қаһарын кім ойлаған?

Кассий

Дүние мұң мен зарға толы екенін білгендердің бәрі де ойлаған-ды. Мен, мысалы көшеде жан-тәнімді осы түннің сұмдығына тосқандай. Жай түссе де ашып тастап кеудемді, жүргенімді көріп тұрсың ғой, Каска. Күн шашырап, аспанды жарып өткенде, мен өзімді найзағайға нысана етіп тұрдым.

Каска

Күдіретімен аспанның қарсыласу қажет пе?

Құдайлар бізге төбеден кесепатты белгісін беріп тұрса,

Пенденің қорықпасқа дәрмені болмай, түршіге қабылдауы дұрыс қой.

Кассий

Ақылың жоқ, Каска, сенің. Тұрғынына Римнің құдайлар берген аты жоқ. Каска, сенің бойыңда бар болса егер, сол атты сен сезбейсің. Жүзің боп-боз. Ашулы көктің ғажабы түршіктіріп, қорқытып әбден тастапты.

Егер бірақ, әруақтар от ойнап, адасқанын, жан-жануар әдетті hareketтен танғанын, нәрестелер қарттардан ақылы асып жатқанын, осылардың бәрі де табиғат берген жолынан бұлтарып шығып, жыңның істеуге айналғанын сараптап, топшылап, ойлап байқасаң, көктің өзі баршаға апат келерін сездіріп, аспаннан ғажап белгілер жібергенін білерсің.

Осы түнге ұқсаған бір адамды мен саған атар едім. Ол өзі отпен ойнап, өлгеннің көрін ашады. Капитолий ішінде арыстандай айбат білдіреді. Бірақ, тұлғасы мен сипаты менен де һәм сенен де асып түсіп жатқан жоқ.

Бірақ, мына қаһар ғажайыптар сияқты төндіріп тұр сүмдықты.

Каска

Кассий, сенің түспалын Цезарьдың өзі емес пе?

Кассий

Кім болса, ол болсын. Ата-бабаларына біткен білек-қайраттан римдіктер кәзір де ада болып жатқан жоқ. Не айтарсың, азған заман!

Бойымызда әкенің оты қалмай, тек ананың жылбысқы жылуы ғана қалыпты. Қатындарша көнбіспіз біз сондықтан.

Каска

Цезарьды патша тағына отырғызбақ ниетпен сенаторлар ертең тағы жиналмақ. Ол сонда құрлықта, дарияда, әлде қайда, бірақ Италиядан тыс жерде тәжін кимек.

Кассий

Қанжарымның қынабы қайда екенін білем мен. Құлдықтан Кассий Кассийді құтқара білер кезінде. Уа, құдайлар, осалға сендер әл беріп, тирандарды женуді үйреттіндер. Тас қарауыл, биік дуал құйылған, темір шынжыр – бәрі де Қайтпас қайсар рухты қамауда ұстай алмаған.

Тіршілік деген, егерде пенделердің жасаған қамалдары тар болса, өзін азат ете алар. Бір білгенім, жария болсын жаһанға осы пікір. Талап етсем егерде, тирандардың бұғауын қашанда үзіп шығамын.

Тағы күн күркіреді.

Каска

Мен де үзем!

Әрбір құлдың қолында қамытын нәлет қиятын

Аспабы дайын әсте де.

Кассий

Осы Цезарь туған болды қалайша? Бақытсыз байғұс! Егерде ол римдіктердің қой болғанын білмесе, қасқыр бола алар ма еді? Римдіктер киік болғанда, ол – арыстан. Ол тез жансын дегендер

сабан жағар. Римдіктер, сендер бәрің сол сабансың, шоғырмақсың, жаңқасың, егер тек Цезарь дейтін құнсыз қуыс қурайдың жолына жарық болуға жарайтын ғана болсаңдар. Уайымым, сен мені қайда апарып тастадың? Әлде мен бойымдағы жарамды жарамсақ құлға аштым ба? Олай болса, дайынмын сазайымды тартуға. Қаруым менің жанымда, талақ еттім қауіпті.

Каска

Каска сенің тыңдаушың. Мылжың, шайқы емес ол. Міне, қолым: адал менен арлының басын қосып, Зұлымдыққа қақпайлау болсаң егер, менің пірім боласың, Қалыспаймын жалғыз адым соңыңнан.

Кассий

Олай болса, қанды көйлек достыққа бел байлалық. Каска ерім, біліп қой, алдағы ізгі мақсаттың Қауіп-қатер жолдарын меніменен бөліспек, бойын намыс кернеген римдіктер аз емес. Олар көзір жиылып, Помпей мүсіні тұсында күтіп тұр. Көшелерде бір жан жоқ, мұндай түнде аспанның өзі де мақсатты біздің іске ұқсас: отын шашып, күркіреп, қан төгіп тұр.

Каска. Сақтан. Асығып біреу келеді.

Цинна кіреді.

Кассий

Жүрісінен Циннаны танып тұрмын. Бұл біздің дос.
Цинна, қайда асықтың?

Цинна

Сені іздеп. Мына кісі кім? Метелий Цимбр ме?

Кассий

Жоқ, Каска ғой. Бұл да бізге қосылды.
Лйтшы, Цинна, анда мені күтіп тұр ма?

Цинна

Каска, мені қуанттың. Түннің сұрапылын-ай!
Ішкімізде ғажайыптар көрген бар.

Кассий

Цинна, айтсайшы, мені онда күтіп тұр ма?

Цинна

Ия, күтіп тұр. Шіркін, Кассий, Брут ерді арамызға қоса алсаң...

Кассий

Цинна, сен маған ырза болғайсың. Мына хатты претордың отыратын жеріне, Бруттың көзіне түсердей етіп тастай сал. Екіншісін үйінің терезесінен лақтыр. Үшіншісін Бруттың мүсініне жапсырып қой. Помпей мүсіні тұсында күттік сені. Деций Брут пен Требоний да сонда ма?

Цинна

Цимбрдан басқалары бәрі сонда. Ол сені үйіннен іздеп кетті. Мен онда тапсырмаңды тез орындап қайтайын.

Кассий

Сонан соң Помпей театрына кел.

Цинна кетеді

Таң атқанша, Каска, біз Брутты үйінен тауып алалық. Кәзір оның төрттен үші біздерлік. Бір сөйлессек, тұтас бізге қосылуға тиісті.

Каска

Брутты халық мейлінше сыйлайды. Істеген істерді қылмыс деп таныр болса, Брут өзінің атымен алхимиктей қылмысты іс дегеннің ізгі және адалдығын танытад.

Кассий

Бруттың бізге не себепті керегін түсініпсің сен әбден. Ал, кеттік. Түн ортасы боп қалды. Таң атқанша оны біз ояталық. Сөйтіп қосып алалық өзімізге.

Кетеді.

ЕКІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Рим. Бруттың бақшасы. Брут кіреді.

Брут

Әу, Луций, тұрсайшы!

Таңға қанша қалғанын жұлдызға қарап анықтай алмай тұрмын.

Оян, Луций, ұйқыңды аш!

Шіркін, мен де осылай қаннен-қаперсіз ұйықтамас па ем?

Тез, Луций! Аш ұйқыңды, Луций!

Луций келеді.

Луций. Шақырдың ба, мырза?

Брут

Бөлмеме менің шам апар, Луций. Жаққаннан соң шақырарсың.

Луций. Кәзір, мырза, құп болады айтқанын.

Кетеді.

Брут

Ия, өлім оның жазасы. Менің өз қара басым үшін өкпелі болар жерім жоқ. Тек көптің көкіректе игілігі. Көксегені оның – тақ. Таққа отырса, кім болмақ, қандай болмақ? Осыны ойлау керек. Жарық сәуле астына у жылан шығар иіріліп. У жыланды көргендер сақ келеді мейлінше. Отырғызса таққа оны – улы жылан сияқты, аз жақпаған адамды шағып, улап құртады. Бойында аянышы жоқ адамға ұлылық зұлымдықпен бірдей. Цезарь өзінің нәпсісін ақыл менен сабырға жеңдіргенін көрмеп ем. Момақансу басында – мансапқа құмар жастарға өрмелеу үшін биікке саты болып саналар.

Өрмелеп өрге шыққан сайын, басып өткен баспалдағын ұмытып, оларға тек арқасы мен сыртын беріп, көзіне де ілмей, менсінбей, бар назары, ынтасы жоғарыдағы аспан мен бұлтта болар. Цезарь солай.

Онымен кәзір тікелей келіспестік жоқ болса да, іс кесірге аспай тұрып, азғындыққа бой беріп, айуандық жасайтын мансабына жетпей тұрып, қамшылаған жөн болар. Кәзір ол у жыланның жұмыртқасы күйінде. Сондықтан, қабыршағын тесіп, өсіп алып, зұлымдық жасамас үшін сол жұмыртқа күйінде құртқан жөн.

Луций

Мырза! Шамды жағып үлгердім. Шақпақ іздеп жүргенде, терісінің тұсында мына бір хатты таптым, мөрі бар. Бірақ, жатарда бұл хат жоқ еді.

Хатты береді

Брут

Жата түр, өлі таң атқан жоқ.

Луций

Құп, мырза!

Кетеді.

Брут

Аспанда найзағай жарқылдауы сондай, тіпті шамсыз оқуға да болар.

Хатты ашып оқиды.

«Ұйқыдасың сен, Брут, оян. Түсін өзінді, әйтпесе Римінді... Аш көзіңді, қайтар бетін, құтқар пәледен! «Ұйқыдасың сен, Брут, оян...»

Мұндай қыздырма қағаздарды бұрын да тастайтын. Оқығанмын. «...Әйтпесе Римінді»... Бұл сөздің төркіні не? Римді жалғыз адам бұғауына алды дегені ме? Римді ме? Патшамын деп өзін-өзі жариялаған Тарквинийді менің атам осы Римнен қуып шыққан болатын. «Аш көзіңді, қайтар бетін! Құтқар пәледен!» Құтқар деп мені шақырып тұрғаны ғой. Уа, Римім! Егер сені құтқару керек болса, Бруттың мына оң қолы құтқарады деп ант берем!

Луций кіреді.

Луций

Марттың он төрт жұлдызы өтті, міне.

Есік тарсылдайды.

Брут

Солай де. Аш есікті, біреу қағып тұр.

Луций кетеді.

Кассий маған Цезарьдың мақсатын айтып бергелі, ұйқымнан да айрылдым. Бойыңа күдік туғаннан бастап, қатерлі іс орындалып болғанша, өң бе, түс пе, дегбірсіз, тиышсыз кезең өтеді. Ақылыңмен, санаңмен денеңнің мүше-мүшесі талас-тартыс, бақастық өріс алған кішігірім мемлекет сияқты. Қайта-қайта өзара кеңес құрып, салғыласып жатқаны.

Луций кіреді.

Луций

Мырза, есік алдында туысқаның Кассий тұр. Ол сені көргісі келеді.

Брут. Жалғыз ба?

Луций. Жанында басқалары да бар.

Брут. Таныдың ба?

Луций

Жоқ, мырза, төмен карап, жүздерін қалқалай берді киіммен.

Көргім әбден келсе де, көре алмадым.
Брут. Келсін онда.

Луций кетеді.

Қасастыққа басшылар! Уа, қасастық! Зұлымдыққа арналған жүзіңді сен көрсетуге ұялдың. Сонда күндіз қай шұңғылға, қай түнекке тығылып, жасырмақсың сұмдық түрінді? Ондай жер жоқ!

Онан да масқара қара бетінді жасанды жайдарылыққа бөлеп көр. Егер осылай боянбасаң, жердегі барлық түнек пен қараңғылық сені танып, сезуге бөгет бола алмайды.

Қасастық жасауға ұйымдасқан Кассий, Каска, Деций, Цинна, Метелл, Цимбр, Требоний кіреді.

Кассий

Тынышыңды алып, келіп тұрмыз. Сәлем, Брут!
Оятып жібердік пе?

Брут

Мен тұрғалы қай заман. Ұйықтағам жоқ түнімен.
Бұл келгендер, Кассий, маған таныс па?

Кассий

Сен бұлардың әрқайсысын білесің. Ең ардақты римдіктер қалай сыйласа, әрқайсысы сені солай сыйлайды да. Саған өзің-өзіңді солай сыйлауды да тілейді. Міне - Требоний.

Брут

Сәлем бердім Требонийге.

Кассий

Мінекей - Деций Брут.

Брут

Сәлем бердім Децийге де.

Кассий

Міне - Каска, міне - Цинна, міне - Цимбр.

Брут

Сәлем бердім бәріне! Сендердің ұйқыларың мен мына түннің арасына жік салған қай тіршілік мазасыз?

Кассий. Айттайын ба өзіңе?

Брут пен Кассий сыбырласады.

Деций

Шығыс осы жақ қой. Таң біліне бастаған жоқ па?

Каска

Жок әлі.

Цинна

Қателестің. Бұлт жиегі бозарған. Таң атудың бірден-бір белгісі ол.

Каска

Мойындандар, айтқандарың мүлдем қате екенін. Қараңдар қылышымның ұшына, дәл сол жақтан күн шығады. Жазғытұрым жыл ауысу кезінде түскейірек шығад та, екі ай өте бергенде, таң сәулесін терістеу жақтан көреміз. Ал бүгін Капитолийдің сыртынан таң білінеді.

Брут

Бәрің де бір адамдай қолдарыңды беріндер.

Кассий

Бел байлаған іске сәт деп ант берелік.

Брут

Ант дегенді қойыңдар. Егер бізді халқымыздың қасіреті, өзіміз көрген азаптар, жайлаған жұртты зұлымдық – осының бәрі ізгі, адал мақсатқа бастамаса, онда біз, осы жерден тарайық та, үйге барып, жайбарақат жатайық. Тирания кердеңдеп, мендеп алсын, бәрімізге өлермен тағдыр дайындасын. Егер бірақ, мақсат қойған ісіміз адал көкірек жалынынан шыңдалып, қорқақтар қорқақтығын ұмытып, ал әйелдер қатайып, ер қайратын жасай алса, онда азаматтар біз көтерілмегенде, кім көтеріледі?

Біз, бір айтпаса, айтпайтын, айтса бірақ қайтпайтын, ұлы Римнің кіндігін тесіп шыққан ұлдары емеспіз бе? Егер біз нақты адал ниетпен не жеңіс, не өлім деп өзара міндет алсақ, ант деген содан артық па?

Қорқақтар мен диуаналар, алжыған мен азғындар, зұлымдыққа көнбістер антын берсе, бере берсін. Мақсаты дұдамалдар ғана, біріне-бірі сенбейтін қулар ғана ант береді. Сондықтан, ізгі адамгершілікті тілейтін істі бастарда, ант дегенді берем деп, қажытпалық рухани асқақ мақсатты.

Әлде әрбір римдіктің бойында жүгірген асыл қанға бөтен-бөгде бір сұйық қосылып кетті ме екен, осыншама уәдеге дұдамалдық туғызып, ант берердей?

Кассий

Цицеронды да көндіріп көрсек қайтер еді?

Ол да бізбен болар деп ойлаған ем.

Каска

Оны сыртқары тастамаған жөн.

Цицпа: Әрине.

Метелл

Бұл дұрыс ой. Цицеронның шашының ақтығының өзі-ақ халықтың бізге деген сенімін ұлғайта түсер еді. Бұлардың қолына қару ұстатқан Цицеронның ақылы деп мақтар еді бізді жүрт. Біздің жастығымызды, біздің қызбалығымызды ол өзінің пайымды келбетімен көрнектер еді.

Брут

Жоқ, жарандар, оған сырды айтпаңдар. Ол өзінен басқалар бастаған, өзі басқармаған істі қолдауға ешқашанда бармайды.

Кассий. Абзал сөз.

Каска

Қолайлы болмас ол бізге.

Деций

Нысанамыз Цезарьдың өзі ғана бола ма?

Кассий

Сауалың дұрыс, Деций. Марк Антоний сияқты сүйіктісі Цезарьдың бірге кетпей қалғаны болар ма екен қолайлы? Ол сүркия, жылпос жау. Қасастық істеу үшін айлалары оның көп. Антонийді Цезарьға қосып құртып, қатерден аулақ болайық.

Брут

Уа, Қай Кассий, басын алғаннан кейін мүшелерін турасақ, ыстық қанды тым артық төкпейміз бе, ойлашы. Ашу үстінде адам өлімге барар, оның арғысы зұлымдық боп саналар Антоний сол Цезарьдың тек бір жілігі ғана емес пе? Біз қасапшы емеспіз, біз құрмалдық шалмақпыз. Біз Цезарьдың рухына қарсымыз, бірақ адам рухында қан болмас. Сол рухты иесін өлтірмей-ақ жеңген болсақ, қандай абзал болар еді! Өлім оның жазасы, басқа амал жоқ. Біз оны зұлым мінез көрсетпей, ар үшін тек өлтірелік. Құдайларға құрмалдыққа шалғандай өлтірейік. Итке тастар өлікке теңемейік.

Қулығы мол кей адам өлтір деп жұмсап құлдарын, кейін білмей қалғандай, оларға ұрсып жатпай ма? Біз де сондай болайық. Кек емес бізді бастаған, әділеттік. Ізгі мақсат осы деп кіріссек, бізді халық жендет деп танымайды, әділеттің ерлері деп таниды. Ал Антоний жөнінде қажеті жоқ ойлаудың: Бас алынған жерде қол дәрменнен айрылмақ.

Кассий

Қауіптенем, дегенмен ол Цезарьға берілген.

Брут

Кассий, әңгімеге тұрмайды ол. Берілген болса Цезарьға, өлер кейін құсадан. Бар шамасы келгені сол ғана болар, жобасы. Бірақ, ондай қыз-ойнақ, думан және нәпсіге құмарпаз жан қайғыға ұзақ беріліп ондырмайды.

Требоний

Қауіпті емес. Өмірін сүре берсін.

Ол күндердің күнінде өзін-өзі күлкі етед.

Сағат соғады

Брут. Жә! Сағат соқты.

Кассий. Үшті соқты.

Требоний. Кеткен жөн.

Кассий

Бірақ, осы Цезарь бүгін үйінен шығар ма екен?

Бұрынғыдай емес, көзір әбден түске, балгерлерге сеніп алған сияқты. Осы түнде болған талай ғажайыпты, жан түршігер табиғат құбылыстарын, көріпкелі барлардың айтқандарын естісе, ол Капитолийге бармай қалуы да мүмкін.

Деций

Жарандар, сендер саспандар. Олай болса, өзім барып көндірем. Сынар мүйіз хайуанды ағашпенен, аюды айна арқылы, пілді орға құлатып, арыстанды тұзаққа шырмап, ал адамды жәдігөй сөзбен арбап, қолға түсіретінін білесіздер ғой. Мен оған жағымпаз, жәдігөй сөздерді жек көруін ақиқат деп айтсам-ақ болғаны, токмейілсіп қалады. Капитолийге оны үгіттеп алып келуді мен мойныма алайын.

Кассий

Жоқ, онан да бәріміз де оған барайық.

Брут. Сағат сегізге қарсы кешігуге болмайды!

Цинни. Бәріміз де кешікпей, жиылайық сол кезде.

Метелл

Осы Цезарь Помпейді мақтадың деп Кай Лигарийді ренжіткен еді ғой? Есімізге осы жай түспей қалған ба, қалай?

Брут

Олай болса, Метелл, сен оған бар. Мені ол жақсы көреді. Себебі де ач емес. Маған жібер, өзім-ақ уәделесем.

Квентий

Таң атты. Қалдырайық енді Брутты. Уәдеміз берік деп тарайық та, Римнің ұлы деген атымызды ақтайық.

Брут

Достарым, жайдары, жайнап жүріңдер. Іштегі сыр беттен білініп тұрмасын. Римнің театрындағы артистері сияқты орқайсысы өз ролін мықтап ойнайтын болсын. Сонымен, қайырлы таң, жарандар!

Бруттан басқалары кетеді.

Уай, Луций! Тағы да ұйықтап қалыпсың ғой! Саған, сірә, дауа жоқ. Жарайды, жанға жайлы ұйқының бал шырынын төгтілеп, тояттай түс. Біздің миды дал қылып, қинап жатқан шым-шытырық күдіктер мен елестерден сен адасың. Сенің ұйқың, сондықтан қатты ұйқы, тәтті ұйқы.

Порция кіреді.

Порция

Уа, Брут, мырзам менің!

Брут

Порция! Сен неге ерте тұрдың, Порция! Сенің осал саулығыңа таңның мына ылғалы болар ма екен пайдалы?

Порция

Сонда, Брут, маған пайдалы болмаса, саған пайдалы болып па? Жалғыз тастап төсекте, кетіп қапсың. Ал кешегі кешкі тамақ үстінде тұрып кетіп, екі қолыңды көкірегіңе қусырып, жүріп алдың күрсініп. Осының қалай? Мұның не деп сұрап едім, қабағыңды қатайтып қарадың да, жауап беру орнына маңдайыңды сипап қап, жерді тептің. Неде болса бір жауап алайын деп, қайталап ем, аузыңды ашпай, есік жаққа ашулы қолыңменен сілтеген соң, ызасына осының тағы ыза қоспайын, қайсымызда болмайды көңілсіз бір кезең деп, кетіп қалғам.

Бірақ, сен ұйықтамайсың, тамақ мүлде ішпейсің. Егерде сенің түсің осы мінезің сияқты болып өзгерсе, мен сені, Брут, танымай да қалар ем. Биім, ием, не болды саған, айтсаңшы!

Брут. Денсаулығым онша емес. Сол ғана болғаны.

Порция

Ақылға дана Брут ауырып қалса, бірден емге кірісіп, сауығу жолын іздер еді.

Брут. Ем алып жүрмін. Бар, Порция, ұйықта.

Порция

Ия, науқас Брут мезгілсіз шала киініп, тұманды таңның шипасыз ылғалын ғой жұтып жүр. Емің сенің осы ма? Науқас Брут ұрланып, Төсегінен жарының тұрып кетіп салқын түннің, жұқпалы кеселі көп ауасын жұтып, ауруын күшейту үшін жүргені ме? Қой, Брут, науқасың сенің ішінде, ұялап жатыр тереңде. Мен сондықтан, жұбайылық хұқымды пайдаланып, бар себебін білуге міндеттімін. Брут мырзам, баяғы өзіңе арнаған көркім үшін, екеуімізді бір етіп мәңгіге қосқан антымыз үшін, айтшы маған шыныңды. Арамызға жік түспес жартыңмын ғой мен сенің. Айтшы маған, саған бүгін алты-жеті кісі келді, тіпті үйде тұрып жүздерін жауып тұрды. Айтшы, міне, жығылдым аяғына!

Брут. Тұр, Порция! Тұра ғой, нәзік жаным!

Порция

Бұрынғыдай мейірімді болсаң ғой, жүгінбес ем. Айтшы, Брут, жұбайыңның сырын білу жарына үйлеспейді дейтұғын заң бар ма әлде? Мүмкін мен дастархан мен төсекті ғана бөлісіп, арасында көңіл үшін мылжындап қана қоятын қайсы бір қосалқы мүшең ғана болармын? Сонда сенің қызығың мен ісінді жиектеп қана жүретін пенде ғана болдым ғой? Әлде осы Порция Бруттың зайыбы емес, аманаты болып па?

Брут

Порция, сен сүйікті жұбайымсың. Жүрегімде бір қасық қаным болса, соның сен қақ жартысысың.

Порция

Олай болса, сырынды айт, ашылып айт. Шашы ұзын әйел болсам да, ержүректі Бруттың емеспін бе қосағы? Шашы ұзын әйел болсам да, Катонның мені қызы деп, халық мадақтамай ма?

Жұбайым Брут болса, әкесі Катон болса, Порцияның еркектен берік боларына сенгейсің, Брут! Аш сырынды, тісімнен шығармаймын. Санымды өзім шанышп алғанымда, байқамап па ең жүрегімнің түгі бар екендігін? Егер соған шыдасам, жұбайым күнжасып шашпауға да шыдармын.

Брут

Уа, құдайлар, тап осындай жұбайға болғайық та пара-пар!

Есіктің тарсылы естіледі.

Есікті қақты. Аз уақытқа шыға тұршы, Порция. Көп ұзамай тынышымды алған, көңілді жабырқатқан бар ойымды, күдігімді шын жүректен ақтарамын өзіңе. Кәзір, бірақ, бара тұр.

Порция кетеді.

Луций, есікті кім қағып тұр?

Луций мен Лигарий кіреді.

Луций

Сізбенен бір науқас адам сөйлеспек.

Брут

Метелі жіберген Кай Лигарий бұл кісі. Бар, бала.

Кай Лигарий, сәлем ал!

Лигарий

Сөйлеуім қиын, сәлем дедім сонда да.

Брут

Ержүрек Кай, жағынды мына таңғаның мезгілсіз-ақ!

Сенің көзір сау болуың қажетті!

Лигарий

Қайрат жұмсар іс бар Брут айтса, сауығып кетуім де ғажап емес.

Брут

Ер қайраты керек бір іс туып тұр.

Бұл істі орындауға ердің ері керек-ті.

Лигарий

Саумын мен, Римнің құдайлары оған куә. Ауру-сырқау болсын аулақ! Даналық пен ерлікті арғы атаңнан мұра еткен асқақ ұлы Римнің! Бақыдай сен қан жүгірттің бойыма семе бастаған. Айтсаң болды, қандай жауға жұмсасаң, жеңіс әкеп беремін. Сонымен, не істе дейсің, айт маған?

Брут. Біз науқастарға саулығын қайтаруымыз керек.

Лигарий

Ол үшін басқа біреудің саулығын тартып алдық па?

Брут

Дәл солай. Нысанамыз екеуіміз баратын жақта.

Сондықтан, жол-жөнекей түсіндіріп айтамын.

Лигарий

Онда кеттік. Арқам қозды, енді мен өзім білмес іске аттандым. Алдымда Брут болса, несіне сұрап жатамын?

Брут

Ер соңыма, Лигарий.

Кетеді.

Екінші көрініс

Цезарьдың үйі. Күн күркіреді, найзағай жарқылдайды.

Түн киімін киген Цезарь кіреді.

Цезарь

Бүгінгі түні жер мен көк төңкеріліп кеткендей. Түсінде Кальпурния ұйқысырап: «Қайдасыңдар! Өлтірмекші Цезарьды!» – деп айқай салды үш рет.

(Кірген қызметшісіне)

Жендеттерге айт: құрмалдық шалсын. Сонан соң, балгерлер не біліпті, жеткізерсің өзіме.

Қызметші

Құп, мырза!

Кетеді. Кальпурния кіреді.

Кальпурния

Цезарь, сенің бүгін тысқа шықпақ ойың бар ма? Дәл бүгін үйден тысқа шығуыңа болмайды.

Цезарь

Жоқ, Цезарь шығады. Қатер деген ұрланып, сырттан келер әдеті бар. Жүзімді менің көрген соң, берекесі қашады да жоқ болады.

Кальпурния

Цезарь, менің бал-бақсыға сенгіш еместігімді білесің ғой. Бүгінгі түнде бұрын ешбір көрмеген сұмдықтарды көрдім деп күзетші айтты. Арыстанның қаншығы балалапты көшеде.

Мәшһәр өліктерін құсып, жер бетіне шығарыпты. Арасында бұлғтардың от киінген әскерлер жердегідей соғысып, Капитолий үстіне қаны тамып тұрыпты. Сол сұрапыл соғыстың шақыр-шұқар тарсылы арасынан жаралылардың ыңқылы мен аттардың кәсінегені естіліпті... Көшелерде жан түршіктіре ұлыған елестер қаптап кетіпті... Цезарь-ау, осының бәрінен өрекиді жүрегім.

Цезарь

Құдайлардың өздері жазып қойған тағдыр болса, озып қайда барамыз? Жоқ, үйде бұғып отыру лайық болмас Цезарьға. Түнде болған ғажаптар жалғыз ғана Цезарьға көрінбес-ті. Баршаға бірдей шығар.

Кальпурния

Жаман-жәутік өлгенде, аспанда жұлдыз жанбаған. Тек патшалар өлгенде көктің шамы жалындар.

Цезарь

Қас батыр бір өлгенде, қорқақ пен қор мың өліп үлгереді! Тіріліктің ғажаптары ішінде бір ғажапты түсінбей өтіп барамыз: Өлімнің бір екенін, ертелі-кеш бұлтартпай келетінін бәрі біліп тұрса да, адам деген қорқуын ешбір қоймайды. Түсінбеймін осыны.

Қызметші келеді.

Не деп жатыр балгерлер?

Қызметші

Олар сіздің үйден шықпауыңыз мақұл деседі. Сойған малының ішек-қарынын ақтарса, жүрегі жоқ боп шығыпты.

Цезарь

Қорқақ қорды осылай масқара етер құдайлар. Үйде қорқып, бұғып жатса бұл Цезарь, жүрегі жоқ мал болғаны емес пе? Олай етпес Цезарь бірақ. Төндіргендер қатерін сезер болар: Цезарьдың қарсы қатері басымырақ екенін. Жоқ, үйде бұғып отырмайды Цезарь бүгін.

Кальпурния

Амал бар ма, егерде күр көкірек, бос сенім даналық ақылды құртып тұрса. Шықпа үйден. Қорықпайтын сен болсаң, қорыққан мен-ақ болайын. Отыр үйде мен үшін. Антоний барсын сенатқа. Науқастанып қалды деп түсіндірсін. Аяғыңа жығылам, тыңда мені бір жолға.

Цезарь

Тек сенің көңіліңді аулау үшін қалдым үйде. Ауырып қалды дер Антоний.

Деций кіреді.

Цезарь

Брут Деций де келді. Бұл да айтар.

Деций

Ардақты Цезарь ардагер, сәлем бердік!

Сенатқа мен саған еріп бармақпын.

Цезарь

Сенат мүшелеріне менен сәлем жеткізіп, бүгін бара алмайтын жайымды айтып беруге дәл келдің. Бара алмайды деу жалған. Баруға қауіптенеді деу одан да жалған. Қысқасы, барғым келмейді. Осыны айт, Деций.

Кальпурния

Ауырып қалды десеңші.

Цезарь

Осы өтірікті Цезарь айтпақ па? Жер жүзін басып жеңгенде, шынымды елдің ақсақалдарына айтуға сескену үшін жеңіп пе едім? Турасын айт, Деций, Цезарь келмейді де.

Деций

Ұлы Цезарь, дегенмен, түсіндірген жөн болар. Сөзіңді жалаң жеткізсем, анықтамай себебін, сол жерде мені мазақтап, тәлкек етер шіркіндер.

Цезарь

Себебі, менің өз бойымда - өзім барғым келмейді. Сенат осы сөздерге ырза болсын. Сені бірақ, жақсы көрем, сондықтан саған сырды ашайын: зайыбым Кальпурния үйден шығарар емес. Жарым бүгін түсінде сұмдықтарды көріпті. Жүз тесіліп мүсінім, ыстық қан атып тұрыпты, сол қанға Римнің жақсы-жайсаңы қуанғандай күлісіп, қолын малып жатты дейді. Бұл түс оған бір сұмдықтың белгісі болып көрініп, мені содан аяғыма жығылып, шықпа үйден деп жіпсіз байлап қойды.

Деций

Бұл түс, бірақ, мүлдем теріс жорылған. Шынын айтса, түстің мәні қуанышты: Мүсініңнен қан ақса, римдіктер сол қанмен қолын жуса, мұның өзі Римнің барлық халқы сенің тек өз

Бойынша қоректеніп, жақсы менен жайсандар сенен сый, атак тілек етіп, жанырласып тұрғаны. Кальпурния көрген түстің осы таға жоруы.

Цезарь.

Кальпурнияның түсін тамаша етіп жорыдың.

Деций

Егер менің сөзіме құлақ салсаң, біліп қой. Сенаторлар бүгін сені тиккі тура отырғызып, басыңа тәж кигізбекші. Келмесінді білсе олар, от шешімін бұзар да «Ұлы Цезарь әйелі жақсы түс көргенше тоқтатайық сенатты» – десіпті деген мысқыл сөз тарап көтер халыққа. Бармасаң, «қорқып қапты Цезарь!» - деп сыбырласар. Кешіре гөр мені, Цезарь, саған деген ілтифатым айтқызып түр күйбеңі жоқ шындықты. Бойымдағы ақылымды сол ілтифат билеп тұр.

Цезарь.

Кальпурния, күдігің сенің бекер-ақ! Сол күдікке иланам деп, ұялып та қап тұрмын. Әкеліндер киімді. Кеттік онда!

*Публий, Брут, Метелл, Каска,
Требоний және Цинна кіреді.*

Міне, Публий маған еріп жүрмекші болып келді.

Публий. Қайырлы таң, Цезарь!

Цезарь

Сау болыпсың, Публий. Брут, сен бүгін тұрғансың ба ертемен? Каска, саған да сәлем! Қай Лигарий, Цезарь саған бойынды алып, қажытқан безгектен артық жау болып көрген жоқ-ты. Уақыт қанша?

Брут. Сегізді соқты, Цезарь.

Цезарь. Мейірбан көңілдеріңе рахмет айтам.

Антоний кіреді.

Антоний де келді ме? Түніменен ішкен сабаз сонда да ерте тұрған екен. Қайырлы таң, Антоний!

Антоний. Қайырлы таң, ұлы Цезарь!

Цезарь

Дайындасын бәрін де. Күттіріп қойдым сендерді, кінәлімін. Уа, Цинна мен Метелл де тұр ғой мұнда. Требоний де келіпті. Сеніменен әңгімем бар. Сен бүгін біздің үйге келуге тиістісің. Маңымда бол, ұмытып кетіп жүрмейін.

Требоний. Құп, Цезарь.

Тысқа қарап

Сенің шын достарың көзір менің алысырақ болғанымды ұнатар еді-ау. Ал, достар, аздап шарап сулардың дәмін татайық та, қол ұстасқан достық көңілмен үйден шығайық.

Брут (*Тысқа қарай*)

Цезарь, сенің осынау жайдары бір пиғылың Бруттың мына жүрегін жеп барады жегідей.

Үшінші көрініс

Капитолий алдындағы көше. Хат оқыған Артемидор кіреді.

«Цезарь, Бруттан сақ бол. Кассийден қауіптен. Каскадан аулақ бол. Циннаны аңды. Требонийға сенбе. Цимберді байқа. Деций Брут сені ұнатпайды. Кай Лигарийді сен өкпелеткенсің. Осы адамдардың мақсаты бір: Цезарь, саған қарсы мақсат. Цезарь, егер сен өлмейтін болып туғам деп ойласаң, аяғынды ойлап бас, сенімпаздық қасастыққа жол берер. Құдіретті құдайлар қорған болсын өзіне! Сенің досың Артемидор», - деп жанынан өткенше күтейін осы жерде. Өте бергенде, өтінуші адамдай хатымды қолына берейін. Ерлік пенен даналық пасық қызғаншақтыққа болады деп құрмалдық, жаным удай ашиды. Осы хатты оқысаң, Цезарь, аман қаласың. Оқымасаң, тағдырдың өзі оларға көмектескен болғаны.

Кетеді.

Төртінші көрініс

Сол көшенің Бруттың үйінің жанындағы тұсы.

Порция мен Луций кіреді.

Порция

Жүгір, бала, сенатқа, өтінемін, тезірек. Сұрап біліп қайтесің, тезірек бар. Уай, неғып тұрсың?

Луций. Тапсырманды білмей тұрмын.

Порция

Мен тапсырма бергенше, зымырап жетіп сол жерге, қайтып үлгермейсің бе? Беріктігім, бойымнан кете көрме! Жүрегім мен тіліме араша бол. Рухым ерге тән болса да, осал әйелдікі. Шашы

ұшып келсеңдері сырын сақтау қандай қиын десеңші. Әлі тұрсын ба?

Луций

Не істеп десең, ханым? Капитолийге зымырап жетіп барып, қайтып келу болды ма барлық ісім?

Порция

Жұбаттыңның түр-түсі қандай екен, айтып кел. Бағана үйден ауырған күнде шыққан-ды. Цезарь не істеп жатыр екен, миңайында кімдер бар, осының бәрін көріп кел. Тез, бала! Мына шу не шу!

Луций

Естімедім, ханым.

Порция

Естімесең, тындай түс. Капитолий жағынан бір сұрапыл гүйді кілт жеткізді жел маған.

Луций

Түкті де естіп тұрғам жоқ.

Көріпкелі бар адам кіреді.

Порция

Бері кел. Қай жақтан келе жатырсың?

Көріпкелі бар адам

Үйден, ханым.

Порция. Уақыт қанша?

Көріпкелі бар адам

Тоғызға кетті, ханым.

Порция

Капитолийге Цезарь кетті ме екен?

Көріпкелі бар адам

Жоқ, кеткен жоқ, ханым. Мен оны өтеді деп жанымнан, күтіп тұрмын.

Порция

Цезарьға сірә, айтатын өтінішің бар ма еді?

Көріпкелі бар адам

Солай еді, ханым. Егерде Цезарь өзіне-өзі мейірімді бола алса, мені тындар. Тындаса, өзінді-өзің күт, сыйла деп өтінем.

Порция

Ол кісіге қауіп төніп тұрғанын естідің бе?

Көріпкелі бар адам

Әлі қауіп төнген жоқ, төнуі мүмкін бірақ та. Сау болындар. Мына көшенің тарын-ай. Цезарьдың соңына сенаторлар, преторлар, әртүрлі мұқтажымен келгендер құжынап кетіп, біздей әлсіз пақырды басып өлтірер. Бір кеңірек жерге барып күтейін. Цезарь мүмкін өте берер, дауысымды естір менің.

Кетеді.

Порция

Менің де кетуім жөн. Япырмай, әйел шіркіннің жүрегі қандай осал еді. Брут-ау, сенің ісіне көктің өзі жар болсын. Естідің ғой сен, бала, Бруттың бір өтініші бар екен, бірақ та Цезарь оны тыңдамайтын сияқты. Қалжырадым, шыдарға ешбір әл жоқ, Луций. Брутқа барып сәлем айт: көңілді де Порция. Тезірек жауабын жеткізіп бар.

Екеуі екі жаққа кетеді.

ҮШІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Рим. Капитолий алды. Сенаттың мәжілісі. Халық тобыры. Арасында Артемидор мен көріпкелі бар адам. Күй түтігі дабылы. Цезарь, Брут, Кассий, Каска, Деций, Метелл, Требоний, Цинна, Антоний, Лепид, Попилий, Публий тағзы басқалары кіреді.

Цезарь. Марттың ида күні туды бүгін.

Көріпкелі бар адам. Бірақ әлі өткен жоқ.

Артемидор

Сәлем, Цезарь. Мына хатты оқышы.

Деций

Требоний өзінің бас ие жолдаған өтінішін қолың бір босағанда оқыса деген үмітте.

Артемидор

Менің мына хатымды бұрын оқы. Өзің туралы. Оқып шық, ұлы Цезарь.

Цезарь

Өзім туралы болса, кейін оқылады.

Артемидор

Асық, Цезарь! Кәзір оқы.

Цезарь.

Уай, мынаның есі дұрыс па?

Публий

Ой, жол бер, былай тұр!

Кассий

Көшеде қағаз ұсынып, не болды саған? Бар ана Капитолийге.

*Цезарь жоғары сенат жаққа кетеді,
өзгелері соңынан ереді.*

Попилий

Мен бүгін сендердің тілектеріңді тілемекпін.

Кассий

Не деп тілек тілемексің, Попилий?

Попилий. Кездескенше.

Цезарьға қарай кетеді.

Брут

Өлгі Лена Попилий не деп кетті?

Кассий

Тілеуімің деді сендердің тілегінді.

Осы біздің мақсатымыз жария болған жоқ па екен?

Брут

Көрдің бе, өне, Цезарьдың қасына барды ентелеп.

Кассий

Каска, қимылда тез. Сәттен айрылып қалармыз. Не істейміз, Брут? Ашылса егер біздің пиғылымыз? Осы жерден не Цезарь, не Кассий екеуінің біреуі үйіне тірі қайтпайды. Мен өзіме қанжар жұмсаймын.

Брут

Берік бол, Кассий. Попилийдің айтып тұрғаны басқа нәрсе.

Күліп тұр, Цезарь да сабырлы күйінде.

Кассий

Требоний іске кірісті: қарашы Антонийді. Көрдің бе, өзіне өртін өкесті.

Антоний мен Требоний кетеді.

Цезарь мен сенаторлар өз орындарына отырады.

Деций

Метелл қайда? Ілгерірек шықсын да өтінішін айтсын Цезарьға.

Брут. Ол шықты. Тақала соңынан еріндер.

Цинна. Каска, сен бірінші болып қимылдайсың.

Каска. Дайынсыңдар ғой бәрің?

Цезарь

Цезарь мен сенат қандай жетіспеушілікті жөндеуі керек?

Метелл

Женімпаз ұлы Цезарь, көр, мінекей, жүгініп тұр хұқына Цимбр келіп.

Тізерлеп отырып, жүгінеді.

Цезарь

Біліп қой, Цимбр, жарамсақтану жалпылдап тек қатардағы адамдарды жібітіп, тек солардың шешімі мен қарарын ойыншыққа айналдырып өзгертер. Цезарь олар сияқты осал емес екенін білесің ғой, оның қанын жәдігөйлік сөзбенен, я болмаса, итше құйрық бұлғаумен жуасыта алмайсың.

Сенің ағаң декрет бойынша қуылған. Бұдан былай алдыма шығып, жалбақтап, жалына берсең, итше теуіп жолымнан, қансылатып жіберем. Цезарь әділетті, айтқанынан қайтпайды ол себепсіз.

Метелл

Айдаудағы туысым елге қайтсын деп жалбарынып, ұлы Цезарь тындарлықтай дәлелді сөз айтатын кім бар менен беделді?

Брут

Цезарь, жарамсақтанбай-ақ қолыңды сенің сүйемін. Жәнедағы тек өзіңе сыйынам да өтінем: қайтар сол бір Публий Цимбрды айдаудағы жерінен.

Цезарь. Не деп тұрсың, Брут?

Кассий

Кешірім, Цезарь! Рахымшылық, Цезарь! Кассий де жығылып тұр аяғына жалынып, сол Цимбрды кешірсе деп.

Цезарь

Мен сендер болсам, елжіреп жұмсар едім жалынды деп, жығыла жалынуды және де білсем егер. Бір шешімге келсем мен, бұлжымаймын әйтсе де. Көкте жұлдыз ішінде қозғалмайтын Темірқазық десендер, жерде сансыз жұлдыздар жарқылдаса жыпырлап, сол көп жұлдыз ішінде бұлтармайтын

орнанап жалғыз ғана Темірқазық жұлдызы. Ол сияқты жерде де кісілер көп, әрбірінің өз тәні, өз ақылы, қаны бар. Міне, осылар ішінде тұрған жерінен бір де бір жылжымайтын, айтса айтылмайтын қайтпайтын жалғыз ғана адам бар. Ол адам – мен. Менің осы мінезім. Үлкен іс пе, кіші ме – бәріне де бірдей ғой. Сондықтан, Римнен Цимбр кетсін деген шешім болса, ол шешімді өзгерту әдетімде жоқ менім.

Цинна. Ұлы Цезарь!

Цезарь. Жылжытып көр Олимпті!

Деций. Уа, Цезарь!...

Цезарь. Брут тағы бекерге жалынды ғой.

Каска

Олай болса, қол сөйлемек мұндайда!

*Әуелі Каска, сонан соң өзгелері, ішінде
Марк Брут бар, Цезарьды кескілеп құлатады.*

Цезарь

Брут, сен де барсың ба? Онда, Цезарь, өле ғой!

Өледі.

Цинна

Азаттық! Еркіндік! Тирания құлады!

Кошелерде айқайлап, көпшілікке айтыңдар!

Кассий

Мінбелерге шығыңдар да «Азаттық, Еркіндік, Бостандық!» – деп айқай салыңдар.

Брут

Халық – сен, сенаторлар – сендер, қорықпандар. Тұрыңдар!

Мансапқордың жазасы қандай, көріндер!

Каска. Мінбеге шық, Брут.

Деций. Кассий де шықсын.

Брут. Публий қайда?

Цинна. Ол мында. Болған істен есін жинар түрі жоқ!

Метелл.

Байқаңдар! Цезарьдың достары қасастық ойлап...

Брут

Құрғақ сөз бұның, Публий, қорықпа. Саған да, осы Римнің ұлдарының бәріне де тимейді деп бір де бір зиянымыз – айтып қойғай.

Кассий

Публий, сен бұл жерден кет. Халық келіп, топырлап, сақалыңа сенің қарамас.

Брут

Шынында да кеткенің жөн. Бұл істі істегендер жауабын өздері ғана беретін болсын.

Требоний келеді.

Кассий. Антоний қайда?

Требоний

Сасқанынан үйіне тығылыпты. Жазалы күн туғандай қария, бала, әйелдер бәрі бірдей жылап-сықтап, еңіреп, бет-бетімен қашуда.

Брут

Тағдырдың не жазғанын көреміз де. Бір өлерін білсе де адам деген тіршілік үшін тырмысып, жағаласып, тіршілікке жабысып жатады ғой.

Каска

Өмірден жиырма жылды жұлып ала білген адам, өлімнен қорқу дегеннің есесі сол деп білер.

Брут

Олай болса, өлім деген игілікті іс. Біз Цезарьға дос екенбіз, оны біз өлімнен қорқып жүруінен құтқардық. Уа, Римнің ұлдары, бастарыңды иіңдер. Қолымызды сол қанға бояған күйде форумға кәзір барайық. Қанды қызыл қаруды жоғары ұстап: «Бейбітшілік, азаттық, бостандық!» – деп саңқылдап бір салайық!

Кассий

Бас иіңдер, шайыныңдар. Ғасырлар өткен кездерде бүгінде жоқ, ертең туған елдердің актерлері біздің осы ержүрек ісімізді сахнада ойнап, мадақтар.

Брут

Мына Помпей мүсінінің қасында жер болуға бет алып жатқан Цезарьдың қаны ғой сахнада қайта-қайта төгіледі.

Кассий

Ия, солай. Төгілген сайын осы біздің атымыз Отанына бостандық әперген деп аталады.

Деций. Кететін де мезгіл болды.

Кассий

Бірге шығайық. Брут алда, біз соңынан ерейік. Римнің бiден асқан ержүрек, бiзден асыл ұлдары жоқ екенiн көрсiн жүрт.

Қызметшi кiредi.

Брут

Бұл кiм? Антоний жiбердi ме?

Қызметшi

Ия, Брут. Марк Антоний – менiң мырзам сенiң барып аяғына жытыл дедi. Жығылып жатып мына сөздi айт дедi: Брут ақылды, ержүрек, дана, адал адам; Цезарь ұлы, асқак, мейiрiмдi ер кiсi өдi. Брутты мен жақсы көрем, сүйемiн деп айт дедi. Ал Цезарьды сыйлайтынмын, сүйетiнмiн, сескенетiнмiн. Сондықтан, егер Брут Антонийға рұқсат етсе, жәбiрлемес жағдай болса, Антонийге тiрi Брут өлi Цезарьдан қымбат болады да, өз тағдырын, өз iсiн Бруттың тағдыр, iсiмен тоғыстырып, алдағы қиыншылықтардың хауiптi кезеңдерiн шын дос болып бiрге өткiзедi. Осылай дедi Антоний.

Брут

Ол – Римнiң әрi ақылды, әрi ержүрек ұлы ғой. Мен қашанда оны сыйлағам. Айт оған, осы жерге келер болса, бәрiн естiп, бiледi және де мен аман болсам, ешкiм оған тимейдi.

Қызметшi

Онда қазiр келедi.

Кетедi.

Брут

Мен ойлаймын, ол бiзге дос болар деп.

Кассий

Айтқаның келсiн, бiрақ та әрқашан мен одан сақтанып-ақ жүремiн. Осындай менiң күдiгiм әрқашанда анық болып шығатын.

Антоний кiредi.

Брут

Мiне, келдi өзi де. Сәлем саған, Марк Антоний!

Антоний

Ұлы Цезарь! Сен де топырақ болдың ба? Сенiң даңқын, жеңiстерiң осы араға сыйып жатқаны ма? Жұмсақ болсын

жатқан жерің! Сендердің ой-мақсаттарын кәзір маған белгісіз. Енді кімнің қанына жерік болып тұрсындар? Маған жерік болсаңдар, Цезарь өлген осы кез – қолайлы кез. Жер бетінде ең таза, ең абзал қанды төккен қару маған жұмсалса, одан артық бақытты мен күтпеймін. Егерде мен ұнамасам сендерге, қылыштарыңның қаны кеуіп болмай тұрғанда, өлтіріңдер. Мың жыл өмір сүрсем де, дәл бүгінгідей өлімге дайын болмаспын. Цезарь өлген жерден артық, Цезарьды жайратқан өлімнен артық, Цезарьды құлатқан қолдан артық не күтем? Өлтіріңдер, заманның тағдырын шешіп тұрған сендер ғой бүгінгі күнді.

Брут

Антоний, сен бізден өлім тілеме. Қолымыз бен істеген ісімізге қараса, шынында да бір қанішер бұзықтар сияқтымыз. Сенің көріп тұрғаның біздің қанды халіміз, сенің көріп тұрғаның біздің қанды ісіміз. Әділет үшін ашылған жанымыз бен елжіреген жүректі көрмей тұрсың сен бірақ. Цезарьды бүгін өлтіргенмен, жалпы мұны Римнің. Өйткені, отты от құртпақ та, аянышты тек аяныш жеңбек. Бірақ, сен үшін, Антоний, қылышымыз қайралған жоқ, қолымыз, жүрегіміз сені бүгін құшаққа алып, туыстықпен, достықпен сыйлап, қошаметтеуге мейлінше дайын тұр.

Кассий

Сыйлық, атақ бөлгенде, өзгелерден сендағы ешбір де тыс қалмайсың.

Брут

Мына үріккен халықты сабасына түсіріп үлгіргенше шыдай тұр. Содан кейін мен саған не себепті Цезарьды, қанша жақсы көрсем де, өлтіргенімді айтайын.

Антоний

Ақылға ие ерсіндер, білем оны. Қолдарыңды, қанекей, осы қанды күйінде ұстатындар. Әуелі, Марк Брут, қолыңды бер; екінші, қолыңды әкел, Кай Кассий. Брут, Деций, сен, Метелл, қолдарыңды беріндер. Цинна, сен. Ержүрек Каска, сен-дағы. Ақырғы сенің қолыңды қыссамдағы, Требоний, жүрегімде ақырғы орын алмайсың. Ақсүйектер сыпыра, не айтайын мен сендерге? Маған деген сенімдерің бекем емес, білемін. Сендер

мені сондықтан, я жарамсақ, я қорқақ деп ойласандар, дәлелсіз ой деп айта алман.

Уа, Цезарь, сені мен шын жүректен сүюші едім! Егер сенің оруағың алыстамай ұшып жүрсе, сенің сенген Антонийің өлігіңнің үстінде өлімге сені қиғандардың қылығына көнгенін, қолдарым көріп алғанын көріп жүр ғой. Бұл саған өлімнен де ауыр тиіп жатқан болар. Уа, данам! Дененде қанша жараң болса қан аққан, сонша санды қанды жасын көл қылған көздер менде болмас па! Сені өлтірген қастарыңмен қол алысып тұрғаннан қан аралас көз жасы анағұрлым жанымға жеңіл тиер еді ғой. Оққа ұшқан құландай сен жатырсын, саятшылар сені атқан жаныңда тұр қанды қолын қусырып. Бұл жер-дүние түгелімен құланның орманы еді ғой. Уа, жер-дүние, жүрегің еді сенің ол. Ия, топырлаған ақсүйек құландай атып құлатты, жатырсың сен сондықтан осы арада.

Кассий. Марк Антоний!

Антоний

Кешір мені, Кай Кассий. Ұлы Цезарь туралы жаулары да осыны айтар болар. Ал досының аузынан шыққан бұл сөздер тек бер жағы.

Кассий

Жазғырмаймын Цезарьды мақтадым деп. Ал бізбен қалай болмақсың, осыны айт? Сыбайласып бізбенен шын дос болғын келе ме, әлде сені есепке алмауымыз дұрыс па?

Антоний

Мен сендердің қолдарыңды қыстым ғой. Бірақ, Цезарьды көрдім де шыдамай кеттім. Достарым, мен жан-тәніммен сендерлікпін. Жақсы көрем сендерді. Енді сендер айтар деп үміттенем, Цезарь кімге, не себепті қауіпті болып шыққанын.

Брут

Айтарлық себеп болмаса, жыртқыштық болар ісіміз. Бірақ біздің алға ұстаған мақсатымыз сондай асқақ екенін білсең, Цезарьдан туған ұл болсаң да түсінесің, Антоний.

Антоний

Бар ынтам сол түсіну ғой сендерді жәнедағы алаңға мына мәйітті апаруға көтеріп, сонан соң жерге қоярда мінбеден сөз сөйлеуге, досы едім ғой, етіндер маған рұқсат.

Брут

Айтқаның болсын, Антоний.

Кассий

Бір-ақ сөз, Брут.

Брутқа сыбырлап

Не істеп тұрғаныңды білмей тұрсың. Антонийге сөз беруге ешқашанда болмайды. Кім біліпті халықты қарсы қыздырып жібермесін?

Брут

Кешір мені. Мен өзім мінбеге бұрын шығып, Цезарьды өлтірудің себебін түсіндірем халыққа. Біздің өз рұқсатымызбен Антоний сөйлейді және Цезарьды ойдағыдай қошаметтеп, тапсырамыз жерге деп айтып берем. Осылай етсек, пайдасы бізге мол болады.

Кассий. Кім білсін не боларын. Маған бұл ұнамайды.

Брут

Цезарьдың ана мәйітін ал, Антоний. Сөйлегенде бізді сөкпе, бірақ Цезарьды ойдағыдай мадақта. Осыны біз рұқсат етті дегенді айтып сөйле. Егер олай болмаса, қатыспайсың жерлеуге және де мен сөйлеген мінбеден менің сөзім біткенде шығып сөйлейсің.

Антоний. Құп. Тілемеймін артығын.

Брут

Цезарьдың мәйітін дайында да, форумға кел.

Антонийден басқасы кетеді.

Антоний

Сені өлтірген жендеттермен ауыз жаласқандай болсам, кешір мені, қаның өлі кеппеген асыл дене. Ағымында заманның теңдесі жоқ ер едің. Кешір мені, қаныңды сенің төккендер жарық дүние көрмесін! Бойындағы жаралар, өздері үнсіз болса да, менің тілім арқылы: Қанды тартыс азамат соғысы боп, Италияны ыдыратып бөледі. Адамдардың денесін қарғыстың жегісі жеп құртады деп аян беріп айтып тұр. Адам баласы қан мен өлім дегенге әдеттенер, масқаралы сұмдықтар әдеттегі іс болар. Соғыстағы баласын жарып тастап, мүшелеп жұлқып жатқанда, Аналары жымыш күліп тұрар. Аяныш сезім дегенді тағылық жеңіп құртар. Цезарьдың кекті әруағы Гекатаға

қосылып, дозақтан ыршып шығып, барлық елге патшалық дауысымен: «Аяушы болма ешкімді!» – деп соғыстың мейірімсіз тобыттерін айтақтаса, жердің бетіндегілер өліктің сасығанынан дем ала алмай, зұлымдықтың не екенін сонда білер.

Қызметші кіреді.

Сені жіберген Октавий ғой, солай ма?

Қызметші. Солай, Марк Антоний.

Антоний. Цезарь оған Римге кел деп жазған еді.

Қызметші

Хатты алған. Көп ұзамай келеді. Саған ауызша айт дегені...

Өлікті көріп

Уа, Цезарь!

Антоний

Тебіренімпаз екенсің, бар да жыла. Сен де қамық. Көз жастарың маржандайын тамшылап, мені де жылатты ғой. Мырзаң қайда дәл қазір?

Қызметші

Римнен жеті миль жерде қоналқыға тоқтады.

Антоний

Мырзана тездетіп жет, мұндағы болғанды айт. Рим қаралы жағдайда, жұрт қауіпті қызынған. Сондықтан, Октавийге Римі қатерлі болар дегенді сөзбе-сөз айтып бар. Дегенмен, аз тоқтай тұр. Мәйітті көзір бәріміз апарамыз алаңға. Мен сол жерде сөз сөйлеймін. Халықтың қанішерлер жасаған зұлымдыққа пікірі қандай екенін тамырын басып байқайын, соны өзің көрген соң Октавийге жеткізерсің. Ал, қәне, көмектес.

Цезарьдың мәйітін көтеріп кетеді.

Екінші көрініс

Форум. Брут, Кассий және бір топ азаматтар кіреді.

Азаматтар. Білгіміз келед себебін. Түсіндіріп беріңдер!

Брут

Достарым, маған еріңдер. Еріңдер де тындандар. Сен, Кассий, басқа алаңға бар. Халықты бөліп алайық. Мені тыңдағысы келгендер, осы арада қалыңдар. Кассийді тыңдағысы келгендер, Кассийге еріп кетіңдер. Жалпы жұрттың игілігін

көздеп қана Цезарьды өлтіруге мәжбүр болғанымызды мұқият түсіндіріп берейік.

Бірінші азамат

Мен Брутты тыңдаймын.

Екінші азамат

Мен Кассийді. Екеуін де тыңдап ап, айтқандарын салыстырып көрейік.

*Азаматтардың бір тобын ертіп, Кассий кетеді.
Брут мінбеге шығады.*

Үшінші азамат

Тынышталындар. Ардақты Брут сөйлейді.

Брут

Аяғына дейін шыдандар. Римнің ұлдары, достарым! Менің бұл істі не себепті істегенімді тыңдандар, тыпыр етпей тыңдандар, бөріңе де естілсін. Менің арым мен ожданым үшін сеніңдер, сену үшін менің арым мен ожданымға сүйеніңдер. Әрқайсысың ақыл-ойдың өрісіне қарай мені бағаландар, бірақ дұрыс бағалау үшін сана-сезімдеріңді оята бағаландар. Егер мен осы жиылғандар ішінде Цезарьды шын жүректен сүйген адам болса, Брут Цезарьды сол адамнан ешбір кем сүйген жоқ-ты. Егер Цезарьдың сол досы Цезарьға неге қарсы шықтың, Брут, деп сұрай қалса, жауабым менің мінекей: Менің қарсы шыққаным – Цезарьды өз сүйгендігімнен емес, тек Римді Цезарьдан артық сүйгендігімнен деп түсініңдер. Цезарь тірі калып, өздерің құл болып өлгендеріңді ме, әйтпесе, Цезарь өліп, өздерің азат азамат күйінде өлгендерің бе, қайсысын тандар едіңдер?

Цезарь мені жақсы көруші еді, мен Цезарь үшін қамығам. Оның іс-әрекеттері сәтті шығатын, оған мен қуанатынымын, ерлігін сыйлайтынмын. Бірақ, ол мансапқой еді, сол үшін оны мен өлтірдім. Осы тұрғандардың ішінде құл болғың келетін жасықтарың қайсысың? Егер ондай адам болса, айтсын, оны мен кеміткен шығармын. Римнің ұлы болғың келмей, тағылық өмірге құштар болып, азып кеткен қайсың бар? Егер ондай адам болса, айтсын, оны мен кеміткен шығармын. Өз Отанын сүйгісі келмейтін қорларың қайсың? Егер ондай адам болса, айтсын, оны мен кеміткен шығармын. Мен осы сауалыма жауап күтем.

Бәрі де

Ондай адам жоқ, Брут.

Брут

Олай болса, ешкімді кемітіп, ешкімнің арына тигем жоқ қой. Менің Цезарьға деген жазамды сендер Брутқа да қолданар едіңдер. Оның өлу себебі Капитолийдің ораулы кітабында жазылған; Оның даңқы мен атағы тиісті жерінде нұқсансыз айтылған. Оның өлімге жазалануына себеп болған кінәсі де кемітілмей айтылған.

*Антоний мен басқалар Цезарьдың
өлі денесін алып кіреді.*

Аза тұтқан Антоний Цезарьдың денесін, міне, әкелді. Цезарьдың өліміне қатысы жоқ болса да, Антоний бәрібір ұтады, өйткені Республикада өмір сүреді. Сол сияқты бәріміз де ұтамыз. Бәрін айттым, енді кетем. Римнің игілігі үшін ең жақын досыма жұмсалған мына қанжарды, егер менің өлімім Отаным үшін керек болар кез болса, қайраулы күйде жанымда сақтаймын.

Барлығы

Уа, Брут, көп жаса, Брут, көп жаса!

Бірінші азамат

Қолға көтеріп, үйіне апарайық.

Екінші азамат

Аталарымызға орнатқандай тас мүсін орнатайық өзіне.

Үшінші азамат

Цезарь өзі болсын, орнын бассын.

Төртінші азамат

Цезарьдың ең жақсы қасиетін бойына жинасын.

Брут

Азаматтар!

Екінші азамат

Брут сөйлейді, тыңдандар!

Бірінші азамат

Әй, дыбысыңды шығарма!

Брут

Достарым, мен жалғыз-ақ кетейін, рұқсат болса. Ал сендер, өтінемін, Антониймен қалыңдар. Цезарьға топырақ салыңдар.

Ол кісінің атак-даңқын айтындар. Бұл жөнінде, рұқсат еттік, Марк Антоний өзі сөйлеп береді. Мен кеттім, сендер бірақ, Антоний сөйлеп болғанша тарап кетіп жүрмеңдер.

Кетеді.

Бірінші азамат

Қалайық онда. Антонийді тыңдайық.

Үшінші азамат

Асыл ер, Антоний, шық мінбеге. Енді сені тыңдайық.

Антоний

Осы сөзді сөйлеуге рұқсат бергені үшін мен Бруттың алдында қарыздармын.

Мінбеге шығады.

Төртінші азамат

Брут жөнінде не деді?

Үшінші азамат

Осы сөйлеп тұрғаны үшін Брутқа қарыздармын деді ғой.

Төртінші азамат

Брутты ардақтай сөйлейтін болсын.

Бірінші азамат

Цезарь тиран еді ғой.

Үшінші азамат

Әрине, бақытымызға қарай Рим одан құтылды.

Екінші азамат

Антонийді тыңдайық. Токтандар!

Антоний

Уа, Римнің ұлдары!

Бәрі

Тыңдайық!

Антоний

Достарым, азаматтар, маған құлақ салыңдар. Цезарьды малақтау үшін келгем жоқ, қабірлеу үшін келдім. Зұлымдық иесі өлсе, тірі қалар, жақсылық иесі өлсе, бірге өлер. Адал Брут «Цезарь мансапқой еді», – деді. Бұл шын болса, әрине, ауыр күнә. Ол үшін Цезарь тартты жазасын. Брут асыл адам, оның достары да асыл адамдар. Осы сөзді Цезарьдың өлігінің үстінде сөйлеп тұрмын. Брут оны мансапқой еді деді. Ал Брут айтуға тұрар адам ғой. Сол Цезарь қолына түскен жауларды

топырақтың көгендеп әкелуші еді Римге, бәрімізді байытып. Мансапқойлық осы ма? Жарлының жылағанын естігенде, Цезарь бірге жылайтын. Қай мансапқой осылай елжіреп, жылағанын көріп ең? Бірақ, Брут Цезарьды мансапқой деп атады. Ал Брут айтқанын тындардай асыл адам ғой. Луперкалий тойында Цезарьға мен, көрдіңдер, үш рет тәж ұсындым. Ол үш рет итерді. Осы да мансапқойлық па? Бірақ Брут «мансапқой» деп атады. Ал Брут болса айтқан сөзін тындарлық адам ғой. Мен Бруттың айтқанын теріс дегім келмейді. Бірақ, мен білгенімді айтпауға тиістімін. Цезарьды сендер бәрің де игілікті ісі үшін сүйдіңдер, олай болса, неге бүгін азасын тұспайсындар? Уа, өділеттік, Көкірегіне айуанның сен ұялап, басы жұмыр пенделер ақылынан айрылды. Кешіріндер, Цезарьмен қосылып, қара жерге қайырымды жүрек кетті. Сол жүрек қайтып келгенше, күте білер болайық.

Бірінші азамат

Осының айтқан сөзінде шындық көп сияқты.

Екінші азамат

Топшылап былай байқасаң, осы Цезарь бекерге қаза тапты деуге болатын түрі бар.

Үшінші азамат

Сол Цезарьдың орынын одан да жаман біреу баса ма деп қауіптенем.

Төртінші азамат

Естідіндер ме? Цезарь тәжді алмапты. Мансапқой деу сонда бекер ғой.

Бірінші азамат

Онда бұлар жазасын мықты тартады.

Екінші азамат

Көз жасынан көзі оттай қызарған.

Үшінші азамат

Римде ең асыл жан Марк Антоний.

Антоний

Кеше ғана бір сөзімен әлемді бүкіл тербеткен Цезарь, міне, жатыр, қошамет жоқ, сыйлау жоқ, талақ еткен бәрі де.

Уа, азаматтар, егер көзір сендердің көтеріл деп, кек ал деп намыстарыңды қыздырсам, Кассий менен Брутты ренжітер ем.

Олар бір абзал адам ғой. Мен оларды ешқашан жәбірлеуге бармаймын. Ондай абзал адамдарды жәбірлеудің орнына мен онанда өзімді, сендерді жәбірлермін. Цезарьдың өзі қолымен жазған, мөр басқан хаты міне – бұл оның ақырғы тілектері. Егер халық Цезарьдың жазған сөзін естісе. Бірақ мен оқымаймын бұл хатты. Әр адам Цезарьдың әрбір жарасын жалар еді, Цезарьдың ізгі қанына орамалын малар еді. Шашының әрбір талын сұрап алып, ең қымбат, ең бір асыл мұрасындай, өлерінде сақтандар мынаны деп ұрпағына тапсырып кетер еді.

Төртінші азамат

Марк Антоний, оқып бер бізге сол хатты.

Бәрі. Цезарьдың ақырғы тілегін оқып бер.

Антоний

Шыдам керек, достарым. Сендерді Цезарь қалай сүйгенін мен оқымай-ақ қояйын, сендер білмей-ақ қойындар. Емен емес, тас емес, адамсындар ғой сендер. Цезарьдың ақырғы тілегін естісеңдер, сендер мүлдем қызынып, естеріңнен ауарсындар. Қандай мұра қолдарыңда қалғанын білмейсіңдер. Білсеңдер-ау, бұл арада не болар еді, оны болжай алмаймын!

Төртінші азамат

Тыңдадық. Антоний, тез оқы. Оқы бізге Цезарьдың ақырғы айтқан тілегін.

Антоний

Шыдам керек. Күте тұруға болмай ма? Цезарьдың тілектері туралы бекер айттым, байқамай. Цезарьды қанжарымен құлатқан сол бір абзал адамдарды ренжітіп алам ба деп сескенем.

Төртінші азамат. Абзал адам! Сатқындар десеңші!

Бәрі. Оқы кәне, Цезарьдың ақырғы айтқан сөздерін!

Екінші азамат. Зұлым, жендет екен ғой! Оқы, кәне!

Антоний

Цезарьдың сөздерін оқы деп тілесендер, Цезарьдың жансыз денесіне айнала жақын тұрындар. Әуелі мен сендерге ұлы Цезарь бейнесін көрсетейін. Мінбеден төмен түсуге рұқсат қой?

Бәрі. Түс, рұқсат.

Екінші азамат. Түс төменге.

Антоний мінбеден түседі.

Үшінші азамат

Рүксет еттік.

Төртінші азамат

Тұрындар айыма.

Бірінші азамат

Денесінен өрірек тұрындар.

Келінші азамат

Антонийге, ардагер Антонийге орын беріндер!

Антоний

Сығылыспандар бұлай. Кеңірек тұрайық.

Нәрі

Шегініндер, шегініндер! Шегіне түсіндер!

Антоний

Суалмас ең көздерің, жылауға өзір болындар. Мына тоға сендерге таные өбден. Цезарь мұны бірінші рет кигені әлі өзімде бұл тоғаны Персийлерді қиратып жеңген күні кешкіде, қонында отырғанда киген еді. Қараңдар: мына бір тесік Кассийдің қанжарынан, мына жерге қанды қанжарын көре алмайтын қызғанышак Каска жұмсаған. Мына жерді сүйікті Бруттың өзі ойған. Қанжарын пәлет суырғанда, Цезарьдың қаны соғынан шашып шығыпты. Брутқа осы? – дегендей аямастан шашысқан, шашып қаны тұрыпты. Өйткені, Цезарь Брутты мейлінше жақсы көретін. Уа, құдайлар, Брут оның ең сүйікті қалаулысы еді ғой! Денесіне сұғылған қанжарлардың ең ашы, ең ауыры Бруттың болды қолында. Опасыздық қанжардан да қатты тиді Цезарьға. Ер көңілі, рухы осыдан тосылып, міне, дүниеден түңілген бетін жауып тоғамен, Помпейдің мүсінінің тұсында, қаны аққан күйінде құлай түсіп, ұлы Цезарь жатыр енді, жарандар!

Азаматтар, қандай сұмдық, масқара!

Қасеттық қанға ыршыған тояттан алып, басынғанда мисейран, жылайсындар. Бәрінді де көріп тұрмын, ауыр өкініш, аяпын билегенін. Сендер Цезарь тоғасынан жараларын санап ап, жылап тұрсындар. Енді сендер қайырымсыз жаудың қолынан қанға тапқан Цезарьдың жүзіне қараңдар да, көріндер.

Бірінші азамат

Жүзі қандай азалы!

Екінші азамат

Уа, ардагер асыл Цезарь!

Үшінші азамат

Қандай қарғыс жеңген күн!

Төртінші азамат

Сыпыра жендет, сатқындар!

Бірінші азамат

Қандай қанды маскара!

Екінші азамат

Қанды қанмен жуар болар мұндайда!

Бәрі

Кек қайда? Намыс қайда? Табу керек! Өртеу керек!

Құрту керек! Бір де бірі құтылатын болмасын!

Антоний

Азаматтар, сабырлылық.

Бірінші азамат

Тындандар! Марк Антоний сөйлеп тұр!

Екінші азамат

Тындап тұрмыз, ереміз соңынан, өл десе бірге өлеміз.

Антоний

Достарым, бүліншілік тасқыны туласын деп сендерді мен үгіттеп тұрғаным жоқ. Өлтіргендер Цезарьды - ардақты, асыл адамдар.

Амалым не, білмеймін мұндай іске айдаушы ішкі сырларын олардың. Сондай адал, ақылды ер адамдар өздері түсіндірер істерінің себебін. Ол кісілер жөнінде теріс пікір туғызу ойымда емес. Майталман шешен емеспін, Брут сөзге менен шебер. Тек төте мінез, ақжарқынмын. Цезарьды әбден сыйлаушы ем. Осы мінездерімді білгендіктен, сөйлеуге маған рұқсат берді олар. Тындатып, қанды қыздырар өткір сөз бен өтімді тіл менде жоқ, ісімен жұртқа танымал және де жан емеспін. Өздеріңе де белгілі жайттарды ашық айтам сендерге. Міне - Цезарьдың жаралары, міне - мәңгі жабылған еріні, ауызы. Сөйлесін және осылар, сөйлесін менің орныма. Егер мен Брут болсам, ал Брут Антоний болса, сонда Антоний Цезарьдың бойындағы жараларға тіл беріп, тірілтер еді әруағын. Сонда ғой, естіген дәл осыны

төбелері де Римнің жан біткендей жұлқынып, ыза кернеп,
алысуға ол жинап, атар еді орнынан.

Бәрі. Біт аласамыз!

Бірінші азамат

Бругты ортеп құртайық!

Үшінші азамат

Үстау керек оларды кідірместен!

Антоний

Тыңдаңдар мені, азаматтар, тыңдаңдар!

Бәрі

Әй, тоқтаңдар! Антоний сөйлеп тұр.

Антоний

Достарым, қызу іске кіріспекпіз бәріміз. Бірақ әлі Цезарь сендерге не себепті сүйікті болып алғанын білген жоқсыңдар.

Уа, дүние! Білмейсіңдер. Мен ашайын шынын. Сендер оның ақырғы тілектерін ұмытып барасыңдар.

Бәрі

Шып-ау. Ақырғы тілектерін білейік те.

Антоний

Міне, ақырғы хаты Цезарьдың, мөрі де бар. Ол Римнің әрбір ұлына жетпіс бестен драхма берілсін деп кетіпті.

Екінші азамат

Уа, ардагер асыл Цезарь! Қан үшін қан алайық!

Үшінші азамат

Уа, падиша тұлғалы ұлы Цезарь!

Антоний. Тындай түсіндер мені!

Бәрі. Әй, тыңдаңдар!

Антоний

Ол сендердің баршана Тибрдің жағасындағы өзінің бау-бақшасын, демалатын жерлерін, алма, алмұрт ағаштарын бәрін сонда сайрандап, ойнап-күліп жүрсін деп мәңгілікке ие ғып беріп кетіпті. Цезарь, міне, осындай адам еді! Басқа мұндай ізгі адам табыла ма іздесе?

Бірінші азамат

Жоқ, ешқашан табылмайды. Тез кетелік! Цезарьдың ізгі денесін ізгі жерде отқа беріп, оған қастық істегендердің үйлерін тегіс өртейік. Мәйітін көтеріңдер!

Екінші азамат. От табындар!

Үшінші азамат. Орындықтарды сындырындар.

Төртінші азамат

Орындықтарын, терезесін, бәрін қиратындар!

Азаматтар мәйітті алып кетеді.

Антоний

Бүліншілік! Қақайтып қаз тұрғыздым өзінді!

Енді қалай болса да өзің білгей.

Қызметші кіреді.

Ия, жағдай қалай?

Қызметші. Октавий Римге келді, мырза.

Антоний. Ол қайда?

Қызметші. Лепидпен екеуі Цезарьдың көзір үйінде.

Антоний

Көзір сонда барамын. Мезгілімен келіпті. «Фортуна» деген жайдары қыз берерін өзі тосып тұр.

Қызметші

Брут пен Кассий қаланың қақпасынан қамшыға басып, шауып өтті деп естідім.

Антоний

Халықты қозғап жібергенімді сезіп-ақ қалған екен. Октавийге барайық.

Екеуі де кетеді.

Үшінші көрініс

Коше. Цинна ақын кіреді.

Цинна

Түсімде Цезарьмен қатар тойда отырмын. Қайдағы бір елес мазамды әбден алып тұр. Үйден шыққым келмеп еді, бірақ біреу сүйрегендей шығарды.

Азаматтар кіреді.

Бірінші азамат. Атың кім?

Екінші азамат. Қайда барасың?

Үшінші азамат. Қайда тұрасың?

Төртінші азамат. Әйелің бар ма, бойдақсың ба?

Екінші азамат. Бәрімізге турасын айт.

Бірінші азамат. Және де қысқасын айт.

Төртінші азамат. Және де жөңдеп айт.

Үшінші азамат. Және де шынын айт, өзіңе жақсы болады.

Цинна

Менің? Қайда барам? Қайда тұрам? Әйелдімін бе, бойдақпын ба? Бәріңе турасын, қысқасын, жөңдісін, шынын айттуым керек. Жөңін айтсам, бойдақпын.

Екінші азамат

Бұл сөзің өйелі барлардың бәрі ақымақ дегенге тең. Бұл пікіріңнің қасіретін әлі тартасың. Тура жауап бер.

Цинна

Турасы – Цезарьды қабірлеуге шығып едім.

Бірінші азамат. Дос ретінде ме, жау ретінде ме?

Цинна. Дос ретінде.

Екінші азамат. Тура жауап деген осы.

Төртінші азамат. Қайда тұрасың? Қысқасын айт.

Цинна. Қысқасы – Капитолий тұсында тұрам.

Үшінші азамат. Атың кім? Шыныңды айт.

Цинна. Шыны – Цинна деп аталам.

Бірінші азамат

Жұлқылап, бөліп әкетіндер, қасастық жасаушылардың бірі.

Цинна

Мен – Цинна ақынмын! Цинна ақынмын!

Төртінші азамат

Жаман өлеңдері үшін жұлқыңдар!

Цинна

Мен қасастыққа қатысқан Цинна емеспін.

Екінші азамат

Бәрібір, аты Цинна болса болғаны.

Мұның атын жүректен суырып, құртқан жөн.

Үшінші азамат

Жұлқыңдар, тартыңдар, парша-паршасын шығарыңдар! Әй, от қайда? От! Бруттың үйіне, Кассийдің үйіне жетіндер тез, өртеңдер! Бәрін өртеңдер! Бәрін өртеңдер! Бірің - Деций үйін, бірің - Каска үйін, үшіншің - Лигарийдің үйін өртеңдер. Тез! Тез жетелік!

Кетеді.

ТӨРТІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Рим. Антонийдің үйіндегі бөлме.

Антоний, Октавий, Лепид столды айнала отырған.

Антоний. Аталғандардың бәрі де өлуге тиіс.

Октавий. Ішінде сенің, Лепид, інің бар, мақұлмысың?

Лепид. Мақұлмын.

Октавий. Белгі қой аты тұсында, Антоний.

Лепид

Сенің де, Антоний, туған жиенің Публий өмірмен қоштасуға тиісті.

Антоний

Ол да өлсін. Қаралы белгі қояйын оның тұсына. Сен, Лепид, үйіне бар Цезарьдың. Ақырғы тілек қағазын әкел. Сонда оның мұрасын шашпай сақтау амалын да ойлармыз.

Лепид

Өздерің қайда болмақсындар? Осында ма, Капитолий де ме?

Октавий. Не осында, не Капитолийде.

Лепид кетеді.

Антоний

Қандай түкке тұрмайтын, құнсыз адам. Тек жұмсаудан басқаға жарамайтын бейшара. Ертең бізбен әлемге үлестес боп, бөлісіп, үштен бірге ие болмақ.

Октавий

Солай болып тұрса да оның дауысы өлімге кімді жазалап, кіргіземіз тізімге деген кезде саған керек болды ғой.

Антоний

Жасым үлкен менің сенен, Октавий. Өзіміздің бойымыздан осы бір нәлет жүкті сыпырып, осының біз арқасына артайық, сонда ол алтын артқан есектей күшене-тышана біз айдаған жаққа қарай жүреді. Керегінде алтынды аламыз да, өзін тысқа қуып-ақ жібереміз. Сол есектей құлақтары салпынып, отын оттап, суын ішіп жүре берсін маңайда.

Октавий

Солай-ақ етейік, бірақ Лепид көпті көрген ер сабаз.

Антоний

Октавий, бұл жөнінде ол менің қарекетім сияқты, сол үшін мен қаракерді өспеттеймін жем беріп және де оны өз ыркыма көндірп, обден үйреттім. Қызу соғыс үстінде тоқта десем, жат десем, бұрыл десем, бұлжытпай айтқанымды орындайды. Сол сияқты Ленидті де үйретіп, ыркымызбен қамшылап, жұмсап ұстауымызға болады. Өз миы жоқ бұл пақыр тек көргенін істейді, біреуден қалған ескіні өзіне үлгі етеді. Жарайды, көп айтып оны қайтөміз, қолдағы қару аспап қой. Енді, Октавий, көкейкесті мәселеге көшейік: Брут пен Кассий қол жинапты, біз де соны істейік. Сондықтан біз қоян-қолтық болуға бекініп ап, достарменен бірігіп, бар қайратты бір мақсатқа жұмсайық және де іні шигылы бізге қарсы адамдарды әшкерелеп, қауіп-қатер жағдайлардан сақ болуды ойланып көзір алайық.

Октавий

Мақұл, Антоний. Біз екеуміз айнала үрген иттердің ортасында қалған аңға ұқсаймыз. Жан-жағымыз безенген жауға толы. Ойлаймын, жарқын жүздің көбінің әржағы зіл мен қасиеттік.

Кетеді.

Екінші көрініс

Сардтың маңындағы лагерьдегі Бруттың қосының алды. Барабан дабылы. Брут, Луцилий, Луций, солдаттар кіреді. Титиний мен Пиндар оларды қарсы алады.

Брут. Тоқта!

Луцилий. Паролінді айт, тырп етпе!

Брут

Қашпай болды, Луцилий? Кассий алыста ма?

Луцилий

Жықпай жерде. Сөлемін алып Кассийдің, Пиндар да, міне, көліп тұр.

Брут

Сөлемін өкелдің бе? Пиндар, сенің мырзаң өзі ме, әлде біреу арқалы ма, ренішіні білдіріп, болған іске бойымда өкініш тұғынды. Ой келсе, анықтап, түсінісе алармыз.

Пиндар

Күмәнім жоқ, ол келсе бар ықылас, ілтифатын бұрынғыдай саған арнай келеді.

Брут

Менің де күмәнім жоқ. Луцилий, айтшы, қалай қарсы алды сені?

Луцилий

Қошаметтеп, сыйлап, ойдағыдай қарсы алды. Бірақ та, бұрынғыдай ашық көңіл, жайдарылық, достық сыршыл мейірім аздау болған сияқты.

Брут

Олай болса, досымыздың көңілі салқынырақ тартқан де. Есінде болсын, Луцилий, шын достық мейірімге сырт салтанат керек те емес. Адал сенім, шын көңіл сенім құбылу мен күйсінуден безеді. Сыртқы жылтыр іші тықыр жабы жылқы сияқты, басында бар шабысын, қайратын көрсетіп ап, кейін камшы басқанда, шыдамай жасып қалып, дәрменінен айрылып, жүре де алмай, құлайды. Әскері бар ма?

Луцилий

Сардта олар түнемекші болған-ды. Бірақ көбі, атты әскері түгелдей Кассиймен бірге осында келмекші де.

Сырттан дүбір естілді.

Брут

Ә, міне, өзі. Кәне, қарсы жүрейік.

Әскерін ертіп Кассий кіреді.

Кассий. Әй, тоқта!

Брут. Тырп етпе, тоқта! Бұйрық бер!

Бірінші солдат. Токта!

Екінші солдат. Токта!

Үшінші солдат. Токта!

Кассий. Мен дегенде әділет сақтамай жүрсің, туысым.

Брут

Уа, құдайлар! Жауына әділет сақтаған туысына сол әділетті сақтамайтын болып па?

Кассий

Брут, сенің осы сабырлы салқын болуыңда бір ызғар бар сияқты... Егерде...

Брут

Сабыр тұт, Кассий. Сабырлы күйде айт бәрін, мінезінді білем гой. Бірақ кәзір мына әскердің көзінше екеуіміздің керісіп жатқанымыз жөн болмас. Олар біздің тек достығымызды көруі керек. Әскерді шығар, сонан соң қос ішінде, оңашада бар қоятын кінәңді ашылып маған айтарсын.

Кассий

Пиндар! Қолбасшыларға қолдарын әрірек тұрғызсын деп айтшы барып.

Брут

Луцилий, сен де соны айт. Ешкім де біз сөйлесіп отырғанда үстімізге кірмесін.

Кетеді.

Үшінші көрініс

Бруттың қосы. Брут пен Кассий кіреді.

Кассий

Люпий Пелланы, Сардта алым алып, парақорлық жасадың деп жазаға тарттың. Қайтесін, қозғама деп қанша өтіндім. Тындамадың, адам құрлы көрмедің.

Брут

Сол үшін сен өтінсең, өзінді-өзің адам құрлы көрмегенің.

Кассий

Кәзіргідей уақытта уақ-түйектер үшін қажеті жоқ жазалап.

Брут

Сен туралы да, Кассий, қолдары таза емес деп, алтын үшін біреулерге атақ-мансап берді деп айтады жұрт.

Кассий

Менің қолым таза емес?!

Егер сен Брут болмасаң, құдайлар куә, оллаһи, осы сөздер ақырғы айтқан сөздерің болар еді!

Брут

Кассий өз атағымен, даңқымен бүркеді де қылмысты, сол қылмыстың жазасы бұғып қалды дейік те.

Кассий

Жазасы!

Брут

Мартты, марттың ида күнін түсірсенші есіңе. Цезарь сол әділеттілік үшін құлаған емес пе еді? Әлде ол жендеттердің қолынан әділетсіз қаза тапты ма? Жер үстіндегі ең ардақты адамды қаракшы мен сотқарға жол аштың деп өлтірген біздердің қайсысымыз жыртқыштыққа салынып, жұрт алдында қарабет болып, асқақ арымызды жабысқақ бір жылбысқы пендешілік заттарға сатып, өмір сүрерліктей едік? Ондай болсақ, одан да айға үретін ит болған жөн емес пе?

Кассий

Брут, мені жәбірлеме. Мен бұған шыдамаймын. Сен жөнінді ұмытып, кеміткің мені келіп тұр. Мен солдатпын, сенен гөрі көргенім көп. Таластырсам сөзді мен тап сенен кем түсінбеймін.

Брут. Олай болмас, Кассий.

Кассий. Әділеттілік мен жақта.

Брут. Садаға кет әділеттен!

Кассий

Болды енді, шыдамымды тауыспа. Сақ бол, ашуымды келтірме.

Брут. Кет әрі, азғын неме!

Кассий. Мүмкін бе осың?

Брут

Тыңдап ал айтқанымды.

Сен ашуға жол берсең, кем түспеймін мен-дағы.

Ессіздің есер көзі алдында дірілдейтін мен бе екем?

Кассий

Құдайлар, уа құдайлар! Шыдамақпын ба мұндайға?

Брут

Тәкаппарлық мінезді бәсендетсең, шыдайсың. Ашуың мен ызанды құлдарына арнай бер. Дірілдесе солар-ақ дірілдесін. Мен ондайға көнбеймін. Ашуың мен ызаңа жүгінетін мен емес. Ішінді жарып кетсе де бойындағы уыңды өзің сіңір, ал маған ыза-ашуың күліп, көңіл көтеру үшін ғана керек-ті.

Кассий. Солай болды ма?

Брут

Солдаттығым артық деп мақтандың ғой. Көрсетші және маған артық болған жерінді. Өзім ер адамнан үйрену абзал

ден бием. Көпексей, мені үйретіп, көншітші бір көңілімді.

Кассий

Брут, сен мені балағаттап, мазақтап жатырсың. Жауынгерлік тоқтрибем артық дедім. Осы емес пе айтқаным?

Брут

Маған бәрі бір.

Кассий

Тигі Цезарьдың өзі бұлай кемітіп көрген жоқ.

Брут

Әрине, оның ашу-ызасын шақыруға бата алмаған едің ғой.

Кассий

Бата алмадың дейсің бе?

Брут

Бата алмадың!

Кассий

Ашу-ызасын шақыруға бата алмадың дейсің бе?

Брут

Қорыққаннан бата алмадың.

Кассий

Менің ілтипатымды аспай пайдалан. Әйтпесе, кейін өзім өкінетін іс істеуге мәжбүр болар түрім жоқ.

Брут

Кассий, сен өкінерлік ісінді істеп үлгердің. Мен сенің айбарың мен айбатыңнан қорықпаймын. Қаһармандық қаруым сондай күшті. Біреудің шеккен айбатын ескен желдей көрмеймін. Мен сенен алтын сұрап жіберіп ем, бермедің. Арымды сатып мен ақша таба алмаймын. Қолдары түрпідей күс шаруалардың тиынын адалдық жоқ жолменен жұлмалап алып жүргенше, жүрегімді таптап бақыр ғып, қанымнан драхма құймын. Мен ғой сенен сарбаздардың ақысын тілеймін деп ақша сұродым.

Сен ақшаны бермедің. Брут бермей отыра алар ма еді? Егер Марк Брут достарынан ақшасын жасыратын сараң болса, онда, уә, құдайлар, ондай Марк Брутты күн түсіріп құртыңдар!

Кассий. Бермеймін деп айтқам жоқ.

Брут

Айттың.

Кассий

Айтқаным жоқ. Жауабымды бір есуас жеткізген. Жүрегімді жаралап тұрсың, Брут. Дос достың кемді-кетігін кешіре қарар болушы еді, Брут бәрін бадырайтып, үлкейтіп-ақ айтып тұр.

Брут

Сен өз кемшіліктеріңмен мені қинап тұрсың ғой.

Кассий

Сен мені ұнатпайсың.

Брут

Мен сенің кемшіліктеріңді ұнатпаймын.

Кассий

Достың көзі ондайды байқамаса қайтеді.

Брут

Жағымпаздар, әрине, Олимптей кемшілікті көрмейді.

Кассий

Уа, Антоний, уа, Октавий, келіндер, Кассийден тез кектеріңді алыңдар.

Қай Кассий бұл дүниені талақ етті. Достары, туысы оны бүгін әжуалап, мазақтап, ит етіндей жек көргенін білдірді. Кассийдің әрбір қатесі, бетіне оның былшитып басу үшін ұмытылмастай жазылып, алыныпты есепке. Жанымды жылап, жас етіп шығарар ем көзімнен! Міне, кеудеде Плутонның алтыны мен кенінен асыл жүрегім!

Шын Римнің ұлы болсаң, ал, көне, алтынды саған бермедім, жүрегімді берейін. Тасқанжармен Цезарьды кескеніндей жек көрсең де, білемін, Цезарьды Кассийден артық сүйесің.

Брут

Қанжарыңды сал ана қынабына. Ызанды ақтару керек болса, еркін ақтар. Аузыңнан ақ ит кіріп, қара ит шықсын, ызақорсын белгілі. Кассий-ау, сен койдың қозысымен жегілгенсің бір жармаға. Шақпақтың оты сияқты, қозының оты ішінде. Шағып қалса от шығады та, дереу сөне қалады.

Кассий

Кассий енді Брутына болмашыдан мазасы кеткен күні әжуа-мазақ, келекеге дайын боп тұрғаны ғой.

Брут

Мен де жоқтан ызам келіп сөйледім.

Кассий

Шып мойныңа алдың ба? Қолыңды бер.

Брут

Жүретімді қоса берем.

Кассий. Уа, Брут!

Брут. О не, Кассий?

Кассий

Брут-ау, анамнан ауған аздаған қызбалықты көтерердей
лгифат болмады ма сенде маған?

Брут

Ендігіде ашулансаң, сенің, Кассий, өзің емес, анаң ғана
менімен ұрысты деп түсінем.

Ақын (Сахна сыртында.)

Қолбасшыларға жіберіндер тез мені, жанжалдасып жатыр
олар. Онаша қалдыруға болмайды.

Луцилий (Сахна сыртында)

Жоқ, сен оларға кірмейсің.

Ақын (Сахна сыртында)

Мені тек өлім ғана тоқтатар.

Луцилий, Титиний және Луциймен бірге ақын кіреді.

Кассий. Бұл кім? Не болды?

Ақын

Қолбасшылар! Бұларың не, ұят қой.

Достық пенен жарастық екеуіңе бірдей керек.

Иланыңдар сөзіме, мен туғанмын сендерден сәл ертерек.

Кассий

Ха-ха-ха! Сабаздың ұйқасының түрін қара!

Брут

Кете ғой бұл арадан. Кет, ұятсыз!

Кассий

Шыда, Брут. Ақын деген осы ғой.

Брут

Жай қылыққа шыдайтын басқа кез ғой. Соғыс деген сөзуар
қудың ісі емес.

Кассий

Кет дегенде кете ғой!

Ақын кетеді.

Луцилий, Титиний, әскери басшыларға айтындар - осы арада лагерь болып түнесін.

Кассий

Сонсон қайтып келіңдер. Мессаланы ерте келіңдер.

Луциний мен Титиний кетеді.

Брут. Луций, шарап берші.

Кассий

Сенің мұндай ашуынды білмеуші ем.

Брут

Кассий-ау, ауыр ойлар мендеп тұрған жай бар ғой.

Кассий

Әлдеқалай кесепатқа берілсең, ұмытқаның фәлсафалық ережеңді өзіңнің.

Брут

Қайғы деген кімді жеңбес, Порция дүние салыпты.

Кассий. Не дедің? Порция ма?

Брут. Порция бұл дүниелік емес-ті.

Кассий

Қарсы келем деп жазым бола жаздаппын-ау.

Бұдан ауыр қасірет-қайғы болар ма? Қандай науқас?

Брут

Мені әбден сағынған, оның үстіне жауларымыз Октавий мен Антоний бізден әлді деп естіп, осының бәріне ол шыдамай, әбден қайғырып, маңындағы қызметшілерін бара түр деп шығарып, от жұтыпты.

Кассий

Содан дүние салып па?

Брут

Ия, содан.

Кассий

Уа, құдайлар!

Шарап пенен шам алып Луций кіреді.

Брут

Бір де бір сөз ол жөнінде енді айтпалық. Құй, Луций!
Осы шарап ішінде манағы жанжалды құртайық, Кассий,
батырып.

Ішеді.

Кассий

Асып тисек жүректің шөлін қандырар. Маған да құй, Луций,
тоғғара құй. Бруттың достығы үшін ішуге тояр емеспін.

Ішеді.

Брут

Кір, Титиний.

Луций кетеді. Титиний мен Мессала кіреді.

Сәлем саған, Мессала.

Отырғындар шамға қарай жақындап.

Ілқылдайық басқа түскен қиын-қыстау жағдайды.

Кассий

Порция жоқ!

Брут

Өңгіме етпе, Кассий, өтінем.

Антоний мен Октавий бізге қарсы қол жинап, мол әскермен
Филиппыға беттеп келеді деген хабар алдым, Мессала.

Мессала

Сол хабарды мен де алдым.

Брут

Тағы не естідің?

Мессала

Октавий, Антоний, Лепид үшеуі ешбір заңға үйлеспес үкім
шығарып, жүз сенаторды жазалапты өлімге.

Брут

Менің алған хатымда өзге санды айтыпты. Сенатордың
жетпісін өлтірді деп, Цицерон да солардың ішінде деп жазыпты.

Кассий

Цицерон да дедің бе?

Мессала

Цицерон да қаза тауыпты. Үкімдері Цицеронды да аямаған
сияқты. Сенің алған хаттарың зайыбыңнан емес пе?

Брут

Жоқ, Мессала.

Мессала

Сол хаттарда Порция жөнінде жазбап па?

Брут

Жазбапты, Мессала.

Мессала

Онысы несі екен?

Брут

Кайтесің соны сұрап? Әлде бір хабарың бар ма?

Мессала

Жоқ, Брут.

Брут

Римнің бел баласы болсаң, шыныңды тура айт.

Мессала

Сен де Римнің бел баласы болсаң, бар шындықты көтерерсің. Порция қиын өлімнен дүние салыпты.

Брут

Кешір мені, Порция... Бәріміз де өлеміз ғой, Мессала. Ертелі-кеш бәрі бір өлетін ол да біздей пенде ғой деген ой маған мұндай қасіретте әл береді.

Мессала

Қайратты ер, ұлы ер тіршіліктің соққысын тек осылай қарсы алмақ.

Кассий

Мен осының бәрін сөз жүзінде білемін. Бірақ іс жүзінде көтере алмас едім.

Брут

Ал іске кіріселік. Сонымен не ойлайсыңдар, Филиппыға өзіміз барған жөн бе?

Кассий

Мен қарсымын.

Брут

Неге?

Кассий

Менің ойым мынау еді: Жаудың өзі бізді іздейтін болғаны жөн. Ол әскерін шаршатады, шығындалады, біз ғой бір жерде тұрып, демалып, әл-қайратымыз бен еркімізді сақтаймыз.

Брут

Жақсы пікір өзінен артық пікірге жүгінер болар. Филиппыға дейінгі жергілікті адамдар біздің салған салығымыз бен зекетімізден ығыр. Олар тек қорыққаннан бағынулы біздерге. Жау болса, бері қарай жүргенде, осылардан әскерін толықтырып

лады да, жігер, әл-қуатын асырады. Егер осы халықты бергі жаққа қалдырып, Филиппыға барған болсақ өзіміз, жау осының бөрінен де айрылады.

Кассий

Туысым, тында мені...

Брут

Тоқтай тұр. Есептеп қой, аларымызды достардан алып болдық. Біздің қолдар түгелдей осы арада. Жеңер болсақ, осы күшпен жеңеміз. Жау ғой әлі күшін жинап, толықтыру үстінде. Біздер болсақ, күшімізді азайтпасақ, көбейте алмаймыз. Жалпы адам ішінде толқынның өріне шығатын, сайына түсетін кезеңдер болады. Өрінде болсақ, істің сәтті болғаны, сайына түссек, тіршіліктің қайығы бауырынан жерге тиіп, қайрандап қалғаны. Кәзір біз сол толқынның өріндеміз. Сондықтан, осы жайды тездетіп асырмасақ пайдаға, қайығымыз қайрандап, жүгінен айрылуы да мүмкін.

Кассий

Онда алға! Филиппы тұсында жұлқысалық жауменен.

Брут

Луций!

Луций кіреді

Киімді әкел.

Луций кетеді.

Сау бол, Мессала.

Титиний, қайырлы түн!

Ардагер Кассий, жақсылап ұйықтап, демінді ал.

Кассий

Туысым, осы бір түн мазасыздау басталды.

Бұдан былай арамызда жік болмасын! Солай ма, Брут?

Брут. Бәрі де жақсылық қой.

Кассий. Тыныш ұйқы тілеймін, Брут.

Титиний, Мессала

Ұйқылы түн тілегіміз, Брут.

Брут. Сау болындар бөрің де.

Кассий, Титиний, Мессала кетеді.

Киім көтерген Луций кіреді.

Әкел киімді. Қобызың қайда сенің?

Луций

Осы костың ішінде.

Брут

Ұйқылы-ояу тұрсың ғой. Көптен бері ұйықтамадық, кінән жоқ. Клавдий, сонсоң күзеттегілердің тағы бірі жаныма келіп, жастыққа жатсын ана. Варрон! Клавдий!

Варрон мен Клавдий кіреді.

Варрон

О не, мырза?

Брут

Менімен бірге қоста жатындар. Мүмкін мен көп ұзамай оятармын сендерді. Бір хабарды Кассийге керек болар жеткізу.

Варрон

Онда ұйықтап қайтеміз? Отырайық та күзетте.

Брут

Жоқ, екеуің де жатындар да ұйықтаңдар. Мүмкін тіпті жұмсауым керек болмас. Луций, міне кітабым. Өз қалтама өзім салып, әлек болып іздедім осы кітапты.

Варрон мен Клавдий жатады.

Луций

Мырза маған бұл кітапты берген жоқ та.

Брут

Кешір мені, балақай, ұмытшақ болып алдым. Ұйқыңды қоя тұрып, мен үшін қобызыңмен бірдеме ойнап берсең қайтер еді, Луций?

Луций

Мырзамның тілегі – маған заң.

Брут

Балақаным, мазанды сенің алайың. Айтқанымды екі етпейтін балақан!

Луций

Міндетім сол емес пе?

Брут

Міндетің мен жүгіңді әліңнен асыруды тілемеймін. Жастық шақта ұйқы деген тәтті ғой.

Луций

Мен ұйықтап алдым, мырза.

Брут

Ұйықтап алсаң, тағы ұйықта. Ойнап бер де азырақ, тағы ұйықта. Егер аман қалар болсам, саған бәрін қайтарам.

Музыка мен өлең.

Қалғығаның дыбыс. Жендет ұйқы, сен емес пе қорғасын таяғыңмен түртіп қалып, музыканың әуенін кілт тоқтатты. Нәзік бала, бөлмейін сенің ұйқыңды, қобызың түсіп кетіп қолыңнан, сынып қалар, былай алып қояйын. Тыныш ұйықта, балақан. Қарайыншы, оқыған бет ауысып кеткен жоқ па екен. Ауыспапты, мінекей.

Цезарьдың бейнесі кіреді.

Мына шамның сықсиуын-ай. Әй, қайсысың барсың? Көзім бұлдырап кетті. Содан ба, алдымда әлдебір не елестеген сияқты. Жақындап келеді өзі... Сен кімсің, несің? Кімсің сен? Құдаймысың, әруақпысың, шайтанбысың? Қанды мұздатып, шашты тік тұрғызғандай сен кімсің? Айт жөніңді, кімсің сен?

Бейне

Мен сенің тағдырыңның құрдымымын, Брут.

Брут. Не іздеп келдің?

Бейне

Филиппының тұсында кездесеміз деп хабарлауға келдім.

Брут

Мен сені тағы көрем бе?

Бейне

Көресің, Филиппының тұсында.

Брут

Филиппының тұсында кездесуге дайынмын.

Бейне кетеді.

Есімді жаңа жинадым. Ол ғайып болып үлгерді. Тағдырымның құрдымы! Мен сенімен сөйлесіп-ақ көрер ем! Әй, Луций! Клавдий, Варрон! Оянындар! Клавдий!

Луций

Ішегін бабына келтіре алмай жатқаным.

Брут

Ойнап отырмын деп ойлағаны ғой.

Оян, Луций!

Луций. Ә, мырза?

Брут. Осыншама дауыстап, не түс көрдің?
Луций. Дауыстағанымды білгем жоқ.
Брут. Жоқ, дауыстадың. Не көріп дауыстадың?
Луций. Ештеме көргем жоқ, мырза.
Брут. Ұйықта, Луций. Оянсаңшы, Клавдий.

Варронға.

Сен де оян!

Варрон. Ә? Мырза?

Клавдий. Ә? Мырза?

Брут

Сендер ұйқыда жатып неге осыншама айқайладыңдар?

Варрон, Клавдий

Біз айқайладық па?

Брут. Ия, не көрдіңдер?

Варрон. Түк көргем жоқ.

Клавдий. Мен де түк көрмедім.

Брут

Тез Кассийге жетіндер. Әскерімен ертерек шықсын.

Біз оның соңынан ереміз деп айтты деңдер.

Варрон, Клавдий

Бұйрығыңызға құп, мырза!

Кетеді.

БЕСІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Филиппының тұсындағы жазық дала.

Октавий, Антоний, әскерлері кіреді.

Октавий

Үмітіміз ақталды біздің, Антоний. Сен ғой жау сонау тауда бекініп, бізге қарай төменге түспейді деп айтып ең. Айтқаның болмай шықты. Көрдің бе, әне, әскері жақындап келеді. Ойлары, сірә, бізден ерте қимылдап, Филиппының тұсында соққы беру.

Антоний

Мен оларды білемін. Мұнда неге асыққанын түсінем. Басқа барар жері болса, қуана-қуана таяр еді. Барар жер жоқ, сондықтан осылай бір жанын ала ұмтылу, қорыққаннан: «көр,

міне, қорықпаймын!» дегендей аласұрған түрі ғой. Бірақ, мұнысы жалған ғой.

Хабаршы кіреді.

Хабаршы

Қолбасшылар! Дайын, әзір болындар! Жау келеді қатар түзеп, желкілдетіп туларын. Біз де дереу қимылдасақ жөн болар.

Антоний

Октавий, сен әскерінді сол жақтағы жазықпен асықпай жүргізе бер.

Октавий

Жоқ, оңға барам, солға сен бар.

Антоний

Дәл осындай кезеңде қарсы сөйлеп не болды?

Октавий

Қарсы сөйлеп тұрғам жоқ, ырқым солай.

Әскердің қозғалысы. Барабан дабылы. Брут, Кассий және олардың әскері кіреді. Луцилий, Титиний, Мессала және басқалар да кіреді.

Брут

Осылай тұр. Сөйлеспек қой бізбенен.

Кассий

Токта, Титиний. Олай болса, сөйлеселік.

Октавий

Антоний, шабуылға шық деген белгі берсек қайтеді?

Антоний

Жоқ, тоқта, Цезарь. Онан да қарсы соққы берген жөн. Кете тұрайық. Олардың көсемдері сөйлемек.

Октавий

Қозғалмандар, бір белгі берілгенше.

Брут. Әуелі сөзден бастайық, ұрыс сонсоң болады.

Октавий. Біз сендердей сөзге әуес емес едік.

Брут

Жақсы сөз жаман соққыдан артық болар.

Антоний

Сен бір жаман соққыңды жақсы сөзбен бояғансың. Сен емес пе ең осы, Брут, қанжарыңды Цезарьдың жүрегіне тығып тұрып: «Жасасын Цезарь! Жаса, Цезарь!» - деп ұран салған?

Брут. Осыншама дауыстап, не түс көрдің?
Луций. Дауыстағанымды білгем жоқ.
Брут. Жок, дауыстадың. Не көріп дауыстадың?
Луций. Ештеме көргем жоқ, мырза.
Брут. Ұйықта, Луций. Оянсаңшы, Клавдий.

Варронга.

Сен де оян!

Варрон. Ә? Мырза?
Клавдий. Ә? Мырза?

Брут

Сендер ұйқыда жатып неге осыншама айқайладыңдар?

Варрон, Клавдий

Біз айқайладық па?

Брут. Ия, не көрдіңдер?

Варрон. Түк көргем жоқ.

Клавдий. Мен де түк көрмедім.

Брут

Тез Кассийге жетіңдер. Әскерімен ертерек шықсын.

Біз оның соңынан ереміз деп айтты дендер.

Варрон, Клавдий

Бұйрығыңызға құп, мырза!

Кетеді.

БЕСІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Филиппының тұсындағы жазық дала.

Октавий, Антоний, әскерлері кіреді.

Октавий

Үмітіміз ақталды біздің, Антоний. Сен ғой жау сонау тауда бекініп, бізге қарай төменге түспейді деп айтып ең. Айтқаның болмай шықты. Көрдің бе, өне, әскері жақындап келеді. Ойлары, сірә, бізден ерте қимылдап, Филиппының тұсында соққы беру.

Антоний

Мен оларды білемін. Мұнда неге асыққанын түсінем. Басқа барар жері болса, қуана-қуана таяр еді. Барар жер жоқ, сондықтан осылай бір жанын ала ұмтылу, қорыққаннан: «көр,

міне, қорықпаймын!» дегендей аласұрған түрі ғой. Бірақ, мұнысы жалған ғой.

Хабаршы кіреді.

Хабаршы

Қолбасшылар! Дайын, әзір болындар! Жау келеді қатар түзеп, желкілдетіп туларын. Біз де дереу қимылдасақ жөн болар.

Антоний

Октавий, сен әскерінді сол жақтағы жазықпен асықпай жүргізе бер.

Октавий

Жоқ, оңға барам, солға сен бар.

Антоний

Дәл осындай кезеңде қарсы сөйлеп не болды?

Октавий

Қарсы сөйлеп тұрғам жоқ, ырқым солай.

Әскердің қозғалысы. Барабан дабылы. Брут, Кассий және олардың әскері кіреді. Луцилий, Титиний, Мессала және басқалар да кіреді.

Брут

Осылай тұр. Сөйлеспек қой бізбенен.

Кассий

Тоқта, Титиний. Олай болса, сөйлеселік.

Октавий

Антоний, шабуылға шық деген белгі берсек қайтеді?

Антоний

Жоқ, тоқта, Цезарь. Онан да қарсы соққы берген жөн. Кете тұрайық, Олардың көсемдері сөйлемек.

Октавий

Қозғалмандар, бір белгі берілгенше.

Брут. Әуелі сөзден бастайық, ұрыс сонсоң болады.

Октавий. Біз сендердей сөзге әуес емес едік.

Брут

Жақсы сөз жаман соққыдан артық болар.

Антоний

Сен бір жаман соққыңды жақсы сөзбен бояғансың. Сен емес пе ең осы, Брут, қанжарыңды Цезарьдың жүрегіне тығып тұрып: «Жасасын Цезарь! Жаса, Цезарь!» - деп ұран салған?

Кассий

Соғыстағы ерлігінді көргеміз жоқ, Антоний. Сөзін, бірақ, Гибланың араларын сыпыра тонап, балын ұрлап алғаныңды білемін.

Антоний

Балын ұрласам да, шағатын түмсығын ұрламаппын.

Брут

Балын да, түмсығын да, тіпті дауысын да ұрлапсың. Аралардың ызыңын ұрлап алып, Антоний, сол араша бізді ұрламақшы боп ызыңдайсың.

Антоний

Сондадағы, Цезарьдың денесіне сұққанда, қанжарлары қақтығысқан сендердей жендет емеспін. Маймылша маймандап, иттей күйрықтарын бұлғап, Цезарьдың сендер құлы болып қой аяғын жаладыңдар. Мына Каска жаман төбет сияқты сырттан келіп, мойынына Цезарьдың қадады кеп қанжарын. Жарамсақтар!

Кассий

Жарамсақтар! Уа, Брут, ырза бол өзіңе. Сен Кассийді тындасаң, мына ку улы тілін бізге сұғып тұрмас еді осында.

Октавий

Іске кірісейік. Сөзбен алысқан терін ағызса, қолмен алысқан қанын ағызады. Қараңдар! Жауға қарсы қанжарымды шығардым. Бұл қанжар енді Цезарьдың отыз үш сан жарасы өз күнын қайтармай тұрып, енді немесе тағы бір Цезарь сол жаудың қанды қолынан қаза таппай тұрып, қынабына қайтадан түсе қоймас.

Брут

Цезарь, егер қатерлі жауды жанына ертіп келмесең, жау деп бүгін тұрғаныңның қолынан қаза таппайсың.

Октавий

Бруттың қанды қанжары үшін туғаным жоқ шығар деп үміттенем.

Брут

Уа, албырт жас, асыл ата баласы өлімге ондай жолықса, артығын іздеу керек пе?

Кассий

Төбелесқор сотқар бала мен құмарпаз, жын, сайқы-мазақ ішкіштің ондай ізгі өлімге қайдан жетсін қолдары.

Антоний

Кассий әлі сол бойы!

Октавий

Кетейін онда, Антоний. Жендеттер! Сендерге айтар серт мынау: Бата алсаңдар, далада бүгін күтеміз. Батылдарын жетпесе, жеткен күні келіңдер.

Октавий, Антоний әскерімен кетеді.

Кассий

Үре түс, жел! Соқ, толқын! Жүзі, кеме!

Сұрапыл мұндай дауылда қайда тоқтар екенсің!

Брут. Луцилий, бір-екі сөзге.

Луцилий

Ілгері шығып.

Не айтасыз, қолбасшы?

Брут пен Луцилий шеткерірек сөйлеседі.

Кассий. Мессала!

Мессала (Ілгері шығып). Қандай маған бұйрық бар?

Кассий

Мессала, бүгін менің туған күнім. Осы бүгінгі күні Кассий туған. Қолыңды бер және де Помпей сияқты алдымыздағы шайқасқа барлық ырық-еркімді жұмсамақ екеніме куә бол. Эпикуршіл екенімді сен білетін едін.

Бірақ, кәзіргі пікірімді өзгертіп, балгерлік түспал белгіге сенетін болдым. Сардтан бері шыққан бетте біздің әскер туына екі сұңқар тұғырына түскендей келіп қонды. Солдаттардың қолынан жем алып, Филиппыға жеткенше қалмай келді. Бүгінгі таңда жоқ бопты. Ал олардың орнына қарға-құзғын ұшып жүр. Біз бір жемтік болмақтай, жұтынады қарқылдап. Құжынап, қаптап ұшқанда, қараңғы боп кетеді де, әскеріміз жанын жастық еткендей түршігеді.

Мессала. Мұндай ойға берілме.

Кассий

Беріліп түгел тұрғам жоқ. Қандай қатер болса да қарсы төтеп беруге бел байладым бекініп!

Брут. Солай де, Луцилий.

Кассий

Ардагер Брут, құдайлар бізді жақсылыққа бастауда. Қартайғанша тілегім – бейбітшілік, достықта болғайық та! Бірақ, адам ісінде ауыспалы жайлар көп. Сондықтан, біз жақсысынан қашпасақ, жаманына сондай-ақ дайын болсақ абзал. Егер біз бұл шайқаста жеңбей шықсақ, осы кәзір бас қосып тұруымыз ақырғы рет болмақ қой. Сәтсіздікке ұшырасақ, не істемексің, Брут сен?

Брут

Фэлсафалық пікірлерім бойынша Катонды мен өзіңе-өзің қол салдың деп жазғырған ем. Неге екенін білмеймін, әйтеуір мен өзін-өзі өлтіру болашақтан қорқудан, ездіктен деп түсінем. Барынша шыдамыммен қаруланып, жаратушы күштердің тағдырға біздің арнаған шешімдерін күтуге дайынмын мен.

Кассий

Сонымен сен, шайқаста осы жеңілсек, көшесімен Римнің, жаудың болып тұтқыны көнесің ғой өтуге?

Брут

Жоқ, Кассий, ол болмайды. Сен – Римнің ұлысың. Ойлаушы болма, бір де бір адам Брутты осы кісендеп апарар деп Римге. Асқақ рух көнбейді ондай сұмдыққа. Бірақ енді бүгінгі күн марттың ида күнінде бастағанды аяқтайды. Білмеймін, алдымызда не күтіп тұр, сондықтан, мәңгілікке қоштасайық.

Қош бол, Кассий, мәңгілікке тұңғыық қош бол, Кассий!

Кездессек, жайдары жылы шыраймен кездесерміз.

Кездеспесек, айрылыстық де шын адал мейіріммен.

Кассий

Қош бол, Брут, мәңгілікке, қайтпасақ, қош бол, Брут!

Кездессек, жайдары жылы шыраймен кездесерміз.

Кездеспесек, айрылыстық де шын адал мейіріммен.

Брут

Ал, баста. Уа, шіркін, біліп тұрсақ бүгінгі шайқас аяғы не боларын! Әйтеуір осы шыққан күн орнына барып батады. Не болғанын сонда барып білерміз. Ал, алға!

Кемеді.

Екінші көрініс
Шайқас алаңы. Шабуыл белгісі.
Брут пен Мессала кіреді.

Брут

Мессала, атыңа қон, қамшыла. Легион қолдарға бұйрығымды тез жеткіз.

Шабуылға шақырған қатты дабыл.

Бірден шабуыл жасаңдар. Жау қолының Октавий жақ қанаты сөгіле бастағанын байқап тұрмын. Кенет соққы берілсе, берекесі қалмайды. Мессала, шап! Төбесінен жай түсіріп, жоғарыдан ұрсын кеп.

Екеуі де кетеді.

Үшінші көрініс
Шайқас даласының екінші жағы.
Кассий мен Титиний кіреді.

Кассий

Титиний, көр: Жаны тәтті азғындар қашып жатыр! Өзіміздің адамдарға мен, сірә, жау боп тұрмын. Мына бір ту көтерген ынжық неме қаша жөнелгенде, туын жұлып алып, өзін жарып тастадым.

Титиний

Кассий-ау! Бұйрығын Брут беріп қойды ертерек. Октавийді ол жеңген еді, бірақ тағы әскері елді тонай жөнеліп, Антоний бізді айнала орап алды.

Пиндар кіреді.

Пиндар

Мырза, тез жөнел, тезірек жөнел! Марк Антоний лагерінді басып алды. Ержүрек Кассий, құтылып кет тезірек!

Кассий

Біз тұрған төбе олардан алыс. Титиний, қарашы, біздің лагерь жаңа бір жалын атқан жерде ме еді?

Титиний.

Ия, сол жерде.

Кассий

Титиний, маған деген сыйың, ілтифатың үшін атыма менің мін-дағы, ана бір шоғыр жау ма, біздің әскер ме, тез біліп қайт.

Титиний. Лезде-ақ жетіп қайтамын.

Кетеді.

Пиндар, сен мына қияға жоғары шық. Шайқас жайын мұқият карап, айтып тұр. Алыстағыны менің көзім көрмейді.

Пиндар қияға шығады.

Бүгінгі күні туған екем, бүгінгі күні кетемін. Бастаған жерде өмірді, аяқтау да абзал. Тіршіліктің шенбері қайтып келді басталған нүктесіне. Не көріп тұрсың?

Пиндар (Жоғарыдан). Уа, мырза!

Кассий. Не хабар бар?

Пиндар

Титинийді қамап алды жан-жақтан. Айнала шауып, қалар емес сонынан. Шауып келед. Аналар жетіп алды. Титиний! Аттарынан түсті. Ол да түсті. Тұтқынға алды.

Дауыстар. Қуанғаннан шуылдап жатыр.

Кассий

Жарайды, жетті! Қарамай-ақ қой. Ең бір жақсы досымды көзімше жау алған болса, ынжық, қорқақ болдым!

Пиндар төмен түседі.

Жақын кел маған. Парфяндармен соғысқанда қолыма сен түскен ең. Жаныңды аман сақтап қалғаным сен сонда не десең де бұлжытпай орындаймын деген соң. Енді сен жақын кел де, сол антыңды орында. Өз бойына ерік берем. Сонан соң, Цезарьды жарып құлатқан мына қанды қанжармен менідағы құртып сал. Қарсыласпа. Ұста мықтап сабынан. Мен көзімді жапқан соң, сұқ жүрекке аямай.

Пиндар қанжар сұғып өлтіреді.

Цезарь, алдың кегінді, өзінді жарған сол қанжар жарды, міне, мені де.

Пиндар

Азат болдым, еріктімін. Уа, Кассий, бірақ та соның бәріне мен осындай қымбат жолмен жетпек пе ем? Пиндар енді бұл жерден римдіктер естіместей, білместей зытар, кетер алысқа.

Кетеді. Титиний мен Мессала кіреді.

Мессала

Ұтылмадық, Титиний. Кассийді Антонийдің қолдары жеңгені үшін ержүрек Брут әскері Октавийді күйретті.

Титиний

Кассий мұны естісе көтеріліп қалады.

Мессала

Қай жерде қалдырып ең?

Титиний

Осы төбе үстінде қайғырып қалып еді. Жанында құлы Пиндар бар-ды.

Мессала

Мына жатқан сол емес пе?

Титиний

Жатуының ыңғайы – тірі емес қой! Уа, құдайлар!

Мессала: Өзі ме?

Титиний

Жоқ, өзі емес, денесі, Мессала. Кассий енді жоқ. Күннің көзі ымырт алды қанталап түскен ұяға, сен сияқты Кассий де өз қанына боялып барып сөніпті. Римнің күні сөніпті! Күн таусылып, түн туыпты. Күнгірт құрдым төніпті, ерліктің осы біткен жері. Сәтті істің хабарын әкелер деп маған сенбеген.

Мессала

Істің сәтті болуына сенбеген ол. Уа, қате, қайғы менен қасіреттің бел баласы, неге жоқты бар етіп, адастырып, алдайсың сен адамды? Жатырда тез пайда боп, өссең-дағы, қиын туып, өз анадан өлтіретін әдетің бар. Бір қуаныш әкеліп көрген жоқсың адамға.

Титиний

Әй, Пиндар! Қайдасың? Пиндар, дыбыс бер!

Мессала

Ізде оны, Титиний. Ержүрек Брутқа мына ауыр хабарды жеткізейін, амал жоқ. Болат семсер, найзаның улы ұшы бұл хабардан жеңіл тиер құлағына Бруттың.

Титиний

Тез жет оған, Мессала. Мен Пиндарды іздей тұрайын.

Мессала кетеді.

Қас батыр Кассий, мені не үшін жұмсадың? Достарды мен таппап па едім? Олар ғой жеңістің жібек алқасын мойныма саған тапсыр деп ілді. Қуаныш, жеңіс ұранын естімеп пе ең? Фәни дүние, бәрін сен керісінше түсініпсің, жобасы. Сол алқаны ал, мына Брут саған апар деп тапсырған-ды, орындаймын бұйрығын оның бұлжытпай.

Кел, Брут, Кассий Кайге алқа қалай жарасқанын көр, Брут. Римнің шын ұлының бас міндеті ендігі мынау болар: Кассий Кайдың қанжарын тауып ал да, мына жүрекке аямай сүк шіркінді.

Өзін-өзі өлтіреді.

Шайқас дабылы. Мессаламен бірге Брут, жас Катон, Стратон, Луцилий және басқалары кіреді.

Брут

Мессала, көне, қай жерде жатыр денесі?

Мессала

Ана жерде, жанында аза тұтқан Титиний.

Брут

Титиний ғой шалқасынан сұлаған.

Катон

Бұ да тірі емес.

Брут

Уа, Юлий Цезарь! Сенің әлің жетіп жатыр әлі де! Әруағың қолдағы біздің қаруды өзімізге қарсы жұмсатып, қыдырып жүр бізді аңдып маңайда.

Алыстан шайқас дабылы естіледі.

Катон

Уа, ержүрек Титиний! Қараңдаршы, Кай Кассийді алқамен әшекейлеп өліпті.

Брут

Римнің тап осындай екі баласы қайта келмес дүниеге! Кешір мені, Римнің ақырғы ұлы! Римде енді ешқашан сендей ұл тумайды. Достарым, көзімнен көзір аққан жас аз бұл үшін. Уақыт тар, Кассий, жылдарлық уақыт емес. Фазос аралына денесін жеткізіндер. Бұл арада Кассийдің денесін қабірлеудің жөні жоқ. Бәрімізді босаңсытып жіберер. Луцилий, кеттік. Катон, сен де жүр. Лабеон, Флавий, әскер бастап шығындар,

далаға бірден барайық. Сағат үш. Күн батқанша соққыласып көрейік, сынға салып бақытты.

Бәрі кетеді.

Төртінші көрініс

Даланың басқа шеті. Соғыс дабылы.

Екі әскердің солдаттары сайысқан бойында кіреді.

Соңынан Брут, жас Катон, Луцилий және басқалар кіреді.

Брут. Азаматтар, алға! Қайсар қайрат қайтпасын!

Катон

Арамызда азғын жоқ! Әй, кім соңымнан ереді? Ен далада өзім атымды жария ғып айтайын: Әкем менің Марк Катон, баласымын Катонның! Тиранға жау, Отанға дос ұлымын мен елімнің! Марк Катонның баласы мен болам, кәне, алға!

Брут

Мен – Брутпын. Марк Брутпын. Кіммін, мені таныңдар! Өз елімнің досы Брут! Таныңдар Брутты!

Сайыса кетеді. Жас Катон сайыста құлайды.

Өлтір Брутты, даңқты адам баласын.

Бірінші солдат. Жок, өлтірмейміз. Ол тым текті тұтқын!

Екінші солдат. Антонийге айтыңдар, қолға түсті Брут деп.

Бірінші солдат. Кәзір айтам. Өзі де келе жатыр.

Антоний кіреді.

Мырза, Брутты ұстадық, ұстадық біз Брутты.

Антоний. Кәне, қайда?

Луцилий

Мұнда жоқ ол, Антоний. Ол қолына түспейді. Ержүрек Брутты ешқашан ешбір жау тірідей ала алмайтынына ант берем! Құдайлар оның қорғаны! Тірі болсын, өлі болсын, бірақ Брут қайыспаған күйінен бір аумады.

Антоний

Брут емес, достарым, алғандарың бірақ та, Мұның да құны аз емес, сыйлап ұстандар! Шіркін, мұндай адамдар қас болудың орнына дос болса ғой. Біліңдер, Брут өлі ме, тірі ме екен? Бәрін бізге, Октавийдің қосына хабарлаңдар.

Кетеді.

Бесінші көрініс
*Даланың басқа шеті. Брут, Дарданий,
Клит, Стратон, Волумний кіреді.*

Брут. Сиреп қалған достарым дем алайық!

Клит

Статилий от-жалын көтерген еді, мырза. Бірақ қайтып келмеді. Қолға түсті ме, қанжарға килікті ме?

Брут

Клит, отыр. Қанжарға киліксе, біз де сондай қанжар ұшында тұрмыз ғой. Тыңдашы, Клит (*Сыбырлайды*).

Клит. Жоқ, мырза! Ешқашан оған көнбеймін.

Брут. Үндеме.

Клит. Мен онан да өзімді-өзім жарамын.

Брут. Дарданий, тыңдашы.

Құлағына сыбырлайды.

Дарданий. Мен бе солай істейтін?

Клит. Дарданий!

Дарданий. Уа, Клит!

Клит. Саған Брут не масқара сөз айтты?

Дарданий. «Өлтір», - деді. Өзі, көрші, бір тұңғыық ойда отыр.

Клит

Бруттың бойын аза қасірет билеп тұр.

Көздерінің өзінен ішіндегі кайғысы құйылып тұр.

Брут. Мейірімді Волумний, тек бір-ақ сөз...

Волумний. Не айтпақ едің?

Брут

Айтайын деп ұмсынғаным, Волумний, мынау еді: Цезарьдың елес бейнесі түн ішінде екі рет келді маған. Бірінші рет Сардт тұсында, екінші рет кеше түнде Филиппы даласында. Менің сағатым тақалды, білемін мен.

Волумний. Жоқ, Брут!

Брут

Волумний, мен қателесіп тұрғам жоқ. Жер үстінде болып жатқан жағдайды көріп тұрсын: жау қамалап, қамбаға түсіргелі тұр.

Шайқас дабылы естіледі.

Сол қамбаға жау итеріп түсіргенді күткенше, өзіміз-ақ секіріп түспейміз бе? Мейірімді Волумний, есінде ме, екеуіміз бірге оқып ек мектепте. Сол ескіден келе жатқан достық үшін, Волумний, ұста мына қанжарды, мен ұшына құлайын.

Волумний. Мұндай көмек дос көмегі емес, Брут.

Тағы шайқас дабылы.

Клит. Жөнел, мырза. Мұнда тұрып болмайды!

Брут

Бәрің де қош болыңдар, сен де, сен де, Волумний! Стратон, сен қалғып кеттің, сен де қош бол! Азаматтар, мені сатқан бір де бір досым болған жоқ. Бұл Менің зор бақытым. Осы сәтсіз күн менің даңқымды жерге жаяды. Октавий мен Антоний қулығын асырса да, болашақ мені ғана мадақтар.

Қош болыңдар бәрің де! Бруттың өмірбаянын өз тіліммен аяқтап, тәмам еттім. Алдымда – түн. Ансағаным – тыныштық. Тыныштыққа еңбегім де тұрарлық.

Шайқас дабылы. Сахна сыртында:

«Қашыңдар, тайыңдар, жөнеліңдер» деген айқайлар

Клит. Тез жөнел, мырзам!

Брут. Кәзір! Сондарыңнан жөнелем.

Клит, Дарданий, Волумний кетеді.

Стратон, сен мырзамен қала тұр. Сен бір абзал, асыл арға ие болған адам ең. Бетінді әрі бұр-дағы қанжарды ұста, былай ұста, мен ұшына құлаймын. Стратон, ұстайсың ба?

Стратон. Қолынды бер. Қош бол, мырза, бақұл бол!

Брут

Қош бол, Стратон! Уа, Цезарь, сені өлтіріп, білмегем өкінерлік сезімді. Дәл сондай-ақ өкінбей өлтіремін өзімді.

Қанжарының ұшына құлап өледі. Шайқас дабылы. Шегініс.

Октавий, Антоний, Мессала, Луцилий және әскерлер кіреді.

Октавий. Мынау кім?

Мессала

Бруттың қызметшісі. Стратон, Брут қайда?

Стратон

Мессала, Брут сен құсап тұтқындыққа көнбейді. Сондықтан, оны жеңгендер өртеуіне болады. Брут тек өзінен өзі ғана

жеңілген жан. Оны өлтіріп, жеңдім деген даңққа ие болмас еш адам.

Луцилий

Тірідей тұтқын болмаған саған, Брут, мың алғыс! Луцилийдің айтқанын анықтадым.

Октавий

Брутқа қызмет еткендер, бәрің маған келіндер. Айтшы, менде қызметте болғың сенің келе ме?

Стратон

Ия, егер Мессала көнер болса қосылып.

Октавий. Мессала, көн.

Мессала. Брут қалай өлді, Стратон?

Стратон. Қанжарды маған ұстатып, құлады өзі ұшына.

Мессала

Октавий, Брутқа дүниеден ол өткенінше адал болған адамды өзіңе ал қызметке.

Антоний

Римнің көп ұлының ең асылы Брут та. Бруттан басқалары Цезарьды тек қызғаншақ, пасық пиғылға ергендіктен өлтірді. Тек Брутты адал ниет, көпшіліктің шынайы игілігі билеген-ді. Өз өмірін тамаша етіп өткізді, жаратылыс бағын аямаған Бруттан. Сондықтан да сол табиғат анамыз: «Адам еді Брут» деп айта алады мақтанып.

Октавий

Осы айтылған ерлігі үшін, салтанат пен молшылық тәртіппен біз оны қасиеттеп, құрметтеп, Жер-анаға берелік. Денесін оның қосыма менің қоялық. Сонан соң әскери басшыға деген арнаулы қошаметке бөлейік. Ал әскерлер демалсын! Қостарына тарасын. Сәтті күннің бөлісейік олжасын!

Кетеді.

Маркет

Buketov university

Қатысушылар:

Дункан – Шотландия королі.

Малькольм } - оның ұлдары.

Дональбайн }
Макбет – корольдің туысы. }

Банко } - Шотландия қолбасшылары.

Макдуф }
Ленокс }
Ментейс } - Шотланд облыстарының билеушілері.
Росс }
Ангус }
Кэтнес }

Флинс – Банконың ұлы.

Сивард – Нортумберленд графы, Англия қолбасы.

Жас Сивард – оның ұлы.

Сейтон – Макбеттің жаракшысы.

Макдуфтың жас баласы.

Ағылшын дәрігері.

Шотланд дәрігері.

Сержант.

Привратник.

Қария.

Леди Макбет.

Леди Макдуф.

Леди Макбеттің сарай әйелі.

Геката.

Үш мыстан.

Банконың рухы және басқа аруақтар.

Лордтар, әкімдер, офицерлер, солдаттар, жендеттер, малайлар мен жаушылар.

Оқиға Шотландия мен Англияда XI ғасырдың орта шенінде өтеді.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

*Құла түз. Күн күркіреп найзағай ойнайды.
Үш мыстан кіреді.*

Бірінші мыстан. Күн жауып, күркіреп көп, жарқылдаса,
үшеуміз кездесерміз жын қаласа.

Екінші мыстан. Қолбасшының мықтысы жеңген шақта...

Үшінші мыстан. Таң атқанша саудасы бітер ақ та.

Бірінші мыстан. Жиын қайда?

Екінші мыстан. Сол алаңда.

Үшінші мыстан. Макбетте келіп қалар сол бір алаңға.

Бірінші мыстан. Кеттім!.. Мияулап мысық тосып тұр!

Үшінші мыстан. Бақа да көлде бақылдап үнін оған қосып
тұр...

Бәрі бірге. Жаманы жақсы... Жақсысы жаман... Бәрі ғайып...
Сыпырғышқа мініндер... Ал ұшайық...

Ғайып болады.

Екінші көрініс

Форрестің маңындағы лагерь.

Сахна сыртында сарбаздардың айбынды майдан дабыры.

Дункан, Малькольм, Дональбайн, Ленокс қосшыларымен кіреді.

Оларға жараланған сержант кездеседі.

Дункан

Кім екен өзі, мына бір солдат жаралы?

Бүліншілік барысын білуге болар осыдан...

Малькольм

Бұл сол анадағы сержант қой...

Сол солдат болмаса, қолға түсер едім деп,

Айтып ем ғой... Есен бе, досым!

Кетерінде ұрыс жайы қалай еді, баянда,

Патша ағзам тындап тұр...

Сержант

Кім білсін қайсысы жеңерін...

Суда алысқан адамдай,

Біріне – бірі ұмтылған сайын
Жүзулері қиындаған сияқты...
Бүлікшінің бар жаман қасиетін
Өз бойында жинаған қаныпезер Макдональд
Ирландия найзагерін соңына ертіп
Батыс аралдарын ереуілге көтеріпті.
Әйтсе де тағдыр оған болыспапты.
Ержүрек Макбет, кайтпас-қайсар батыр ғой,
Қылышын қанға бояп, жол ашып,
Опасыздың дәл тұсына келді де,
Сұмырайға оқ шығындап жатсын ба,
Іліп қойды бір қазықтың басына.

Дункан

Қаны бір арысым, жіберсін бе, намысын!

Сержант

Жарық аспан, бірақта, кенеттен бір бұлттанса,
Толқынына теңіздің кеме кетіп жатпас па...
Сол сияқты сенгеніміз сиынып,
Өзімізді құртуға кіріскен-ді...
Шотландия королі, құлақ сал мына сөзіме.
Ирландықтың қарумен бетін қайтарып,
Зандылық жеңген сол бір мезетте,
Норвегия королі андып-ақ бізді тұр екен,
Тың қолымен бір бүйірден тап берді...

Дункан

Айтшы, сонда абыржып қалғаны ма
Банко мен Макбеттейін асыл ерлер?...

Сержант

Жоқ! Ақиық бүркіт торғайдан,
Азулы арыстан қояннан әсте қорқар ма?
Шынын айтсам ол екеуі соққыларын үдетіп,
Қос зеңбірек атқандай боп ұмтылды.
Жау қанына құмартты ма екеуі,
Шәйіт болып кетуге бел буды ма,
Біле алмадым... Жарам ашып,
Бойымды меңдеп барады...

Дункан

Осы сөзін, осы жараң –
Ерлігіңнің белгісі
Дәрігерді жеткізіңдер тезірек...

Сержантты алып кетеді.

Келе жатқан кім?

Росс кіреді.

Милькольм. Құрметті росстық мырза ғой.

Ленокс

Жалт-жұлт етеді көздері. Жобасы бұл
Бір ерекше жаңалық әкеліп тұр.

Росс Біздің король жасасын!

Дункан. Ардақты таң, жол болсын?

Росс

Файфтан келдім, тақсыр мен.
Ол жерде Норвегия жалауы
Біздің қолға төккен еді ызғарын
Норвегия әскері сатқын кавдор танымен
Бірігіп ап, қанды айқасқа шықты кеп,
Бірақ, Беллоланың ғашығы Макбет батыр.
Оқ жетпес сауыт киіп ұмтылғанда,
Жаулардың бірде – бірі шыдамады.
Қысқасы, жеңді сіздің әскеріңіз.

Дункан. Солай болмақ сәтті іс!

Росс

Норвегтер енді татулық іздеуде,
Біз, бірақ король Свен айыпқа
Он мың алтын төлемей,
Өліктерді жерлеуге рұқсатты бермедік.

Дункан

Опасыздық көрсеткен кавдор танын
Ұзатпай жазалаймыз, алып жанын.
Сатқынның аты менен жерін бердік
Құттықта қуанышпен Макбет ерді.

Росс. Құп тақсыр!

Дункан. Опасызға қарғыс осы, Макбеттей асыл ерге алғыс осы!

Бәрі кетеді.

Үшінші көрініс

Дала. Алыстан күн күркіреді. Үш мыстан кіреді.

Бірінші мыстан. Қайда болдың, сіңілім–ау?

Екінші мыстан. Шошқаға оба жібердім.

Үшінші мыстан. Сен ше, бауырым?

Бірінші мыстан

Шкипердің қатынымен сөйлесіп ем ...

Етегі толы каштанды

Өзі ғана жеп отыр...

«Мен де жейін» - деп едім,

Сұмпайы неме: «Кет әрі,

Қу мыстан!», - деп баж ете түсті...

Байы оның «Жолбарыс» кемесінде

Алеппода жүзіп барады...

Құйрығы кемік тышқандай,

Шілтір түбін қайық қып,

Байын қуып жетпекпін...

Екінші мыстан. Шілтерге үрлеп берейін, жылдам жүзсін.

Бірінші мыстан. Алғыс айтам мен саған соның үшін.

Үшінші мыстан. Дәл соңынан мен-дағы желдетейін.

Бірінші мыстан

Кем түспей мен де желді үдетейін

Дауылдай қатты кетіп,

Жер-жерді қозғап өтіп,

Компастарын ағытып,

Билетпей бақсын бағытын.

Тоқсан тоғыз күн бойы

Мың бөлініп бір ойы,

Ұйқы-күлкі көре алмай,

Мұңсыз бір күн жүре алмай,

Әбден солып бітсін деп,

Ақырғы демін күтсін деп,

Теңізде сол жігітке

Жасамақпын іріткі.

Дауыл мен суға бірақ,

Бермеспін, тұрса сұрап.

Көрдiң бе қолымдағыны?

Екiншi мыстан. Кәне көрсетшi берi.

Бiрiншi мыстан

Теңiзшi ердiң саусағы... жаңа таптым...

Жағаға жақын суға түсiп қалыпты.

Сахна сыртында барабан дабылы естiледi.

Үшiншi мыстан

Барабанның дабылын естiдiң бе?

Макбеттiң өзi келедi ендi бiзге.

Үшеуi де

Қол ұстасып жөнелейiк,

Дөңгеленiп би билейiк.

Жер мен аспан көзден ғайып,

Болғанынша зымырайық.

Тоғыз рет айналып кеп,

Би шеңберiн тұйықтайық

Орта қарғысқа толсын!

Сөзiмiз бекем болсын!

Макбет пен Банко кiредi.

Макбет. Мұндай тамаша, мұндай қаһарлы күн көрмедiм.

Банко

Бұл жерде Форрес алыс па? Мыналар кiм?

Жалба-жұлба киiмi, байғұстар ғой шамасы!

Жер үстiндегi өзге жанға ұқсамайды түрлерi.

Кiмсiндер? Тiрi жансындар ма?

Тiлдерiң бар ма? Бар ғой сiрә,

Түсiнгендей саусақпен ымдайсындар.

Әйел заты боларсындар, сақалдарың бiрақ та,

Басқаға куә сияқты.

Макбет

Уай тiлдерiң болса айтындаршы, кiмсiндер?

Бiрiншi мыстан

Гламисс елi мырзасы Макбетке сәлем!

Екiншi мыстан

Кавдор елi мырзасы Макбетке сәлем!

Үшiншi мыстан

Болашақ патша ағзам Макбетке сәлем!

Банко

Шошындын мұның несіне! Бұлардың сөзі,
Құлаққа жағымды емес пе. Ал сендер,
Айтыңдаршы, шынайы жансыңдар ма?
Әлде бір ғайыптан келген елессіңдер ме?
Абыржытып Макбетті, сендер оған,
Бұрынғы атағына атақ қосып,
Патша тағын тағыда аян етіп тұрсыңдар.
Ал, маған дегенде тарылдыңдар неліктен?
Тек, бірақ, адамдардың тағдырын алдын ала
Көріп тұрған болсаңдар,
Сендерден жақсылық күтпейтін,
Қас болсаңдар, сескенуді білмеймін,
Мен сияқты кісіге де айтыңдар.

Бірінші мыстан. Уа, жаса!

Екінші мыстан. Уа, жаса!

Үшінші мыстан. Уа, жаса!

Бірінші мыстан

Макбеттен сен әрі кем, әрі артықсың.

Екінші мыстан

Бақытсыз болсаң да, сен одан бақыттысың.

Үшінші мыстан

Өзін король болмасаң да, атасысың корольдің.

Уа, жасаңдар, жасаңдар, Банко, Макбет!

Бірінші мыстан

Жасаңдар, Банко менен Макбеттейін асылдар!

Макбет

Бал ашсаңдар, бүкпендер, жасырмандар,

Әкем менің егер де өлген болса,

Әрине, гламиске мен иемін.

Бірақ кавдор мырзасы әлі тірі,

Сондықтан кавдор елі жеріне ие болып,

Шотландия тағына отырады деп өтірікті

айтпаңдар.

Кім айтты мұны сендерге, айдалада?

Беріндер көне жауабын!

Мыстандар ғайып болады.

Банко

Жер де су сиякты, бетіне көбік шығарып,
Із-түссіз таратып жіберетіні болады.

Макбет

Ауаға будай жайылып,
Із қалдырмай жоқ болды.
Бола тұрғаны дұрыс еді,
Сұрастырып алар едік.

Банко

Әлгілер алдымызда шын тұрды ма?
Әлде біз, меңдуана жедік пе?

Макбет. Сенің ұрпақтарың патша болатын болды ғой.

Банко. Сенің өзің патша болмақ емессің бе?

Макбет

Сондай-ақ кавдор елі иесі. Солай ғой?

Банко. Дәл солай. Уа, бұл кім?

Росс пен Ангус кіреді.

Росс

Макбет, сенің жеңгеніңе король сондай қуанды,
Таңертеңгі қайратыңа қайран қалып тұрғанда,
Кешке қарай норвегтермен айкасып,
Өлікке өлікті үйді деп естігенде,
Мақтауға сені сөз таба алмады.
Жасақты жаумен айкасқан жерден келген хабарлар
Бұршақтай жауып, әрбіреуі солардың,
Еліне деп жұмсаған сенің,
қайратыңды мадақтай түсті.

Ангус

Патшамыз әдейілеп сыйлық жібермесе де,
Саған деген алғысын айтып,
алдына келуінді өтінді.

Росс

Бірақ сені, болашақ бақытың үшін,
Кавдор таны деп атауға бұйрық береді.
Жаса. Макбет. Бұл атағыңды сен еңбегіңмен алдың.

Банко (*сыртқа*)

Япырмау! Жын шын айта ма?

Макбет

Кавдор елі мырзасы тірі ғой, бірақ,
Тірінің киімін киюімнің түсінбедім себебін.

Ангус

Бүгін-тірі, бірақ ауыр айыбы,
Демек, ертең өледі. Норвегтерге сыбайлас
Болды ма екен, бүлікке көмек берді ме,
Не қылса да, сатқанына өз елін айыпты ол.

Макбет (сыртқа)

Маған енді бағынбақ әрі гламисс,
әрі кавдор елдері.
Одан соң ғой тәж бен тақ!

Росс пен Ангусқа

Алғыс айтам сендерге.

сыртқа, Банкоға

Ал патшалардың атасы, ақталды ма үмітің?
Шыныменен сонда мен болғаным ба
кавдор елінің мырзасы?

Банко (Макбетке)

Бұған карағанда,
тақты да арман етуіңе болады.
Адамды бірақ, күртқысы келген әлбес.
Осындай бір елестің соңына ертіп, еліртіп,
Шырқай жөнep бергенде, шалып бірде құлатар.

Росс пен Ангусқа қарап

Уа, бері келіндер...

Әрірек кетеді.

Макбет (сыртқа).

Ұлы мақсатқа жол ашар
Екі шындық анықталды. Үміт артар шындықтар!

Росс пен Ангусқа

Рахмет, мырзалар!

сыртқа

Бағанағы ғайыпты болжауларды
Жақсылыққа баласам ба, жамандыққа баласам ба?
Жақсылық бар тегінде:
шындық боп шықты болжауы-

Кавдор елі мырзасымын енді мен. Бірақ осы
Жүрегім лоблып, шашым тік тұрып,
Бойымды үрей неге билейді?
Бұл өзі жамандықтың белгісі болмас па екен?
Босқа үрейленуден
Төніп тұрған қастықтан қорыққан артық.
Біреу өлмек деген ойдың өзінен денем мұздап,
Таппай тұрмын тірліктің бәтуасын.

Банко (*Росс пен Ангусқа*).

Көрдіндер ме кеткенін ойға шомып...

Макбет

Тағдыр маған тақ пен тәж бермек болса,
Өз басымды кірістірмей берсе екен.

Банко

Атақ пенен сыйлыққа дағды керек,
Жаңа киім кигендей үйрене алмай тұр ғой бұл.

Макбет (*сыртқа*)

Ай, болғаны болсын! Абыржымын құр бекер,
Неңдей жағдай болса да, күн соңынан өтер.

Банко. Ардақты, Макбет, біз тосып тұрмыз.

Макбет

Кешіріндер, мырзалар. Істелмеген істерді
Еске түсірген едім. Сендердің ілтипаттарыңды
Жүрегіме жазам да, күнде оқып жүремін.
Патша ағзамға баралық.

Сыртқа Банкоға

Манағы бір оқиғалар жөнінде
Ойланып көрші. Қол босаған кездерде
Сыр ақтарар сәт келер.

Банко (*Макбетке*)

Әрине!

Макбет (*Банкоға*)

Оған дейін тіліңді тіре тісіне!
Кеттік, достар!

Кетеді.

Төртінші көрініс
Форрес. Сарайдағы бөлме. Керней.
Малькольм, Дункан, Дональдбайн, Ленкос және
пәкерлер келеді.

Дункан

Құрттындар ма Кавдорды? Бұйрықты апарғандар келді ме?

Малькольм

Жоқ, тақсыр. Бірақ маған
Кавдордың өлімін көзбен көрген бір адам,
Ол байғұс тірліктегі бар айыбын мойнына ап,
Сізден кешірім тілеп өтті деді.
Өмірі күйкі болса да, Өлімі күйкі болмапты.
Тірлігінің бітер шағын білген соң,
Өмірімен ренжімей қоштасыпты.

Дункан

Адам шіркіннің жүзі қандай алдамшы! Сол Кавдорға
сенімім менің шексіз ед.

Макбет, Банко, Росс, Ангус кіреді.

Сүйікті туысым! Ерлігіңе құлдық, қайратыңа лайық
сыйлық жоқ. Бұған кінәлі өзің ғой, өкпелеме сондықтан.

Макбет

Тақсыр, сіздің тағыңызға адалмын,
Мәртебенізге де.
Осыдан артық сый маған керегі жоқ,
Билік айтып, іске жұмсау - патша ісі
Патшаның адал құлы бол,
Көппен бірге қосылып,
Намыс пен ілтипатқа лайықты
Қайрат көрсету біздің ісіміз.

Дункан

Құтты қонағым бол! Мен сені
Мадақтауды қоймаймын.
Аманбысың, Банко ер! Сен де бүгін
Ерлігіңе лайық қонағым боласың!
Кел бері, жүрегімнің тұсына ала құшайын!

Банко

Мен де Макбет сияқты алма ағашпын,
Жемісін өзіңізге дайындаған.

Дункан

Көз жасы сөйлетпей де жатыр,
Қуанғанда жылайтын әдет бар ғой.
Дос, меймандос, ұлдарым,
Сендерден маған жақын жоқ,
Сондықтан біліп қойындар:
Біздің үлкен баламыз Малькольм мырза,
Менен соң тақ иесі болғандықтан,
Комберленд принцы деп аталмақшы
Принцпен бірге басқадағы жұлдыздар
Жарқырасын сый-сипатқа бөленіп...
Ал, Макбет, біз енді сенің үйіңе
Қонақ болып, достықты бекітелік.

Макбет

Сізге арналмаған сағаттар
Демалыс емес, ауыр бейнет емес пе...
Бұл қуанышты жұбайыма тез жетіп,
Өз аузымнан естіртем.

Дункан. Уа, Кавдор елі мырзасы!

Макбет (*сыртқа*)

Комберлендтің принцы таққа отырмақ,
Мен өлмесем бұйырмас принцке тақ.
Жұлдыздар жан сырына үнілмендер,
Құмарлық онда жатыр мың ұрынар,
Көз жұмдым тосса-дағы қандай қатер,
Тайынатын мен емес нар тәуекел!
Кетеді.

Дункан

Уа, Банко, сөзің абзал. Макбет - менің мақтаным,
Макбет десем, қуаныш қонар бойыма.
Аттаналық соңынан. Ол өзі
Бізді сыйлап қарсы алмаққа,
Асықты ғой.

Бесінші көрініс

*Инверсен. Макбет сарайындағы бір бөлме.
Жүре оқыған хаты бар Леди Макбет кіреді.*

Леди Макбет. «Мен оларды сол бір қуанышты күні кездестірдім де, білмейтіні жоқ екенін аңғардым. Бәрінің егжей-тегжейін анықтап сұрап алайын деп тұрғанда, көзімнен ғайып болды. Көргеніме таңданып тұрғанымда, әлгі аян берген сиқыр әйелдердің айтқанын ақтағандай, корольдің адамдары келіп, мені кавдор елінің мырзасы деп атады ғой.

«Болашақ король, жасасын!» - деп айтуы келешекті болжағаны ғой. Менің асқақ табыстарымды бөліспеген үлесін бар, қымбаттым, саған алдында күткен қуаныштар оғаш болып көрінбесін деп, хабарлап жатқаным ғой.

Осыны жүрегіңе түй де, аман бол!». Иә, сен гламисс пен кавдор елдеріне ие болдың, батыл қимыл жасау үшін бірақ та, жүрегің сенің жұмсақтау.

Мансапқорсың бірақ мансапқа өзін кіріспей,
Күнәлі істі күнәсіз жасағың келеді.
Өзің алдап, өтірік айтып, қуланбай,
Біреу соны істесе, жемісіне оп-оңай,
Ие болудан қашпайсың.

Зұлымдыққа қарсы емессің-ау, бірақ сол
Зұлымдықты өз қолыңмен істегің келмей
Әуресің. Тезірек жет үйіңе, мен сені,
Сонымнан қалмай, жебелеп бір көрейін.
Сөйтіп, хақ тағала өзі ұсынған мансапқа
Жетудегі кедергіні киратамыз, бұйырса.

Малай кіреді.

Малай. Патша ағзам келеді осында.

Леди Макбет

Әй, не деп тұрсың!? Сенің мырзан
Бірге емес пе корольмен,
Олай болса, дайындал деп, хабар бермей ме?

Малай

Мырза қазір келеді. Шапқыншы
Жолда басып озыпты.

Алқынып жеткен шапқыншы
Осыны ғана айта алды.

Леди Макбет. Сыйла өзін, қуанышты жақсылық әкелді ғой.

Малай кетеді.

Дункан сорлының келгенін қара қарға
Бағананың басынан бағана айтқан.
Олай болса бойыма, зұлымдық пен қастықтың
Жын шайтаны, жиылындар тезірек!
Әйелге тән осалдықты аластайын денемнен!
Қайтпас безер жауыздық мені билесін!
Қорланып, қарайған қаным менің,
Аяныш пен тіршіліктің нәзік дыбыстарына
Жол беруші болмасын. Белді бекім берімдеп
Байлаған істен таймаймын.
Аққан қанға құмартатын аруақ,
Кеудеме сүт орнына өттің суын құйып бер,
Қара түн сен тозақтың түтініне оран да,
Қанды кездік кеңірдекті қиғанда,
Жасыра көр жиһаннан. "Тоқта!" - деген
Дауысты естіместей болайық.

Макбет кіреді.

Гламисс пен Кавдор елінің мырзасы.
Бұдан зор мансаптар алдында сені күтіп тұр!
Хатынды сенің алғалы, бар назарым,
Бар қиялым болашақты ойлауда.

Макбет

Сүйіктім, бүгін кешке таман
Дункан бізге келеді.

Леди Макбет. Қашан қайту ойында?

Макбет. Ертеңгісін ертемен.

Леди Макбет

«Ертеңгі» таң атпас сірә...
Досым сенің жүзінде
Ойындағы сұмдықтарың тұнып тұр.
Көлегейлеу шарт оларды.
Алдау үшін өзгені, өзің де өзгер
Айдахар жатса ішінде.

Сыртыңнан гүл болып көрінісін
Жүзіңнен тұрсын нұр тамып.
Иә, қонақ жайын ойлайық.
Ал енді түнгі істің барысын
Өз қолыма бересің.
Сеніп көр бүгінгі түн әйел затқа,
Сәті түссе мен жеткізем бар мұратқа.

Макбет. Кейін сөйлесерміз.

Леди Макбет

Сескенбе бірақ,
Қонақты қарсы ал жарқырап.
Өзгесін маған қоя бер.

Кетеді.

Алтыншы көрініс

*Сол жер. Макбет сарайының алды. Керней үйі, факел жарығы.
Дункан, Малькольм, Дональбайн, Банко, Ленокс, Макдуф, Росс,
Ангус және нөкерлер.*

Дункан

Сарайы жақсы жерде екен
Ауасы таза, жеңіл-ақ.

Банко

Айтқаныңызға мына торғайдың ұясы куә.
Жазда келіп кететін осы қонақ
Жайлы жерге тоқтайды. Бұл жерде
Осы торғай меншіктемеген бірде - бір
Бағана мен шатыр жоқ.
Бұлар ұялаған жердің ауасы
Шипалы болатынына бәс тігуге болады.

Дункан

Уа, ханымның өзі келді!
Бұл ілтипат тыныштық бермесе де.
Біз оған құштармыз ғой.
Бүгін біз мазасыздық әкелсек те,
Шын пейілмен бағалар түріңіз бар.

Леди Макбет

Тақсырым, Сізден жауған сыйлық пен
камқорлықты
Сізге қызмет етуде екі есе етіп, төрт есе етіп,
Дамылсыз талпынып бақсақта,
Қайтарып бере алмаспыз.
Құдайдан қайтсын деп қана тілейміз де.

Дункан

Кавдор елі иесі мырза қайда?
Біз, оған осы арада кездеспек боп,
Асығып-ақ көріп ек. Бірақ, салтқа берік ер,
Ертерек келіп қапты. Сонымен-
Сіздерге бүгін қонақпыз.

Леди Макбет

Үйіміз де сіздің меншігіңіз емеспіз бе?
Сондықтан мұнда сіз емес, біз қонақпыз.

Дункан

Ендеше біз сіздің құзырыңыздамыз.
Еріңізге барайық.
Ондай асыл адамды ардақтай түсу лайығы
Жүріңіз, леди.

Кетеді.

Жетінші көрініс

*Макбеттің сарайы. Керней мен факел. Кравчий кіріп,
сахнаны кесіп өтеді. Онан соң бірнеше малай тағамсалынған
табақтарды алып өтеді. Солардан кейін Макбет кіреді.*

Макбет

Бірден ұрып құлатып, бітіргенге не жетсін.
Бірде-бір минут күтпес едім, егер де.
Сәті түскен қастықтың ізін жоғалтып,
Құрту болса бар мақсат. Бұл үшін
Ол дүниеден келерді алар едім күтіп-ақ.
Тағдыр шіркін, бірақ та,
бұл дүниеден ұзатпай,
Өзіндікін өзіне қанды қанға боятып,

Қайтарып беріп жатпай ма
Ыдысына қасыңның у құйдым деп тұрғанда,
Әділеттік сол уды ішкізетін өзіңе
Бар емес пе әдеті.
Король күзеті екі есе.
Мен оның әрі туысы, әрі құлымын.
Олай болса, қастық істеу қиын-ақ.
Оның үстіне қонағым. Шынына келсе,
Мен осы қанды қанжарымды жалақтатпай.
Қонағымның тыныштығын сақтауым
Керек емес пе?!
Және-дағы бұл Дункан һәм парасатты,
һәм таза басшы ер ғой. Бар періште
Ертең-ақ кек ал деп дабыл соқпас па.
Ақша бұлттың ар жағынан нәрестедей күнәсіз,
Елес беріп, бүкіл әлем аяныш пен
Жалынып сарынынан күніреніп,
Көз жасына малынар.
Бекінерлік себеп таппай тұрмын-ау.
Мансапқа деген құлшыныс
Асау аттай аспанға шапшып алад та,
Сүлк құлап түседі.

Леди Макбет кіреді.

Ие, ие жай?

Леди Макбет

Ішіп болды тамағын.

Дастарханнан сен неге тұрып кеттің?

Макбет. Ол мені іздеді ме?

Леди Макбет. Әрине.

Макбет. Осымызды қояйық. Ол маған көп жақсылық істейді, әрі халық ардақтайды. Мен осындай сыйлы күйімде біраз өмір сүрейін.

Леди Макбет

Сонда сенің арманың,

Тұрғаннан кейін бір ұйықтап,

Райыңа қайтатын, лепірме мастық болды ғой?

Сөзге-батыр, іске-жалтақ.

Бүйтіп сүйгенің де құрысын!
Ұмтылсаң асқақ мансапқа,
Қорқақ болма жарқыным!
Ләззәты бар тәттінің қаттысынан сескенбе-
Деп мысық та айтыпты ғой бір кезде.

Макбет

Ендігісін айтпашы, өтінемін.
Осы қадам келердің бәрін-дағы істеймін.
Өз әлімнен асқанға амалым жоқ.

Леди Макбет

Осының бәрін бастауға
Қандай түлен түртіп ед?
Айтқаныңда бөріне әлің жетіп түр еді?
Қайда қашты сол қайратың, екпінің?
Тек ертерек қамданып, бұлтақтамай ұмтылсаң
Дегеніңе жетесің. Сол мансапқа жетуге
Талай айла таппақ боп, құлшынулы едің ғой?
Енді дағы айдап кеп, іске сәтті жағдайды
Туғызғанда, абдырап қалғаның не,
Бала туып, асырап көрдім ғой мен:
Жабысып ап кеудеңе ақ сүтінді сорғанда,
Бойың балқып, елжіреп, жаны-құтың қалмайды.
Бірақ та, сен сияқты алдыма мақсат қойсам:
Сол емшекті нәрестенің балбыраған аузынан,
Аналық мейірімді талақ етіп,
Суырып алар ем де, нәрестенің мандайын
Таспен жарып тастауға жеткізер ем әлімді!

Макбет. Қолым қате тисе ше?

Леди Макбет

Қателесер!
Батылырақ қимылда. Деген жерден шығамыз.
Күніменен жол жүріп, шаршаған Дункан
Жастыққа басы тисе-ақ
Ұйықтайды. Сонда екі күзетшінің
Аранына құям да, миына тұман қаптатам.
Екеуі екі жақта қорылдап, Ұйықтап жатқанда
Не істесек те бос болмай ма қолымыз?

Ертеніне, мас болып, құлап жатқан екеуі
Бәрінде де айыпты болуы оңай емес пе?

Макбет

Бала тусаң маған тек ұл туып бер.
Тек ер жігітке жан берер мінезің бар!
Солардың өз қастығы демек үшін,
Қанжарларын өлімге жұмсайық та,
Денелерін қанға бояп тастайық та.
Сенер ме екен?

Леди Макбет

Аза тұтып, қиналып, өкіріп жылай жөнелсек,
Сенбегенде қайтеді?

Макбет

Ендеше болсын болары
Онда енді баралық қонақ жаққа.
Арам ойды айламенен бүркейік.

Кетеді.

ЕКІНШІ АКТ **Бірінші көрініс**

*Инвернес. Макбеттің сарайындағы аула. Банко кіреді.
Алдында жарық ұстаған Флинс.*

Банко. Уақыт қанша?

Флинс. Ай батты, бірақ сағатымның ұрғанын ести алғам жоқ.

Банко. Ай түн ортасында бататын кез ғой.

Флинс. Түн ортасынан ауған да шығар.

Банко

Мына семсерімді ұста. Көкте
Бірде-бір шырақ жанбапты. Үнемдеп майын
Жатыр ма? Тас қараңғы.
Қорғасындай ауыр ұйқы аштырмайды көзімді.
Жатуға бірақ, сескенем. Уа, аруақ!
Құтқара көр ауыр ойдан,
Түнде келіп түршіктірер бойынды,

Макбет пен шам ұстаған күтуші кіреді.
Семсерді бер. Уай кімсің?

Макбет. Досыңмын.

Банко

Сен әлі ұйықтамап па едің?
Король жатар алдында көңілді болды.
Сенің күтушілеріне сыйлық беріп,
Мына бір асыл тасты Макбеттің
Дастарханы кең, ұқыпты жұбайына
Тапсыр,-деді. Тым-ақ ырза бәріне.

Макбет

Кенеттен келген қонаққа
Дайындық аз болды ғой.
Барымызбен базарлап жатырмыз да.

Банко

Бәрі де жақсы болды ғой. Менің есіме
Мыстандар түсті. Сен туралы солардың
Айтқанында шындық бар.

Макбет

Мен оларды ұмытып та кетіппін.
Бірақ, сәті келген жерде
Әңгімелеуден қашпаспын.

Банко

Қалауың білсін.

Макбет

Ақылымды тындасаң - күндердің күнінде
Жақсы атаққа жетесің.

Банко

Жақсы атаққа жақсы атымнан айрылмай
жетер болсам,
Ақылыңа құлдық.

Макбет

Қайырлы түн.

Банко. Өзіңе де сол тілек.

Банко мен Флинс кетеді.

Макбет

Ханымға айт, дайын болса сусыны
Маған қоңырау соқсын, өзің жат.
Күтуші кетеді.

Сен канжар, ауадан пайда болдың ба?
Ұстауыма ынғайлап, сабынды безеп тұрсың ба?
Ұстайым десем жоқ болдың. Босқа қармандым.
Көз алдымда тұрсаң да, ілікпейсің қолыма.
Ендеше сен, қағынған ойдан туған
Қаңғыған елес болдың.
Жоқ, қынабынан суырған қылыштан
Ешбір айырма жоқ сияқты.
Соныменен сен, менің барар жолымды,
Менің алар қаруымды кездетіп тұрғаның ғой.
Сонымен, мен, алдағыдан алданған пендемін бе?
Әлде алыстағыны көріп болжап тұрмын ба?
Сен енді алданыш емес, шын аян
Екенінді білгізбек маған болғандай
Боянып алыпсың қанға да.
Жобасы, осы түрінмен алдағы қанды жолымды
Нұсқап маған тұрсың ғой.
Шырт ұйқыда бұл дүние, ұйықтағандар
Алдамшы елестерге елтіп жатыр,
Баксы менен балгерлер дамыл таппай,
Түн сикыры құдайын мадақтауда.
Өзінен - өзі түршіккен қанды жендет,
Алыстан бері даусын естігендей,
Қуалап өзін-өзі итермелеп,
Жазықсыздың жанына төніп бармақ,
Пенденді осы көтерген топырағым,
Адым менен жүрісіме құлақ салма,
Тасынды тасырлатып ұстап бермей,
Сақтай тұр осы ауыр үнсіздікті.
Қой. Сол комак әлі күнге тірі жатыр.
Құр сөзбен жасып кеткен талай батыр.

Қоңырау дауысы.

Жөнелдім. Мына қоңырау белгі берді.
Дунканым, бөлме ұйқыңды, уайым жеме,
Көп ұзамай барасың о дүниеге.

Кетеді.

Екінші көрініс
Сол жерде. Леди Макбет кіреді.

Леди Макбет

Олардың қуанып құлағанын,
Бір ұрттап ем, қызып қалдым.
Көргенімде еліктей сұлағанын
Бойымды отты қайрат билеп кетті.
Бұл не? Үкінің даусы ма?
Үкінің даусы өлікке көрінуші еді.
Макбет іске кірісті. Есігі ашық.
Күзетшілер шырт ұйқыда. өздері
Өздерін әжуә еткендей қорылдап жатыр.
Ішкілікке ұйқыны күшейтетін дәрі де қосып жібердім.
Өлмесе де өлідей сұлаулары.

Макбет (Сахна сыртында)

Бұл кім? Кім бұл?

Леди Макбет

Япырмай! Оятып алды-ау кірерде.
Құрыдық-ау, сірә да. Қылыштарын олардың
Көрүі керек еді ғой, қынабынан суырып,
Жанына тастап кетпеп пе ем.
Дункан ұйықтап жатқанда менің марқұм әкеме
Аумай ұқсас болмаса, бұл істі
Өзім – ақ бітірер едім.

Макбет кіреді.

Макбет

Бітті. Болған іс болды.
Сен ештеңе естімедің бе?

Леди Макбет

Үкінің даусы мен тышқанның тысыры ғана.
Сенің сөйлескенің кім?

Макбет. Қашан?

Леди Макбет. Жаңа ғана.

Макбет. Төмен түсіп келе жатқанда ма?

Леди Макбет. Иә.

Макбет. Тсс... Мына бөлмеде ұйықтап жатқан кім?

Леди Макбет

Дональбайн.

Макбет (өзінің қолына қарап)

Түрімді кара менің.

Леди Макбет

Уайым түрде болса, оқасы жоқ.

Макбет

Ұйықтап жатқанның біреуі
Сылқылдап күлгенде, екіншісі
«Өлтірді»!, - деп дауыстады.
Сөйтіп екеуі де оянып кетті.
Мен жасырын тыңдадым. Шоқынып күбірлеп
Қайта кетті ұйқыға.

Леди Макбет

Мына қабырғаның ар жағында екі кісі жатыр.

Макбет

«Тәңірім өзіңе сиындым», - деді біреу.
Екіншісі қараңғыны қармаған
Жендеттің кездігінен қорғанғандай
«Әумин» - деді. Мен, әрине,
Оған қосылып «Әумин» -дей алмадым.

Леди Макбет

Осындай жоқтан өзгені несіне айтып тұрсың?

Макбет

Мен сонда неге «Әумин»деп айтпадым?
Тәңірге жалынғым кеп тұрса - дағы.
Кеңірдектен бірдеме тірегендей,
Айтатын «әуминім» тоқтап қалды.

Леди Макбет

Өткенді айта берсең
Есің ауысады.

Макбет

Біреу сонда дауыстап:
«Оянайық, тұрайық. Мына Макбет
Ұйқымызды жарып тастады», - деген сияқты
Естілді. Күнәсіз ұйқы сол ұйқы,
Қыбырлаған тіршіліктен айырып,

Шаршаған жанға дем беріп,
Жаны ауыр адамға,
Шипа болған ұйқы ғой.
Жаратылыс-ананың жер бетінде
Пендесі тойласын деп беретін,
Ләззәтті тағамы осы ұйқы емес пе...

Леди Макбет. Не деп тұрсын?

Макбет

Жан-жақтан сонда жетті айқай:
«Тоқтатыңдар ұйқыны. Гламистың мырзасы
Ұйықтамайды, Макбет енді ұйықтамайды!»

Леди Макбет

Уәй, кім айқайлаушы еді. Асыл мырзам,
Еңсенді көтер, су ал да.
Ана қолындағы қанды жу.
Мына қанжарларды неге алып келдің?
Өліктің жанында жататын заттар ғой.
Қайтадан апар-дағы, күзетшілер үстіне
Қан шашыратып, жағып қайт.

Макбет

Бара алмаймын. Осы істеген ісіме
Қарарға енді бетім жоқ.

Леди Макбет

Қандай жақсысың! Әкел өзім апарам,
Өлген менен ұйықтағаннан қорқатын мен емес.
Маған олар да бірдей, сурет те бірдей.
Суреттегі шайтаннан жас бала ғана қорқар болар.
Қаны өлі тоқталмаса,
Күзетшілеріне жағайын.
Солар десін өлтірген.

Кетеді. Сырттан тықыл естіледі.

Макбет

Кім? Тықылдатқан кімсің сен?
Не болдым? Әр сыбдырдан түршігіп!
Қолдарым! Қанды қолдарым.
Көзім шығар көргенде,
Дария суы тазарта алмас бұл қанды

Толқыны да теңіздің,
Қызарып кетер жуғанда.

Леди Макбет қайтып келеді.

Леди Макбет

Міне менің қолым да қан болды.
Мен осы қаннан емес.
Ақ жүректігімнен ұялар едім.
Сырттан тықыл естіледі.
Біреу түстік қақпаны ұрып тұр.
Бөлмемізге кетейік. Аздап қана,
Су керек, қанды жуып тастауға.
Соныменен бітер іс! Көңіл тынды.
Саған не болды? Бекінсенші!

Сырттан тарсыл естіледі.

Тағы да тарсылдатып тұр.
Киімінді ауыстыр, көрген кісі
Бізді әлі жатпаған деп ойламасын.
Жоқты ойлауды тоқтат.

Макбет

Қашан ұмыт болады бұл?
Ұмыт болса ғой.

Сырттан тарсыл естіледі.

Тарсылдат, тарсылдат! Дунканды
Мәңгі ұйқыдан оята алар ма екенсің?
Кетеді. Тарсыл тоқтамайды.

Үшінші көрініс

Сонда. Сахна сыртында тарсыл. Қақпашы кіреді.

Қақпашы. Тарсылдатуын-ай! Дозақтың қақпасында тұрсан
жағдайын осындай-ақ болар! Аш та жап!

Тарсылдатады.

Тарсылдат! Тарсылдат! Шайтан үшін айтшы, кімсің? Дәу де
болса егістен мол өнім күте-күте асылып өлген диканшы
боларсың! Келіңіз! Орамалыңыз жеткілікті ме? Дозақ іші ыстық-
ақ!

Тағы тарсылдатады.

Тарсылдат! Тарсылдат! Екінші сайтан үшін айтшы кімсің? Е, енді түсіндім! Сотта екі жаққа бірдей өтірік куәлік беріп, сол арқылы жұмаққа жетпекші сатқын куә екенсің ғой! Келіңіз сатқын куә!

Тыстан тарсыл естіледі.

Тарсылдат! Тарсылдат! Кімсің? Е... Түсіндік... Француз шалбарының есебінен мата ұрлаған ағылшын тігіншісі екенсің ғой. Кір тігіншім, дозақтың отына үтігінді қыздырарсың!

Тағы да тарсыл.

Тағыда біреу тарсылдатты. Бір мезет тыныштық болсайшы! Дозақ болу үшін бұл ара салқындау. Жетті, жетті! Дозақтың қақпасында тұрып, өмірін қиқу-даңғазамен өткізгендіктен дозақ отына тура жолдама алған адамдардың біразын жіберіп-ақ бақтым, енді жетер!

Тағы да тарсыл.

Қазір, қазір. Қақпашыға тәжім етпей, өтіп кетіп жүрмендер.

Қақпаны ашады. Макдуф пен Ленокс кіреді.

Макдуф. Кеш тұрғанына қарағанда кеш жатқаннан саусың ба жігітім?

Қақпашы. Өтірік айтпасам, тақсырым, әтеш екі шақырғанша ішіп едік. Бұл мастық деген қашан да үш нәрсеге жеткізеді ғой.

Макдуф. Қандай үш нәрсеге?

Қақпашы. Мұрыныңды қызартып, жұрт ұйықтап жатқанда, түнімен тысқа жүгіртеді. Сондай-ақ көрсеқызарлыққа салып, ұрғашының соңынан жүгіртеді. Күнәға жеткізіп, күнәдан тайдырады. Кейде күнәға батқың келіп тұрғанда, әлінің келмей қалатыны бар. Жезөкшелік жолында, арақтың алдамшылығы, қасастығы бар. Лепіртіп, бусандырып, құмарттырып барып, сүлк құлатып тастайды. Өзі нәпсіні қыздырады, өзі көзге түртеді.

Макдуф. Осы түнде, сенің өзің де арақтың жапасын шеккен түрің бар ғой.

Қақпашы. Болары болды, тақсырым, тек арақ мені жеңді ме, мен арақты жеңдім бе, әлі белгісіз. Дегенмен, сол итіңнің жауырынын жерге жабыстырған сияқтымын.

Макдуф. Мырзаң тұрды ма?

Макбет кіреді.

Біздің тырсылдан оянса керек.
Келе жатыр ғой.

Ленокс. Қайырлы таң, сэр.

Макбет. Сіздерге де сол тілек.

Макдуф. Король оянған болар?

Макбет. Жок.

Макдуф

Жарық түспестен оят деп еді.
Кешігіп қаппын.

Макбет

Жүріңіз, апарайын.

Макдуф

Бұл сізге ұнайтын іс. Мен білем.
Бірақ-тағы әуре болып қайтесіз.

Макбет

Сізбен жүру әуре ме, қуаныш қой.
Міне есігі.

Макдуф

Ұрықсатсыз кірейін,
Бұйрығы сол еді ғой.

Кетеді.

Ленокс. Король бүгін аттанбақ па?

Макбет. Ұйғарымы солай да.

Ленокс

Түн дауылды болды.
Біз жатқан үйдің тұрбасын құлатыпты.
Біреулер әлдекімнің жан тәсілімде өкіргенін,
Өрт пен бүлік болады деп түршіккен
Дауыстарын естіпті. Үкі айқайлап,
Жер қозғалды.

Макбет. Осы түн мазасыз-ақ болды.

Ленокс. Бұл өмірде мұндайды көрген емеспін.

Макдуф келеді.

Макдуф

Сұмдық! Сұмдық! Айтарға ауыз бармайды!

Макбет пен Ленкос

Не болды? Не болды?

Макдуф

Масқара! Зұлымдық! Зұлымдық!
Құдайдың өзі тандаған асылына
Суық қол қастық жасапты,
Тәнінен жанын жұлып әкетіпті.

Макбет

Не дедіңіз, жанын дедіңіз бе?

Ленокс

Патша ағзамның жанын дедіңіз бе?

Макдуф

Кіріңіз ана есіктен. Горгонаның
Істерін көзбен көріп,
Тілдеріңіз байланып шығарсыздар,

Макбет пен Ленокс кетеді.

Соғыңыздар дабылды! Сатылды! Тұрындар!
Банко, Дональбайн, Малькольм, қайдасындар?
Қанға батып жатырмыз! Өлсеңдер тұрындар,
Шын өлімнің сұмдық жүзін көріндер.
Малькольм, Банко, мұндайда өлімнің өзі де
Түршігіп атып тұрар... Қайдасындар, тұрындар!
Көріндер масқараны! Соғындар дабылды!
Қоңырау дабылы соғылады.

Леди Макбет кіреді.

Леди Макбет

Осынша дүрліктіріп бар жұртты,
Не боп қалды?

Макдуф

Ханым, сіздің нәзік құлағыңыз
Естімесін мұндайды. Шамадай жазым боларсыз.

Банко кіреді

Банко, Банко... тақсыр ағзам
Қолдан қаза тауыпты.

Леди Макбет. Сақта құдай! Біздің үйде!

Банко

Сіздің үйде қаза дейді!
Қате дөші сөзінді!

Макбет пен Ленокс кіреді.

Макбет

Қанмен қаперсіз, бір сағат бұрын осыдан,
Бақытты өмір сүрдім деп, неге өліп кетпедім.
Не жақсылық қалды енді бұл жалғанда!
Тіршіліктің бар қызық, бар бояуын,
Бәрін өзі әкетті. Тәттісін ішіп тауысып,
Түбінде тек уы мен зәрі қалды.

Малькольм мен Дональбайн келеді.

Дональбайн

Не болды?

Макбет

Тіршіліктің кілті сынды:
Қаныңыз, үрім-бұтағыңыз, бәрі суалды.

Макдуф

Әкеніз қастан қаза тауыпты.

Малькольм

Не дейсіндер? Кімнен? Қашан?

Ленокс

Күзеттегі екеудің ісі сияқты,
Екеуінің үсті-бастары, қанжарлары
Түгел қан. Алақтаған көздері де сенімсіз.
Бұларға патша өмірін тапсыру бекер болған.

Макбет

Сол сұмдарды өлтіріппін бекерге,
Бұл ісімді кешірмеспін өзіме.

Макдуф

Жын мен ақыл, мастық пенен естілік
Кімді билер бір сәтте! Ешкімді де билемес.
Патшам үшін жан аямас әдетпен
Жетіп барсам, аппақ асыл денесі қанға бөгіп,
Жатыр екен арысым, жанын алған жаралар
Үнірейіп тұр екен арысым, жанын алған жаралар
Үнірейіп тұр екен. Жанындағы жендеттер
Хан қанына боянып, қанарларда қан қатып.
Ұйқысын бұзбай сұлапты.
Бірден кимыл жасамай
Мұндайда шыдап кім тұрар?

Леди Макбет

Опырмай, сүйендерші!

Макдуф

Ханымды сүйендер!

Малкольм (*сыртқа Дональбайнға*)

Шын азалы біз емес пе?

Неге үндемей тұрамыз?

Дональбайн

Не демексің, жан-жақтан жан алуға,

Дайын тұрған араның ұясындай?

Кезек келмей тұрғанда тез қашайық

Жылайтын кез әлі алда.

Малкольм (*Дональбайнға сыртқа*)

Ойдағыны бұл жерде дауыстап айтып болмайды.

Банко. Ханымға көмек етіңіздер. Киінейік.

Леди Макбетті алып кетеді.

Мына суық дірілдетіп барады.

Содан соң, жиналып ап, бұл сұмдықтың

Тамырын іздестіріп көрейік.

Жаратқан өзі жар болсын. Ашынғаннан

Ашық шықтым, мінеки, зұлымдықтың

Сырын ашып, кек алуға жауыздан.

Макдуф. Мен де.

Бәрі. Біз де.

Макбет

Қарулы күйімізде жиналайық

Үлкен залға, ақылдасайық...

Бәрі. Солай болсын.

Малькольм мен Дональбайннан басқасы кетеді.

Малькольм

Не істейміз? Бұлармен бір бола алмаспыз.

Ар жағы қара немелердің бер жағы ғана

жылтырайды.

Мен Англияға кетемін.

Дональбайн

Мен Ирландияға жүремін,

Бөлек кетсем қауіпсіздеу болар.

Бұл жерде әрбір жылы шырайдың ар жағында,
Қанды көздік. Туыстығы неғұрлым
Жақын болса, жақынымның қанына
Құмартып тұр соғұрлым.

Малькольм

Жендеттің бізді көздеп атқан оғы
Жетпес бұрын, тасалана тұрған жөн.
Сондықтан, амандасам, қоштасам деп,
Уақытты кетірмей, дереу аттандық.
Ұрланып ұрған қорқау жаудан алысқа
Қашудың ешбір нұқсаны жоқ намысқа.

Кетеді.

Төртінші көрініс

*Сол жерде. Макбет сарайының қорғанының сырты.
Росс пен шал кіреді.*

Шал

Жетпістемін. Осы жаста біразды көрдім,
Талай қызықтар да, қорқыныштар да болды.
Бірақ, бүгінгі түндегідейді көрмедім.

Росс

Уа, ата, жобасы, өкпелеттік жаратқанды..
Сағатқа қарасаң, күндізгі кезді санап тұр,
Күннің көзі әлі жоқ. Не түн жеңіп,
Немесе күннің өзі сұрқия адамдарға
Бетін көрсетуге бата алмай тұрғаны.

Шал

Шынында да, табиғатқа тән емес,
Түннің уақиғасы да сорақы.
Өткен сенбі күні сұңқарды үкі
Шоқып өлтіргенін мына көзіммен көрдім.

Росс

Дунканның мінген аттары,
Сыпыра бір саңлақ тұлпар еді ғой.
Жынданғандай бәрі де,
атқорасын бұзып-жарып,

жолдағыны қиратып,
шапқылап кетіп қалыпты.

Шал
Бірін-бірі шайнапты деп естіп ем.

Росс
Сөйтіпті, ата. Өзім көрдім.
Макдуф те келді мінеки.
Макдуф келеді.
Бұл дүниеде
Не боп жатыр, сэр?

Макдуф
Көріп тұрған жоқсын ба?

Росс
Кім өлтіргені анықталып па?

Макдуф
Сонау, Макбет бауыздап тастаған немелер.

Росс
Сұмдық-ай! Оларға не жетпейті?

Макдуф
Дунканның балалары Малькольм мен Дональбайн
Жұмсаған көрінеді. Өздері қашып кетіпті.
Кінәсіз болса қаша ма ?

Росс
Бұл да табиғатқа қайшы іс.
Мансапқорлық не істетпейді!
Өз түбіріне өздері балта шабуын!
Енді Макбетті такка отырғызатын болар ?

Макдуф
Солай. Ол Сконға төж киюге жүріп те кетіпті.

Росс
Сүйегі қайда Дунканның ?

Макдуф
Колмескиль аралына апарып,
Корольдердің қасына қойылыпты.

Росс. Сконға барасың ба?

Макдуф. Жок, досым, Файфқа жүремін.

Росс. Мен Сконға барамын.

Макдуф

Жортқанда жолын болсын, бірақ
Жаңа киім дененді қысып жүрмесін,
Бұрынғысы артық еді, амал нешік, бергесін.

Росс. Сау бол, шалым.

Шал

Сіздерді құдай қолдасын,
Зұлымдық пен қастықты ақтық жеңсін!
Ақтықты жақтаушыға қыдыр ерсін!

Кетеді.

ҮШІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

Форрес. Сарайдағы бөлме. Банко кіреді.

Банко

Мыстандар айтқанның бәріне жеттің сен.
Гламис пен Кавдор мырзасы, Шотландия королі
Ептеген қулығың болды ма деп те сескенем,
Бірақ сол қыздардың өзі айтып еді,
Сен отырған тақ ұрпағына аумас деп.
Болашақ корольдер менен басталмақ.
Олардың айтқанының бәрі келсе,
Мен неге үмітсіз болмақпын?
Маған айтқаны да іске асуға тиісті,
Жарайды онда, Әліптің артын бағайық.

Керней... Король киімінде Макбет пен Леди Макбет, Ленокс,

Росс, лордтар, ледилер, жасауылдар кіреді.

Макбет. Міне қонақтың үлкені келді.

Леди Макбет. Бұл кісісіз тойдың сәні болмас еді.

Макбет. Бүгін кешке арнайы келіңіз.

Банко

Сіз айтқаныңыз маған заң.
Алдымызда, тақсырым, құлдық ету
Өмірлік менің міндетім.

Макбет

Қазір жүрмексіз бе?

Банко

Иә, түске дейін.

Макбет

Өтінемін. Бүгінгі бас қосуда
Сіздің де болуыңыз жөн еді.
Қалдырыңыз амал жоқ
Мәжілісті ертеңге.
Жеріңіз барар алыс па?

Банко

Кешкілік асқа дейін қайтып келемін,
Атым болдырса, түнделетіп жетермін.

Макбет. Кешікпеуді қамдаңыз.

Банко. Уақытында келемін.

Макбет

Ағайынды қанішердің біреуі
Ирландияда, екіншісі Англияда жүр дейді.
Әкесін өлтіргенін мойнына алмай,
Қылмысты бүркеп, жоқты айтып жүр деседі.
Ертеңгі мәжілісте бұл жөнінде ойлармыз.
Жолыңыз болсын. Кездеселік есен боп.
Қосшыңыз Флинс болмақ па?

Банко

Иә, тақсыр, енді біз кідірмелік.

Макбет

Аттарыңның болдырмауын тілеймін.
Тез барып, тез қайтыңдар.

Банко кетеді.

Жетіге дейін бәріңізге рұқсат
Сіздермен бүгін қызу мәжіліс құрмақ үшін
Кешке дейін оңашарақ болайық,
Құдай бұйырса, кездескенше!
Макбет пен бір қызметшіден басқалары кетеді.
Әй! Ана кісілер осында ма?

Қызметші

Осында, тақсыр, қамал сыртында.

Макбет. Осында жеткіз.

Қызметші кетеді.

Астында тағын берік болмаса
Патша болып қажеті де жоқ екен.
Банко алдында сескенуім заңды да,
Ақылы да, ерлігі де Банконың жетіп жатыр,
Шошындырмай қояр емес адамды.
Цезарьдің алдындағы Марк Антоний сияқты,
Банконы көрсем, берекем кете бастайды.
Сен енді патша ағзам боласың деп,
Мыстандар маған айтқанда,
«Маған-дағы бал аш», - деп бұл өтінген,
Патшалардың атасы боласың деп айтқанын естігенмін.
Сонда менің ұрпағым
Тақтан мақұрым қалмақшы,
Менің мөрім тұл қалмақ!
Ұрпақтарын Банконың осы таққа
Отырғызбақ үшін де,
Парасатты Дунканды,
Адалдық пен арымды
Адамзаттың қас жауы
Ыбылысқа сатып,
Өзіме-өзім ит етіндей жексұрын көріндім бе?
Жоқ, тағдырым, тапқанымды біреуге
Шыбын жаннан кешкенше,
Бере алмасын күреспей. Кімсің?

Қызметші екі жендетті ертіп келеді.

Шыға тұр, керек болсаң шақырам.

Қызметші кетеді.

Кеше менің сөйлескенім сендер ме?

Бірінші жендет. Ия, тақсыр!

Макбет

Айтқаным бойладыңдар ма?
Көрген қиянаттарыңда менің кінәм жоқ екенін
Білдіңдер ғой. Сендерді алдап,
Қорлап, жығып, бастарынды көтертпей,
Үміттеріңді жоққа шығарып жүрген
Сол екенін енді ұғынған боларсыңдар.
Осының бәрін кеше сондай анықтап,

Дәлелдеп айтып берген ем,
Қас жауларын Банко екенін
Мисыздың өзі түсінер.

Бірінші жендет

Сіз солай деп ұғындырғандай едіңіз.

Макбет

Ол әңгіме тек бастама ғана еді,
Бүгін істің арғы сырын айтпақпын.
Осыған енді қанша шыдамақсындар?
Әлде сендер өздеріңді қуғындап,
Үй-іштеріңді қайыршы еткен адамға
Бәрін кешіріп табына беруді
Мақсат етіп пе едіңдер?

Бірінші жендет

Не істейік, тақсыр, біз –дағы
Басы жұмыр пендеміз.

Макбет

Әрине, пендесіндер. Тазы да,
Құмай да, қасқыр алатын төбет те,
Бәрі де ит есебінде болмай ма?
Сонда да, бұлар өзінің
Шамасы келген ісіне қарай бөлінер.
Адам баласы да сол сияқты
Сендердің де, мысалы, көп адамның ішінде
Өздеріне тиісті орындарың болмақ қой
Егер сендер қорқақ, қор болмасаңдар,
Жаһаннамға жіберіп, біздің ілтипатымызға
Ие болу әдісін сендерге мен айтайын.
Ол тірі тұрғанда, сендерге де, маған да,
Тыныш күн жоқ. Тек қана оның өлімі
Әкеледі тірлікке кеңшілікті.

Екінші жендет

Менің, тақсыр дүниеге өкпем көп
Көресіні көріп келем тағдырдан.
Сол үшін де, осы жүргеннің бәрінен
Кек алуға дайынмын.

Бірінші жендет

Мен де солай, тақсыр. Бақытсыздық қуалап,
Соңымнан бір қалмады
Енді мен не тіршілік итті жөндеуім,
Не мүлдем қоштасуым керек.

Макбет

Сонымен, қас жауларың Банко екенін
Білдіңдер ғой?

Екеуі де. Білдік, тақсыр.

Макбет

Жігерімді құм еткен,
Ішкенімді у еткен,
Менің де ол қас жауым.
Билігіммен құртар ем,
Бірақ та, бірге жүрген –достарды
Өкпелетіп алам ба деп сескенем.
Басқалардың қолынан өлген жауға
Жалған өкініш айтасың да қоясын.
Сондықтан ғой, осы істің
Көптен таса болғанын тілегенім.

Екінші жендет

Тақсыр, біз тапсырғаныңызды орындаймыз.

Бірінші жендет. Шыбын жанды берсек те.

Макбет

Үлкен іске бел байлаған ерсіндер,
Байқап тұрмын. Бір сағаттың ішінде
Қай жерде тұрып, қай тұстан
Қимыл жасау мезетін көрсетеді бір адам.
Сарайдан алысырақ жерде құртындар,
Не болса да маған ертең өсегі жоламасын.
Кейінгі пәледен аман болмаққа
Кепіл болады. Баласы Флинсті де
Бірге құрта салыңдар. Оның ажалын
Әкесінен кем тілемейін.
Ақылдасып көріңдер де, тезірек
Жауабын маған беріңдер.

Жендеттердің екеуі де. Біз айтқанымыздан қайтпаймыз.

Макбет

Мен өзім шақырамын. Кідіріңдер сәл ғана,
Осы есіктің сыртында.

Жендеттер кетеді.

Ал, Банко, жол түсті саған жұмаққа,
Оң етелік жолыңды, жібермей онша ұзаққа.

Кетеді.

Екінші көрініс

Сондағы басқа бөлме.

Леди Макбет пен қызметші кіреді.

Леди Макбет. Банко аттанып кетті ме?

Қызметші

Әрине, ханым, кешке дейін
Қайтып келмекші болып аттанды.

Леди Макбет

Патша ағзамға, маған келіп кетсін деп,
Айтшы барып.

Қызметші. Қазір, ханым.

Кетеді.

Леди Макбет

Қан төктік, болғандайын қанға жерік,
Төккен сайын бойда жоқ сенім берік.
Бұл мансаптың қанды қара жолынан
Өлген артық қастың қанды қолынан.

Макбет кіреді.

О не, досым, өзің мен өзің,
Қасіретті ойдан шыға алмай,
Жүрсің ғой, сірә. Сол ойдан
Өлгендермен бірге өліп жатпас па?
Қайтып келмес өткенді ойлағанда
Не түспек? Болары болды ғой.

Макбет

У жыланды тек қана жаралаппын,
Ол әлі тірі, бізге деген уы дайын
Бірақ та, ішкен ас бойға батпай,

Қайдағы бір елестен қорқып өмір сүргенше,
О дүние, бұ дүние екеуі де бірден құлап,
Күйреп талқан болмас па!?
Сондықтан ой азабына қиналып,
Мазасыз тіршілік етуден гөрі
Қолымыздан тірі тыныштыққа мәңгілік
Жөнелткен жандарға қосылғанның өзі артық.
Дункан әне, жатыр тыныш табытта.
Өмір деген әуре-сарсаң кезеңінен өтті ол,
Опасыздық өткелінен өтті ол,
Қанды кездік, ұлы ас,
Ішкі талас, сыртқы жау,
Бәрі-дағы мазасын оның алмайды.

Леди Макбет

Қой мұнынды. Жүзінді жылыт,
Жарайды бол мейлінше.

Макбет

Мен жайдары болайын. Сен де солай
Бол-дағы, көңіліңді Банкоға
Аударып отыр. Өзімізге өзіміз
Әбден сеніп болғанша, амал нешік,
Алдап-арбап бағамыз да бұларды...

Леди Макбет

Сен осы мазасыз ойды қойсайшы...

Макбет

Қоя алмаймын, жұбайым!
Қара құрттай жабысып, қанымызды сорып
Жатқандай, Банко менен Флинстің
Алдымда тірі жүргені.

Леди Макбет

Міне, үміт осында. Мықтан енді:
Мәңгі жүрмес олар да.

Макбет

Міне, үміт осында. Мықтан енді:
Түн кара жамылтқысын ірге түріп,
Аша берген кездерде тамам болып,
Жұрттың бәрін үркітер бір үлкен іс.

Леди Макбет

Не істемексің?

Макбет

Әзір айтпаймын.

Білмей-сезбей аз уақыт тұра тұрсаң,
Кейін өзің, сүйіктім, сүйсінерсің ісіме.

Ал, түнім, аяныш, қамқорлыққа

Толы күннің көзін байлап таста да,

Ана қанды қолыңмен сенімсіздік ойлардың

Жырт бетімнен шілтерін. Ымырт түсті,

Қара қарға ұшып кетті өзінің орманына.

Жақсылық көзін жұмып, зұлымдыққа жол берді,

Немене таңдандың? Нені айт дейсің?

Зұлымдықпен бастаған адам көмекке

Зұлымдықты шақырмай тұра алатын

Көрінбейді. Кетейік, сүйіктім.

Кетеді.

Үшінші көрініс

Сарай алдындағы парк. Үш жендет кіреді.

Бірінші жендет. Сені кім жіберді мұнда?

Үшінші жендет. Макбет.

Екінші жендет

Бұған сенуге болады. Не істеп,

Не қоярымызды түсіндірген осы.

Бірінші жендет

Онда осы арадан күт. Батқан күннің

Нұры сөніп болыпты. Жолаушылар

Тынығатын жеріне асығулы,

Біздің де күткеніміз жақын болар.

Үшінші жендет

Тыңдаңдар! Ат дүбірі емес пе?

Банко (сахна сыртынан)

Уай, шам әкеліндер!

Екінші жендет.

Дәл өзі ғой. Өзгелері бәрі сарайда.

Бірінші жендет.

Аттарының басын бұрды.

Үшінші жендет

Аттарынан түсіп жатыр.

Атпен жүрсе, айналма, бір шақырым,

Парктен төте өтіп, жаяу бармақ болған ғой.

Банко мен Флинс шам ұстап кіреді.

Екінші жендет

От әкел.

Үшінші жендет

Міне тұр!

Бірінші жендет

Қимылдандар! Қапы қалмандар!

Банко

Түнде жанбыр жауатын түрі бар ғой.

Бірінші жендет

Келе жатыр!

Үшеуі Банкоға жармаса түседі.

Банко

Алдандық! Жаным Флинс, құтыл, қаш!

Тірі қалсаң, кегінді ал! Оңбаған құл!

Өледі. Флинс құтылып кетеді.

Үшінші жендет

Шамды кім сөндірді?

Бірінші жендет

Шам неменеге керек?

Үшінші жендет

Әкесі жанымен қоштасты. Баласы кетіп қалды.

Екінші жендет

Істің жарымын бітірмедім десейші.

Бірінші жендет

Өзіне барайық. Қолдан келгені осы дейміз де.

Кетеді

Төртінші көрініс

Сарайдағы қабылдау залы. Жаюлы дастархан.

Макбет, Леди Макбет, Росс, Ленокс, лордтар, қосшылар кіреді.

Макбет

Әркім өз орнына отырсын.
Үлкенге де, жасқа да ілтипатымыз бір.

Лордтар

Әбден ризамыз.

Макбет

Бәріне бірдей көңіл бөлмек үшін,
Мен дәл ортаға отырайын.
Дастарқанның төрін той иесі ханымға берелік,
Той бастарды ханым өзі айтады.

Леди Макбет

Мен үшін сіз өзіңіз сөз айтыңыз,
Қош келіп, қуанышты бөліскен қонақтарға

Макбет

Қонақтар саған риза. Көрмеймісің көзінен
Бәрі де отырыпты. Мен мында отырайын.

Бірінші жеңдет есіктен көрінеді.

Ал енді, қамын қойып тірліктің,
Қызыққа бас бұрайық.

Есікке барады.

Бетің қан ғой.

Жендет

Әрине. Банконың қаны.

Макбет

Оның қаны өз бойында болғаннан
Сенің бетінде болғаны маған ұнап тұр,
Бітті ме?

Жендет

Бітті ғой. Бауыздап жібердім.
Өз қолыммен.

Макбет

Бас қыркуға әбден машық екенсің!
Бірақ ана Флинсті құртқанның да кемдігі жоқ

Егер ол да сенің қолыңнан жығылса,
Саған теңдес табылмас.

Жендет

Флинс құтылып кетті.

Мақбет (сыртқа)

Қитықтан онда айырмаған болдың ғой,
Мен енді тастай берік, жардай биік,
Алдымдағысын дауылдай үркіткен
Мықтының мықтысы болдым десем,
Өз ойынан өзі үрейленіп жығылып,
Кібіртіктеген пенделіктен аса алмағаным ғой.
Сонымен Банко өлі ме?

Жендет

Өлді, мейірбан тақсыр!
Басы мен денесінде
Жиырма жара. Жардан құлап,
Жаһаннамға жол тартты.

Мақбет

Рақмет (сыртқа).
Жыланның басы кесілгенмен,
Атуға уын дайындап
Жыланнан туған жыланшық аман тұрғанда,
Маза болмас. Бар ендеше.
Тағыда сөйлесуге уақыт болар.

Жендет кетеді.

Леди Мақбет

Достым, қонақтарды ұмытып кеттіңіз-ау,
Ақшаға тамақ үйінде де таппай ма?
Қонақтықтың қызығының өзі де.
Үй иесінің қонақжайлығында жатпай ма.

Мақбет

Кешір, жаным. Қайдағы еске түсіп
Жатқан ғой. Кешіріңіз, қонақтар,
Ішіңіздер, жеңіздер достық асым.

Ленокс. Отырмайсыз ба, тақсыр?

*Банконың аруағы келіп,
Мақбетке арналған орынға отырады.*

Макбет

Жақсы-жайсаң түгел дер ем
Осында егер, Банко болса.
Оның мұнда келмеуін, жолд
Өзінің уәде де тұрмауында

Росс

Уәдені бұзуы жақсы емес,
Өзіңіз, тақсыр, отырыңыз.

Макбет

Орын қалмапты ғой.

Ленокс

Бір орын бар.

Макбет

Кәне?

Ленокс

Мінеки. Сізге, тақсыр, не бо

Макбет

Мынаны жасаған кім?

Лордтар. Нені, тақсыр?!

Макбет

Өлгеннің айыбын маған таң
Қанды басынды неге изейсің

Росс

Ұлы мәртебелі патша ағзам
Науқастанған сияқты. Тұры

Леди Макбет

Жоқ, бірде-бір мырзаларың
Жасынан осындайы бар. Қо
Сауығады қазір-ақ. Тек бұға
Көңіл бөлмесеңіздер болған
Отырыңыздар, ішіңіздер, же

Макбет

Сен – еркексің бе?

Макбет

Еркек болғанда қандай, егер
Жын қорқатыннан қорықпа

Леди Макбет

Тағы да сол, Дунканның бөлмесінен
Көрген қанжарың сияқты бірдеңе,
Қорыққанға қос көрініп тұрған шығар?
Қысты күні, от басында ертегінің шатпағынан
Қорыққан әйелдер құсап, дірілдеп, бозарып,
Суық терге шомылып тұрсың ғой? Қандай ұят!
Бетінде қан жоқ. Сен осы тұрған орындықтан
Қорыққаннан аманбысың?

Макбет

Қарасайшы! Көрдің бе? Не дейсің?
Әй, аруақ, басыңды бекер иземей, айтарыңды
Тура неге айтпайсың? Егер де өлген адам
Осылай қайтып келе берсе,
Біздің табыт құзғынның қарны болсын да.
Одан да құзғын шоқып бізді неге құртпайды?

Аруақ гайып болады.

Леди Макбет. Сен шынымен – ақ ауысқан екенсің!

Макбет. Дәл осында отырғанына ант етем.

Леди Макбет. Ұялсаңшы!

Макбет

Адам қаны, тіршілігін кісінің
Қорғау үшін шығарған заңдар жоғында,
Көп төгіліпті. Жан түршігер өлімдер
Заң билеген заманда да аз емес.
Бірақ, басы жарылып, жанымен қоштасса,
Іс сонымен бітетін. Енді міне,
Бойында жиырма жарасы бар өлік
Тұрып келіп, дастарқанның басынан
Орныңды тартып алады. Кім шыдамақ осыған,
Шыбын жаны түршікпей?

Леди Макбет. Сізге қарап, қонақтар отыр көңілсіз.

Макбет

Сәл ойланып кетіппін. Достарым, сіздер,
Бұған ешбір абыржып, саспаңыздар.
Менің мұндай әдетіме жақындарым үйренген.
Құй маған. Толтыра құй,

Отырып, сіздердің саулықтарыңызға көтерем.
Осы отырған қонақтардың бәрінің саулығы үшін!
Келмей қалған мырзамыз Банко үшін!
Қандай үлкен өкініш арамызда жоқтығы!

Лордтар

Сіздің саулығыңыз үшін!

Аруақ келеді.

Макбет

Кет әрі, жоғал көзімнен!
Қаның кеуіп, сүйегіңнің майы кетіп,
Көзің ойылған неме,
Топырақ жапсын бетінді.

Леди Макбет

Таңырқап қайтесіндер, қонақтарым,
Тақсырдың ұстамасы қайталап қалды.
Көңілді тойды науқасы бұзып – ақ тұр,
Амал нешік.

Макбет

Әй, аруақ, орыстың қара аюы бол,
Әйтпесе, мүйіз тұмсық бол, жолбарысша ырылдап кел
Немесе. Болмаса, тіріл-дағы,
"Қатын!" - деп мені мұқатып, жекпе-жекке
Шық. Бәріне дәтім шыдайды.
Қозғалмаймын орнымнан.
Бірақ мына түріңмен
Келме маған! Кет әрі! Елес, ғайып бол!

Аруақ ғайып болады.

Сыртқа кетті әйтеуір. Адам болдым қайтадан.
Мырзалар, (*бәріне*) тұрдыңыздар неліктен?
Отырыңыздар!

Леди Макбет

Сіз қызу әңгімені бөлдіңіз.
Осыңыздан бәрі сескенді.

Макбет

Көргенде таңырқамастай бұның өзі
Жазғы аспанды айналған бұлт емес қой!
Осыны көріп отырып, бірде-бірің сескенбей,

Беттерің бозармай отырсындар.
Мен осыған таңданам.
Менің жүзім шыдар емес, қан қашпай.

Росс. Нені көріп отырмыз, тақсыр?

Леди Макбет
Сөйлеспеніз. Науқасы күшейіп тұр.
Сұрасаң ызасы келеді.
Тойды онда үзейік. Қайырлы кеш, мырзалар!
Ақырын ғана тарайық.

Ленокс
Ұлы мәртебелі тақсырға
Тез сауығуды тілейік.

Леди Макбет
Рақмет. Қош болыңыздар, мырзалар!
Леди Макбет пен Макбеттен басқалары кетеді.

Макбет
Ол қанға құмартуда. Қанды қанмен жумақ.
Тығылып жатқан жендетті
Бір бақсы бал ашып іздегенде,
Тас қозғалып, ағаш сөйлепті,
Ақыры қарға мен сауысканның дауысынан
Біліп тауышты деген бір аңыз бар еді
Уақыт қанша?

Леди Макбет. Таң білініп келеді.

Макбет
Сен не ойлайсың? Макдуф келген жоқ.
Ол несіне сеніп келмей қалды?!

Леди Макбет. Сен шақырып па ең оны?

Макбет
Шақырғам жоқ, сонда да бізге оның
Іші салқын екенін білемін. Әрбір
Үйде қызметшіден қойған тыңшым бар.
Танертең ағайынды үш әйелге барамын.
Келешекке тереңірек бір қарап алу керек.
Олар маған не айтса да, мақсатымнан
Қайтпаймын. Белшеден қанға батқанға бәрібір бас.
Алдымнан не шықса да, ол тайынбас,

Кейін қайтып келе алмас қанға жүзген
Алдағы соқпақ артық, арттағы ізден
Аз емес көп ұзатпай істер ісім.
Сол іске арналады қайрат- күшім.

Леди Макбет

Сенің ұйқың аз, ал ұйқы тіршіліктің тұтқасы,

Макбет

Ендеше ұйықтайық. Өрнеден тайқаксуым осы менің
Ісі емес пе мұндайды көрмегеннің.

Екіталайда батыл қимылдауға бойда әдет жоқ қой.

Кетеді.

Бесінші көрініс

Дала. Күн күркіреді. Үш мыстан кіреді.

Оларға қарсы Геката кіреді.

Бірінші мыстан

Геката, амансың ба?

Саған бірдеме ұнамады ма?

Геката

Өкпелімін бәріңе,
Ақылдаспай көріңе,
Макбетке үш сұрқия
Бал аштындар оңаша құпия.
Сырттан қарап көлденең,
Тұрмақпын ба сонда мен!
Сендерді балгер еткен,
Аналарың, билерің
Мен. Сендердің Макбеттердің
Тумысынан бері
Сендермен әлдеқашан бұрын
Әрі сұм, әрі зұлым,
Іші арамдыққа толған
Қанішер, қаныпезер болған,
Енді осы кінәні
Ақтау үшін, мынаны
Істеу болар жөн.

Макбет бүгін ертемен
Бал ашқызып сендерге
Білмекке жайын келгенде,
Тентіремей, кідірмей
Жиналындар үнгірге.
Қазанды отқа асындар,
Сүркия бал ашындар.
Бүгінгі түн Макбетке сын,
Көреді ол көресінін.
Туған айдан у тамып
Тұрады ғой. Сол уды алып
Қайта жолын білемін.
Тез барып алып келемін.
Сол уды ішсе Макбеттің,
Бойынан ұят-ар кетіп,
Сенер мүлде өлмесіне.
Құртайын десе пендесіне.
Мардамсу мен мақтау пайда болар.
Менмендікке байғұстың іші толар.
Сахна сыртында музыка мен ән.
Тезірек кетейін мен онда зытып,
Аспанда жындарым түр мені күтіп.
Ғайып болады.

Бірінші мыстан

Болыңдар, Ол қазір-ақ қайтады.

Алтыншы көрініс

Форрес. Сарайдағы бөлме. Ленокс пен бір лорд кіреді.

Ленокс

Менің осы тұспалым-сіздің ойға
Жауап қой. Салыстырып көрейік:
Дунканды Макбет қандай аза тұтты!
Сондай кісі өлгенде жыламауға бола ма?
Батыр Банко ымырттанып, асығып келе жатып,
Қаза тапты. Флинс қашып кетіпті.
Әкесін өлтірмесе, қаша ма ол?

Олай болса, қажет пе екен кеш жүру.
Дональбайн мен Малькольмнің зұлымдығы
Кімнің бойын түршіктірмей тұра алар?
Пәктігі сондай әкеге тек зұлымдардың зұлымы
Қастық жасар! Қандай сұмдық масқара!
Бұған Макбет күйінбей тұра ала ма?
Әрине, қолдарын қанға малып ұйықтап жатқан
Сонау екі жендетті бірден өзі бауыздамай
Тынсын ба? Бұл ерлік ақылдылық!
Әйтпесе, олар танар еді ісінен.
Макбеттің егер қолына
Малькольм менен Дональбайн, әйтпесе Флинс
Түсіп қалса, әкелерін өлтірген зұлымдардың
Басын қырқып, берер ед бірден жазасын!
Ақырын, бірақ, кеше ғана,
Шақырғанға келмеді деп Макдуфқа
Қаһарын төкті деседі. Қайда екен сол Макдуф?

Лорд

Зұлымдық жеңіп, тағынан айырылса да,
Дунканның үлкен баласы ағылшын патшасына
Құтты қонақ көрінеді. Эдуард патша тағдырдың
Қаталдығын жұмсартуға ілтипат білдіріпті.
Енді сол мейірімді, ізгі патшадан
Бізге Нортумберленд пен Сивардты
Әскерімен жібер деп, көмек сұрап
Макдуф сонда барыпты. Елімізге
Дастарқаны жайылып, асы болмайтын,
Түні болса, ұйқысы болмайтын,
Той жиналса, ұрыссыз өтпейтін
Күн туды десе керек.
Тақты сүйген халқымызға
Тыныштық әперуге қолыңды жалға
Деп өтініпті. Макбет мұны естіпті.
Ызаланып, қол жинап жатыр дейді.

Ленокс. Макбет өзі Макдуфты шақырып па?

Лорд. Өзі шақырыпты. Бірақ та, Макдуф мырза
«Бармаймын» деп кесіп-кесіп айтыпты. Шапқыншы:

«Осың үшін сазайыңды тартарсың!» - деп,
Айбат шегіп қайтыпты

Ленокс

Әрине, бұдан кейін жамандықты алыстан
Күтейін деп, кетіп қалғаны дұрыс-ақ,
Ағылшынның еліне барар жолда
Макдуф ердің жолдасы қыдыр болсын.
Тағына зұлым қонған елімізге
Жаратушының шарапатын тілейік,

Лорд. Әумин!

Кетеді.

ТӨРТІНШІ АКТ

Бірінші көрініс.

*Үңгір. Ортасында қайнаған қазан.
Күн күркіреді. Үш мыстан кіреді.*

Бірінші мыстан

Үш рет мияулады мысық қатты.

Екінші мыстан

Кірпіні де шиқылдатты.

Үшінші мыстан

Гарпиялар айқай салып.

Бірінші мыстан

Биле дейді от айналып,
Сал қазанға, бәрін сал,
Биле, ән сал, от айнал!
Қысылып тасқа шіріген,
Отыз күн ісіп іріген,
Баканы сал қазанға,
Қонсы иісі мұңкіген,
Кір көбігі кілкіген
Қоқысты сал қазанға!

Бәрі

От жалыны, жайнап бақ!
Қазаным, қане, қайнап бақ!

Екінші мыстан

Құртып құйрық, құйқасын,
Жыланның қыр арқасын,
Иттің сулы танауын,
Күркілдектің жемсауын,
Үкінің қауырсынын,
Кесірткенің нәжіс-жынын,
Көлбақаның жамбасын
Сал қазанға қайнасын,

Бәрі

Жалында, отым, жайнап бақ!
Қойыртпағым, қайнап бақ!

Үшінші мыстан

Қасқырдың азу тісін,
Айдаһардың желке тұсын.
Шәр сіңірін жайынның,
Сақтаулысын қайыңның,
Шоқынбайтын ант атқан
Жәйттің бауырын мұздатқан,
Түріктің қоңқақ мұрынын,
Мандайын татар ұлының
Сал қазанға қайнасын,
Нәпсісінен пайда қып,
Шатасып басы айналып,
Қиналған байғұс анасы
Шала туып баласын,
Жұртқа өзінше білдірмей
Көміпті ғой тірідей!
Сол баланы сал, көне!
Қайнасын, піссін, пәле!
Жолбарыстың ішек-қарынын
Сал үстіне бәрінің!

Бәрі

Маздатып отты мықтап жақ,
Қайна, қайна, қойыртпақ!

Екінші мыстан

Сорпасы қалсын тез суи,
Маймылдың әкеп қанын құй.
Геката кіреді.

Геката

Жынның асы бопты дайын,
Осы үшін бір мақтайын.
Қарғысқа осы қойыртпақ
Толар болсын, ән салып,
Билендер, жынды жанға алып!
Музыка мен ән. Геката кіреді.

Екінші мыстан

Қышыды мына саусақ неден?
Қаныпезер келді білем.
Кім болса да, ашық есік,
Кіргендердің бәрі нәсіп.
Макбет кіреді.

Макбет

Не істеп жатырсындар, түннің жыны қатындар?

Бәрі. Атауға болмайды.

Макбет

Сендердің бойындағы көріпкелдің
Қайдан, қалай екенін білмей-ақ мен қояйын.
Тек сендер, ант ішіп, жауап беріндер
Менің бір сауалыма. Сол жауаптарыңнан
Шіркеулердің мұнарасы жерге түсіп,
Теңіздегі кемелер суға кетіп,
Егістерді дауыл соғып,
Ормандарды жел төңкеріп,
Қайтпас қамал сарайлардың
Шаңырағы ортасына түсіп,
Бар тіршілік ұрықтары
Араласып кетсе де, сендер менің,
Сұрағыма жауап беріндер,

Бірінші мыстан. Айт.

Екінші мыстан. Сұра.

Үшінші мыстан. Жауабын берейік.

Бірінші мыстан

Сауалыңа жауапты сен
Бізден білгің келе ме, әлде
Қасиетті жоғары аруақ келсін бе?

Макбет

Келсін, көрінсін.

Бірінші мыстан

Төрайым жеген шошқаның
Отқа ақсын, ашқаның!
Асылғанның мандай тері
Отқа ақсын әкел бері.

Бәрі

Үлкенсің бе, кішісің бе!
Уа, аруақ, көрін бізге!

Күн күркіреді. Бірінші аруақ: илем киген бас.

Макбет

Айтшы маған, бейтаныс...

Бірінші мыстан

Ойынды ол біледі.
Үндеме, тек тындай бер.

Бірінші аруақ

Макбет, Макбет, сақ бол сонау Макдуфтан.
Файф мырзасы Макдуфтан сақтан. Мен болдым.
Жерге кіріп кетеді.

Макбет

Кім болсаң да, сақтан деп дәл айттың ғой...
Ырзамын. Тында, бірақ...

Бірінші мыстан

Сұраққа жауап бермейді. Екіншісі...
Бұл анадан күштірек...
Күн күркіреді. Үсті қап нәрестенің аруағы.

Екінші аруақ

Ағыз жұрттың қанын,
Ойыншық ет адамды.
Әйелден туғанның бәрінен
Сені тағдыр сақтайды
Жерге сіңіп кетеді.

Макбет

Жүре бер, Макдуф. Несіне қорқам мен сенен.
Дегенмен, сені де құртқан жөн болар,
Тағдырға құр сенем деп, сактықтан ада болған
Дұрыс болмас. Сен құрысаң,
Мазасыздық, қорқыныш бойдан кетіп,
Түнгі ұйқыны күркіреген күн де бұзбас.

Күн күркіреді...

*Басына тәж киген, қолында жапырақтың
бұтағы бар жас бала шығады.*

Үшінші аруак

Бұл кім тағы жерден шыққан
Патшалардың тегінен ғой, жобасы.

Бәрі

Сөйлеме. Үндемей тында.

Үшінші мыстан

Арыстандай айбатты бол.
Дунсинан жотасына қарсы
Бирнам орманы шыққанша
Сені жеңер тумапты ер.

Макбет

Айтқан сөзің мәнді сөз қуанатын,
Ағаш солдат емес қой жалданатын.
Орманды жауға қарсы жұмсамақ кім?
Шаттық берер жаңалық па маған мұның.
Биле, Макбет, елінді сау тұрғанда,
Бирнамнан орман көшпей Дунсинанға.
Тағында елді билеп отыра бер,
Болады деп қорықпай қастан қатер.
Жауап күтем енді жалғыз сұраққа:
Бұйыра ма патшалық Банкодан қалған ұрпаққа?

Бәрі. Бұл сауалыңыз артықтау.

Макбет

Айттындар! Айтпасаңдар, қарғыс атсын!
Қазан жерге сіңіп кетеді.
Қазан қайда? Бұл не шу?

Музыка.

Бірінші мыстан

Көрініңдер!

Екінші мыстан

Көрініңдер!

Үшінші мыстан

Көрініңдер!

Бәрі

Тез көрініп, ғайып болып кетіңдер!

Жүздерін танытып, сөйтіп құса етіңдер!

Аруақтар шығады: сегіз король соңғысының қолында айып бар; бұлардың соңынан Банконың аруағы.

Макбет

Банкоға тым ұқсайсың! Жоғал көзімнен!

Тәж киген мына түріңмен көзімді ойып барасың!

Екінші біріншіге ұқсас. Үшінші де ұқсас.

Бәрі бір тектен ғой. Уай, сұмпайы мыстандар,

Бұларды менің алдымнан тізіп өткізіп,

Жанымды қинағанда, не түседі сендерге?

Төртінші... көзім неге ойылмайды!

Қаншасы өтпек алдымнан!

Тағы біреуі. Жетінші болды.

Қарағым енді келмейді.

Сегізіншінің қолындағы айнада

бірінен соң бірі тізілген патшалардың бейнесі.

Қолдарыңды қос мемлекет, үш ұлықтың белгісі

Құдды бір ертегі ғой мына көрініс.

Банконың аруағы алдына тізілген ұрпағына,

Қуана қарап, қол сілтеп тұр.

Аруақтар ғайып болады.

Сонымен, болашағың осы деп тұрғаны ма?

Бірінші мыстан

Болашақ сол, Макбет, сен бұл тағдырға

Өкпелеме, ренжіме, қайғырма.

Үшеүміз сені күтіп, құшақ жайып,

Бүгінгі осы қайғыңнан жұбатайық.

Кәне, екеуің билеңдер, шырқ айналып,

Мен шырқайын, дауыстап, әнге салып.

Көңілдің көрсетіп мол мырзалығын,
Алайық патша ағзамның ырзалығын!
Музыка. Мыстандар билеп, гайып болады.

Макбет

Қайда әлгі мыстандар? Ғайып болды.
Дәл осы сәт, қаралы боп жазылар календарьда
Уай, кімсіңдер? Кім де болсаң кел бері!

Ленокс

Құлдығыңызға жүгіндік.

Макбет

Кемпірлерді көрдің бе?

Ленокс. Жок, тақсыр.

Макбет. Өтпеді ме тұсыңнан?

Ленокс. Байқамадым.

Макбет

Осыларға сенгенді оба келіп құртпас па!
Ат дүбірі естіле ме? Кім екен?

Ленокс

Үш салт атты. Макдуф жөнінде
Хабар әкелді. Англияға қашыпты ол

Макбет

Макдуф қашты дедің бе?

Ленокс

Иә, тақсыр!

Макбет (сыртқа)

Уақыт, менің батыл кимылымнан
Бұрынырақ сілтепсің. Ойлағанды іске асырмай
Болмайды. Сірә ойда туғанды
Қолмен істеу керек-ау. Бұдан былай,
Мен осы қағиданы бұлтармай берік қолданам.
Файфты басып алам да, сарайына Макдуфтың
Ие болам. Ондағы әйел, балаларын,
Қызметшісін, кімі болса, бәрін де бауыздаймын.
Осыны іске асырмай құр мақтану емес-ті.

Леноксқа

Ал, хабаршы қайда? Жүр, көрсет.

Кетеді.

Екінші көрініс
Файф. Макдуфтың сарайындағы бөлме.
Леди Макдуф баласымен және Росс кіреді.

Леди Макдуф

Қашатындай не істепті ол?

Росс

Шыдамдылық білдіріпті.

Леди Макдуф

Шыдамдылығы осы ма?

Қашқаны-ақылынан адасқаны емес пе?

Опасыздық істеген адам сияқты,

Өзінен-өзі қорқатын не болыпты?

Росс

Қорқақтық па, ақылдылық па? Қайсысы екенін

Білу бізге ертерек қой.

Леди Макдуф

Ақылдылық! Әйелін, үйін, баласын

Өзі қашқан жерге, жау ұясына тастап

Кетуі ақылдылық па? Ерге тән, әкеге тән

Сезімнен ада болғаны, бізді сүймегені емес пе?

Құстардың ең кішісі шымшық-тағы

Балапанын қорғағанда, үрейлі үкіге қарсы ұмтылады.

Әрине, жаны ашымаған адамның қорқақ болар әдеті.

Ақылдылық! Не қылған ақылдылық!

Росс

Сабыр ет, қарындасым. Сіздің еріңіз

Парасатты ақылды ер. Ол қазіргі уақытта

Не істеп, қайда баратынын бізден артық біледі.

Бұған қосып еш нәрсе айта алмаймын сізге мен.

Заман солай еш себепсіз біреу опасыз бола қалады:

Қайдағы бір бес сөзден қатер туып жатады.

Бойдағы тіршілік дарияның бетіндегі қауырсындай,

Үрлесе ұшып кеткелі тұр.

Сау болыңыз. Келермін ұзамай. Бірақ біз

Шыңыраудың кернеуінде тұрмыз.

Бұдан ауыр күн болмас.

Екінің бірі: Не біз мүлдем құрғимыз,
Немесе бір жеңілдік болуға тиісті.
Сау бол, балам. Жаратушы сақтасын!

Леди Макдуф

Әкесінің тірісінде жетім қалған осы ғой!

Росс

Маған енді кідіруге болмайды,
Өзіме де, өзгеге де зиянды.
Сау болыңыздар. Кеттім.

Кетеді.

Леди Макдуф

Әкең қайтыс болды. Не істейсің енді?
Қалай өмір сүресің?

Баласы

Құстар қайтеді мұндайда?

Леди Макдуф

Құрт құмырсқа жеп пе?

Баласы

Құс не жесе, мен соны жеймін-дағы.

Леди Макдуф

Айналайын, балапаным, шымшығым!
Қақпаннан қорықпайсың ба?

Баласы

Шымшыққа қақпан құрмайды.
Не десең де, әкем тірі екенін мен білемін.

Леди Макдуф

Жоқ, ол өлген. Басқа әке қайдан табасың?

Баласы. Басқа күйеуді сен қайдан аласың?

Леди Макдуф

Базардан жиырмасын бір-ақ сатып аламын.

Баласы

Ертеңіне қайтадан сату үшін бе?

Леди Макдуф

Сен, әрине, өз миың жеткенді айтып тұрсын.
Бірақ, жас та болсаң, ақылдысың, балам.

Баласы. Әкем опасыз болғаны ма?

Леди Макдуф. Солай-дағы.

Баласы. Опасыз деген не?

Леди Макдуф. Ант етіп оны, бұзғанның бәрі.

Баласы

Осылай істегеннің бәрі опасыз болғаны ма?

Леди Макдуф

Иә, бәрі опасыз, оларды дарға асу керек.

Баласы

Ант беріп, сөзінде тұрмағанның бәрін бе?

Леди Макдуф. Иә, бәрін.

Баласы

Сонда оларды дарға кім асады?

Леди Макдуф. Адал адамдар асады.

Баласы

Сонда опасыз деген барып тұрған ақымақтар болғаны
ғой. Опасыз дегендердің көптігі сондай, бұлар лап берсе, барлық
адал адам дегендеріміздің өздерің дарға асып құртар еді.

Леди Макдуф

Сақта Құдай сені, кішкентай!

Сонымен сен әкені қайдан табасың?

Баласы

Егер ол өлген болса, сен жылар едің. Егер де
жыламасаң, бұның маған жаңадан әке табылғанның белгісі болар
еді.

Леди Макдуф

Сенімен сөйлесіп болмайды, мылжың бала, қайдағыны
айтасың!

Хабаршы келеді.

Хабаршы

Сізге құдай жар болсын, ханым!

Бейтаныс сізге болсам да, құрметімде қапы жоқ.

Сіздерге қатер туып тұр. Сондықтан,

Балаларыңызды алып қашыңыз,- деп,

Сізге ақыл айтар ем. Қалуға мұнда болмайды.

Төнген қауіпті айтпауым адалдыққа сыймайды.

Қатер жақындап қалды. Тәңір өзі сақтасын!

Мен кеттім. Кетпеуіме болмайды.

Кетеді.

Леди Макдуф

Қайда қашам? Қашатындай не жамандық істедім?
Бірақ, мен жамандық үшін мақтап, мадақтап,
Жақсылық үшін ақымақ деген ат берген жердің үстінде
Тұрғанымды ұмытпауым керек-ау. Не жамандық істедім
Деудің өзі әйелдіктің, бостықтың белгісі ғой.

Жендеттер кіреді.

Түрлері қандай жаман мыналардың?

Бірінші жендет. Еріңіз қайда?

Леди Макдуф

Сенімен кездесіп қалардай,
Ұрлықшылар ұясында емес болар
Деп ойлаймын.

Бірінші жендет. Ол сатқын болып шықты.

Баласы. Соқпа өтірікті, дүрдиген сұмырай!

Бірінші жендет. Көрдін бе, сатқынның күшігін!

Жарып тастайды.

Баласы

Мама! Мама! Өлдім! Мама! Тез құтыл, қаш, қаш!
Өледі.

Леди Макдуф

«Жендеттер!»- деп айқайлап қаша жөнелді.
Жендеттер қуады.

Үшінші көрініс

Англия. Король сарайының алды.

Малькольм мен Макдуф кіреді.

Малькольм

Онаша жерге барып, жылап, шерімізді басайық.

Макдуф

Онан да кылыш алып, кезеніп,
Бүкіл Шотландия аспанын
Жылаумен күніренткен,
Жетім-жесірлерге толы
Бақытсыз елімізді қайғы-қасіреттен
Айырып алып аттанбаймыз ба?

Малькольм

Мен сенгенім алдында жылаймын;
Өйткені мен өзім білгенге ғана сенем.
Мен тек нық тіреніш табылып,
Сіздің айтқаныңыздан ұққаным мынау болар:
Адам атын естігісі келмейтін сол бір зұлым
Кезінде адал болып есептеліп,
Сіздердің ілтипаттарыңызға бөленіп жүріпті ғой...
Сізге әлі жамандық істеген жоқ.
Мен болсам жаспын, осалмын. Ал бүгін
Сол табынған иеңізге бір тоқтының орнына
Құрбандыққа мені шалып, биіңіздің көңілін
Аулауыңыз оп-оңай.

Макдуф. Мен сатқын емеспін.

Малькольм

Бірақ, Макбет опасыз ғой.
Сіз болсаңыз, патшаңыздың әміріне
Бағынуға міндеттісіз. Кешіріңіз,
Сіздің арғы ішіңізде не барын
Менің осы тұспалдарым аша алмас.
Періштелер таза болса,
Олардың ең тазасы, пәгі құлап түсті.
Бірақ, зұлымдық адалдық киімін кесе де,
Адалдық деген өз бейнесін өзгертпес.

Макдуф. Кесілді бар үмітім.

Малькольм

Күдіктерімнің басы ол.
Тіршілікте ең қымбат, ең қадірлі
Балаларға, жарыңызға тілдеспей,
Қалай кетіп қалдыңыз?
Қателесем-айыптымын
Амалсыздан сақтығым.

Макдуф

Қайран елім, сенен қан сарқылмайтын болды ғой!
Қайрымсыз зұлымдық тартылмайтын болды ғой!
Жақсылық сенің бойына дарымайтын болды ғой!

Зандылықты бүркеген зұлымдықтан айрылмайтын
болдың ғой!
Қош болыңыз, принц! Шотландия елінің барлық жерін,
Шығыстың барлық байлығын берсе-дағы
Сіздің ойыңыздағы сұмырай бола алмаспын!

Малькольм

Өкпелеменіз. Сөздерімнің тегінде
Сізге ғана сенбеушілік деменіз.
Тақта зұлым отырғанда, елім менің
Қан жұтқан қасіретте екенін білемін.
Күн сайын жарасы аши түсіп жатқанын да білемін.
Менің соңымнан еретіндер барын да білемін.
Ағылшындар әскерін де бермекші.
Бірақ сол зұлымды құлатып, басын оның
Найзаға шаншып, көтеріп күртқан кезде,
Елім оның орнына отырғаннан,
Бұдан да артық жамандық көрмес пе екен?

Макдуф. Кімнен көреді?

Малкольм

Менен. Бойымда менің қырсық көп.
Сол қырсықтар күш алса,
Қап-қара деген Макбетің менің жанымда
Қардай аппак, қойдай момын боп шығар.

Макдуф

Қойыңыз! Дозақтағы жындар да
Зұлымдыққа Макбетпен таласа алмас.

Малькольм

Әрине, Макбет көп күнәға айыпты:
Ол өзі қаныпезер, өтірікші, арсыз, жезөкше.
Бірақ, мен бұл жөнінен Макбеттен асып түсем.
Менің құмарлығымда ешбір шек жоқ.
Менде өз қара басымның қамынан басқа бір ой жоқ.
Өз басым үшін елімнің бар мырзасын бауыздап,
Жері менен үйлерін тартып алуға да дайынмын.
Неғұрлым мықтап байысам, соғұрлым мен
Ашпа-жалап болып ап, небір жақсы-жайсаңмен
Дүние үшін тартысып жатар түрім бар.

Макдуф

Байлыққа мұндай құмарлық нәпсіден бетер,
Бұл құмарлық патшаның көбін құртқан-ды.
Сонда да, Шотландияның байлығы сізге жетеді.
Егер мұндай кемшілікті бәсеңдетер жол табылса,
Оқасы ешбір болмайды.

Малкольм

Соның ешбір жолы жоқ.
Ең жаманы – менің бойымда адамгершілік жоқ.
Корольға қандай қасиет керек: адалдық,
Ақылдылық, әділеттілік, парасаттылық,
Батылдылық, тұрақтылық, тазалық,
Менде бұларға кереғар қасиеттер ғана жиналған.
Жоқ, егер мен патша болып билік құрсам,
Мен дүниенің бәрін төңкеріп, тыныштық,
Ар-ұят, тәртіптілік сияқтылардың барлығын
Жоқ қылып, татулықтың ақ сүтін
Төгер едім дозаққа.

Макдуф. Қайран елім!**Малькольм**

Осындай адам ел билеуге
Лайық па, айтыңызшы?

Макдуф

Ел билеуге дейсіз бе? Жоқ, мен мұндай адамды
Тіршіліктің өзіне де қимас ем. Қайран халқым!
Егер сенің сенгенің, мұрагері тағыңның,
өзін-өзі осылай әшкерелеп, басса қарғыс таңбасын,
қашан сенің күнің туып, ашылады аспаның?
Әкең сенің патшалардың пәгі еді.
Анаң сенің өмір бойы дұға кып,
Жаратушы алдында жүгінген бойында өтті.
Сенгенім сен мұндай болсаң, менің енді
Шотландияға қайтар жолым кесілді. Қош бол.
Бәрі бітті, үміт сөнді! Қашқындық өмір басталды!

Малькольм

Макдуф, сенің алаңсыз ақтығыңнан туған
Ренішің, менің ойымдағы дұдамалды таратты.

Әрі таза, әрі адал екенсін. Жүрегім сендік,
Макбет маған әр қилы тосқауылдар құрып бакты,
Мен содан еш нәрсеге сенбеуді әдет еттім.
Бірақ, сен - өзің өзге, жолың өзге адамсың,
Енді, екеуіміздің арамызға тек жаратушы жөн айтсын.
Бұдан былай мені сен өзің биле, сондықтан,
Сені сынамақ үшін өзімді-өзім қаралап,
Айтқанымды қайтып алдым. Мен ондай емеспін.
Мен таза, пәк адаммын, антымды аттап көргем жоқ,
Меншігі түгіл біреудің, өзіме тиістіні де
Есептеу әдетімде болмайды. Білсеніз
Мен бір шайтанды екінші шайтанға
Шағыстыра алмаймын. Мен үшін
Адалдықтан артық зат жоқ. Бүгінгі жалған –
Өмірімде бірінші айтқан жалғаным.
Ендеше, Макдуф, мен осы тұрған бойымда,
Елім менен сенің билігінде ғанамын.
Сивард батыр бастаған он мың әскер
Дайын тұр. Аттанбақпыз. Тілейік тек
Жолдың сәтті болуын. Неге үндемей қалдың?

Макдуф

Қайғы-қасіреттен қуанышқа бірден қарғу қиын ғой!
Дәрігер кіреді.

Малькольм

Жарайды онда. Тағы да сөйлесерміз.
Король бүгін шыға ма, дәрігер?

Дәрігер

Шығады, принц. Сыртта шипа іздеген
Бақытсыздар жиналып тұр. Олардың
Ауруына дәрігердің дәрмені жоқ.
Ал, ол қолын тигізсе болды,
Сауығып кете береді.
Қүдіреті сондай дарыған.

Малькольм. Рақмет, дәрігер.

Дәрігер кетеді.

Макдуф

Айтқандарыңыз не науқас?

Малькольм

Халықтың айтуынша адамның бірден әлін алатын
Бір ауру. Жаратушының жәрдемшісі әділ король
Әйтеуір келген жұртты қолынан жазып жатыр.
Осы елге келгелі өз көзіммен талай көрдім.
Күдіретті осындай, көктен қалай тілеп алғанын,
Кім білсін, әйтеуір, денесі жара болып іріндеп,
Ісіп-қабынып, ешбір ем қонбаған байғұстардың
Мойнына күміс тағады да, дұғасын оқиды.
Корольдің бойындағы осы пірәдарлық
Оның әулетіне қалады деген қауесет бар.

Росс кіреді.

Макдуф

Келген кім екен, білдің бе?

Малькольм

Кім екенін білмеймін.
Киіміне қарағанда жерлесіміз сияқты.

Макдуф

Достым-ау, қайдан жүрсің?
Балдызым ғой!

Малькольм

Енді мен де таныдым.
Өзімізге бөтен болып қаңғырып жүрген түріміз.
Уа, тәңірім, қайтара гөр туған ел, жерімізге!

Росс. Әумин!

Макдуф

Шотландия еліміз сол күйінде болар?

Росс

Амал нешік. Елді ешкім таныр емес.
Туған жер емес, мазарымыз болуға айналды.
Есі бардың күліп, езу тартып жатқаны жоқ.
Көпті басқан қайғыға есуас қана күлмес пе.
Халқымыз күндегі әділетсіздік масқараға
Үйреніп, әдеттене бастаған да сияқты.
Шіркеудің қоңырауы қайта-қайта
Күңіреніп, көп соққанда селт етпейді ешкім де.

Бұлшық еті білеудей мықты адамдар
Беріктігі гүлдей солып, көзіңше өліп жатады.

Макдуф

Жай солай. Бұдан асар түнек болып па?

Малькольм. Кезектегісі кім екен?

Росс

Сағат сайын жаңа біреу қосылып жатыр.
Сондықтан, менің білгенім ескіріп қалған әңгіме.

Макдуф

Жұбайым менің не халде?

Росс. Сол күйі.

Макдуф. Балалар ше?

Росс. Олар да сол.

Макдуф

Аузындағы сөзді санап, бізден аяп тұрсың ба?
Жағдайдың жай-жапсарын толығырақ айтсайшы.

Росс

Қайғылы көп жаңалықты арқалап,
Бері аттанып шыққанымда, көпшілігі
Халқымыздың асынды деп қаруын
Естіген ем, жолда соның шын екенін байқадым.
Макбет соғысқа дайындалып,
Әскерін жинап жатыр.
Кезек келген сияқты. Асығу керек.
Сіз келсеніз, елдегі еркектердің ең қорқағы
Қайтпас-қайсар батыр болып алады,
Әйелдер қару асынып, жауға бірге шабады.

Малькольм

Біздің көтерілгенімізді елге жеткіз,
Ағылшындар бүкіл христиан елінде
Теңдесі жоқ ер қолбасшы Сивардты
Көп әскерімен бізге көмекке берді.

Росс

Бұл қуанышқа тең қуаныш болар ма!
Туған елде менің көріп-білгенімді
Ешбір адам естіп-біліп жүрмесін. Мұны мен
Айдалада өкіріп қана айта аламын.

Макдуф

Айтайын деп тұрғаның көптің қайғысы ма!
Бірдің қайғысы ма?

Росс

Жаны таза адамдардың бәрі де бұған қайғырар.
Ең қайғылы сен боларсың, бірақ та.

Макдуф

Олай десен, не де болса айта бер!

Росс

Ұрғалы тұрмын төбеден, мұндайды
Сен туғалы естіп көрген жоқсың.
Бірақ, мені жек көрме, қарғыс айтпа!

Макдуф

Сезіп тұрмын өзімде бір сұмдықты.

Росс

Сарайың зұлым қолында.
Жұбайың мен балаларды бауыздап өлтіріпті.
Бұл сұмдықтың барысын айтып берсем,
Сенің де жаның, тәнің де шыдап тұра алмас.

Малькольм

Жаббар күдай! Бөркінді, досым, түсірме
Мандайыңа, тістеніп, бекінбей-ақ қоя тұр:
Боса, шамаң келгенше. Жылауы жоқ қасірет,
Жанынды әбден ашытып, жүрегінді жарады.

Макдуф. Балаларды да дедің бе?

Росс

Ия, жұбайың, балалар, қызметшілер –
Алдынан шыққанды тек бауыздай беріпті.

Макдуф

Мен ғой алыста жүрдім!
Жұбайымды да дедің бе?

Росс. Естідің ғой.

Малькольм

Бекін, кек қайтарар күнді күт.

Макдуф

Макбет – қубас!
Менің нәрестелерімді бірде-бірін қалдырмай...

Бірде-бірін дедің бе?
Жан-жолдасым жұбайымды дедің бе?
Бәрін бірден дедің бе?

Малькольм

Бекін Макдуф, қайғыға ерлік керек.

Макдуф

Білемін мен қайғыға ерлік керек екенін,
Бірақ, мен адаммын ғой. Бойдағы асыл арманды,
Ұмытуға бола ма? Осыны жаратушы көріп тұрып,
Бір жәрдем бермегені несі екен?
Макдуф, олардың өлімі сенен болды.
Өз кінәсі жоқ олар саған құрбан болды де.
Сен, Макдуф, олардың өліміне тұрмайсың!
О дүниенің тыныштығын тіле енді оларға!

Малькольм

Қылышыңды қайра мына қайраққа.
Тыныш таппа, кек алуға қайраттан!

Макдуф

Құр сөзбен кіжінуді қояйық...
Әйелдерше төкпейік көздің жасын.
Уа, жаратқан, Шотландияны билеген албастыға
Бетпе-бет кездестіре көргейсің. Сонда менен
Құтылып кетсе қас жауым, сен де оған
Кешіресің қылығын.

Малькольм

Бұл ердің сөзі!
Енді біз патшаға тез жолығайық.
Жарық дайын. Қоштасып тек шығалық.
Піскен жеміс сияқты Макбеттің күні кетті енді.
Әділеттік семсері төбесінен төніп тұр.
Ұзақ түннің тарқайтын болды кезі.
Бұл түнді көп ұзатпас тәңірі өзі.

Kemedi.

БЕСІНШІ АКТ

Бірінші көрініс.

*Дунсинан. Сарайдағы бөлме.
Дәрігер мен сарай әйелі кіреді.*

Дәрігер

Мен сізбен екі күн болдым, бірақ, сіздің айтқандарыңызды аңғара алғам жоқ. Ақырғы рет ұйқылы күйінде қашан тұрып жүрді?

Сарай әйелі

Ұлы мәртебелі тақсыр әскеріне кеткелі ұйқылы күйінде жиі жүретін болды. Орнынан тұрады да, түнгі көйлегін киіп жазу столына отырып, таза қағаз алып, әлде-бірдеме жазады да, жазғанын оқып шығып, мөрлеп қайта жатады. Осының бәрін ұйықтап жүріп істейді.

Дәрігер

Адамның жаратылысының екі-үштылығын-ай! Түнгі ұйқының тыныштығын бұзбай, күндізгі тіршілікпен айналысуын айтсандаршы! Айтыңызшы, солай тұрып, қозғалып жүргенде, сөйлегенін байқаған жоқсыз ба?

Сарай әйелі. Сэр, оны мен ешкімге айта алмаймын.

Дәрігер

Бекерге айтпайсыз. Маған тайынбай айтуыңызға болар еді.

Сарай әйелі

Сізге де, басқаға да айта алмаймын, өйткені менің сөзімді растайтын куә жоқ.

Қолына шырақ ұстаған Леди Макбет кіреді

Әне, қараңыз келе жатыр. Бұл мұның әдеттегі түрі. Оллаһи, қатты ұйқыда. Жақындап қараңызшы.

Дәрігер. Шырақты қайдан алған?

Сарай әйелі

Шырақ есігінің алдында тұрған-ды. Бөлмесінде шам сөнбейді, өзі солай бұйырған.

Дәрігер. Көзі сізге қарап тұрғанын көрдіңіз бе?

Сарай әйелі. Көріп тұрмын, бірақ ештемені көрмей қарайды.

Дәрігер

Не істеп тұр? Мазасызданып қолын уқалай береді!

Сарай әйелі

Бұл өзінің әдеті. Қолын жуған түрі. Кейде тіпті, осылай ширек сағат тұрады.

Леди Макбет. Мына бір теңбілді жуып тастайын.

Дәрігер

Тез сөйлей бастады... Айтқанның бәрін естелік үшін жазып алайын

Леди Макбет

Кетпейтін бұл неғылған теңбіл! Бір, екі... ма болды сағат? Батылың бармай тұр ма? Дозақтан қорықтың ба? Ұят екен солдат деген осындай қорқақ бола ма? Кімнен қорқасың? Іс біткеннен кейін, кім тексеріп, кім сұрайды дейсің? Осы шалдың бойында осынша қан болады деп кім ойлаған?

Дәрігер

Естідіңіз бе?

Леди Макбет

Файф тамының жұбайым. Ол қазір қайда екен? Сонда қал қалай, мен қолымды ешқашанда тазартып жуа алмағаным ба?

Болды, болды, жаным! Қалтырап-дірілдеп бәрін бүлдірейін деп тұрсын ғой!

Дәрігер

Тындай берейік. Өмірінде бір оғаш іс істеген адам болдың ғой сен.

Сарай әйелі

Бұл айтпайтынын айтып тұр. Оның құпиясы тек қана тәңірге аян.

Леди Макбет

Қолымнан қан иісі әлі бұрқырап тұр. Аравияның барлық хош иісі жиналып, осы құртақандай қолдардың қан иісін кетіре алмас. О,о,о!

Дәрігер

Жүрсінгенін естідің бе? Жүрегінде зілдей бірдеме жатыр ғой?

Сарай әйелі

Тап осындай жүректі, таудай мансабымен қосып берсе де, көтеріп жүруге келіспес едім.

Дәрігер. Әлбетте! Әлбетте!

Сарай әйелі

Жаратушы жәрдемші болсын өзіне!

Дәрігер

Бұл кісінің науқасы менің мамандығыма келмейді. Бірақ, осылай ұйқылы күйінде, ешкімге зиян істемей жүріп, төсегінде өлгендерді көріп едім.

Леди Макбет

Қолыңды жу. Түнгі көйлегінді ки. Неге бозарып кеткенсің? Банконы жерлепті деп айттым ғой. Ол көрден тұрып келмейді.

Дәрігер

Мынасы қызық қой.

Леди Макбет

Жаттым, жаттым енді. Қақпаны біреу қағып тұр. Естідің бе? Кеттік. Кеттік. Қолыңды бер. Біткен іс бітті. Жатайық төсекке. Жатайық.

Кетеді.

Дәрігер

Енді жатады ма?

Сарай әйелі

Бірден жатады.

Дәрігер

Көптің сөзі қате емес,
Озбырлықтың аяғы озбырлықпен тынады.
Адалдығы жоқ сан төсектегі жастықтан,
Басқаға сырын ашып айта алмайды.
Бұл кісіге дәрігер емес,
Священниктің дұғасы керегірек болар.
Кешір өзің, жаратушы, күнәсіз көп пенденді!
Көз айырмай бағу керек. Өткір заттар
Маңында болып жүрмесін.
Жан түршігер жаңалық
Естідім-ау. Қайырлы кеш, ханым.
Айтуға ауыз бармас неткен сұмдық.
Науқас тегі не екенін енді ұқтым,

Сарай әйелі

Қайырлы түн, доктор!

Кетеді.

Екінші көрініс

*Дунсинан маңындағы дала. Барабандар мен тулар.
Ментейс, Кэтнес, Ангус, Ленокс және солдаттар кіреді.*

Ментейс

Ағылшынның әскері алыста емес.
Малькольм, Макдуф, Малькольмнің нағашысы
Сивард әскер басында.
Кегін алмай тоқтар емес.
Олардың ызасынан өлі сүйек қозғалар.

Ангус

Біз олармен, жобасы, Бирнам орманы жаққа,
Беттегенде кездесерміз. Жолы солай ғой.

Кэтнес

Дональбайн ағасының жанында ма?

Ленокс

Бізге жақын мырзалардың тізімін
Қарап едім, ішінде ол жоқ болды.
Арасында Сивардтың ұлы сияқты
Ерлігін сынап көрмекке шыққан жастар көп.

Ментейс

Озбыр зұлым не істеп жатыр дейді?

Кэтнес

Дунсинанды мықтап қорғауға дайындапты.
Бірі жынданып кеткен десе, екіншілері -
Жын жетелеген ерлік деп атайтын сияқты.
Шынына келсе, жауап берер күн жақындап

қалған соң

Не істерін өзі де білмей жатса керек.

Ангус

Төккен қаны жендетке қарсы ағатын түрі бар!
Қаруланған халық бірден көтерілген соң,
Ісінің оңбасын білгем-ді. Енді оның қолында
Тек қорыққаннан жүргендер ғана қалды ғой.
Қас батырдың сауытын сүмелек кейде киеді.
Патша деген ұлы атақ бойына мүлде жуымай,
Тұрғанын ұққан болар ол.

Ментейс

Істеген ісім, іштегі-ойым сараласа топшылап,
Өз ішім қарғысқа толтырып-ақ жатқан шығар!

Кэтнес

Ал, достар, аттандық! Ел науқасқа шалдықса,
Оның дәрігеріне, жан аямай қимылдап,
Өз адалдығымызды көрсету керек-ті.
Елді сәл бір міндеттен тазарту үшін
Қанымызды төгейік.

Ленокс

Төгейік қанымызды керегінше.
Адал гүл өз орнына қауласын деп:
Орнын алған ұры шөп қурасын деп:
Ал, аттандық Бірнамға!

Кетеді.

Үшінші көрініс

Дунсинан. Сарайдағы бөлме. Макбет, дәрігер, қосшылар.

Макбет

Ендігісін айтпай-ақ қойыңдар.
Қаша беретін. Мына Бірнам орманы
Дунсинан төбесіне көшпей тұрғанда
Менде қорқу болмайды.
Малькольмың кім? О да туған әйелден.
Олай болса, «Макбет осы, әйелден туған адамнан
Ешқашан да қорықпа!», - деп аруақтар өзі айтқан.
Жалғанға жақын мырзалар, қашыңдар онда
Ағылшынның сарқытын жеп, есігінде күн көрген
Жезөкшелер жағына менің бірде-бір
Селт етпейді, қашыңдар. Қорықпаймын.
Алдымнан қандай қаһар шықса да.

Қызметші келеді.

Тұмсығын аппақ қағаздай, тастар ма еді күйелеп!
Не болды? Ақымақ неме?

Қызметші. Ана жақта ... он мың...

Макбет. Сен сияқты он мың ақымақ па?

Қызметші. Жоқ, тақсыр, солдаттар.

Макбет

Бетің бірдей аппақ қой. Бар, бояу жағып кел.

Солдаттар дедің бе? Қандай солдаттар?

Қызметші. Ағылшын солдаттары.

Макбет. Кет әрі, оңбаған!

Қызметші кетеді.

Сейтон! Бойымда бір кобалжу бар.

Сейтон! Не өлермін, не бұрынғыдан бекем болармын.

Аз өмір сүргем жоқ. Сарғаю кезеңіне, күзге жеттім.

Бірақ кәрілік келгенде, тіршілікті жылытар,

Жаны жакын дос-жаран болса ғой.

Бұлар менде жоқ. Ішім жылап жалап жайлаған,

Жарамсақ жағымпаздар айналам.

Осындайға мәжбүр болған тіршілікті,

Үзіп-ақ жіберсе де болар еді, қолдан келсе.

Сейтон!

Сейтон кіреді.

Сейтон. Келдім тақсыр!

Макбет. Не жаңалық бар?

Сейтон. Амал нешік, шын болып шықты сол хабар.

Макбет

Етім сылынып, сүйегімнің қаңқасы қалғанша

Соғысам. Әкел бері сауытты.

Сейтон. Сауыт киіп шығуға әлі ертерек.

Макбет

Қаруланып алайын. Жұмса аттыларды, айналып шолып шықсын. Қорыққанға қос көрінгендерді бірден ассын дарға !

Сейтон кетеді.

Доктор, науқастың қалы қалай?

Дәрігер

Тақсыр, науқастың тегі тәнінде емес

Жанында. Қайдағы бір елестер тынышын алып,

Дамылдатпай тұр.

Макбет

Құтқар оны тынышсыз елестерден,

Жанында ұялаған қайғылар мен,

Есінде мөрдей өшпес қасіреттерді,
Ұмыттырар әдіс тап та, кеудесіне
Жабысқан жалқаяқты жұлып алып,
Тез сауықтыр.

Дәрігер

Мұндайда науқас өзіне-өзі көмектесуі керек

Макбет

Көмегі жоқ дәріңді итке таста!

Сейтон офицерді ертіп келеді.

Сейтон, сауытымды жөндеп кигіз.

Найзаны әпер. Аттыларды жібердің бе?

Дәрігерім, жау жағына мырзаларым қашып жатыр.

Егер сен науқасты тауып соны емдеп,

Сауықтырсаң,

Атыңды шартарапқа әйгілеп,

Жер жаңғырықтырар ем.

Сауытын шешкісі келіп, Сейтонға

Шеш мынаны! Қандай дәрімен,

Қандай дәру шөппенен, дәрігерім,

Елімізді мынау ағылшыннан тазартуға болар еді?

Бұл жөнінде естіп пе ең?

Дәрігер

Әрине, тақсыр. Қазіргі сіздің ісіңіз

Жау келгенін сипаттап тұрған жоқ па.

Макбет

Сейтон мен офицерге

Мына сауыт маған керегі жоқ. Сонда да

Соңымнан алып жүріндер. Қорқар мен жоқ.

Бирнам бағы көшпесе Дунсинанға

Мен де жеңіс бермеймін ешбір жанға.

Дәрігерден басқалары кетеді.

Дәрігер

Осы жерден кете алсам аман-есен,

Енді осында келуді қайталамасам.

Кетеді.

Төртінші көрініс

*Бирнам орманы. Барабандар және тулар.
Малькольм. Сивард-әкесі, Сивард-баласы, Макдуф, Ментейс,
Кэтиес, Ангус, Ленокс, Росс және солдаттар.*

Малькольм

Ал, достар, ел басына тыныштық
Орнауына ұзамай сенемін мен.

Ментейс

Оған ешбір күмән жоқ.

Малькольм Мынау қай орман?

Ментейс

Әрбір сарбаз бір бұтақ қиып алып,
Алдына ұстап алдасын,
Қапысыз баққан жау көзін.

Солдаттар

Құп! Қазір орындаймыз бұйрығыңызды.

Сивард

Дунсинанды осынша бекітіп қоршапты.
Озбыр сүм бекіністе ұзақ отырып,
Алуына сенгені ғой, сірә да.

Малькольм

Бұл қорғанның ең соңғысы болар-ақ.
Қоршаудың сыртындағы үлкен-кіші демей
Бәрі де қашып жатыр. Бекініс ішіндегі
Солдаттар ғана амалсыздан жақтауда.

Макдуф

Әліптің артын бағалық. Қазір тек
Қайрат пенен қаруға сенеміз де.

Сивард

Қойыңыздар бекерге күр болжалды,
Айырып осы арада дос пен жауды.
Жау да бар, шын берілген достар да бар
Шайқаста екі жақта анықталар.
Барымен күткен іске кім асықпас
Аттандық, алдымызда ақырғы айқас.

Кетеді.

Бесінші көрініс

Дунсинан. Қамалдың іші. Барабандар дабылымен ту көтеріп, Макбет, Сейтон, солдаттар кіреді.

Макбет

Туларды қорғаныстың биігіне тігіндер.
«Келді», - деп жаулап жатыр әрбір жақтан.
Күлейік жаудың мұндай қимылына.
Қамап бізді байқасын. Аштық пен індет.
Құртар ертең оларды. Тек опасыз мырзалар
Қашып барып күшейтпесе, осы жау,
Бір майданға шыққаныма шыдамас еді.

Сырттан әйелдер дауысы.

Бұл не қылған айқай-шу?

Сейтон

Шуылдаған әйелдер ғой, тақсырым.

Кетеді.

Макбет

Қорқу деген сезімнен мүлде ада болыппын.
Бір кездері түндегі бір айқайдан
Шошып оянып тұра келуші едім.
Ертегіден естігенге шашым тік тұрушы еді.
Одан бері жан түршігер істерге әбден тойдым.
Масқара не сұмдықтар ұялап алды бойыма,
Мұндай жан неден қорықпақ?

Сейтон келеді.

Айқай қайдан шығыпты?

Сейтон

Тақсыр, ханым дүние салды.

Макбет

Кейінірек, Бұдан бастау кезімде өлуді де
Ойлап таппағаны ғой. «Ертең, ертең» -
Деп күннен күнге өзімізге - өзіміз айтамыз.
Осылай ақырын жылжып ілгері
Тіршілік те, жазылмаған ақырғы бетін ашады.
«Ертеңді» іздеп жүргенде, «кеше» дегеніміз
Артымыздан шұбырып, мәңгілік сол қонысқа

Апаратын жол екен ғой. Тұйыққа сол жол
Тіреледі. Өмір - елес, адам – сахнадағы ойыншы.
Ойнады, күлді, секірді – сағаты бітті сонымен.
Есуас ертегі айтса, көпірік сөзі көп болып,
Мағынасы жоқ болмай ма?
Өмірде сол сияқты ертегі.

Хабаршы келеді.

Тілінді салақтатып тағы келдің бе?
Айт не де болса?

Хабаршы

Тақсыр не дерімді
Білмей тұрмын.

Макбет. Не десен де тез айт.

Хабаршы

Қарауылда тұр едім. Қарасам, Бирнам орманы
Бері қарай қозғалғандай болды көзіме.

Макбет. Өтірікші, оңбаған!

Хабаршы

Өтірік айтсам, қаһарыңыз түссін.
Жүріңіз көрсетейін. Үш шақырымда
Бізге қарай жылжыған орманды көресіз.
Ну ағаш сол бойында тұтасып келе жатыр.

Макбет

Өтірік болса бір қазықтың басына
Тірідей іле саламын.
Салбыраған бойында аштан қатып өлесің.
Шын болса, мені іл сол қазыққа.
Енді, бірақ, сенімінен тануға да жақынмын.
Сондағы менің сенгенім: «Бирнам орманы
Көшпейінше Дунсинан төбесіне
Қорықпа», - деп айтқаны емес пе еді ыбылыстың.
Енді міне, сол орман Дунсинанға келе жатыр.
Аттандық, аттандық! Жауға! Далаға!
Ыбылыстың айтқаны болса рас,
Қай жерде ықтасақ та жан сақтамаса,
Қажыдым, тойдым, әбден, өмір дейтін бүлікке,
Ызалымын, кектімін осы пәни тірлікке.

Тез жинандар әскерді! Сауытты бер!
Сауыт киіп өлейін, өлсем егер.

Кетеді.

Алтыншы көрініс

*Сол жерде. Қамал алдындағы жазықтық,
Барабандар мен тулар. Малькольм, Сивард-әкесі,
Макдуф, бұта ұстаған әскерлер кіреді.*

Малькольм

Тұсына жеттік сарайдың. Бұталарды
Тастайықта, ілгері лап қояйық.

Сивардқа

Нағашы, сіз балаңызбен алдыңғы шепте болыңыз.
Ал, біз Макдуф екеуіміз сол уәдеміз бойынша
Қимылдап, тамамдайық.

Сивард

Істерің оң болсын.
Бүгін одан алмасақ бақты тартып,
Болмас біздің бағымыз одан артық.

Макдуф

Кернейшілер аспапты дабылдатын,
Жауға өлім хабарын жақындатын.

Кетеді.

Жетінші көрініс

Жазықтың екінші шеті. Айқастың дүбірі.

Макбет

Шынжырлап қойған аю болдым-ау.
Құтылар жер жоқ, не болса да алысып бағамын.
Әйелден тумаған кім бар? Содан ғана
Сескенем.

Жас Сивард кіреді.

Жас Сивард. Атыңды ата.

Макбет. Атымды атасам, жаның түршігер.

Жас Сивард

Жоқ, дозақта жүргендердің ең зұлымының
Атынан жаман болса да, қорқарым жоқ.

Макбет. Менің атым Макбет.

Жас Сивард

Құлаққа жаман естілетін атты маған
Жанның жыны да атап бермес.

Макбет. Түршікті ме жаның?

Жас Сивард

Жоқ, мен сенен қорықпаймын, озбыр жендет!
Мына қылыш болады соған куә.

Айқасады. Жас Сивард құлап өледі.

Макбет

Сен де әйелден туғансың. Әйелден
Туған адам қандай қылыш сермесе де,
Жаныма ешқашан қатер бола алмайды.

Кетеді. Соғыстың дабылы. Макдуф кіреді.

Макдуф

Қызу айқас мында екен. Көне, залым, қайдасың.
Көрін маған. Қолымнан менің өлмесен,
Жұбайым мен кішкентай ұлдарымның,
Аруағы мені кешірмес. Мен мына
Қылышымды, жалданған қара халыққа
Жұмсап, әуре болмаймын, кел, Макбет,
Жұмсамасам тек саған бұл қылышты,
Қынабына қайтадан салып қоям.

Мына бір дауыс қайраттының дауысы ғой.
Сол, сірә, сенің, Макбет, дауысын.

Қүдіретті тағдырым, Макбетті тауып бер маған;
Одан асқан бақытты тілемеймін ешқашан!

Кетеді. Малькольм мен кәрі Сивард кіреді.

Сивард

Принц, мұнда келіңіз. Қарсыласпай сарайы
Түсті қолға. Екі жақ та айқасуда...
Мырзалардың ерлігін айтып болмайды.
Іс бітуге аз-ақ қалды.

Малькольм

Жаудың көбі көбіне іштей сізге тілектес.

Сивард

Принц, сарайға енді баралық.....

Кетеді. Майдан дабылы

Сегізінші көрініс

Сол жер. Жазықтықтың екінші жақ шеті.

Макбет кіреді.

Макбет

Баяғыдағы Римнің есуасы сияқты,
Семсерге қарсы ұмтылып, өліп нем бар?
Тіріні көріп тұрғанда, оларды мен,
Бауыздап өлтіре бермеймін бе?

Макдуф кіреді.

Макдуф

Қанды басың бері тарт, төбет!

Макбет

Көп жауымның ішінде тек сенімен
Келмеп еді кездескім. Сенің бала-шағаңның,
Әйеліңнің қаны онсыз да менің мойнымда.

Макдуф

Сендей итке сөз шығындап жатқанша,
мына қанжар сөйлесін.
Сендей сұмға басқа деп атар ат та жоқ.

Сайысады.

Макбет

Бекерге қылыш сермейсін. Қанжарыңмен
Тек ауаны тілгілеп не қыласың;
Денеме менің, бәрібір, бірде бір жара түспейді,
Онан да сен осылардың басын жар.
Әйелден туған адамның бірде-бірі
Маған қатер болмауына жындарменен шарттасқам.

Макдуф

Үмітіңді үз шартыңнан, жынмен жасасқан!
Қызметтес бол, жынның өзі куә болады:
Макдуф әйел бойынан уақытыңда туған емес-ті.

Мезгілінен көп бұрын, анасының ішін жарып, алынған.

Макбет

Байланбай ма осы сөзді айтқан тіл!
Бірден бойдан кетіп қалды дәрменім!
Ыбылыстың екі ұшты айтқан сөзіне
Сенгенді де қарғыс атқан осы екен!
Олардың айтқандары сенімді болып құлаққа
Естілер де, үмітінді жалған қып кесіп айтар.
Жекпе-жекке шықпаймын сеніменен.

Макдуф

Жығыл онда, қор неме.
Хайуандық тірлігінді сақтап қал!
Сені бір жұрт қарайтын жерге қойып:
«Озбыр зұлым осы, көріндер», - деп жазайық!

Макбет

Жығылмаймын. Малькольмнің алдында
Жерді сүйе алман, шулаған жұрттың қарғысын
Естіп тұра алман. Бирнам орманы
Дунсинанға көшсе де, сен әйелден тумасаң да,
Қас жауым, қылышымды былай тастап,
Сенімен жұлкыласа, басқамен сілкілесе,
Ілгеріге ұмтылып бір көремін.

Сонда «тоқта»-дегенді қарғыс атсын.

*Айқасқан бойы кетеді. Ұрыс дабылы. Ұрыстың біткен
қоңырауы. Керней. Барабан дабылымен Малькольм,
Үлкен Сивард, Росс, Ленокс, Ангус, Кэтнос, Ментейс,
солдаттар кіреді.*

Малькольм

Мұнда жоқтар аман болса жарар еді.

Сивард

Шығынсыз жеңіс болмас. Бірақ та
Айналама қарасам, осы жеңіс,
Бізге онша қымбатқа түспеген сияқты.

Малькольм

Сіздің балаңыз бен Макдуф жоқ.

Росс

Солдаттық борышынан құтылды сіздің ұлыңыз,

Ол бала боп өмір сүрді, ерлікпен дүние салды.
Ол қаһарман екенін өмірінің ақырғы
Сәтінде жұртқа көрсетті.

Сивард

Балам қаза болды ма?

Росс

Жатқан жерінен әкетті.
Қайғыменен өлшемеңіз балаңыздың ерлігін.
Онда сіздің қасіретте шек болмас.

Сивард

Жарасы алдында ма?

Росс. Тура маңдайынан.

Сивард

Тәңірінің ол ардақты ұлы болады,
Ұлдарым, қаншама көп болса да,
Бұдан артық өлім тілемес едім,
Іштен шыққан жоқтау сөзім осы.

Малькольм

Жоқ, мен оны есімде қасірет шегіп сақтаймын.

Сивард

Қасірет шегу осалдықтың белгісі.
Ол айқаста қаза тапты, жанын берді,
Ерлікпен. Адал өмір сүрді де,
Борыштанбай кетті ол.
Тәңірім жәрдемшісі болсын!
*Қолына Макбеттің басын ұстап, Макдуф кіреді.
Мынау соның жұбанышы.*

Макдуф

Жаса, Малькольм! Енді сен біздің корольсің.
Зұлымның басы, міне. Азат енді еліміз.
Айналада, төждегі меруерттей жарқырап,
Елімнің жақсылары тұр. Туыстар!
«Шотландия королі жасасын!», - деп
Шын көңілден айқайлап айтпаймыз ба!

Бәрі

Шотландия королі жасасын!
Кернейдің қостауы.

Малькольм

Босқа енді уақытты өткізбейік.
Мол ықылас көрсетіп, жедел жәрдем бердіңдер,
Алғыс айтам. Ал, мырзалар, туыстар!
Шотландияда граф деген атақ болмақ.
Осы атақты сіздерге берем бүгіннен.
Зұлымның озбырлығынан қашқан панасыздарды,
Елге қайтарып алуымыз керек.
Қанішердің әйелі өлді деседі өз қолынан,
Тәж киген зұлымға және әйеліне табынған.
Жақындары мен жарамсақтарын түгел ұстап алу керек.
Істер істің шегі жоқ, жәрдемімен төңірінің,
Уақыт тауып, кетеміз тамамына бәрінің.
Тойлайық, әке тағына адал ие келгенін.

*Керней.
Бәрі кетеді.*

ДЖОН ФЛЕТЧЕР

Испан сопысы

Buketov University

Қатысушылар:

- Дон Энрике** - бекзада. Виолантаны ессіз сүйеді. Інісіне қайырымсыз.
Виоланта - Дон Энрикенің әйелі.
Дон Хайме - Дон Энрикенің інісі.
Бартолус - сараң заңшы.
Амаранта - Бартолустың әйелі.
Леандро - заңшының әйеліне ғашық болған жеңілтек дворян жігіт.

Миланес }
Арсенио } - дворяндар, Леандроның достары.

- Асканио** - Дон Энрикенің баласы.
Хасинта - бір күндері дон Энрикенің некелесі болған.
Эгла - Мавр қызы, Амарантаның қызметшісі.
Октавио - Хасинтаның жалған күйеуі.
Лопес - испан священнигі.
Дьего - оның азаншысы.
Қасапшы.
Темірші.
Бірінші ғибадатшы.
Екінші ғибадатшы.
Коррехидор - біздіңше би, судья.
Сот приставы.
Куәлар.
Альгвасилдер - біздіңше сержанттар.
Андреа - Дон Энрикенің қызметшісі.

Уақиға Кордова қаласында өтеді.

ПРОЛОГ

Жаналық көрсетерлік бүгін бар деп,
Әлеумет қасиетіне назар сал деп.
Әзілдеп қашып жүру әдетіміз,
Уы жоқ, ащысы жоқ, түгел бал деп.
Ақынның көздегені - көңіл серпу,
Жетуге сол мақсатқа сенім бар деп.
Өйткені, пьесамыз тым тамаша,
Көруші, қара-дағы, ғажап қал,- деп
Айтудың қажеттігі онша болмас,
Сіздер оған сенбессіз, шығар талас.
Алдын ала мақта деп қойсам тілек,
Айтарсыз, қандай өзі өрескел,- деп.
Ойда жоқ жоба сызып, жұртты қинау,
Әркімнің өз билігі – дұрыс сынау.
Кемені түсіреміз суға қазір,
Дауыл, желден қорықпай жүзуге әзір.
Демек, Сіздер кетпеңіз дауылдатып,
Су бетін лепіргіп, толқындатып.
Әрине, жақсыда да болады мін,
Күтеміз мырзалардан сыпайы сын.

БІРІНШІ ПЕРДЕ
Бірінші көрініс
Коше. Леандро, Миланес, Арсенио, Хайме,
Асканио және екі ханым .

Арсенио

Біздің Леандро дос бәрін төлеп шықты.

Бірінші ханым

Бекзадаға лайық іс істеді ол,

Жомарт болсаң, жігіттер, осындай бол.

Миланес

Жомарт болмай не істесін! Мырзалығы бұл жігіттің – жалмап алып әкесін, қуана киген қаралы тастағалы киімін, тіпті көзге түсіп жүр. Енді біздің Леандро – мол дәулеттің иесі.

Арсенио

Дон Хайме деген осында Энрике бектің інісі.

Леандроны жанындай жақсы көреді деседі.

Миланес

Хаймеге оның қалтасы

Хайме.

Керек болған шығар-ақ.

Леандро. Көсуге бір уыстап.

Миланес

Ынтығады төрелер қалтасы бос,

Саудагермен қалталы болуға дос.

Леандро

Төре де білер болар өз пайдасын...

Миланес

Дон Хайменің болса да бай ағасы...

Екінші ханым

Дон Энрике біледі ебін дүниенің ...

Бірінші ханым

Виоланта Доньяға үйленіп, дәулетіне дәулет қосып алған жоқ па...

Миланес

Қаншама мол болса-дағы кірісі,

Қайыршыдай боп жүр мына інісі.

Арсенио

Бірақ, Энрикеде бала жоқ.
Олай болса, испан заңы бойынша –
Тек дон Хайме болады мұрагер дәулет иесі,
Сөйтіп Хайме қайтарад қазіргінің есесін.

Миланес. Бұлардың араздығы да осыдан десеңші...

Бала билейді.

Бірінші ханым

Бәрің де еркелеткен осы бала кім өзі?

Миланес

Бұл қызметтен бос әскери ...

Арсенио

Октавионың баласы.

Миланес

Естісеңіз бір кезде «Хасинта сұлу» атанған...

Арсенио

Ханым мұның апасы.

Хайме

Асканио, қазіргі менің үмітім орындалса іске асып,
айнымайтын қамқоршың болар едім. Өз баламдай елжіреп,
жақсы көрем шын жүректен. Қандай кедей болсам да, испанның
патшасының пажынан кем болмайсың деп сендірер ем.

Асканио

Сеньор, менен айрылып, тұра алмайды ата-анам бір де бір
күн.

Энрике кіреді.

Сүйенері – жалғыз мен.

Күнелткені олардың менің тапқан-таянғаным...

Қартайғанда оларды тастап кетсем,

Қолымнан өлтіргеннен болмасын кем.

Арыма келмейді сай мұндай сұмдық,

Сондықтан, өкпенізге айтам құлдық.

Хайме

Ақылды бала екенсіз.

Адамды тартпай қоймайды осы берген жауабың.

Бірінші ханым

Өзі қызарып кетті!

Екінші ханым

Қызарма , балам!

Ісің үшін мақтайды, босқа ұялу жөн бе екен ?

Хайме

Мә, ал бәрін!

Бар кірісім жыл бойғы.

(ақша береді)

Аз болғанына өкінем.

Асканио

Аллдан қайтсын !

Энрике

Сударь, өте мырза болып кеткеніңізге қарағанда, өз балаңыз емес пе осы бала?

Хайме

Балаңыз дейсіз бе?

Энрике

Солай дедім ұнаса. Төте айталық «шата» , - деп.

Хайме

Тартыңыз тіліңізді! Абайлап сөйлеңіз. Әйтпесе, туыстықты былай қойып, мен де жауап беремін.

Энрике

Мен кіммін? Айт-тағы, кешірім сұра, ез неме !

Хайме

Аға болмай жерге кіргір! Менен бұрын дүниеге қулығыңды асырып, пайда бола қалмасаң, кім болғаныңды көрер ем !

Леандро. Сыпайылау сөйлесейші.

Хайме

Бұл сыпайы болмаса, мен сыпайы бола алман. Маған өсиет айтарлық өмірінде бір де бір жетістігі болды деп айтсын маған жағымпаз немелері шетінен! Маған қамқор болуын мойындайын сонда мен. Әйтпесе, жүрмей ме өз бегіне !

Энрике

Сізге ақша берген кім, сударь?

Хайме

Марқұм әкемнің бұйрығы. Сіздің қалтаңыздан бір де бір тиын алғам жоқ.

Энрике. Қараспасам көрер ем жүргеніңді шолжандап !

Хайме

Жетеді! Сізден ақша алғанша, жезөкшеге жолбикеге телміргенім көп артық !

Энрике

Сізге мына ақшаның жасық, жаңа қордасы қалыпты ұнап. Қалтасы мұның біткенше, ағаңызды жүрмеңіз қайта сыйлап.

Леандро

Сеньор, мені сіз қордасы деп ақшаның тастадыңыз жазалап. Бірақ, біліп қойыңыз, әлденеге сенетін ақымағың мен емеспін. Көрінгеннен жасқанған қорқағың мен емеспін! Өзіме өзім сене алмай, жетегіне біреудің еріп жүрген емеспін. Энрике сараң болды деп, мен де сараң бола алман. Өз дүниемді жұмсауға ешкімнен ақыл сұраман.

Хайме

Леандро, сабыр ет. Сүйікті менің ағайым мен үшін еңбек етіп жүр. Бүкіл дворян ішінде тап осындай қамқоршы кездеседі ілуде бір.

Энрике

Не дейсіз, сударь ?

Хайме

Жомарттығымды ескертіп, қамымды жеп тырнақтап,
Мен үшін дүние жинаған қамқоршым дедім.
Әйтпесе, он алты жыл бойында
Әйелінің өкшесі бір де бір рет қанамай,
Қу бас болып жүргенде, өзінен өзі қызғанып,
Сығымдап жиып неғылсын?
Ойлағаны – жалғыз мен. Өзі өледі, мен қалам.
О дүниеге кетеді мұрагер етіп інісін.

Энрике

Жер үстінде жүрсем мен, өкінерсің осы сөзіңе!

Хайме

Мақсатыңа жетпессің, пиғылың жетер түбіңе.

Миланес

Қыза-қыза мыналар аяспауға айналды.

Арсенио

Жанымды дон Хайме үшін құрбан етем!

Хайме

Әлі-дағы сығымдап дүниені жинаңыз.
Кең далаң аз көрініп, ұлтарактай біреудің
жерін алып, қосуды көз алартып ойлаңыз.
Алтынға әсте тоймаңыз.
Қолдағы шаруа-жалшыны бүтжеңдетіп айдаңыз.
Жетім-жесір көз жасы, сенемін, Сізді мерт етер.
Орныңызға боп мұрагер інііз Хайме қалады.
Көріңіздің үстінде асырды ол салады.
Әлде бір топас сопыны жалдап екі пистельге,
Жүрмесін деп қаңғырып, әруағыңызды қуады.

Энрике

Жаңа ғой осыған да шыда дейді !

Хайме

Сол кезде сіз тозақтың тесігінен қарасаңыз,
Сандықтарды ақтарып жатқанымды көресіз.
Жарқылдаған алтындар босанып сіздің тұтқыннан,
Ойын-той, маскарадтарда салғанын асыр білерсіз.
Күйініші осы ойдың сізге төсек тартқыза,
Дәрігерді жіберіп, әспеттеп тұрып көмерміз.

Асканио мен ханым кіреді.

Энрике

Дәл бүгін осы тіліңнің қалмағанына байланып, өкінерсің-ақ!

Кетеді.

Миланес. Тидіңіз-ау қытығына.

Хайме

Жетті!
Жоғалуы-ақ мұң көзімнен
Қайта түсем жайдары асқақ көңіл жайыма.
Өңгімеге басқа бір көшпейміз бе қызықтау?
Не жаңалық бар?

Миланес

Соғыс жайы жазда осы шешіледі деседі.

Арсенио

Қарсаңында көктемнің эрцгерцогта не ой бар ?...

Леандро

Қарсыласа алар ма екен штаттар?

Падишада әл бар ма екен түрікті бір тойтарар ?

Миланес

Айлы ала туларын Польшаға ма, Перске ме ...

Леандро

Мемлекеттік істерді өзінің қара басынан артық білген өкіметтің, ақсақалды қарттардың еншісіне берілген нәрселердің қамын жеп, не болды бізге? Біздей жасқа сұлу әйел жөнінде әңгіме іздеу көп лайық.

Миланес

Арудың әңгімесі таусылар ма...

Арсенио

Артық себеп табылмас таласарға.

Леандро

Біреулер француз әйелі сұлу деседі.

Миланес

Олардың киімдері әсем келеді.

Леандро

Екіншісі жуантық итальян әйелдері артық деп береді ант.

Арсенио

Ал үшіншілері, «өзіміздікі артық», - деп, испан әйелдеріне елтіп жүреді.

Леандро

Менің бір досым айтып еді :

Лондонда бір бикеш жалғыз түннің ішінде
Французка, испанка, итальянка, голландка,
Жалғыз өзі ауысып, кезегімен боп шығып,
Ақырында таңертең жан жалынын басуға
Мас қылғанша сүйді деп.

Хайме

Осы менің ойымша,
Шетелден ару іздеудің қажеті бізге шамалы.
Өзіміздің Кордовта, нансаңыздар, сеньорлар,
Ғажап жүзі тең таппас тамаша бір ару бар.
Өзі де онша текті емес, барған жері жұпыны.
Неше сұлу әкеліп қойсаңыз да жанына
Татымайды сол арудың жалғыз жымығанына.

Арсенио. Кереметті айтыңыз !

Хайме

Шыныменен керемет !
Сондықтан да ол ару
Жұрт көзінен оғаштау
Сақталады жасырын.

Миланес

Иесі кім ол меруерттің, айтсаңызшы тезірек !

Хайме. Бартолус деген жексұрын.

Арсенио. Барып тұрған зымиян.

Хайме

Сұмды сұм көреді екен қиуадан.
Ағамның бас ұстазы сол айуан.

Миланес

Бартолустай сұмырайдың
Сондай тәтті жеміске
Жатқанына құмығып
Қалай шыдап тұрарсың?
Сол жеміске мен де үлес болуыма қолқабыс тигізгенге
Берер ем дәулетімнің жартысын !

Хайме

Бекерге әуре боласың. Байы сондай қызғаншақ.
Абзалы босқа ұрынбай, болу аулақ.

Арсенио

Леандро ! Қиялға шомып кеттің бе ?
Оян. Ар-ұятың қайда?
Іске аспайтын қиялдан қандай пайда ?

Леандро

Маған бір тамаша ой келді кенет !
Сіздерден орындауға болса көмек !

Арсенио

Қойшы, жаным, жоқты айтпай,
Күлкіге қалып жүрерсің.

Леандро

Сезімтал білдіріп тұр махаббатым,
Арудың татсын деп бір ләззатын.

Кетеді.

Хайме

Махаббат, қыдыр болып жолын ақта !
Уа, шіркін, жігітімсің ! Бартолус, сақтан !
Бәрі кетеді. Музыка, олең, күлкі.
Виоланта мен Энрике кіреді.

Виоланта

Көрдіңіз бе мұрагер інііздің даңғазасын ?
Сырт жайдары болса да, іштей оның мақсаты –
Өлтіру мына ағасын.
Бір күні осы дон Хайме бар дүниеге ие боп қалатынын
ойласам,
Тамағымнан өтпейді ішкен асым.
Бір жетімді панасыз асырап алып бала ғып,
Бір суыртпақ осыған бұйыртпасам жарар ед.
Ойымды іске асырып, әжуа етсем арманың,
Көңілім қандай тынар ед.

Энрике

Амал не, Виоланта,
Бұл тамаша қиялды іске асыртпайд біздің заң.
Інім оны біледі.
Кеудесін керіп, еркінсіп,
Шалжақтайды сондықтан.

Виоланта

Баласы едім құрсағы құр жатпаған ананың,
Жасымнан келдім мен Сізге,
Бойыңыздан қызу кетпеген жігіт едіңіз ол кезде...
Бұйыртпады Тәңірі маған неге баланы?!

Энрике

Басы жұмыр пендеге аян бола бермейді Тәңірінің жазғаны.
Бізді ұрпақсыз қалдыру - ісі жалғыз Алланың.
Амал не, жиып тергенді опасыз інім алады,
Қайғыма менің қуанып.

Виоланта

Бір суыртпақ бұйыртпай, өртеп бәрін жіберем !

Энрике

Бекінген менің ойымды
Ар-намыстан жасқанбай,

Сабырлы боп қостасан,
Үмітін оның кесер ем.

Виоланта

Ұл тапқандай болар ем
Кегімді алсам асырып.
Ініңіздің айласын .
Ісіңізге болсын сәт !

Энрике. Андреа, қайдасың?

Андреа. Мұндамын, синьор!

Энрике

Тез келсін деп айтты деп, Бартолусты алып кел!

Андреа кетеді.

Өкінбеніз кейін тек !

Виоланта

Дон Хаймеден құтылу – барлық арман,
Сол үшін үмітімді етем құрбан.

Екінші көрініс

*Бұлақтың жағасы. Леандро (басқа киім киінген),
Миланес және Арсенио.*

Арсенио

Барып тұрған жексұрын киімді қайдан тапқансың ?

Миланес

Мұндай киім киюдін бар ма сыры, айтсайшы !

Леандро

Екеуінде де тұтамдай ақыл деген болсайшы.

Арсенио

Сірә, осы түрінмен болып тым-ақ ұнамды
Тез таныспақ ойың бар.

Леандро

Ыржалақты қойыңдар !
Барқыт, жібек арқылы бикешіне ұнаған
Мен емеспін жасық жар.
Шыт кисем де үстіме, бермеспін ұпай ешкімге.
Арбиған атқа мініп ап, терезенің тұсында...

Арсенио. Аязда қатып түн бойы...

Леандро

Тісіне тісі жуыспай, қалш-қалш етіп бүрсендеп,
Байғұстар бар жүретін.

Сөйткендегі бар ойы – батыр болып көрінбек.

Айтшы, осы да қызық па ?

Ал, өзім мен - жылы үйге кіріп алып,

Қызыққа батқанды артық көремін.

Арсенио. Сонда қалай кірмексің?

Леандро

Ебін өзім табам ғой, ала келдім аспабын.

Ленас атты осында бір тақуа қари бар. Түсінікті болды ма ?

Миланес. Шынын айтсам, болған жоқ.

Леандро

Сол қаримен Бартолус айнымайтын дос екен.

Арсенио

Достығынан не пайда ?

Жеткізет деп тұрмысың сол нәлеттің уағызы ?

Әйеліне досымның ғашықпын деп айтсаң-ақ,

Жіберер, сірә, сен үшін дұғаларын ағызып.

Леандро

Сабыр ет, мырзалар.

Аруымның байымен сол қари дос деседі.

Мен оның ішкі сырын білдім мегзеп,

Міне, енді қимылдайтын келді кезек.

«Бейнет түбі – рахат» деген сөз бар.

Келді, өне ! Үндерінді шығармандар !

Лопес пен Дьего кіреді. Миланес пен Арсенио кетеді.

Лопес

Ия, барады жылдан жылға азып заман...

Қарияларда бедел жоқ.

Дьего. Дьяқтың халі одан да жаман.

Лопес

Оқып-оқып дұғаны, бір бүйірің шықпаса,

Емес пе құдай ұрғаны !

Дьего

Сіз осылай дегенде, ызындаумен күн көрген

Дьяқтың күні десеңші қандай қараң

Қоңырау қағып азанмен, қарыны әбден ашқанда,
Кеміргені байғұстың кендір арқан.

Лопес. Біз ат қоймағалы қанша болды?

Дьего. Жуықта үш айға толды.

Лопес

Сотқарлары бұл елдің балалап-ақ жатса да,
Ат қоюға қариді бір де бірі іздемейді.

Әйелдер отеді

Уа, азғын заман !

Дьего

Бұл заман әрі азғын, әрі қатаң,
Өлік те жоқ, тиын-сиын түсірер, оқып бата.

Лопес

Ауасы осы елдің тым-ақ таза.
Сондықтан, ел ішінде сирек қаза.
Шығармау жыл тәулікте бір жаназа,
Уа, Алла, қари үшін қандай жаза !

Дьего

Қари !
Аллаға біз қоямыз талай тілек,
Ашық күнді, жаңбырды көрдік тілеп.
Қайтер ед індетті ауа көрсек тілеп ?

Лопес

Амал не, жазуда бұйырыпты тілемеске,
Әйтпесе, көріне-көзге пайда емес пе ?

Дьего

Япыр-ай, бір де бірі өлмейді.
Осыларға топалаң келіп қалып, жайратса,
Я болмаса, безгектің құрыстырма түрлері
Шетінен тиіп, қиратса !
Ауруға қарсы амалын қолданбас үшін ешқайсысы
Дәрігерді де құлатса!
Қағар ем сонда қоңырауды!

Лопес

Дьего, сен жаңылдың. Дәрігерлер - біздің дос.
Олардың емі айнытпай жақындатат көріңе.
Ауру тоссан, Дьего, қолайсыз ауадан тос.

Дьего

Дұрыс-ақ. Ауа індетке толы болса,
Ешбір емге, амалға мұрша бермей,
Жұтпай жатып жаныңды жұлып таста !

Лопес. Сүзек пен құрыспаны көбейтсе.

Дьего

Сүзек өте көпке созылады.
Қолайлы ауру - құрыспа.
Сифилис пен ағылшын аурулары
Жабысса, шіркін, дұрыстап.
Зират сонда өсер еді,
Дьяк сонда бөсер еді.

Лопес

Өлімнің қандай жақсы жаназасы,
Жүресің бата оқырда көңілің тасып.

Дьего. Өмір деп соны айт.

Лопес. Қаза болмағалы ақылым да кеміп барады.

Дьего. Жер қазуды ұмытып, еріншектік жеңіп барады.

Леандро

Уа, жайдары балалар ! Барайыншы тұсыңа!
Алла болсын жәрдемші терең ойлы құлына!
Ілгері шығады.

Лопес

Бірге болсын !
Мұнысы кім ? Бізге келе жатыр ма?
Некеге, я дұғаға шақырар.

Дьего. Не айтпақсың, жаным?

Леандро. Тұрмын мына сеньорды тапқанымға қуанып.

Лопес. Жүзінде бар ишарат, бұл бір түсім кепілі.

Леандро. Сеньор, әкеліп Сізге хат...

Хат береді.

Лопес. Иә, аты-жөніңізді білуге болар ма екен рұқсат?

Леандро. Жана Испаниядан келіп ем мен. Жазған ескі досыңыз.

Лопес. Ия, ол елдің жынымен де таныс емен.

Дьего. Байқаңыз. Тістеп алар осыңыз маған ұнап тұрған жоқ.

Лопес

Тұрсын, не қылар дейсің? Бойынан басқа түгі жоқ. Қарақшыдан қорықпас. Немді алады менің бұл? Оқуымды тартып ала алмас.

Хатты оқиды.

«Сеньор Лопес, бұл елге Кордоводан келгелі мен Сізге бірнеше хат жаздым, бірақ бір де біріне жауап алғам жоқ. Жақсы, өте жақсы. Сіздің осы сияқты ұмытшақтығыңыз біздің хат тасуымызға кедергі келтірерліктей болса да, бірақ бар тілегім Сізге бұрынғыдай жақсылық істеу болғандықтан, тағы жазып отырмын! Мынау не дейді? Сол елдің бір де бір хайуанын білсемші. Сонымен осы бір жағдайды пайдаланып, Сізге бір өтініш жолдамақшымын».

Дьего. Бәсе, айттым ғой, қазір ақша сұрайды.

Лопес

«Сізге мына Леандро деген баламды тапсырамын, университетке кіруіне көмектесіңіз. Өзінің ойларымен Сізді ол таныстырар. Осы тапсырманы орындасаңыз, хаттарыма жауап бермегеніңізді кешірем. Сонымен, Алла Сізге жәрдемші болсын. Сізді құрметтеуші Алонсо Тиверна».

Алонсо Тиверна! Тамаша! Жобасы тым ескі дос болса керек, бұл атты бұрын естімеп ек.

Леандро. Ұмытып қалған сияқты тесіле маған қарайсыз.

Лопес

Жоқ. Ұмытпаған сияқты тесіле сізге қараймын, Білмегенді ұмытуға бола ма деп қараймын. Алонсо Тиверна дейсіз бе?

Леандро. Иә, дәл өзі.

Лопес. Индияда тұрады дейсіз бе?

Леандро. Иә.

Лопес. Демек, маған бәрібір, қаңғырып мүлдем кетсе де.

Леандро

Ойланып көріңіз. Саламанкода бірге оқып едік деп еді. Екеуіміз бір бөлмеде тұрып едік деп еді.

Лопес

Солай ма екен?

Леандро.

Түсер-ақ көп ұзамай есіңізге.

Лопес

Сыбайлас болдым және Сізбен.
Білмейсіз бе кім болғанын және бізбен ?
Ұмыттым. Ол кезде миы ашыған студент ем.
Дьего, сен көріп пе ең Тивериа атты мырзаны ?
Жиырма жыл болып қалды ғой менімен сен тұрғалы.

Дьего

Мен бе ? Бәрін еске сақтасам, басым ісіп өлмеспін бе ?

Леандро. Тивериа...

Дьего

Және жаңа Испания?
Мынау Сізге Қытайдан да дос табар.
Уа, жігітім, маған жоқ па хат-хабар?

Леандро

Хат жоқ. Бірақ, менің әкем құрметтеген азаншы Дьегоға
сәлем бар. Сол кісі Сіз емессіз бе ?

Дьего

Мен де сонда жатпақпын ұмытшақ пен ессізге.
Ия, мен – Дьегомын. Бірақ, Сіздің әкеңізбен...

Леандро. Жаңа Испанияны...

Дьего

Білмеймін. Ол елде мен болғам жоқ.
Бірақ, қари, осы біз алайықшы ойланып.
Осының өзі емес пе өңіміз емес, түсіміз ?

Леандро

Қателескен әкем мен.
Бірақ, маған айтқан еді біреулер :
Сізді осы қари дон Лопес деп, Сізді азаншы Дьего деп.
Мені әкем соларға жіберіп ед, мүмкін олар өлген болар.
Жаңылып, адастырмай мені бекер,
Рахмет, дұрыс жауап бердіңіздер.
Өйткені, әкем досы Лопеске
Беріп ед қол тапсыр деп бес жүз мысқал.
Азғана сәлемдеме, бірақ сіз басқа Лопес екенсіз...

Лопес

Синьор, тоқтаңыз. Кідіріңіз асықпай.
Әлі де ойлап көрейін, ұмыттым қалай, япырм-ай!

Дьего

Баяғыдан ұмытпай, сәлемдеме жіберген шынымен-ақ дос екен. Қазір-ақ еске түседі.

Лопес. Оның рас.

Дьего

Ойланыңыз. Міне, менің есіме түсе бастады: Орта жастағы пайымды кісі еді.

Леандро. Иә, жасы недәуірде.

Дьего

Синьор Алонсоның шашы әдемі еді,

Ағарып кеткен болар енді.

Лопес. Менің де түсті есіме.

Дьего. Кеткелі жиырма жылға толды биыл.

Леандро. Жиырма бес жыл.

Дьего

Сіздікі дұрыс. Дәл қазір толды, міне, жиырма бес жыл. Батыр жігіт болушы еді ер тұлғалы. Айтпақшы... кім еді соның алғаны ?...

Леандро. Де Кастро қызы

Дьего. Дәл өзі .

Лопес

Қолыңызды беріңіз, жаңа таптым.

Досым ұлын қуанышпен қарсы алам.

Пендеге басы жұмыр ұмытшақтық

Беріпті сынау үшін хақ тағалам.

Шіркін, қандай дос еді. Жанымыз бір болатын.

Көршілес боп бір уақыт ана жерде тұратын.

Сол арада...

Леандро

Өзінің жері бар да.

Лопес

Дәл солай, Алонсо Тиверия !

Уақыт салған екен миға зақым,

Болмаушы ед менен ешкім оған жақын.

Анаңыз қыз күнінде сұлу еді,

Некесін олардың мен қиып едім.

Есімде сән-салтанат, көңілді той...

Дьего, қарап қойшы, кімнің көзі?
Құйып қойған Алонсо емес пе өзі?

Дьего

Сударь, сіздің есіміңіз Леандро ғой.

Леандро. Иә.

Дьего

Мен сізді өсірген ем өз қолымнан,
Әлдилеп, еркелетіп, бір жылатпай.
Шіркеудің төбесінде алтыбақан
Жасап ем арқан байлап Сізге талай.

Лопес

Бала кезінде қандай тартымды еді,
Біз қартайдық, бұл, міне, жігіт енді.
Әкеніз ше? Есен бе қақтан-соқтан,
Бізге келіп қуантар ойы жоқ па?

Леандро

Жуырда келіп қалар. Бірақ, әзір
Жіберді мына мені Сізге сеніп.

Лопес

Бұған өте қуаныштымын.
Шын досыңыз боламын Сізге, балам.

Леандро

Және де оқы деп еді заң ғылымын,
Кісіге сол ғылымнан мол білім.
Таныстырсын деген-ді.
Жақсылап мені оқытса - үш жүз алтын ақысы.
Басқа шығыны өзімде.
Сол ақшаны арқалап, әбден өзім шаршадым.
Иесіне тапсырсам, кеңір еді арқам бір.

Лопес

Шаршау Сізге зиянды. Жүгіңізді жеңілтіп тастауыңыз
ұнамды. Керек болса аз-аздап өзім беріп тұрармын. Заң
ғылымын тандапсыз, беттеуіңіз дұрыс-ақ. Бартолус деген
осында маған көрші тұратын бар тамаша білімпаз. Өзі менің
жан досым. Соған Сізді тапсырамын.

Леандро

Қамалдың алды құлап, өзі қалды.

Үшінші көрініс

Бартолустың үйі. Бартолус пен Амаранта.

Бартолус

Жоқ, Амаранта, даңғазадан аулақта,
Үйде тыныш отырып, өмір сүру оңаша
Лайықты әйелдің мінезіне, көркіне.
Өз үйінің ауасы, адал, таза ойлары,
Оқыған ескі кітабы бәрінен болса пайдалы,
Жұрттың көзін телмірткен аңқиған ашық терезе,
Кешкілікте терраса ешбір керек болмайды.

Амаранта

Көрінгеннен қызғанып, анду мені – ойыңыз.
Әйелінің бар болса адалдығы, ұяты
Қамап қою дұрыс па?
Сол адалдық, сол ұят қараңғыда, бұғауда сөніп, солып,
өшпесін.
Қайта жайнап, гүлденіп, жұртқа өзін көрсетсін.
Бірақ-тағы ол үшін жарық пенен күн керек.

Бартолус. Ызалысыз Сіз ерек.

Амаранта

Мен ызалы болмас ем, болмасаңыз сараң Сіз.
Саранды Алла қостаса, жұмақта Сіздің орныңыз.
Сіз сияқты заңшының әйелдерін қарасаң,
Қызметшісі, күймесі, не керегі бәрі бар,
Мен солардан кеммін бе?

Бартолус. Амаранта, қой енді!

Амаранта

Жақсы киім киініп, саяхаттап, сайрандап
Жүрсе-дағы, алдау жоқ мәпелеген ерлерін.

Бартолус

Сен де сондай боласың.

Амаранта

Еркектермен кеңесед именбестен,
Арына да зақым жоқ, азатта өскен.

Қақпа сыртында дауыстар естіледі.

Бартолус

Сабыр ет, Амаранта,
Жеткізейін дәулетті мақсат еткен шамаға.
Орындаймын сонан соң арманыңды қалаған.
Эгла кіреді.

Амаранта

Мінеки, келді менің жалғыз досым,
Аспазшым, қызметшім – бәрі осы.
Бір күні мұны да Сіз көп деп ойлап,
Қоярсыз аңдуға бір шайтан жалдап.

Бартолус

Қойшы, Амаранта!
Жай келдің бе?

Эгла

Қари менен азаншы танымайтын біреуді ертіп, Сізге келіп
тұр.

Кетеді.

Бартолус

Бар өзіннің бөлмеңе.
Олармен аз кеңесіп, жіберейін тезірек.

Амаранта

Әміріңізге құлдық.
Қасіретті мен шеккен Сізге де түсінерлік келер кезек.

Бартолус

Бәрін өзім қайтарам.
Есікті жабады.
Жабық есік сенімді.

Лопес

Бердік сәлем терең ойлы ғалымға!

Бартолус

Біз де сәлем жолдадық, тақуа атай қарига!

Дьего. Тәңірі болсын жәрдемші.

Бартолус

Сәлем бердік Дьегодай көршіме!
Не шаруа, айтыңыздар, мырзалар,
Уақыт ақша табад деген сөз бар.

Лопес. Қысқа сөйлейік.

Бартолус

Онда жоғары кірейік. Кіріңіздер.

Лопес

Уақыттың тарын ескеріп, сөздің айтсақ қысқасын,
Адалдығы сыртынан көрініп тұрған жігітті
Кетпекпіз әкеп беріп...

Бартолус

Адалдығына сенем. Бірақ, бұған не себеп ?

Лопес

Шәкіртіңіз болмақшы.
Қызметшіңіз болса да, әйтеуір білім алмақшы.

Дьего

Ақшаға жалдап алуға мұндай жігіт табылмас.

Леандро

Алыстан келіп едім іздеп ұстаз.

Бартолус

Мен өзім адам едім қарапайым,
Ұстауға сіздей нөкер келмес жайым.
Тар үйде өзіміз де өзер сиып
Тұрамыз, кешіруді бек сұраймын.
Және де қызметшіні жалдағанда
Біліп алу аты-жөнін, хал-жағдайын
Бұл заманда...

Лопес

Жауапты мен өзім берем.
Кепілге алтыны бар бес жүз мысқал.
Тап-таза алтын берген жігіт адал.

Бартолус

Кепілі нығыз екен.
Керегі де сонша емес соның, бірақ,
Адалдық түрінде тұр көрініп-ақ.

Лопес

Дұрыс-ақ, дұрыс-ақ!

Дьего

Дұрыс-ақ, дұрыс-ақ!

Леандро

Менің жалғыз мақсатым – заң ғылымын үйрену. Естуімше тап сіздей сол ғылымға жетік жоқ. Ұлтарақтай орын мен сырмақ маған берілсін. Науқасыңыз бойынша кітаптан оқып керекті болар еді көңілім тоқ. Сіз бенен заң ғылымы жеткілікті, басқадай тілек етер ешнәрсем жоқ, өзім де жақсы көрем онашаны. Еңбегіңізді сіздің ескеріп, жиырма алтын айына төлеп тұрамын. Түбінде өсіруге де болады ана үш жүзден...

Лопес

Ол үш жүзді сақтайтын – мен.

Леандро

Ғылымнан басқа жоқ менде ешбір тілек,
Тамақты да жүрем өзім реттеп.

Лопес

Ғылымға деген ынтасын !

Бартолус

Әм ғажаптанам, әм бағалаймын !

Дьего

Шіркінді көр қаздырып үйретер ме еді !

Лопес

Кездеседі мұндай жігіт өте сирек!

Бартолус

Мұндай жастың ынтасын қолдау керек.
Жемісті еңбек етеді.

Лопес

Басшылық, көмек етсеңіз, арманына жетеді.
Бұл жігіттің әкесі Тиверия Алонсо жақсылығыңызды
ешқашан...

Бартолус. Сіз не дейсіз?

Дьего

Бұл жігіттің міні жоқ, бірақ қыздай ұялшак...

Лопес

Қанында мұның қызу жоқ, бәрін кітап жеп қойған.

Бартолус

Мұнысы тіпті жақсы екен.
Сударь, сізді алайын.
Бірақ, сізге жақсы үй ұсынуға шамам жоқ.

Қолайсыздау болса да, төсегі қатты үйшікте
Жатасыз енді, амал жоқ.
Ғылымға зиян даңғаза.
Анда-санда отынды, майшамды да беремін.
Аз тілеп, етушілік көп қанағат –
Шын студентке әрдайым лайық зат.

Леандро

Сударь!
Үлпілдеп өскен жан емен.
Тек жататын жерімнің сыз-ылғалы болмаса,
Бәріне де көнемін.

Бартолуc. Бірақ, сіз ізетіңізді біліңіз.

Леандро

Әлбетте, сударь! Мен Сізге, алтыным,
Бүгіннен бастап боламын құл.
Маған тек сіздің қатігез логикаңыз қонса тез,
Артығымен өтейін.

Лопес

Ал, олай болса, ғылым жасасын!
(*Бартолуcқа*) : Бұл Сізге бір зор табыс.

Дьего

Оқыңыз. Жақсы заңшы боласыз.
Қоңырауымды шетінен бір күні сатып жіберсем,
Шебер дәлел келтірем. Бұл заңды деп табасыз.

Бартолуc

Жүріңіз, сударь. Сіздерге, достар, рахмет!

Лопес

Мен тағы бір соғамын. Кеңірдекті жібітер келді кез.

Бартолуc

Рақым етіңіз.

Лопес, Дьего, Леандро кіріп келеді.

Бартолуc. Меруертім – жұбайым !

Амаранта кіреді.

Амаранта

Бола тұра қызғаншақ қылшылдаған жігітті
Үйге неге алдыңыз?
Сірә, пәле әкеліп, мазадан ада болмақсыз?

Бартолус

Жоқты ойлап, қарағым, болмасаңшы сабырсыз !
Үні жоқ, тыныш, ұялшақ, сырттан ішед тамағын.
Кітаптарын оқиық, аянбай талай сабағын.

Амаранта

Керегі жоқ! Бір күні мені қызғанып,
Кетесіз сіз жынданып.

Бартолус. Жынданбасқа ант беремін.

Амаранта. Жоқ, жетеді. Жайыңызды мен білемін.

Бартолус

Бата алмайды ол саған кірмек түгілі қарауға.
Бөлек үйшік ішінде, бермесек көмір-отынын...

Амаранта

Өз мазаңыз кетеді, өз тұтатқан отыңыз.

Бартолус

Көрмей тұрып не болды айырылып мазаңнан?
Жүректен орын берсең де, жылымайды салқын қан.
Күні арқылы күнәсіз өмір сүру заңын ол,
Бұрылар емес оқудан.

Өлең айтады.

«Жас бала жайған қанат махаббатын,
Қолыңа садағыңды ал, асыл затым.
Арудың отты көзін нысаналап,
Жіберші тым болмаса бір-екі атып.
Жіберші тым болмаса бір-екі атып»
Сенсең, шырағым, ол әйелге қарауды да білмейді.

Амаранта

Енді тек дастарханға шақыруыңыз қалды.

Бартолус

Егер қарсы болмасаңыз, шақырмайтын несі бар?

Амаранта

Ұнамайды осыңыз.

Сахна сыртынан тарсыл естіледі.

Бартолус

О не? Біреу тарсылдата ма?
Кіріңіз. Келуіңіз жайша ма?

Андреа кіреді.

Андреа

Тез шакыр деп жіберді дон Энрике,
Маңызды ақылдасар іс бар екен.

Бартолус

Кәзір барамын. Кеттім мен. Мазаланба, жаным сен.
Сөйлесерміз тағы да. Қош бол.
Сіз, сударь, кітаптарды қараңыз.
Біреу сағат өткесін, себебін біз аламыз.

Леандро (сахна сыртында)

Күтуге мен Сізді дайын.

Бартолус

Меруертім – жұбайым! *(Кетеді.)*

Амаранта

Осыншама ақшамен өсек-пәле ғылымын
Оқымақ боп қайыршы күнін көру тым ғажап...
Кім екен өзі, көрер ме ед?
Терезесінің тұсынан қарайыншы сығалап.

Кетеді.

Леандро (кіреді)

Байы кетті үйінің іші қалай кір?
Маған берген үйшігі әрі ылғал, әрі сыз.
Мұнда тұрсам, бір айда әйелге боламын жарамсыз.
Көру керек. Қайда екен?
Қобыз тартсам, ән қосып, шықпас па екен өлеңге?

Кетеді. Амаранта кіреді.

Амаранта

Қайда өзі? Көргім келіп барады !!!
Сахна сыртында қобызға қосылған ән естіледі.

Амаранта

Бұл не ? Қобыз ба ?

Леандро

«Жібер, жаным, күн туды сапар шегер,
Аңызға соғып кетсе жолда егер.
Толқытқан қос анарын қардай әппақ
Арудың лебі болса, сол – аңызға»

Амаранта

Шыққан сөзі аузынан, көп ұнамды заңынан.

Леандро

Бір сөз айтам, аруым,
Сүйіп, қайтсын қаруың.
Қозғашы, жаным, ернінді,
Бір сөзіңе зәрумін!

Амаранта

Ынтығып барам көруге.

Леандро сығалап қарайды.

Амаранта. Осы ма?

Леандро. Осы ма?

Амаранта. Әрине, сол!

Леандро

Қандай келбет, қандай түр!
Хордың қызы бейне бір!

Амаранта

Ұсқынсыз деп кім айтар! Ерге біткен қияпат,
Тұруынан үн қатпай, байқалады асыл зат.

Леандро

Япырм-ай, күдіретті хақ тағала
Бар көркін осы әйелге жинаған ба?

Амаранта

Жүзінде - сән, көзі де оттай
Жайнап барад, қараса-ай!
Келбеті ерге лайық. Бетінде – нұр.
Қой кетейін, жетеді. Жарамас бұл.

Леандро

Үйшігіме өзімнің қайтайын енді тезірек.
Айтқысыз азап шексем де, жолына шашып мүлкімді,
Қайыр сұрап қалсам да, көңілім ешбір жаңылмас.
Дәл осындай шырынды жемістің татпай ләззатын.

Амаранта

Күйеуім, үйіңізге от кіргізіпсіз!

ЕКІНШІ ПЕРДЕ
Төртінші көрініс
*Лопестің үйі. Лопес, Дьего, қасапшы,
темірші және екі ғибадатшы.*

Қасапшы

Қари ата!

Бірінші ғибадатшы

Мейірімді ата!

Екінші ғибадатшы

Дьего.

Темірші

Жүрдіңіз рухымызды жөнге бастап...

Қасапшы

Кетесіз енді бізді кімге тастап?

Лопес

Жоқ, мен сендерден кетемін.

Үйретсем де жиырма жыл

Бір уағызым ашыған миларыңа қонбады.

Жезөкшелік, жосықсыз салдақылық қалмады.

Жоқ! Сендерге жолдас мен емес.

Дьего

Сендерге жолдас мен емен.

Лопес

Шексіз күнәларыңды кешіруді іздемейсіздер,

Құдайға сенбейсіздер.

Темірші

Бағып-қаққан бізді Сіз кімге тастап кетесіз?

Лопес

Іріген-шіріген немелер, аулағырақ кетіндер!

Қасапшы

Діни ата, қалыңыз бізбен!

Бүгін жаңа шекпен кисеңіз де, ызаланбай, қалыңыз!

Бәрі

Қалыңыз !

Қасапшы

Біз білеміз Сіздің жақсы...

Бәрі

Екеніңізді.

Қасапшы

Уағызбен шаршатпайсыз аса бізді.

Темірші

Аз оқисыз да...

Бәрі

Тоқтай қаласыз.

Темірші

Сонан соң мезі қылмай...

Бәрі

Ұйықтай қаласыз!

Бірінші ғибадатшы

Ішімізде және де домалатып доптарды,
Ойын-сауық бастауға Сізден артық адам жоқ.
Қай жағынан болса да Сіз үлгісіз біздерге,
Дастарханда сол үшін...

Бәрі

Ішесіз сіз бізден көп.

Лопес

Байласа да мен мұнда бекіндім енді тұрмауға.
Жер үстінде жүргем жоқ...

Дьего

Есектерді меніреу күнде осында жинауға.

Екінші ғибадатшы

Жеріңізге жер қосып, қиып берейік,
Өзіміз тапшы болсақ та, Сізге жиып берейік.

Темірші

Жылына бес жүз қағамын таға,
Елуін бағыштаймын тағалаға.

Қасапшы

Мен – қасапшы, жинаймын Сіздің үшін
Сүйектің сорпалыққа ең майлысын.

Лопес

Байласа да тұрмаймын.

Дьего

Байласа да тұрмаймыз.

Бірінші ғибадатшы

Өсіреміз, Дьего, ақыңызды Сіздің де.

Дьего

Сөздерінді сендердің қолдайтын адам мен емес.

Өңшең топас, тобырлар,

Шіркеу кілті есіктің жатыр, әне, түбінде.

Кіріндер де ішіне, тағандарды қуындар.

Өлгілері келгенге асылуға лайық

Қоңырауда арқан бар.

Темірші

Асықпауыңызды сұраймын.

Дьего

Егер де керек болсақ біз, сендер...

Бәрі

Жалынамыз, жалбарынамыз.

Бірінші ғибадатшы

Шарап қоям қанарлық...

Лопес

Мына сөз құлақ қоярлық.

Бірінші ғибадатшы

Қызымды Сізге жіберемін.

Лопес

Бұл дұрыс, өйткені жақсы, қажет

Көрсету Алла жолын, жоба-жөн.

Екінші ғибадатшы

Не айтсаңыз да көнеміз.

Дьего

Қалсын деп ойласаңдар бізді сендер,

Мынадай қой алдарына міндеттер :

Құнығып онша кетпендер...

Лопес

Бізге-дағы ауысып, Аяланы ойлап, етпендер.

Темірші

Арғы атымды үш ай өткен соң

Өзіңіз мүлде алыңыз.

Дьего

Міне, мынау дұрыс іс.

Лопес

Бала туындар. Ат қояйық.

Дьего

Өздері үшін тусын ба, Сіз үшін бе,
Қайсысы лайық ?

Лопес

Бәрібір ғой.

Қасапшы

Кіріссек қиын емес бала бізге,
Тартамыз топ-тобымен енді Сізге.

Дьего

Ашылар емес қабағы! Сендерге осы батпай ма?

Бәрі

Батқанда қандай !

Дьего

Тарқатуға ашуын, көтеруге көңілін
Мейірімдерінді білдіріп, не әкелдіңдер, кәнекей?
Ұят бұларың қып-қызыл!

Қасапшы

Музыкаға қосылып, тамаша өн айтпақпыз.

Лопес

Музыка үшін рахмет.

Бәрі өлең айтады.

«Ер балалар орғысын, қыз балалар қарғысын,
Қақсын қоңырау, жайсын қоңырау дабылын.
Дастарханды айналдыр, қалмасын ішпей ешкім құр.
Мейрамдалық қари ата қалуын!»

«Секір-секір, торайым, жүгір-жүгір, торайым,
Сүр болғанша сайрандап қал, торайым.
Өйткені, бүгін бәріміз істелік өте игілік іс,
Қарт қаридің таптық ақыр орайын»

«Сізге деп әр бәйбіше киіп жақсы кимешек,
Аса жақсы тартады тағамдарын.
Еңбегін ешкім аямай, ауыс-түйісін санамай,
Сізге, ата, құлшылық етеді бәрі!»

Лопес

Көтеріңдер көңілді, қалсақ қалайық.

Дьего

Жөн мен жобаларыңды бір-екі жыл байқайық.

Діншілдер

«Егін жиып, шөп шауып, арақ ішіп, жар құшып,

Жеріңіздің түсімін көбейтеміз.

Қатынға күш жұмсаймыз, құр жатқызбай құрсағын,

Өйткені, біз Сізді бек сүйеміз».

Миланес пен Арсенио кіреді.

Лопес

Мені іздеп кісілер келіп тұрған көрінеді.

Көршілерім, қайтыңдар.

Ғибадатшылар кетеді.

Мен керекпін бе, синьорлар?

Арсенио

Бір қарап Сізге қайтпақпыз, жүзіңізде мейірім бар.

Лопес

Хат әкелген жоқсыз ба? Сәлемдеме немесе?

Арсенио

Сәлемдеме дейсіз бе?

Лопес

Иә, Жаңа Испания, болмаса басқа елдерден...

Түрлеріңізге қарасам, алыстан іздеп келгендей...

Әлде бір ескі досым есіне алып,

Қытайдан жіберді ме тап деп барып?

Әлде парсы падишасы сарайынан

Жүрген болар бізге бір дос табылып?

Мүмкін Сіздер боларсыз Мексикадан?

Миланес

Жіберді бізді Сізге бір саудагер.

Лопес

Жаксы. Аты-жөнін айтыңыз. Қай саудагер?

Миланес

Өзіңіз де білесіз.

Лопес

Жоқ, білмеймін, білмеймін.

Арсенио

Тапсырыпты жуықта қолыңызға көп ақшаны
Сол кісінің нөкері.

Лопес

Аты – Леандро емес пе?

Арсенио

Дәл өзі.
Тонап алып қожасын, қашып кеткен жылысып.

Дьего

Салқын хабар мұнысы.

Лопес

Шынында да салқын-ақ.

Миланес

Сонымен бұған не айтасың?

Лопес

Не айтушы едім?
Жүз мысқал барлық қолда қалғаны.
Жалынамыз Сіздерге...

Миланес

Дарға Сізді асады!

Лопес

Екеуімізді қоса аспас, біріміз де жетеміз.

Дьего

Жоқ, асса, бірге асады. Сіз көбірек алғансыз.
Менен гөрі биікке Сізді асуға тиісті.

Арсенио

Көштіңіз бе тәубаға?

Лопес

Көштім.

Дьего

Көштік!

Арсенио

Жарайды. Құтылайық жазадан,
Тіпті керек десеңіз, тағы ақша берейік,
Бірақ, бізге азырақ қолғабыс етіп, көмектесіңіз.

Лопес

Келгенінше әліміз!

Дьего

Ынтамызды саламыз!

Миланес

Олай болса, достарым,

Қызметші емес, Леандро қожаның мүлкін ұрлаған.

Лопес

Ұры болса, ақша алып, сенер ме едім мен оған?

Байлап қойған төбеттей үйшігінде заңшының

Тұруына бас себеп ойламаңыз ғылым деп,

Сол заңшының қатыны – Леандроның ғашығы.

Лопес

Күтеміз Сізден шарапат.

Арсенио

Ретін тауып, Сіз оны

Қалдырыңыз онаша Амаранта арумен.

Лопес

Леандро саспасын. Заңшының ретін табам мен.

Әкетеіін шығарып ол шіркінді үйінен.

Ал, кеттім.

Қайтып келеді.

Дьего, сен қатты науқас бола қал.

Үндемей жүріп жинаған көп байлығы бар екен,

Жан кешпекші боп жатыр дәулетінің билігін.

Тастап сізге дейін мен, жан ұшырып келер-ақ,

Керегінше ұстармыз бар келтіріп ала алсақ.

Миланес

Ақыл екен табылған.

Арсенио

Ішегіміз қатар күлкіден.

Дьего

Асықпай-саспай мен оны, қалжаққа салып көрейін.

Бартолустың қызметін әйелінің есінен

Кетпестей қылып атқарсын айлалы ер Леандро.

Барқылдақ, былжыр қарт тәннен қайтара алмай қызу

Қызу, шымыр қимыл сағынған шырыны мас дененің

Құмары бір тарқасын.

Бесінші көрініс
Эрике мен Бартолуc кіреді.

Эрике

Істің жайы айқын ба?

Бартолуc

Әбден айқын, синьор.

Мұның бәрін мен Сізге ойлаған жерден шығарамын.

Заң дәрігері дегеннің емі қонбас нәрсе жоқ.

Бәрі білген адамды

Дүние кебі ақшада.

Қиын-қыстау жерлерден тигізбей шаңға шыға алам.

Халықтан ешкім келмейді.

Өзіңіз бек болған соң, сот құралад осы үйде.

Судья сізбен көңілдес.

Оң болу үшін ісіңіз, жылытарлық қойыңыз.

Ең алдымен заңшыға ашық болсын қолыңыз.

Ескерсеңіз осыны: қай қуаныш, қандай кек,

Қайсы мүлік, қандай жер тілесеңіз әперем.

Куәларды қойдым мен алдын ала әзірлеп.

Эрике

Куә? Олар маған неге керек?

Бартолуc

Өңшең сімер, сабаздар «шаш ал»,- десен, бас алар.

Куәлар

Бәріне куә боламыз.

Эрике

Шынға куә боласыз.

Бартолуc

Бұларға бұл бәрібір.

Реті келсе, шынға да куә бола алады.

Куәлар

Біздер үшін бәрібір.

Шынды «шын» деп куәлік беруге де болады.

Эрике

Шынға куә боласыз.

Бартолуc

Бұларға ол бәрібір.

Реті келсе, шынға да куә бола алады.

Куәлар

Біздер үшін бәрібір.

Шынды «шын» деп куәлік беруге де болады.

Энрике

Олай болса, жарады.

Бартолус

Ұмытпаңыз тек бүгін судьяны астыртын

Құмықтырып қоюды. Жүрегі тұрсын лүпілдеп.

Энрике

Жарайды.

Бартолус

Судьяның жүрегі лүпілдеуін мен-дағы

Сезінуім керек қой... Ал, уақытында көрерміз.

Синьор, сау болыңыз. Әділет заңға сеніңіз !

Екеуі кетеді. Октавио, Хасинта, Асканино.

Октавио

Жүр, Хасинта, барайық. Шақырып жатыр бізді сот!

Хасинта

Маған бұнысы ұнамайды. Не шара бар пәлеге?

Октавио

Не пәле бізге жапса да,

менсінбеген адамдай тұрайық еркін жымия.

Қорықса, байлар қорықсын сұм, пиғылы зымиян.

Ашылад деп жұрт алдында

Біз сияқты кедейге соттың тісі батпайды.

Хайме мен Бартолус кіреді.

Хайме

Мені мұнда қай ақымақ керек қылып шақырды ?

Бартолус

Мәлім болад кәзір-ақ.

Хайме

Әттең, сотта тұрғаным !

Әйтпесе, жетім-жесір, пақырды,

Сорып жиған майынды ағызар ем сығымдап!

Амалым жоқ, шыдаймын, елім заңын сыйлаймын.

Бартолус. Дұрыс болар соныңыз.

Хайме

Әттең, сотта тұрғаным!
Айналайын қарақ-ау, сен де сотқа келдің бе?

Аскино

Өзім-дағы білмеймін, шақырды дейді мені де Коррехидор
мырзамыз.

*Коррехидор, Энрике, Виоланта, сот приставы және
куәлар кіреді. Бәрі орналасып отырысады.*

Сот приставы

Келе жатыр судья?

Хайме

Е, ағам жүр сүйікті мыналардың ішінде.
Бір сұмдық бар ішінде.

Коррехидор

Дон Энрике, бүгін біз
Осы жыл сотқа жолдаған
Бізден шағым болған соң,

Энрике

Сізден болса рұқсат, істің жайын айтады
Біздің мына адвокат.

Коррехидор. Баяндасын, рұқсат.

Бартолуc. Хм, хм...

Хайме

Тамағыңды қырындың, екі көзің жыпылдап,
Ішің толған өтірік шықпай әлі жатыр ма ?

Бартолуc

Егер осы әділет сот алдына келіп мен бүгін
Өзіме ешбір тән емес істемек боп істерді қараласам
алдында,

көріне көзге ақтасам, күнәкар, сұм, арамды.

Барынша өз сөзімді әшекейлеп, ырғалтып,

Он екі түрлеп, бұралтып бағар едім бірақ та.

Керек етпес шын алтын шеберлігін зергердің.

Анық асыл нәрсеге қонбас арзан әшекей.

Сотыңызға әділет жүгінген шағым иесі

Кешірім сұрап Алладан, дінге құрбан берсе де,

Өмірінде жасаған ащы, ауыр қатесін

Кетіре алмай есесін, өкінеді әлі де.
Жылдар бойы жасырған сол ауыр күнәсін
Енді елдің алдында жария етпек болып тұр.

Хайме

Әй, қу жақ! Сөзді осынша шырмалттың,
Не дегің сенің келіп тұр ?

Бартолус

Жас шағында бұл кісі

жастың қаны қызулы болатыны белгілі

Мына тұрған, әлі де баяғы өз көркінен айрылмаған
әйелге әлде қалай кездесіп, қалған екен ұнатып.

Хасинта

Күдіреті күшті құдая, көрмесін мұндай ұятты.

Бартолус

Шамасынша бұл кісі қызға көңіл салады.

Бірақ, ешбір жібімей, қыз бекініп алды.

Сондай алдап, арбаумен

Мына тұрған топтанып куәлардың көзінше...

Куәлар

Эрикеден некелік уәдені алады.

Коррехидор. Ант берсін.

Куәлар. Береміз.

Хайме. Бұлар жарты жиынға сатады өз әкесін.

Сот приставы. Тыныштықты бұзбаңыз !

Коррехидор. Кәне, айта беріңіз.

Бартолус

Берісімен уәдесін, мақсатына жетіпті.

Қызуы, бірақ, басылып, ләззатына қанған соң,

Бекзада бай өзімен тексіз әйел арасы

Сондай алшақ жатқаны көрініпті көзіне.

Әділетсіз бұл істі жөндеу үшін Энрике

Бұл әйелден айрылып, донья Виолантамен

Қосылғаны белгілі.

Хасинта

Не қыламын жасырып, баяндалған осында.

Менің арым төгіліп, өтірігі жоқ, бәрі шын.

Бірақ, сен де тындап қал.

Ұялғанда бетіне шыпшып-шыпшып шығатын
Тым болмаса бір тамшы қаның болса, Энрике.

Октавио

Қарабеттің бетінен қан көрінер дейсің бе?

Хасинта

Мына тұрған кісінің шарапаты арқылы
Екеуі ерлі-зайып деп аталсақ та сырттан біз
Құдай куә, бөтенбіз.
Сенің жауыз ісінді осыншама жыл бойы
Бір адамға білдірмей, сақтап келдім ішімде.

Коррехидор

Ғажап екен мұнысы, кәнекей, ант береміз.

Октавио

Бәрі шын. Ант береміз.

Хасинта

Орныма басқа біреу келіп,
Басынып, әбден құтырып, қорлауына көндім мен.
Сенің тыныштығың мен ынтымағын үйіннің
Бұзғым келмей, шыдадым.
Сол үшін ғой мені сен
Көрінгеннің нәсібін басуға дайын салдақы деп әйгілеп
Халыққа сайқы-мазақ етпексің.

Октавио. Мейірімсіз, жексұрын !

Хасинта

Сондай күйік, азапты кешуіме
Сүйеніш, медеу болған тек мына
Алдаңыш, көкешім – сенің балаң – Асканис.

Хайме. Бір-екі сөз өтінем !

Коррехидор. Не айтасың?

Хайме

Ағамда менің бала жоқ, мұрагері жалғыз – мен.
Мені сол мұрагерліктен айырып, бөлу - мақсаты
Мұның бәрін жасаған мына тұрған ағамның
Зымыян, жылпос заңшысы.
Маған зиян келтіріп, мұқатпақ бәрі өтірік.

Коррехидор

Тым-ақ батыл екенсіз. Энрике, сөйленіз.

Энрике

Екі жақтың сөзі де кірі жоқ, адал екенін
Мойындаймын, тек мына Хайме айтқаннан басқасын.
Кек алу емес мақсатым.
Ойым – мына әйелден кешірім сұрап,
Кінәмді ақтау еді шамамен.
Әлде кімнен шашырап пайда болған баланы
Өз үйіме кіргізіп, бала қылып аларда!
Айрылғам жоқ есімнен.
Бұл бала – менің өз балам !

Виоланта

Қүдіреті күшті тағала,
Осындай да арсыздық, ұятсыздық бо.

Энрике

Ия, бала – менің өз балам!
Әділетті сотымыз бекітсе осы баламд
Кәзір осы баламды жаныме ертіп кет

Хасинта

Жок! Жок !
Айырғанша баламнан, антымды қайт
«Жезөкше» деп өзіме-өзім жала жаба
Ұятымды, арымды құрбандыққа шал
Мен сияқты өмірдің қызығын ешбір !
Бақытсыз, лажсыз байғұстың қолынд
Жұбанышын, жалғызын біреуге тарт
Әділетсіздік емес пе ? Айырмаңыз ба

Коррехидор

Жүрек, сезім толқыны әсер ете алмай
Әділетті билікке баланы Сіз алыңыз.
Қымбатты дон Энрике, сот осымен бі
Қаралмайды жаңа үкім.

Кетеді.

Бартолус

Мейірімді Хасинта! Қасіретке берік б
Басқа түскен қайғыны шағымсыз, үн
Бақытсыздың басты емі.

Эрике

Қымбатты інім, енді Сіз Сізге дүние жинаған
Сараң қамқоршыңызбен қоштасатын боларсыз!

Хайме

Сіздің кезек күліңіз Виоланта жеңгейдің
Меңіреу, мешеу тұтқыны!
Бірақ, сіздің көзден де бұлақ боп ағар ащы жас,
Қаласа құдай бір күні.
Ал мен бұл күні өлмеймін, өкінбеймін және де,
Себебі менің орнымды Аксионис қалды алып.

Кетеді.

Эрике. Сөзіме құлақ салыңыз!

Виоланта. Бос сөзде не бар маңыз ?

Эрике

Осы істі бастарда өркөкірек інімді
Не істесем де женуге рұқсат Сізден алып ем.

Виоланта

Еміңіздің азабы, азабынан аурудың
Артсын деп қашан айтып ем ?
Жезөкшелік өмірден қызуыңыз таусылып,
Қандырарлық әйелдің жанған жалын құмарын
Қалмағанда әліңіз, маған келіп үйленіп,
Қорлығыңыз көрсеткен аз көрініп, бүгін біз
Бір күндері мен-дағы басқа әйелдің қойнында
Мықты еркек болдым деп, қалың жұртқа жария болдым
деп, мақтанып та алдыңыз.

Эрике

Не деп жауап берейін?
Мойныма алып кінәмді, сұрайын онда кешпірім.

Виоланта

Жок, дон Эрике. Сіз мені қорладыңыз мазалап.
Бұл қорлыққа тұра алад ары болса кім шыдап?
Шаттығың ұнап тұрса Сізге сондай,
Мен де енді тына алман кегімді алмай.

Асканио

Синьор, естіп ем, бекзада етіп өзіне тексіздерді алад деп.
Егер Сізге сондай боп пайдалы іс істесем, есептер ем бақыт деп.

Виоланта

Қақ тағала алдында ізгі антымды беремін.
Егер бұзсам осы антты, екі бірдей дүниеде
Көресінді көресін.
Арамызда балаңыз тұрған шақта
Бұл үйден тыныштықты күтпеніз.
Мені әйелім деменіз.

Энрике. Көрсем екем мұндайды !

Виоланта

Дастархандас, төсектес енді Сізбен болмаймын !

Энрике

Астапыралла, сұмдық-ай!

Виоланта

Күнде ұстайтын безгектей қалшылдатып бағайын.
Ұйқы бермей түн бойы Сіз істеген опасыз істерді
айтып бағайын!
Көзіңізді ілдірмей, көк жыланша ысқырып, есіңізді
алып бағайын!

Энрике. Виоланта!

Виоланта

Егер мұным аз болса, іздеп келер туысым толып жатыр,
шақырсам, Шонжар ата қорланған қызының кегін алады !

Асканио

Ардақты мырза, Сіз мына айрылмаңыз кісіден. Бар үкімнен
бас тартып, мен кетейін одан да қайтып мұнда келмеске.

Энрике

Қош бол, жаным, бірақ та көмек, мейірім көріп көр. Мына
бір аз hareket қажетіңе жұмсайсың. Виоланта, Сіз бұған
ренжімес боларсыз. Тәнімнен шыққан баламды баламақ боп
тұрмын ғой азаматтық өлімге. Қаражатың таусылса, маған хабар
бересің. Қош-аман бол мәңгіге. Ал, ризасыз ба енді Сіз?

Асканио кетеді.

Виоланта

Уа, тамаша қуандым !
Маған азап, күйініш, Сізге арсыздық таңбасын
Алып келген патамен еңіреп қоштасқаныңыз
Елжіретпей қоя ма ?

Бітірсін шашып шатаңыз.
Менің жасауларым мен меруерт-маржандарымды
Қойындасқа қымбатты жіберіңіз тезірек.
Тұрсаңыз сондай елжіреп.

Әрике

Не істесем де жақпадым.

Виоланта

Құдай куә өзімді өзім қорғай аламын. Бұл жолға мені
түсірген сенің мына былжырап ар-намыссыз болуың.
Жақындама! Сөзіңнің бір де бір таза жері жоқ. Арамдығы
жұғады.

Әрике

Виоланта, сабыр етіңіз. Бағынышты құлыңыз екенімді
білесіз. Сізден басқа үмітім кетті әлгі баламен, енді Сізге
берілем.

Виоланта

Керегі жоқ ешкімнің, өзім табам жолымды. Енді маған
табылса кек әперер ер жігіт. Хаймені байқап көрейін. Бүгінгі
күні ол барлық үмітінен айрылды. Болашаққа байлық, даңқ
әперіп өзім сүйем деп. Арбап көрсем қызар да, қанды болат
қанжардай жарқылдар менің қолымда.

Әрикемен шатасып, сайқал қатын үшеуін ұшына іліп
қанжардың, қанармын бір қанына. Мүмкін кектің жолында
жалындаған нәпсім де қызулы жаспен айқасып, құмарын бір
қандырар. Шақырайын Хаймені. Жұрт көрсін. Кек ыршыған
қайратымды, у жыланнан қауіпті өр қатынды.

Алтыншы көрініс

Бартолустың үйі. Бартолус кіреді.

Бартолус

Меруертім. Жұбайым!
Амарантам, қайдасың?
Құдай куә, мен бүгін сиқырдың ісін істедім.
Қояр емес лепіртпей жалғыз күннің пайдасы !
Осындайлар кездессін қызмет етсең ұдайы.
Меруертім, жұбайым !

Кітаптарын шәкірт те жатқан болар кеміріп.
Кітапқа бұлай телміріп, қозғалмайтын болсаңыз
Зорығып та кетесіз.
Әрнәрсеге өлшеу бар.
Арасында демалып, тынығу да жөн болар.

Леандро (сахнаың сыртынан)

Кешіріңіз, ұстазым,
Қызықтырып барады оқыған сайын кітабым.

Бартолус

Азырақ демалыңыз.
Ескере жүріп саулықты, жұмыс істеу - абзалы.
Бүгін, жаным, тамаша істедім мен істерді.
Артығымен қалтама түсірдім алтын құстарды.

Амаранта

Қайырлы болсын ендеше, жақсы өткізген күніңіз.

Бартолус

Балапаным, бүгін мен заңның торын құрдым да, алтынды
біраз ауладым. Меруертім, жұбайым! Шәкіртім менің сыпайы
калай өзін ұстады? Сөйлестің бе онымен ?

Амаранта

Өте беріп қарап ем, қозғалар емес орнынан.

Бартолус

Және сондай ұялшақ, сөз алу қиын аузынан.

Амаранта. Аяп та кеттім мен өзін.

Бартолус. Мен де тіпті аядым.

Амаранта

Егер үй мен бақшада жүргісі келсе сейілдеп
Ету керек рұқсат.

Бартолус

Бізге ондай тілекті қоюға ол ұялды. Жұбайым, осы екеуіміз
шахматпен шайқасып алмаймыз ба ? Көрейін сенің шеберлігіңді.

Леандро кіреді.

Амаранта

Жеңуіме ұзатпай болғайсыз әбден сенімді.

Бартолус

А, шықтыңыз ба үйшіктен ?

Қарамашы, жұбайым, кетіп қалар ұялып.

Леандро. Дем алғым келді азырақ.

Бартолус пен Амаранта шахмат ойнайды.

Бартолус. Тынығу деген дұрыс-ақ!

Леандро (бөтен жаққа)

Осы шалдың орнында отырмаймын мен неге?

Амаранта

Мынаған , сударь, не дейсіз? Өлді Сіздің атыңыз.

Бартолус

Құлығына қарашы! Ат орнына ферзеңіз маған қызмет етеді. Тығылды тағы ініне. Отырсайшы көз тікпей, қызарып кетті көрдің бе?

Амаранта

Өртеніп кетпес қызарса.

Леандро (бөтен жаққа)

Жоқ, өртеніп кетемін. Қандай көздің қарасы!

Бартолус

Ұсталдыңыз, мінекей. Ұзамай мат боласыз.

Леандро (бөтен жаққа)

Бақыттысын мынаның !

Отырып ап жанына ойнар ма едім бір рет!

(Сахна сыртында тарсыл естіледі)

Бартолус

Бұл кім өзі? Кәзір !

Құтылмайсыз, жұбайым, ойнаңыз тек тезірек.

Амаранта

Жүрісімді ойлап алайын.

Эгла кіреді.

Келіп тұр бір көршіңіз, сударь, Сізге,

Керек деп бір іс жайлы сөйлесуге.

Бартолус. Кәзір, кәзір барайын. Мында келші, Леандро.

Леандро. Қолайлы ед осы жерім.

Бартолус. Қорықпашы, келші бері.

Амаранта. Ешкім Сізді шақпайды.

Леандро. О не дегеніңіз !

Амаранта. Жақынырақ тұрыңыз!

Леандро. Сударыня, осы жер де жарайды.

Бартолус

Дойбылардың әрқайсысы қалай тұрғанын көрдің бе ?
Байқа, мына қу ханым қозғап қойып жүрмесін.
Арбауына берілме!

Леандро. Әлбетте, судары!

Бартолус

Қозғамасын, қарап тұр, бір де бірін дойбының,
Сақ болыңыз, көрерсіз, жеңілмейтін ойыным.

Кетеді.

Амаранта. Шахмат білесіз бе Сіз?

Леандро. Аздап.

Амаранта

Онда ақыл айтыңыз: Құтылар маттан жол бар ма?

Бөтен жаққа.

Көзі қалай әдемі еді!

Әлде ақыл айтуға батылыңыз бармай ма ?

Леандро

Сұлудың Сіздей тілегін орындауға дайынмын.

Қарсылық етер хал қайда?

Амаранта

Заңшылар бұлай сөйлемейді. Айтыңызшы, қай жаққа
жүруіме болады? Дойбының бәрі қауымда.

Леандро

Мен Сізге бір көрікті ақыл айтып берейін,

Егер бақыт ақылын мұршаңыз болса тыңдауға.

Амаранта

Алғыс айта тыңдаймын! Пілін алсам қайтер ед?

Леандро

Сөзіңізді екі қылмайтын, жанындай сүйіп, сыйлайтын кісіні
ғана алыңыз.

Амаранта

Айтсаңызшы тезірек, келіп қалад күйеуім !

Леандро

Мені, мені алыңыз! Менің Сіздік мәңгіге жүрегімді
алыңыз!

Амаранта

Не деп тұрсыз өзіңіз?

Леандро

Шахматтан басқа махаббат ойыны бар деп тұрмын,
Сол ойынның құлымын сүюге зар деп тұрмын.

Амаранта

Ферзьбен жүрсем қайтер ед?

(Бөтен жаққа)

Жақсы адам-ау өзі бір ! Енді қалай ойнайын ?

Леандро

Қараңызшы бір рет !

Қайыршылық өмірге тек Сіз үшін өзімді

Құштар еткенім үшін қараңызшы бір рет !

Амаранта

Күйеуім келіп қалады.

Қараңызшы, ладьяны құрбан етсем қайтеді ?

Леандро

Қолыңызға жабысып сүйе берсем, жылыр ма ед

Жүрегіңіз маған деп, былай-былай ойна деп...

Амаранта

Ойымды неге бұзасыз ? Сізге менен не керек ?

Леандро

Сіз сияқты аруды сүйерліктей жаспын мен.

Әшекейлеп жарымды күтерліктей баймын мен.

Жансыз Сізге от болып, жүрегімді тапсырдым.

Ерніңізден алқызыл тамылжыған жастықтан...

Сүйеді.

Амаранта

Тым өрескел екенсіз ! Керек болса, мінекей !

Шахмат тақтасымен ұрып қалып, дойбыларды

құлатады. Бартолуc кіреді.

Бұл не тарсыл ? Ұры ма?

Кіріп кеткен үйіме ?

Леандро. Бітті бәрі !

Бартолуc

Данғырлаған не нәрсе ? Сен несіне жымидың?

Амаранта

Қуанғаннан күлімдеп қарсы алғаным емес пе?

Бартолуc. Жерде жатыр дойбылар. Айтсайшы, не бұлар?

Амаранта

Орнымнан тұра бергенде етегім тиіп кетті де, топырлап бәрі құлады.

Бартолус. Сынғаны жоқ па ішінде?

Леандро

Сынған жоқ, тек ұшыпты мына бір аттың құлағы.

Бартолус

Екі кісі келіпті бір нәрсеге таласып.

Төлейтіні жоқ екен, байқадым да жобасын,

«Тату бол», - деп жібердім.

Амаранта

Шәкіртіңіз шахмат біледі екен ойнауды. Күте-күте Сізді тым, ішім пысып, жалығып орныңызға ойнауға бұл кісіге бұйырдым. Құтылып маттан шығып ем, бірақ-тағы бұл жігіт тағы мені қамап ап, қыспаққа кеп салғанда, Сіз де келіп қалдыңыз. Сол арада қайтарып шабуылын жауымның, ферзімді аман алып қап, Сізге қарсы күлімдеп тұра берген бетім ед.

Бартолус

Ойыншымын десенші! Сонда да сені жеңемін!

Леандро

О, Амаранта, ұнап барад қылығың!

Амаранта. Сен де ұнап барасың!

Бартолус

Сіз де ойын білесіз, жақсы екен екеуміз

Арасында жұмыстың шайқасысып тұруға.

Амаранта. Сені неге алмаспын?

Леандро

Әрине, такта астына бірақ та

Жұмсағырақ бірнәрсе қабын тігіп қойғайсың,

Өйткені, ұрып қалғанда, қу тактай тиед қолайсыз.

Бартолус

Аз тынығып алыңыз, шахмат оңай іс емес.

Жұбайым, сен де бара ғой. *(Леандро кетеді)*

Еркінірек сияқты, көзін төмен түсірмейд

Бұрынғыдай қаймығып. *(Кетеді)*

Амаранта *(бөтен жаққа)*

Сол еркіндік дегеннен өзің жүрме айрылып!

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Жетінші көрініс

*Бартолустың үйі. Екі бөлмеде бөлек жсауып қойған
Амаранта мен Леандро бір-бірінің терезелеріне қарайды.*

Лопес пен Бартолус келеді.

Амаранта. Келіп қалды!

Амаранта мен Леандро тығылады.

Бартолус. Орасан бай дейсіз бе?

Лопес

Уа, айтпаңыз, шегі жоқ!

Аз болса да ақысы сығымдап әбден жинапты.

Бартолус

Қайыршы деуші ед жұрт оны.

Жарапты, Дьего, жарапты.

Лопес

Құқай емес пе, шық шығармас сарабдал.

Толтырыпты қобдиын.

Бартолус. Ішуді де білетін.

Лопес

Біреуді мас қылып өлтіріп,

Алуға аз-маз тиынын,

Тек сол оймен ішетін.

Бартолус

Ғажап екен мынасы. Адал еңбек етесің...

Лопес

Бұзауынан көтерсең,

өсіп өгіз болғанша көтересің деседі.

Тиыннан сом өседі, бірден мыңға жетеді.

Бартолус

Айтқаныңыз ақиқат.

Ішіп-жеуге бірақ та әуес ед сол азамат.

Лопес

Олжа тамақ кездесе, Дьегодай сұғанақ табу қиын, әрине.

Ал өзіңіз үйінде көбінесе ауаға, жұмыртқаның қабығынан жасап ішкен сорпаға мөстей боп әбден тоятын. Асханада әйтпесе ішіп

жатқан біреудің асын барып иіскесе, осы маған жетед деп,
қанағат қып қайтатын.

Бартолус

Халі өте нашар ма?

Лопес

Жан тәсіліммен қатарда.

Бартолус

Дәулетінің билігін маған тапсырды дейсіз бе?

Лопес

Иә, тапсырды сізге.

Бартолус

Науқасынан үміт бар ма?

Лопес. Жоққа жақын.

Бартолус

Кім емдейді?

Лопес

Емшісі жоқ. Докторға ол сенбейді.

Бартолус

Дәрігерден мұндай жағдайда шынында да пайда жоқ.
Емшілік қағаз кім жазбақ?

Лопес

Амал жоқ, мен жазам да.

Бартолус

Міне, адал ақылым:

Қиналуды қойыңыз. Өзіңізді де ұмытпай, жақсылап
тұрып жазыңыз.

Жанында оның кімдер бар?

Лопес

Көбейіп кетті маңайы, ақылгөйсіп, жәдігөйсіп.

Туыс болмақ кейбірі. Байға жақын табылар.

Бартолус

Мазасын оның кетіріп, мезі етуге бола ма?

Жолатпау керек ешкімді.

Kemedi.

Лопес

Синьора Амаранта! Кілтін ұрлап берейін,

Уақытты бос өткізбей, беріңіздер мерейін.

Бартолус (*Қайтып келеді*)

Мен дайынмын , кәнекей, діни ата, кетейік.

Эгла, күзет ана әйелді.

Қари ата-ау, сол шіркін өліп қалар біз жоқта.

Лопес

Мен жоқта өліп жынды ма?

Кідірет аз жан сақтап.

Екеуі де кетеді.

Амаранта

Тез-тез шығып кетейік, уақыт түр тіреліп.

Леандро

Келдің бе, жаным, сүйгенім !

Амаранта

Минутымыз санаулы.

Леандро

О, Амаранта !

Амаранта

Мына мені тыңдаңыз!

Леандро

О, Амаранта! Сөзіңізді екі қылмаймын.

Амаранта

Осы үйдің жанында досым менің тұрады,

Сол үйге жарты сағатқа кіріп қана шығады.

Леандро

Жоқ, көбірек болайық!

Амаранта

Жоқ, іздеп қалар қу байым.

Леандро

Тым болмаса бір сағат, жалынамын, сұраймын !

Амаранта

Айтқаның болсын, жарайды, досымның үйі бек жайлы.

Қарсы алады Сізді олар, не ойласаңыз да, бәрі де...

Леандро

Не ойласам да, бәрі де табыла ма сол үйден ?

Қандай тәптеп едіңіз!

Леандро

Не ойласам бәрі де табылады деп өзіңіз...

Амаранта

Иә, не ойласаңыз бәрі де
болады бүгін сол үйде...

Қақпаға Миланес пен Арсенио келеді.

Миланес

Леандро, жол болсын !

Леандро

Заншыны ұстап бағындар, десен жолың оң болсын.

Миланес

Орындаймыз, бірақ та осы жолдан құр қайтсан,
Леандро, сен оңбайсын !

Арсенио

Нысанадан өзі де ауғызбас біз айтпай-ақ.
Қызғаннан екі көзі де кетіпті әбден қанталап.

Сегізінші көрініс

*Лопестің үйі. Миланес қоңырау қағады. Арсенио құмыра
алып суға барады. Лопес пен Бартолуc кіреді. Шымылды.
сыртында Хайме тұр.*

Лопес

Міне, келдік, кім бар? Әкеліндер науқасты.
Мұнда таза ауа бар екен. Қалай байғұс жүдеген !

Арсенио

Келгенше шамаң, созып бақ.
О дүниеге әкетсе Алла мендей пендесін,
Бар ісімді өзіңіз қолыңызға алыңыз.

Лопес

Естисіз бе, не деді ?

Арсенио

Жалынамыз, Дьего, кетпей бізбен жүре тұр.

Миланес

Жалынамыз, жүре тұр.

Дьего. Жок, болмайды. Өлемін.

Бартолуc

Алмаңыздар мазасын.
Денесі қызып, нашарлар жатқанын көрдіңіздер ме !

Дьего

Көршілерім, Сіздермен қоштаспақпын. Менің де уақытым жетті. Аранызда мәңгіге тұруға Тәңірі жазбаған. Әркім өз кезегі келгенде, осылай қоштасады қауыммен. Діни ата, жазыңыз енші үлесін тәптештеп. Есте қалсын біздің көп куә болып мына мырзалар.

Бартолуca

Өсиетімді орындап, іске асыру билігін Сударь, Сізге тапсырдым. Кетіп барад денеммен қуат пенен әл деген. Шарап ішсем азырақ, өсиетте жазылған әркімге өз үлесін бергізем деп қалт қылмай куәлардың көзінше ант беріңіз Сіз маған.

Бартолуc

Көршілерім, Сіздердің алдарында ант берем.

Бұл кісінің өсиетін орындауға айнытпай.

Дьего

Көтеріңіздер басымды. Келіңіздер қасыма.

Лопес

Тұрмыз ғой, міне, жаныңда.

Миланес

Соз бір жарты сағатқа.

Дьего

Не болды сонша қақылдап?

Білемін ғой ізімді соныменен әуелі

Тапсырған соң тәнімді жегізуге жеркұртқа.

Құттан сөзді бастайын, оларды алдап болмайды.

Лопес. Шіркеуінді ұмытпа!

Дьего

Оныңыз да дұрыс-ақ. Осындай жаман шіркеуді ұмытуға бола ма! Қайыршыларға, яки осы шіркеудің барлық қауымына дұғаша берілмейді ешнәрсе. Жоқты сол жоқ бойынша қалдыру дұрыс меніңше. Демек, жетімхана орнатып, жетімдерді күтуге... Жоға, Тәңірі, үш кемен, көптеген малын, дүниен, алтынын, жерің – бәріне мұрагерің болмаса, оңай екен Тәңірге құрмалдық жасау дегенің.

Бартолуc

Япырм-ай, соның бәріне мен ғана би боп қалам ба?

Дьего, бәрі де. Тек Сіз ғана!

Бартолус

Жүрек кетті лүпілдеп, енді мен бай боламын.

Хайме кіреді.

Хайме

Осы менің ойымша аяқтауға болады,

Бір сағаттан асты ғой.

Бартолус

Ақшаны Сіздің қай жерде сақтаушы ед, Дьего?

Лопес. Жан кетті.

Бартолус

Ақшасын енді қайдан аламын?

Қалаған жеріңізден дейсіз бе, неше мың?

Дьего

Сударь, Сіз бүгін менің бұйрығымды айнытпай орындауға ант еткенсіз. Бір үмітім - жалғыз Сіз. Марқұмның берген бұйрығы – Сіз үшін ең ізгі іс.

Бартолус

Бәрі бірдей жиналып еткені мазақ – мен екем.

Лопес

Қазір соны істейін.

Кеттік соның соңынан.

Тоғызыншы көрініс

Бартолустың үйі. Бартолус кіреді.

Бартолус

Меруертім, жұбайым !

Қымбатты менің шәкіртім!

О да кетіп қалған ба?

*Леандро мен Амаранта қалдырып кеткен
шляпаларды көтереді.*

Есек! Тура есекпін! Ауысып кетем осы мен!

Лопес, Дьего, Миланес, Арсенио кіреді.

Арсенио

Ауыссайшы есіңнен !

Өле қалсаң сонан соң тіпті жақсы болар ед.

Амаранта мен Леандро кіреді.

Миланес

Келе жатыр әйелі. Қызығын енді көрейік.
Леандроға қарашы, салбырап келед, сілейіп.

Амаранта

Асыл затты мына бір сағынсаңыз, алыңыз,
Мазақ болып жұрт алдында, маскара болдым, жетеді!

Бартолус

Е, жәбірледі ме, не істеді?

Лопес

Кәнекей! Дәмі қандай нәрсе екен?

Миланес

Төлеу қағаз, мырзалар !

Бартолус

Бұл сіздің асқазанға әбден сияды,
Төлеуге тиістісің мың-ақ дукат.

Арсенио

Портной мен дәрігерге бермектерім бар еді,
Тұтқынға алмақ сол үшін!

Бартолус

Сақтаңыздар сабырды, ерте алғанымыз каруды.
Алсаңыздар міне тұр. Қалай, дәмі жақсы ма?
Ең абзалы – ынтымақ.

Лопес

Повестка! Мейірімді құдайым !

Бартолус

Оқыңыз, қари ата, дұғаңызды!
Жымменен сыйлап тұрмын бүгін Сізді.

Лопес

Дастарқаннан тұрайын.

Бартолус

Тұрмай-ақ қойыңыз.

Лопес

Тұрмауыма болмайды.

Бартолус

Кешіріңіз, қонақсыз.

Дьего

Әбден тойдым, рахмет!

Бұйрық алдым тоярлық, сот алдына келсін деп!

Бартолус

Ішіңіздер, өтінемін, нөкерлерім қызметін өте жақсы атқарад.

Кетпейсіздер бұл үйден.

Бәрі

Қойыңыз бұл қылжақты !

Бартолус

Сабыр, сабыр, мырзалар!

Мықтап құрдым тұзақты.

Кімде кім оқыс қозғалса, бағынбауға айналса,

Түрмеге дереу түседі. Мықты күзет далада.

Мынау соттың приставы, танысыз ба, қари ата?

Лопес

Бұл кісінің осында болғанына қуанамын.

Бартолус

Қазір Сізге бұл кісі хикаясын айтады...

Пристав

Бір тамаша бикештің...

Лопес

Менің сарым емес пе?

Пристав

Жоқ, қара торы бикештің.

Бартолус

Жазасын мына пристав түсіндіріп береді.

Пристав

Әзірше мынаны ала тұрыңыз.

Жоргекке ораган баланы береді.

Лопес

Менікі ме мұныңыз?!

Бартолус

Кәне, енді күліңіз.

Лопес

О, мейірімі мол мырза!

Бартолус

Болдыңыз ба шын, мырза, ақылсыздау тақуа!

Лопес

Босатыңыз!

Бартолус. Дарға асамын әуелі.

Лопес

Бір сөзім бар айтатын құлағыңызға сыбырлап.

Бартолус

Жоқ! Мен емен оған болатын.

Ал, Дьего дос, көңілді, өтірік ауырып, жығылып,

Безек қағып, құбылып, қорлап едің, мазақтап.

Қағарсың безек шынымен, тірідей салсам тозаққа!

Дьего

Кешіріңіз, өтінем!

Бартолус

Оқысын да іркілмей Алланың дұға, азанын,

Сені дарға асамын!

Ұнады ма, мырзалар, менің берген тағамым ?

Аз болса да пайдалы, ұмытпастай дәмі бар.

Кіріп келген Амаранта мен Леандрога:

Ал, құдайшыл, діншіл жұбайым, сен де ұялшақ шәкіртім,

Екеуіңді құшақтап, өз қолыммен сойыын.

Леандро

Сандырақты қоярсыз осы арада, әйтпесе,

Жаныңызбен қоштасып, тозаққа жол қоярсыз.

Бартолус

Ой, сұмырай, албасты !

Хайме мен ханым кіреді.

Хайме

Заңшы, сабыр етсейші ! Әрқашан мен боламын

Леандро досым мен синьора жағында.

Токтат енді, жетеді, Амаранта арумен

Ынтымақтас болуға сөз бересің, қол ал да.

Бартолус

Жоқ, ол болмайды!

Хайме

Синьорға да бер қолыңды, сені бұл көп сыйлайды.

Бартолус

Жоқ, көнбеймін, көнбеймін!

Лопес

Терлеп кеттім, мұршам жоқ, мынау әбден кинады.

Дьего

Құтқарыңыз, аяңыз! Тәнімізден күнәлі
Терімізді тірідей тұр сыпырып алғалы.

Лопес

Құдай үшін мынадан құтқарып бізді алыңыз.

Миланес пен Арсенио

Құдай үшін!

Бартолуc

Дыбыстарыңды шығарма!
Тұтқынға алған мына –мен. Айтқанымға көндірем!

Хайме

Айқай менен бос сөзді доғарсаңшы, уай, заншы!
Әйтпесе, өзің білесің, өмірімді қазбалап
Бастасам-ақ шығады сұмдықтарың ынталап...

Бартолуc

Өмірім менің тап-таза асыл мөлдір шыныдай.
Пиғылымда кіршік жоқ жаңа түскен ақ қардай!

Хайме

Тартымды нәзік гүлсің ғой!
Арамшылық шылаған жапырақтардың мына бір
Әдемі екен қайсысы?
Радриго де Бавар дегеннің қолы қойылған
Жалған, фальш қағазға ұқсайды неге мынасы?

Бартолуc

Токтатайын, синьор!
Қымбатты менің шөкіртім, кешір мені азырақ
Қызып кеттім, әкел қол!
Әйеліммен әм сондай ынтымақта болайын.
Келші, көне, жұбайым !

Хайме

Сіздер бәрің боссындар.
Ерініздер соңымнан! Ойын-сауық құрайық!

Ханым

Татуластым ініммен.

Хайме

Әкемнің ескі ақшасын бір көтеріп тастауға бәріңізді шақырам. Әуелі «Мавр үйі» деп аталған шарапханада түстіктен бастайық. Үш күн, үш түн ұдайы ішерлік болып бастайық.

Бәрі

Дон Хайме біздің жасасын!

Лопес

Уа, жігітсің!

Дьего

Кұдай, енді тілегім – таңертеңгі астан сақтасын,
Түскіліктен қашпасын !

Бартолус

Синьорға рахмет айтыңдар.
Бұл кісі егер болмаса, халдеріңіз тым нашар болмақ еді.
Қайтыңдар, кек алмандар.

Миланес

Жүрмейсіз бе бізбенен!

Бартолус

Жок, жұмысым көп еді.

Лопес

Ендеше, біз де кеттік.
Балам менің Леандро, синьор, Сізге де,
Рухты жөнге салушы атаның сөзін тындандар : Осы үйде
қалыңдар.
Тойға барған дұрыс қой, бірақ сол атадай...
Ақ арулы шыраймен кейде қалып қойған жөн.
Бәрі кетеді. Леандро мен Амаранта қалады.

Леандро

Жарқылдаған жастық шақ,
Ләззат, ерік, болашақ – бәрі өзіңнің қолыңда.

Амаранта

Бердім сенің қолыңа!
Бақыттымын мен бүгін ! Өзімде өз билігім.
Кім тұрушы ед тозақта, орын тапса...

Леандро

Жұмақтан.
Тағдырымды сенемін, қосуыңа сендім мен.

Ести сала атынды, таныдым асыл затынды.
Аямадым ақшаны, ұятты былай тастадым.
Жүрек соқты, тасып қан, сені сезді нәзік жан.
Сезімтал айтып тұрды махаббатым, мына жүз, мына
ауыздың ләззатын.

Соңы.

**ВЛАДИМИР
МАЯКОВСКИЙ**

Қандала

Bucketov University

Қатысушылар:

Присыпкин - Пьер Скрипкин – бұрынғы жұмыскер, бұрынғы партия мүшесі, қазір күйеу.

Зоя Березкина - жұмыскер әйел.

Ренсанс Эльзевира Давидовна - қалыңдық, маникюрші, шаштаразы кассирі.

Розалия Павловна – оның анасы, шаштаразы әйел.

Давид Осипович - оның әкесі, шаштаразы.

Олег Баян - бұрынғы үй қожаларынан шыққан, пысық.

Милиционер.

Профессор.

Зоосадтың директоры.

Брандмейстер.

Өртшілер.

Күйеу-қосшы.

Репортер.

Аудитория жұмыскерлері.

Қалалық советтің председателі.

Шешен.

ВУЗ оқушылары.

Мереке даяғашысы.

Қалалық Кеңестің төралқасы, аңшылар, балалар, қарттар.

ВС. МЕЙРХОЛЬД АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕАТРДА 1929 ЖЫЛЫ ҚОЙЫЛҒАН «ҚАНДАЛА»
СПЕКТАКЛІНЕ АРНАЛҒАН РЕКЛАМА ТАҚПАҚТАР

Осы жұрт
неге күледі,
«Қандала» шегі катып?
театрда жүріп жатыр.
Көріндер
«Қандаланы», азаматтар,
Касса алды жұртқа толы билетке зар.
Кетпе бірақ, ашуланып, долдана,
Сен емессің, сенің досың - қандала.

I

Сахнаның ортасы-универмагтың айналмалы есігі, қабырғалары шыныланған, товарға толы витриналар. Бос кіріп, пакет ұстап шығып жатыр. Бүкіл театрды аралап мойындарына қобдыйшасын ілген саудагерлер жүр.

Т ү й м е с а т у ш ы
Түйме үшін, азаматтар, үйленбе,
Түйме үшін әйеліңнен жиренбе!
Басып қалса сұқ қолы мен бармағы,
Шешілмейді ешқашан да азаматтың шалбары.
Голландиялық,
Механикалық,
Өзінен өзі тігіледі,
Алтауы жиырма тиын...
Алыңыз, мусью!

Қ у ы р ш а қ с а т у ш ы
Студиясы балеттің
Кісілерін міне билетті!
Ең жақсы қуыршақ
Бақшада да, үйде де,
Наркомның өзінен
Бұйрық ала билерде.

А л м а с а т у ш ы
Ананас!
Жоқ...
Банан!
Жоқ...
Антоновка алмалары төртеуі 15 тыйын.
Алыңыз, азаматша!

Қайрақ сатушы
Германның сондай берік қайрақ тасы.
Өр тастың 30 тыйын дәл бағасы!

Қайра ұстара, пышағыңды,
болсын десең жүзі өткір;
Қайра безеп, тілінді
болсын десең сөзі өткір.
Алыңыздар, азаматтар!

Абажур сатушы
Ұсынам Абажурдың әртүрлісін
Көгі-рақат, қызылы-ләззат үшін!
Келіңіздер, жолдастар!

Шар сатушы
Шар ма, бүйен бе, ұша бер, именбе!
Берілсе Нобильге осындай шар.
Турақтар ед полюсте сол генерал.
Алыңдар, азаматтар....

Селёдка сатушы

Республикада
ең тұздысы тамақтың
Жан серігі құймақ пенен арақтың!

Галантерея сатушы әйел

Астары мамык
бюстгальтер!
Астары мамык
бюстгальтер!

Желім сатушы

Бізде де, шет елде де
қолайсыз іс.
Жарамсыз боп
қалады
сынған ыдыс.

Атақты Эксцельзиор,

ұлпа желім,

Бүтіндейді
өзге түгіл

Венераның қыпша белін!

Рақым етесіз бе, ханым?

Әтір сатушы әйел

Коти өгірі,
мысқал алтынға!

Кітап сатушы

Үйде күйеуі жоқта әйелі не істейді? Бұрынғы граф Лев Николаевич Толстойдың 105 көңілді анекдоты бір сом жиырма тиынның орнына 15 тиынға сатылады!

Галантерея сатушы әйел

Астары мамық
бюстгальтер!

Астары мамық
бюстгальтер!

Присыпкин, Розалия Павловна, Баян кіреді.

С а т у ш ы ә й е л. Астары мамық

П р и с ы п к и н */еліре қуанып/*. Қандай тамаша аристократтық чепчик!

Р о з а л и я П а в л о в н а. Осы чепчик пе екен, бұл....

П р и с ы п к и н. Менің көзім жоқ деп тұрсың ба? Бізден егіз туса ше? Мынаны Дороти, мынаны Лилианға кигіземіз.... Мен оларға аристократтық-кинематографиялық ат қоймақшымын... Екеуі сөйтпін бірге жүреді. Солай! Менің үйімде бәрі жеткілікті болып тұруы керек. Ала жүріңіз, Розалия Павловна!

Б а я н */Жылмыздап күліп/*. Ала жүріңіз, ала жүріңіз, Розалия Павловна! Бұл кісінің басына пасық ой келуші ме еді? Бұл кісі жас тап, бұл кісі бәрін өзінше түсінеді. Бұл кісі сіздің үйге ешбір кірі жоқ пролетарлық тегі мен кәсіподақтық билетін кіргізейін деп тұрса, сіз тиындарыңызды аяғаныңыз ба! Бұл кісінің үйінде не қажеттің бәрі болуы керек.

Розалия Павловна күрсініп, сатып алады.

Б а я н. Мән ұстайын.... жеп-жеңіл екен... мазасызданбаңыз... сол ақшаға...

О й ы н ш ы қ с а т у ш ы.

Студиясы балеттің

Кісілерін, міне, билетті...

П р и с ы п к и н. Менің келешек мұрагер балаларым әсем рухқа тәрбиеленуі керек. Солай! Ала салыңыз, Розалия Павловна!

Р о з а л и я П а в л о в н а. Болашақ жолдас, Присыпкин азамат, бұл ақша мұрт, тағы басқа кәкір-шүкірін есептемегеннің өзінде 15 кісі сақалын алуына жетеді. Онан да тойға бір дюжина сыра алғанмыз артық емес пе ә?

П р и с ы п к и н /қатал/. Розалия Павловна! Менің үйім...

Б а я н. Мұның үйінде бәрі жеткілікті болып тұруы керек. Би де, сыра да, ұшы-қиыры жоқ деп, ағыл-тегіл болуы керек.

Розалия Павловна сатып алады.

Б а я н /бумаларды жалма-жан қойып/. Мазасызданбаңыз, сол ақшаға...

Т ү й м е с а т у ш ы. Түйме үшін, азаматтар, үйленбе,
Түйме үшін әйеліңнен жиренбе!

П р и с ы п к и н. Біздің қызыл семьямызда мешандық тұрмыс ешбір болмауы керек, ешбір шалбар қиыншылықтары болмауы керек. Солай! Ала салыңыз, Розалия Павловна.

Б а я н. Сіздің әлі кәсіподаққа мүшелік билетіңіз жоқ, сондықтан бұл кісіні ызаландырмаңыз, Розалия Павловна. Бұл-женген тап, бұл өз жолындағының бәрін тасқындай талқандайды, сондықтан Скрипкин жолдастың шалбары толқып тұруы керек.

Розалия Павловна күрсініп, сатып алады.

Б а я н. Рұқсат етіңіз, мен сол ақшаға...

С е л е д к а с а т у ш ы. Республикада

Ең тұздысы тамақтың,
Жан серігі арақтың!

Р о з а л и я П а в л о в н а /өзгелерді итермелеп, дауыстап, қуанып ұмтылады/. Селёдка - міне соны айт! Міне тойыңызға қолайлы зат осы. Мұны мен де аламын ! Былай тұрыңыздар, мисье-еркектер ! мына шабақ қанша тұрады?

С а т у ш ы: мына ласось – балықтың килосы 2 сом 60 тиын.

Р о з а л и я П а в л о в н а. Мынау ересек шпроттың килосы екі де алпыс па?

С а т у ш ы. Жоқ, мадам, мына осетр балығына кандидаттың килосы екі де алпыс!

Р о з а л и я П а в л о в н а. Мына маринадталған сүйектердің kilosы екі де алпыс па? Естідіңіз бе, Скрипкин жолдас! Сіз патшаны өлтіріп, Рябушинский мырзаны қуып жібергенде сондай әділетті болған екенсіз! Ал, мына жендеттер! Мен өзімнің азаматтық правоммен советтік мемлекеттік қоғам кооперациясындағы селедкамды табамын !

Б а я н: Скрипкин жолдас, мына жерде тоса тұрайық. Сіз осы буржуазиялық стихиямен несіне қосыласыз? Сізге осындай дискуссия үстінде селёдка алуыңыздың ешбір лайығы жоқ. Сіздің 15 сомыңыз бен бір шыны арағыңызды мен көлгөсір той жасап беремін.

П р и с ы п к и н: Баян жолдас, мен осы мешандық тұрмысқа, канарейка сияқты сайрағыш құс тағы сондайларға қарсымын. Мен талабым зор адаммын... Менің көңілім айналы шкафта...

Зоя Березкина сөйлесіп тұрған бұларға соқтығып қала жаздап, таңдана құлақ салып, шегініп кетеді.

Б а я н: Сіздің той кортежіңіз қашан...

П р и с ы п к и н: Не деп мыжып тұрсыз. Қайдағы кортеж?

Б а я н: Кортеж деп тұрмын. Осылай деп, Скрипкин жолдас, шет елдердің әсем тілінде әртүрлі саяхатты, әсіресе жас үйленгендердің салтанатты саяхатын атайды.

П р и с ы п к и н: Ә! Е-е-е-е!

Б а я н: Міне сол кортеж жақындаған кезде, мен сіздерге Гименейдің эпиталамасын әндетіп айтып беремін.

П р и с ы п к и н: Немене мыжып тұрғаның? Гималай дегенің не?

Б а я н: Гималай емес, Гименей құдай туралы эпиталама. Ескі гректердің осылай деп аталатын махаббат құдайы болған, бұл құдай қазіргі айуан болып кеткен ымырашыл Венизелостардың емес, ескі, республикашыл гректердің құдайы болған.

П р и с ы п к и н: Баян жолдас. Мен өз ақшама қызыл той болғанын талап етем! Құдай- мұдайдың керегі жоқ! Түсіңдің бе?

Б а я н: О не дегеніңіз, Скрипкин жолдас, түсінбек түгіл, Плехановтың айтуы бойынша, марксистерге тән қиялдың күшiнiң арқасында мен сiздiң таптық, асқақ, әсем, тартымды салтанатыңызды – қырлы шыныдан қарағандай көрiп тұрмын...

Қалыңдық-қызыл қалыңдық күймеден шығады. Қып-қызыл терлеп, босанған болса керек; оны қызыл өкіл-әке бухгалтер Ерыкалов жетектеп түсіреді. Ерыкалов-шомбалдай толық, күрең-қызыл терісінен қаны көрініп тұратын адам; сіздерді қызыл күйеу-қосшылар кіргізеді, дастарханымызда қып-қызыл шошқа майы; қызылмойын шынылар сап түзеп иін тіресіп тұрады.

П р и с ы п к и н: */ұнатып/* Солай! Солай!

Б а я н: Қызыл қонақтар «ашы, ашы!» деп дауыстағанда, сіздің қызыл зайыбыңыз бізге қан-қызыл ернін тосады...

З о я */сасқалақтап екеуінің жеңдерінен ұстай алады. Екеуі де қыздың қолын итеріп тастап, жеңдерінің шаңын қағады/* Ваня, Ваня, мынау не деп тұр? Мынау галстук таққан қысқышбақа не мызып тұр? Қайдағы той? Кімнің тойы?

Б а я н: Эльзевира Ренесанспен қосылған қызыл еңбек некесі және...

П р и с ы п к и н:

Мен Зоя Ванна, қызды сүйем,
Сенен артық ажары,
Пешпентінен оның әсем
Бұлтияды қос анары.

З о я: Ваня! Мен ше? Бұл не болғаны, біраз матросшылап, сонсоң тастап кеткенің бе?

П р и с ы п к и н: */қолын созып итерін/*. Айырылыстық екеуіміз кемелердей теңізде...

Р о з а л и я П а в л о в н а: */селёдкаларын басынан жоғары ұстап, магазиннен шығады/* Киттер! Дельфиндер! */селёдка сатушысына/*. Ал көрсетші, ал шабағынды салыстыршы! */салыстырады; саудагердің балығы үлкен болып шығады; қолдарын сілкеді/*. Құйрығы артық болып шықты! Скрипкин азамат, не үшін күрестік ә? Біз патша-императорды өлтіріп, Рябушкинский мырзаны не үшін қудық? Сіздің Совет өкіметіңіз мені көрге тығар деймін ... Шабақтың бүкіл бір құйрығы артық болып шықты ғой!

Б а я н: Қадірлі Розалия Павловна, сіз бас жағынан салыстырмайсыз ба, - тек жалғыз басы ғана артық көрінеді, ал бас жеуге жарамайды, кесіп, лақтырып тастайсыз ғой.

Розалия Павловна: Естідіңіз бе, не айтып тұрғанын? Басын кесіп таста! Сіздің өз басыңызды кесіп тастау керек, Баян мырза, одан еш нәрсе де кемімейді, өйткені, сіздің басыңыз түкке тұрмайды, ал мынаның басын кесіп тастасаңыз килосынан он тиын кемиді. Қане үйге қайттық! Менің үйіме кәсіподағының билеті өте сирек, бірақ қызым өте пайдалы орында-оны да осал деп ойлама!

Зоя: Өмір сүрмекші, еңбек етпекші болып ек... Сонымен, бәрі де...

Присыпкин: Азаматша, біздің махаббат жоғалды. Азаматтық еркін сезімге кесел жасамаңыз, әйтпесе мен милицияны шақырамын.

Зоя жылап, жеңіне жабысады, Присыпкин жұлқылап, босанады. Розалия Павловна Присыпкин мен Зояның арасында тұрамын деп сатып алғандарын жерге түсіріп алады.

Розалия Павловна: Мына бір шүйке басқа не керек? Сіз менің күйеу балама неге жабысасыз?

Зоя: Ол менікі!

Розалия Павловна: А... ішінде баласы бар екен ғой! ...Алиментін бәрібір өзім төлеймін, тұмсығын да өзім бүзайын!

Милицонер: Азаматтар, тоқтатыңыздар бұл жүгенсіздікті!

II

Жастар жатақханасы. Изобретатель ыңылдап сызып отыр. Бір жігіт жатыр; кереуеттің шетінде қыз отыр. Көзілдірік киген бір жігіт кітапқа үнілуде. Есік ашылғанда, коридордың есігі мен электр шамдары көрінеді.

Жалаң аяқ жігіт: /айқайлап/. Етігім қайда? Етігімді тағы қағып кеткен бе? Енді сол етігімді түн ішінде Курский вокзалының қол багажы мен аяқ багажын сақтайтын камерасына сақтамақпын ба?

Үйсіпырушы: Сенің етігіңді киіп Присыпкин өзінің түйе қызына кездесуге кетті. Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып киіп жатқан. Бұдан кейін кимеспін деп, бүгін кешке өзімнің әлеуметтік жаңа жағдайыма сай жаңадан киініп барам деп кіжініп жатты.

Жалаң аяқ жігіт: О, сүм!

Ж а с ж ұ м ы с к е р : */үй жинастырып жүріп/*. Одан қалған шаң-қоқырдың өзі де әсемденіп кетіпті. Бұрын немене? Тек сыраның шынысы мен ақ табан балықтың құйрығы жатушы еді, ал енді тек Тэжәнің банкалары мен жылтылдақ ленталарды көресін.

Қ ы з : Қойшы мыжымай, байғұстың галстук алуы-ақ мұн екен, Макдональд деп ұрсатын болыпсындар.

Ж і г і т : Макдональдтің дәл өзі! Мәселе галстукта емес, мәселе галстук оған тағылмай, оның галстукке тағылып жүргенінде. Миым ашып кетеді деп сескенеді білем-тіпті ойлану дегенді білмейді.

Ү й с ы п ы р у ш ы : Жыртық тесігін сырмен бітейтін болыпты; шұлығының тесігін көріп еді, асыққаны сондай, сыя қарындашпен жүре бояды-ау.

Ж і г і т : Оның өкшесі қарындашсыз да қап-қара.

И з о б р е т а т е л ь : Мүмкін жыртығы өкшесінде болмаған болар, олай болғанда шұлықтарын ауыстырып кию керек еді.

Ү й с ы п ы р у ш ы : Тапқыш изобретатель ғой, тез-ақ тауып кетті. Патент жарияласаңшы. Байқа тамаша идеянды біреу қағып кетпесін.

Шүберекпен стол үстін сүйкеп қалып еді, қобдиша құлап түсті де ашылып, ішінен карточкалар шашылып кетті. Еңкейіп жинап, шамға әкеліп қарап тұрып, сақылдап күлкіден булыққан ол жолдастарын қолымен бұлап әзер шақырады.

Бәрі */қайталап оқи бастайды/*. Пьер Скрипкин, Пьер Скрипкин!

И з о б р е т а т е л ь : Бұл оның өзіне тапқан фамилиясы. Присыпкин. Присыпкин деген не? Присыпкин деген неге керек? Қайда керек Присыпкин? Кімге керек Присыпкин? Ал Пьер Скрипкин десең, тіпті фамилия емес, романс қой!

Қ ы з */қиялданып/*. Шынында да Пьер Скрипкин деген сондай әдемі, сондай тамаша. Сендер мұнда ыржандап күлесіндер, ал ол өз үйінде мәдени революция жасап жүрген шығар.

Ж і г і т : Тұмсығы жөнінен ол Пушкиннен де асып кетті. Бакен- бардтары иттің құйрығынша салбырайды, тіпті сәні бұзылады деп, жууды да қойды.

Қ ы з : Осы мәдениетті Гарри Пилль де екі бетіне жайыпты.

И з о б р е т а т е л ь: Ұстазы оны жүндестік жағына баулып жүрген көрінеді.

Ж і г і т: Сол оқытушының шашы неменеге ілегіп тұрғанын да білмеймін: басы жоқ, тек бұйра мен бұйда ғана бар. Сондай жүндестік дымкыл жерде пайда бола ма, қайдам?

К і т а п о қ ы ғ а н ж і г і т: Жо-оқ. Ол-жазушы. Не жазғанын білмеймін, бірақ атақты жазушы екенін ғана білемін! «Вечорка» газеті ол жөнінде үш рет. Апухтиннің өлеңін өз өлеңім деп сатып, Апухтин оған өкпелеп, дау көтерді деп жазды. Бәрің де ақымақ екенсіңдер, - мен мұны Надсоннан көшіріп алдым, -деді ол. Қайсінікі дұрыс екенін білмеймін. Оны көзір баспаға шығаруды қойды, бірақ атақты-ақ жастарды оқытып жүр. Бірін өлең жазуға, бірін ән салуға, бірін биге, бірін жай...қарызға ақша алу үшін оқытып жүр.

С ы п ы р т қ ы ұ с т а ғ а н ж і г і т: Аяқ-қолының күсін сырмен әдемілеу жұмысшы табының ісі емес.

Үсті - басы қара май слесарь сөз үстіне кіреді де, қолын жуып бұрылады.

С л е с а р ь: Оның жұмыскерімен үш қайнаса сорпасы қосылмас, бүгін есебін алды: шаштаразының қызына үйленбекші, ол қыз әрі кассир, әрі маникюрша көрінеді. Оның тырнағын енді тек мадемуазель Эльзевира Ренесанс қыяды.

И з о б р е т а т е л ь: Эльзевир деп шрифтің бір түрін атаушы еді.

С л е с а р ь: Шрифті жөнінде білмеймін, ал сырт тұлғасы-нағыздың өзі. Есеп айыратын бухгалтерге карточкасын көрсеткен еді.

Ол қыз емес, ол бір құт:

Әр емшегі екі пұт.

Ж а л а ң а я қ ж і г і т: Жылы-жұмсақ жерді тапқан екен!

Қ ы з: Е, күндеуге айналдың ба?

Ж а л а ң а я қ ж і г і т: Несі бар, технорук болып алған соң, бір киер етік алам да, тіміскілеп жүріп мен де ең жақсы пәтер тауып кіремін.

С л е с а р ь: Мен саған мынандай ақыл айтам: сен өзіңе перде сатып ал. Пердені ашып жіберіп-көшеге қара. Пердені жауып жіберіп параны қағып сал. Тек жалғыз жұмыс істеу қиын,

ал тауықтың етін жегенде жалғыз болған жақсы. Солай емес пе? Осы сияқты жайлы орын іздеп окоптан қашқандардың да сазайын беруші едік. Немене, жүре бер!

Жалаңаяқ жігіт: Барамын, бармаймын несі бар. Сен немене өзіңнен - өзің Карл Либкнехт болып тұрғаның? Егер терезеден гүл көрсетсе, сен де жорта жөнелерсің... Ер неме!

Слесарь: Ешқайда жөнелмеймін. Немене, осы жыртқық пен, осы сасық жер маған ұнап тұр деймісің? Жоқ, ұнап тұрған жоқ. Біз, білсен көппіз. Бәрімізге бірдей нәпшілдердің қызын жеткізе алмайсың. Үйлерді өзіміз саламыз да, бірден жылжыймыз... Бәріміз бірден жылжыймыз. Бірақ бұл окоптың қамбасынан ақ жалау ұстап шыға алмаймыз.

Жалаңаяқ жігіт: Сен немене, окоп-окоп деп. Қазір он тоғызыншы жыл емес қой. Әркім өзі үшін өмір сүргісі келеді.

Слесарь: Окоп емей не?

Жалаңаяқ жігіт: Былшылдапсың?!

Слесарь: Құжынаған бит.

Жалаңаяқ жігіт: Былшылдапсың!

Слесарь: Атқанда дыбыссыз дәрімен атады...

Жалаңаяқ жігіт: Былшылдапсың!

Слесарь: Әне, Присыпкинді қоскөзді қосауызбен атып жықты.

Жылтыраған туфли киген Присыпкин кіреді: жалаңаяқ жігіттің ескі етігін созған қолының ұшында ұстап келіп, тастай берді. Баянның қолында сатып алынған заттар. Ол Скрипкинді ашуланған слесарьдан тасалап тұра қалады.

Баян: Сіз, Скрипкин жолдас, мұндай тұрпайы билерге көңіл аудармаңыз: бұлар сіздегі жаңа туып келе жатқан нәзік сезімді бүлдіреді.

Жатақхананың жігіттері теріс қарайды.

Слесарь: Еңкеңдеме! Қазан басынды бұзып аларсың!

Баян: Мен түсінем сізді, Скрипкин жолдас, сіздің нәзік жаныңыз бел бұлардың тұрпайы қауымында жүру, әрине, өте киын. Сіз шыдамыңызды енді бір сәтке жеткізіңіз. Неке қиғаннан кейінгі бірінші фокстрот-өмірдің ең бір жауапты кезеңі. Өмірлік есінде қалуы керек. Кәне, қиялыңыздағы

бикешпен жүргендей жүріп көріңізші. Бірінші май парадында жүргендей неге дүңкілдейсің?

П р и с ы п к и н: Баян жолдас, кебісімді шешейін, біріншіден, қысып барады, екіншіден, табаны жұқарады.

Б а я н: Міне, міне! Солай, солай, айлы түнде сыраханадан мең-зең, дел-сал болып қайтып келе жатқан сияқты, теңселе басып жүріңіз. Солай, солай! Бөксенізді қайқандата берменізші, сіз вагонетка сүйретіп келе жатқан жоқсыз, бикешпен келесіз ғой. Солай, солай! Қолыңыз қайда? Қолыңызды төменірек ұстаңыз!

П р и с ы п к и н: /қолың қиялданып әйелдің иығынан сырғытып/. Бос көтере беруге көнбей тұр ғой.

Б а я н: Олай болса, Скрипкин жолдас, ақырын сыйпаған бойыңызбен тәстартқышын тауып алыңыз, қолға доп алғызғандай бас бармағыңызды батыра түсіңіз, мұндай сезім білдіру әйелге де ләззат, сізге де жеңілдік – екінші қолыңызды қай жаққа жіберіңізді ойлануыңызға болады. Иығыңызды неге дірілдетіп кеттіңіз? Бұл фокстрот емес, сіз Шиммнның «па» сын көрсетуге айналдыңыз.

П р и с ы п к и н: Жоқ, Мен жай... Жол-жөнекей қасынып жатқаным ғой.

Б а я н: Сөйте ме екен, Скрипкин жолдас! Егер сізге, сондай билеу шаттығында жүргенде, қышыма пайда болып қалса, жаныңыздағы әйелді біреуден қызғанғандай көздеріңізді адырайтып жіберіңіз де, испандықтарша қабырғаға шегініп кетіңіз де кездескен скульптураға сүйкеніңіз /сіз араласып жүретін ақсүйек қауымда скульптуралар мен вазалардан аяқ алып жүре алмайсыз/. Сүйкеніп өтіңіз де, қалш-қалш етіп, көздеріңізді жалт-жалт еткізіп: «Мен сіздің сұр-р-қиялығыңызды түсіндім... мені сіз ойыншық етпексіз... бірақ...» деңіз де, сонсон бірте-бірте ашуыңыз қайтып, басылғандай, тағы билей жөнеліңіз.

П р и с ы п к и н: Былай ма?

Б а я н: Браво! Жақсы-ақ! Сізде, Присыпкин жолдас, талант бар! Сізге, буржуазия қоршауы мен социализмді бір елде құруы жағдайында бар өнеріңізді көрсетуге мүмкіндік жоқ; Біздің Средний Козий деп аталатын шолақ көше сіз үшін қолайлы

орын ба? Сізге дүниежүзілік революция керек, сізге Европаға шығатын жол керек, Сіз Чемберлендер мен Панкарел ердің мойнын бұрап алсаңыз-ақ, дене қимылдарыңыздың әсемдігімен Муле-Ружи мен Пантеондарды таң қалдырасыз. Осыны ұмытпаңыз, осы бойыңызда ката қалыңыз! Тамаша! Ал мен кеттім. Сонау күйеу – қосшыларды аңдып отырмасаң болмайды; той басталғанша бір-бір стаканнан артық бір тамшы берілмейді, қызметін атқарып болған соң, маған десе шынының мойнынан сімірсін. Оревуар. */Есіктен шығып бара жатып, айқалап/*. Екі галстукті бірден кимеңіз, әсіресе екеуі екі түсті болса, және де: крахмалды көйлектің етегін шығарып жіберіп киюге болмайтынын ұмытпаңыз!

П р и с ы п к и н: Жаңа киімдерін киіп көреді.

Ж і г і т: Ванько, қойшы сен осы әлегінді, немесе қуыршаққа айналып кеткенін?

П р и с ы п к и н: Ит өз міндетін білу керек, құрметті жолдас! Мен не үшін күрестім! Мен жақсы өмір үшін күрестім. Ол өмір енді міне қолымда! Әйелім де, үйім де сый-сыйпатым да көзір дайын. Мен қажет болғанда өз міндетімді қашан да атқарып бере алам. Соғыс ауырлығын кешкен адам, тымық өзен жағасында демалуға да қақы бар. Солай! Мүмкін мен өзімнің жағдайлы орналасуыммен бүкіл өз табымды жоғары дәрежеге көтеріп тұрған болармын. Міне!

С л е с а р ь:

Жауынгер! Суворов! Дұрыс!

Ойға бардым,

қырға бардым,

Социализмге

көпір салдым;

Шаршадым да, отырдым

Тұсына кеп көпірдің.

Көкмайса

көпір қасында.
Көпірден қаптай өтті ғой
Осы өзеннің басында
Демалу енді біздің ой.
Осылай ма еді?

П р и с ы п к и н: Қойшы сен. Мазамды алмашы дөрекі
үгітінмен...

Солай!

Кереуетке отырады, гитараға қосылып...

Луначарский көшесінде
Ескі бір жадымда
Ғажап үлкен баспалдақты,
Әйнегі әсем тағы да.

Мылтық даусы естіледі. Бәрі есікке ұмтылады.

Ж і г і т: /есіктен/. Зоя Березкина өзін-өзі атты! Бәрі есікке
ұмтылады.

Ж і г і т: Ой,енді ячейкада оны қатырар–ау!

Дауыстар. Тез...

Тез...

Жедел...

Жедел...

Д а у ы с. Жедел көмек! Тез! Не? Атылып қалды? Дәл
кеудесінен!

Средни Козий, 16.

Жалғыз қалған Прысыпкин нәрселерін тез жинақтады.

С л е с а р ь. Оңбаған жүндес хайуан, сен үшін осындай
қатынның өліп жатқаны! Шық амаңыңда!

*Прысыпкинді тиджағынан алып, жұлқып, есікке қарай итеріп
шығарады да, нәрселерін соңынан лақтырады.*

Ү й с ы п ы р у ш ы . /Дәрігерді ертіп жүгіріп келе жатып
Прысыпкинді сүйемелдеп тұрғызады да, ұшып кеткен шляпасын
әпереді/. Өз табыңнан жай кетпей, у-шу қылып кетіп жатырсың–
ау, жігітім !

П р и с ы п к и н /теріс қарай беріп айқай салды/. Извозчик,
Луначарский көшесі, 17! Заттарым бар !

III

Үлкен шаштаразы бөлмесі. Айналы қабырғалар. Айналар алдында қағаз гүлдер. Сақал алатын столдарда шынылар тұр. Авансценаның сол жағында аузы арандай ашылған рояль, оң жағында трубкасы бүкіл бөлмені аралаған пеш. Бөлменің ортасында тойға дайындалған дөңгелек стол. Стол басында: Пьер Скрипкин, Эльзевира Ренессанс, екі күйеуқосшы әйел, Эльзевираның әкесі мен шешесі, өкіл - әке бухгалтер мен сол сияқты өкіл – ана, Олег Баян столдың орта шенінде арқасын залға беріп үкім беріп тұр .

Пауза

Эльзевира. Скрипка – жан, басталық?

Скрипкин. Тоса тұрайық. Мен ұйымдасқан түрде, мен құрметті қонақтар алдында, әсіресе завкомның секретары, аса құрметті Лассальченко жолдастың алдында үйленгім келеді ... Солай.

Қонақ /жүгіре кіріп/. Құрметті жас некелілер, кешіріңіздер кешікенім үшін, бірақ мен көсеміміз Лассальченко жолдастың сіздердің некелі болғандарыңызға жолдаған тілектерін айтуға жіберілген өкіл едім. Ертең шіркеуге барса да дайынмын, бірақ бүгін келе алмаймын деді. Бүгін партия күні, барғың келсін-келмесін, ячейкада болу керек,- деді. Ендеше сөйтіп, кезекті істерге көшейік .

Присыпкин. Тойды ашық деп жариялаймын.

Розалия Павловна. Жолдастар – мүсьелер, ішіңіздер, рақым етіңіздер, алыңыздар. Қазір мұндай шошқаны басқа жерден таба алмайсыздар. Мен осы сүрді Грециямен немесе Польшамен соғысып қалсақ қат болар деп бұдан екі-үш жыл бұрын сатып алған едім. Бірақ ... Соғыс әлі ашылар емес, ал сүр шіріп барады. Алыңыздар, мүсьелер.

Бәрі. /стакандары мен рюмкаларын көтеріп/. Ащы! Ащы! /Эльзевира мен Пьер сүйіседі/ Ащы! А-а-щы!

Эльзевира Пьерге асыла қалады: Пьер асықпай өзінің таптық қасиетін сездіре сүйеді.

Өкіл -әке-бухгалтер. Бетховенді!... Шекспирді! Бірденені көрсетуді өтінеміз. Сіздердің юбилейлеріңізді күн сайын жайға мерекелеп жүрген болмаспыз?

Рояльді сүйреп әкеледі.

Д а у ы с т а р. Қанатының астынан, қанатының астынан ұстандар! Тістерінің, тістерінің көбін көрдің бе? Періп жіберер ме еді!

П р и с ы п к и н. Менің ролімнің сыйрағын сындырып жүрмендер.

Б а я н /*тұра келіп, теңселіп, рюмкасындағысын шайқалтып, төгіп алады*/. Мен бақыттымын, мен Скрипкин жолдастың күреске толы жолының дәл осы кезеңде осындай тамаша болып аяқталғанына бақыттымын. Демек, ол бұл жолында бір партия билетінен айрылғанымен оның орнына мемлекеттік заемның көптеген билеттеріне ие болды. Біз бұлардың таптық және сол сияқты басқа қайшылықтарын келісімге келтіріп, жоққа шығара алдық; былайша айтқанда, марксистік көз-қараспен қаруланған адам бұдан социализмнің қарапайым халық деп аталатын адамгершілігінің бақытын бір тамшы судан да айқын көрмей қоя алмайды.

Б ә р і. Ащы: Ащы!

Эльзевира мен Скрипкин сүйіседі.

Б а я н. Біз семьялық құрылыс жолында қандай күрделі адыммен ілгері басып келеміз! Біз Перекоптың түбінде өлмекші болғанымызда, ал көбіміз өліп те қалғанымызда, мына гүлдер дәл осы кезеңде қош иісін жайып тұрады деп кім ойлап еді? Самодержавиенің қамауында жүргенде біз, біз түгіл, айталық, біздің ұстаздарымыз Маркс пен Энгельс осы аты аталмаған ұлы еңбек тартымды, капиталды жеңіп, аяққа басса да, сол капитал мен Гименейдің арқасында тоғысады деп ойлап жобалады ма екен немесе жобалап ойлады ма екен?

Б ә р і. Ащы: Ащы!

Б а я н. Құрметті азаматтар! Сұлулық-прогресті дамытатын күш болып табылады! Мен қарапайым еңбекші болсам, не болар едім? Бочкин болар едім де қояр едім! Ал мен Бочкин болғанда не істей алдым? Тек мәңіреуді білдім! Басқаны білмедім! Ал Баян болып едім, қолымнан келмейтін өнер жоқ.

Мысалы: Алдарыңызда мінекей Олег Баян

Бақытқа мастылығым жұртқа аян.

Ал қазір ғой мен Олег Баянмын; мен қоғамның тең праволы мүшесі ретінде, мәдениттің бар рақатына шомып отырмын; мен

енді былай деп те бөсе аламын, жоқ бөсу емес, былай деп ескі гректерше айта аламын: «Эльзевира келіншек, балық бер, болма еріншек». Сонда маған бейнебір трубадурларға ұқсап:

Бір рюмка беріп арақ,
Оған қосып тұзды шабак
Әм сыпайы, әм епті
Сыйлайық біз Олегті, - деп барлық ел жауап

берді.

Б ә р і. Сұлулық – ананды...

Күйеу – қосшы. */тұнжырап атып тұрып/*. Ананды!
«Ананды!» деген кім? Жас некелердің алдында дөрекі сөзді айтпауды өтінем!

Күйеу – қосшыны алып кетеді.

Б ә р і. Бетховенді! Камаринскиді!

Баянды сүйрелеп, рояльға апарады.

Б а я н. Загске трамвайлар жыйылыпты,

Сол жерде тойланыпты қызыл неке!

Бәрі */қосылып/* Күйеудің киінгені әсем киім.

Профбилет жалтырайды қалтасынан!

Б у х г а л т е р. Түсіндім! Бәрін түсіндім! Былай емес пе?

Қозыдай бұйра шашты Олег Баян,

Өмір сүр мәңгі-бақи есен-аман.

Ш а ш т а р а з ы. */вилкасын ұстап өкіл анаға ұмтылады./* Жоқ, мадам, революциядан кейін нағыз бұйра шаштылар құрыды. Шиньон гоффри былай жасалады... қысқашты алады да */вилкасын дөңгелетіп/*, отқа қыздырады, а ля туалъ */вилкасын пештің жалынына тосып/*, сонсоң шекесіне мына бұйра жүн суффле дударланады.

Ө к і л – а н а. Сіз менің әрі өкіл – аналық арыма, әрі қызға тән арыма тидініз... Жіберіңіз... Иттің баласы!

К ү й е у – қ о с ш ы. Иттің баласы деген кім?! Жас некелілердің алдында тұрпайы сөз айтпауды өтінем!

Бухгалтер оларды айырады; өлеңдетіп, касса счетчигінің құлағын бұрағысы келеді; счетчикті ол шарманкаша ұстап дөңгелетіп жүр.

Э л ь з е в и р а. */Баянға/*. Ах! Ойнаңызшы, ах! «Вера Холоднаяға Макаровтың ынтығуы» деген вальсті! Ах, бұл шарман, ах, бұл тіпті петит истуар...

К ү й е у – қ о с ш ы /қолына гитара ұстаған/. «Писуар» деген кім? Жас некелілердің алдында...

Баян айырады да, рояльға ұмтылады.

К ү й е у – қ о с ш ы /дүрсе қоя беріп/. Сен немене жалғыз кара сүйегімен ойнап отырғаның? Пролетариат үшін жартысымен ойнап, барлығымен буржуазия үшін ғана ойнағаның ба?

Б а я н . О не дегеніңіз, азамат, о не дегеніңіз? Мен көбіне ақ сүйегімен ойнауға тырысып жатырмын.

К ү й е у – қ о с ш ы . Сонымен, тағы ақ сүйегі артық болғаны ма? Бәрімен бірдей ойна!...

Б а я н . Мен бәрімен ойнап отырмын!

К ү й е у – қ о с ш ы . Сонымен ақ пен қараны араластырғаның ба, келісімшіл?

Б а я н . Жолдас... Бұл, бұл...ақ!

К ү й е у – қ о с ш ы . Ақымақ! Кім ақымақ деді! Жас некелілер алдында! Мә!!

Желкесінен гитарамен періп жібереді. Шаптаразы вилканы өкіл ананың шашына түйрейді. Присыпкин бухгалтерді әйелінен бөледі.

П р и с ы п к и н . Сіз менің әйелімнің кеудесіне селедканы неге нұқып тұрсыз. Бұл клумба емес, кеуде ғой, ал мынауыңыз қызыл гүл емес, селедка ғой.

Б у х г а л т е р . Лосось балықпен құрметтеген өзіңіз емес пе? Құрметтедіңіз ғой! Солай ғой? Ал енді өзіңіз өлерсіз!

Тобелесіп жүріп, газ киген қалыңдықты пешке құлатып алады, пеш, құлайды, жалын, түтін.

Д а у ы с т а р . Жандық... Жандық деген кім?... Өрт! Лосось балық... Загстен трамвайлар келе жатты...

IV

Көзге түртсе көрінбейтін қараңғы түнде жақын жерде лаулаған оттың жарығынан өртішінің каскасы жылытырайды. Начальник жалғыз. Өртішілер кіріп келіп, істің барысын баяндап, қайта кетіп жатыр.

1 – ш і ө р т ш і . Шамамыз келмейді, начальник жолдас! Екі сағат бойы бірде бір шақырмады... Мас иттер!!! Оқ – дәрінің қоймасындай лаулап жанып жатыр /Шығып кетеді/.

Н а ч а л ь н и к . Жанбай қайтсін? Өрмекшінің торы мен спирт.

2 – ш і ө р т ш і . Сәнетін; су ұшқан бойында бұршақ болып қатып жатыр. Погреб суға толды, беті катоктен де жылтыр /Шығып кетеді/.

Н а ч а л ь н и к . Денелері табылды ма?

3– ш і ө р т ш і . Бірін таптық, басы мылжа-мылжа, жобасы, бөренеге құласа керек. Тура морғқа жібердік /Шығып кетеді/.

4 – ш і ө р т ш і . Бір күйген адамды тиедік... Басында вилка шаншулы... Жынысы белгісіз.

1 – ш і ө р т ш і . Пештің астында бұрын әйел болған адам табылды, желке сүйегінде сымнан жасалған өрнегі бар.

3– ш і ө р т ш і . Дене құрылысы соғыстан бұрынғы адамға ұқсайтын біреуі табылды, қолында кассасы бар, тірі кезінде қарақшы болса керек.

2– ш і ө р т ш і . Тірі қалған бірі де жоқ... Өліктердің ішінде біреуі жетпейді; сондықтан табылмағандығын еске алғанда, күл болып жанып кеткен-ау деймін.

1– ш і ө р т ш і . Нағыз иллюминация! Қатысушыларының бәрі жанып кеткені болмаса, айнымаған театр.

3– ш і ө р т ш і . Қайтыпты күйме мініп олар тойдан,
Қып-қызыл күйме үстіне крест қойған...

Дабылшы өртіңдерді жинап алады. Сапқа тұрады.

Театрдан саппен жүріп, тақпақтап айтып өтеді.

Ө р т ш і л е р . Азаматтар, жолдастар,

арақ- у

Өртейді елімізді

маскүнем қу!

Пеш пенен примуске

толса үйің;

Құрыйсын

үйің түгіл

өзің күйіп;

Өртке

себеп

тосын ұйқы жарықтық;

Оқымаңыз

Ұйқы алдында

Надсон менен Жаровты!

V

Үлкен мәжіліс залы, амфитеатр болып төбесіне дейін көтеріледі. Адамның басының орнына радиотрубалар, жанында автомобильден салбыраған сияқты салбырап тұрған бірнеше қолдар. Әрбір радиотрубаның үстінде электр шамдары, потолоктың дәл астында экрандар, ортасында микрофоны бар мінбе. Мінбенің қабырғаларында жарық пен дауысты бөліп, реттеп тұратын тетіктер. Екі механик – бірі жас, бірі кәрі, қараңғы аудиторияда жөндеп жүр.

Қ а р т. /трубалардың шаңын мамық шеткамен сүртіп/. Бүгін аса маңызды сайлау болады. Жер шаруашылығы аудандарының дауыс беру аппаратын тексеріп, майлап қой. Ақырғы сайлауда нашар болды. Дауыс бергенде сықырлап тұрды.

Ж а с ж і г і т. Жер шаруашылығы аудандарын ба? Жақсы! Орталықтарын майлайын. Смолен аппараттарының кенірдегін жарғақпен сүртем. Өткен жетіде тағы қырылады. Астаналардың қызметші штаттарының қолдарын бұраңқырап қою керек, әйтпесе қыйсайыңқырап кетіпті: оң қолдары сол қолдарға килігеді.

Қ а р т. Урал заводтары дайын. Курскийдің металлургиялық аудандарын қосайық, онда Запарожье электростанцияларының екінші тобының алпыс екі мың даусына жаңа аппарат қойыпты. Оларды жіберу оңай, жұмысы жеңіл.

Ж а с ж і г і т. Бұрынғы заманда сайлаудың қалай болғаны есінде ме? Қызық шығар-ау?

Қ а р т. Мені анам бір рет мәжіліске көтеріп апарған еді. Адам деген тіпті аз екен-мыңға жақын-ақ жиналыпты: бәрі, арамтамақ немедей, тыңдап отыр. Талқылаған мәселелері маңызды екен, бір дауыс пен ғана қабылданды. Менің анам қарсы еді, бірақ қолында мен болған соң, даусын бере алмады.

Ж а с ж і г і т. Әрине, қалай көтерсін! Надандық қой!

Қ а р т. Ол кезде қазіргідей аппарат іске жарамайтын да еді. Ол кезде қолын бұрын көтеріп өзін көзге түсірейін деген кісі, қолын председателдің дәл тұмсығының тұсына тосып, танауына сұғып ала жаздайтын; ол екі қолын бір-ақ көтеруге ескі дүниенің әйел құдайы Изида өзі болмағанына өкінемін. Ал көбі қашып құтылатын. Біреуі дауыс беруге қорқып, маңызды айтыс өтіп болғанша дәретханада отырып шықты дегенді айтатын. Ойға шомып отыра берсе керек: жанын сақтағаны ғой

Ж а с ж і г і т . Сақтап қалып па?

Қ а р т . Сақтапты. Тек басқа мамандыққа ауысыпты. Оның дәретханаға әуестігін көріп, сабын мен сүлгі ұстатып, соған бастық етіп қойыпты. Біттің бе?

Ж а с ж і г і т . Біттім!

Жүгіріп төмендегі реттеу тақталары мен өткізгіштеріне барады.

Көзілдірік киген сақалды адам есікті ашады да, төте жүріп эстрадаға шығады: аудиторияға сыртымен тұрып қолын көтереді.

Ш е ш е н . Федерацияның барлық аудандарын бірден қосындар!

Ү л к е н і м е н к і ш і с і . Қостық!

Аудиторияның қызыл, жасыл, көк шамдары бірден жанады.

Ш е ш е н . Алло! Алло! Адамды тірілту институтының председателі сөйлеп тұр. Мәселе телеграммамен жарияланған болатын; талқыланды; түсінікті, айқын. Бұрынғы Тамбов қаласының алпыс екінші көшесі мен он жетінші проспектісінің бұрышында фундамент қопарған бригада жеті метр тереңдікте жер астында қалған мұздақ болып кеткен погребті тауыпты. Бұл ерекше қазбаның мұзынан адамның қатып қалған денесі көрінеді. Институт бұдан елу жыл бұрын мұздап қатып қалған индивидумды тірілту керек деп тапты.

Пікіріміздің айырықша жерлерін жобаға келтірейік. Институттың пікірінше әрбір жұмыскердің өмірі ақырғы секундіне дейін пайдалануы керек.

Сәуле өткізіп қарағанда хайуанаттың қолында күсі бар екені көрінеді; бұл бұдан елу жыл бұрын нағыз еңбекшінің белгісі болған-ды. Еске саламыз: дүние жүзінің басынан өткен соғыстардан кейін, жер федерациясын орнатқан азамат соғыстарынан кейін, 1965 жылғы 7 ноябрьде жарияланған декрет бойынша адамның өміріне ешкім қол сұға алмайды. Тірілтуге эпидемиялық секцияның қарсы екенін сіздерге мәлімдеймін: олар бұрынғы Россияның бұрынғы жындыларының арқасында көп болған бактериялардың тарап кетуінен қауіптенеді. Жауапкершіліктің зор екендігін әбден түсіне отырып, қарар шығаруға көшем. Жолдастар, естеріңізде болсын, тағы да айтам, естеріңізде болсын:

Біз

адам өмірі үшін

дауыс береміз.

Шамдар сөнеді, қатты қоңырау, экранда шешен айтып тұрған резолюция жазылады.

«Жұмысшы адамгершіліктің еңбек әдістерін зерттеу үшін, олардың тұрмысын көрнекті түрде салыстырып түсіну үшін тірілтуді талап етеміз».

Трубалардың жартысы «Дұрыс қабылдайық» - деп дауыстайды, біразы «қарсымыз» - деп дауыстайды, дауыстар лезде тына қалады. Экран сөнеді. Екінші қоңырау: жаңа резолюция жазыла қалады. Шешен қайталап тұр.

«Донбастың металлургия және химия өнеркәсіп орындарының санитарлық-бақылау пункттерінің резолюциясы. Жиырма тоғызыншы жылға тән жағымпаздық пен менмендік бактериаларының тарап кетуі қаупінен сақтану үшін экспонатты қатқан күйінде қалдыруды талап етеміз». Трубалардың көбі «қарсымыз!» - деп дауыстайды, бірен-сараны ғана «Дұрыс» - деп дауыстайды. Тағы да резолюция қосымша пікір бар ма? /*Үшінші экран жанады, шешен қайталайды.* «Сибирьдің жер шаруашылығы аудандары көргісі келетіндердің көпшілігі барып көруі мүмкіншілігін жеңілдету үшін күзде, дала жұмыстары аяқталған кезде тірілтілсін деп өтінеді». «Трубалардың көбінің даусы «Қарсымыз», «қабылданбасын», шамдар жанады. Дауысқа қоям: Кім бірінші резолюцияны қолдайды, қол көтеруіңізді өтінем! /*Темір қолдардың көбі көтеріледі.* Түсіріңіздер. Кім Сибирьдің ұсынысын қолдайды? /*Екі қол көтеріледі.* Федерацияның жиналысы «Тірілтілсін» деген қаулы шығарды. /*Трубалар бірден дауыстап:* «Ура» - дейді де, тына қалады.

Ш е ш е н . Мәжіліс жабық деп жариялаймын! /*Ашылған екі есіктен жулқынып репортерлер кіреді. Шешен қуанышты жүзбен жан-жағына қарап дауыстап әзер шығады!* Тірілтіледі! Тірілтіледі! Тірілтіледі!!! /*Репортерлер қалталарынан микрофон-дарын алып, жүре дауыстайды.*

1 – ш і р е п о р т е р . Алло!! 472 ½ метрлі толқын... «Чукотка известиясы»... Тірілтіледі!

2 – ш і р е п о р т е р . Алло! Алло!! 376 метрлі толқын...
«Витеб кешкі правдасы»... Тірітіледі!

3 – ш і р е п о р т е р . Алло! Алло!! Алло!!! 211 метрлі
толқын... «Варшава комсомолы правдасы»... Тірітіледі!

4 – ш і р е п о р т е р . «Армавир әдебиет дүйсембісі». Алло!
Алло!

5 – ш і р е п о р т е р . Алло! Алло! Алло!! 44 метрлі
толқын. «Чикаго советінің известиясы»... Тірітіледі!

6 – ш ы р е п о р т е р . Алло! Алло! Алло!!! 115 метрлі
толқын! «Римнің қызыл газеті»... Тірітіледі!

7 – ш і р е п о р т е р . Алло! Алло! Алло!! 78 метрлі
толқын... «Шанхай кедейлері»... Тірітіледі!

8 – ш і р е п о р т е р . Алло! Алло! Алло! 220 метрлі
толқын... «Мадрид батрақ әйелі»... Тірітіледі!

9 – ш ы р е п о р т е р . Алло! Алло! Алло! 11 метрлі
толқын... «Кабул пионері!»... Тірітіледі!

Газетшілер шығарып үлгерген газеттерін ұстап жұлқына кіреді.

1 – ш і г а з е т ш і .

Тірілтер

тірілтпесін

Біліңдер тез!

Басмақала –

әм өлең, әм қара сөз.

2 - ш і г а з е т ш і . Жержүзілік мәселенің анкеті –

Қауіпті ме жағымпаздық індеті?!

3 - ш і г а з е т ш і .

Ескі гитар,

романс

Жайындағы мақала,

Сондайлармен сол заманда

алданыпты

Бұқара.

4 - ш і г а з е т ш і . Соңғы жаңалықтар!!! Интервью!

Интервью!

5 - ш і г а з е т ш і . Сескенбеңіз,

бұл өзі ғылыми жинақ!

Боғауыз

сөз дегенді

терген жинап!

6 - ш ы г а з е т ш і . Ақырғы радио!
7 – ш і г а з е т ш і . Тарихи сұрақ қойды, сізге ғылым:
Піл дағы өлер ме еді тартса шылым?
8 – ш і г а з е т ш і . Естісең,
күле – күле
жарыларсың,
«Маскүнем»
деген
сөздің
мағынасын!

VI

Күңгірт әйнектен жасалған қос есік: қабырғадан медициналық аспаптардың металдан жасалған бөлектері көрінеді. Қабырғаның алдында қарт профессор мен мосқал ассистент әйел, әйелде Зоя Березкинаның бейнесі сақталған. Екеуі де аурухананың ақ киімін киген.

Зоя Березкина. Жолдас! Профессор жолдас, өтінем, сіз осы экспериментті жасамаңыз. Профессор жолдас, тағы бүліншілік басталады.

П р о ф е с с о р . Березкина жолдас, сіз қиялыңызбен ескілікке шомып кеттіңіз де, түсініксіз сөздермен сөйледіңіз. Ескірген сөздерді тізіп айтасыз. Бүліншілік деген не? /сөздіктен қарап/. Бүліншілік.

Бүліншіл... Бюрократтық, бублики, богема, Булгаков, құдай іздеушілік...

Бүліншілік - адамның барлық іс-әрекетіне кедергі болатын іс-әрекеттің түрі ... депті.

З о я Б е р е з к и н а . Оның сол - «іс әрекеті» бұдан елу жыл бұрын мені өлімге душар қыла жаздады. Мен тіпті өзімді өзім өлтірмекші де болғанмын.

П р о ф е с с о р . Өзін өзі өлтіру? «Өзін өзі өлтіру» деген не? /Сөздіктен қарайды/. Өзара салық, өзін әйгілеу, өзара тарыну, самодержавие ... «Таптым...» /таңқалып/. Сіз өзіңізді аттыңыз ба? Үкім бойынша ма? Сотталдыңыз ба? Ревтрибунал соттады ма?

З о я Б е р е з к и н а . Жоқ ... Мен өзім.

П р о ф е с с о р . Өзіңіз? Байқаусызда ма?

З о я Б е р е з к и н а . Жоқ... Махаббаттың салдарынан.

Профессор. Сандырақ. Махаббаттын салдарынан көпір жасап, балалар туу керек.. Ал сіз Я! Я!Я!

Зоя Березкина. Мені босатыңыз, менің, шынында, мұршам болмай тұр.

Профессор. Дәл осы әлгі өзіңіз айтқан... қалай еді. «Бүлін-шілік»! Я! Я! Я! Я! Бүліншілік! Қауым сізден тірілтетін субъекттің анабиозды елу жылын жеңіп шығуын барынша жеңілдету үшін бар сезіміңізді жұмсауыңызды тілеп отыр. Я!Я!Я!Я! Сіздің болуыңыз өте-мөте қажет. Сіздің табыла қойып, мұнда келгеніңізге мен өте қуаныштымын. Оның аты № ол. Ал сізсіз. Айтыңызшы, кірпігі оның жұмсақ па еді? Тез еріткенде сынып жүреме дегенім ғой.

Зоя Березкина. Профессор жолдас, бұдан елу жыл бұрын болған кірпіктің қандай екені қалай есімде тұрмақшы...

Профессор. Ә, елу жыл бұрын? Ол кеше ғой!... Жарты миллион жыл бұрын болған мостодонттың құрығының түгінің түсі менің неге есімде сақталған? Я! Я! Я! Я! Ал Сіздің есіңізде емес пе? – лепірме қоғамда отырғанда танауларын тым делдендетпеуші ме еді?

Зоя Березкина. Профессор жолдас, сондайлар есімде қалай сақталмақшы? Ондай жағдайда танау делдендетуді қойғалы отыз жыл болып қалды.

Профессор. Солай! Солай! Солай! Ал сіз оның қарны мен бауырының көлемі жөнінде мәліметіңіз жоқ па? Сақталған арақ пен спирті еріп шығып, кернеуі күшті тоқты қолданғанымызда лапылдап жанып кетіп жүрмей ме?

Зоя Березкина. Қалай есімде болады, профессор жолдас! Әйтеуір қарны бар екені есімде еді.

Профессор. Ах, Березкина жолдас, сіздің есіңізде түк қалмаған екен! Айтыңызшы тым болмаса есіріктеу емес пе еді?

Зоя Березкина. Білмеймін... мүмкін... Бірақ маған ондай мінезін көрсеткен емес.

Профессор. Солай! Солай! Солай! Біз ерітеміз деп жүрсек, қатып қалған сіз-ау деймін. Я!Я!Я! Ал, кірістік. Кнопканы басып қалады, шыны қабырға ақырын екі бөлініп екі жаққа жылжып кетеді. Ортадағы операция столында адам денесі сиятын цинкпен жабылған жәшік. Жәшіктің тұсында крандар,

қран астында шелектер. Жәшікке электр тоғын беретін сымдар жалғанған. Оттегіні цилиндрлер; жәшіктің айналасында ақ киім киген алты дәрігер, абыржу белгісі жоқ. Жәшік алдындағы авансенада су шашып тұрған алты жуынғыш, көрінбейтін сымға ілінген алты орамал ауада салбырап тұрғандай.

Профессор. */дәрігерлердің бірінің жанына барып. Біріншісіне!/. Электр тоғын менің сигналым бойынша беріңіз /Екіншіге!/. Жылылықты 36,4 дейін жеткізіңіз; әрбір он бес секундте оннан бірі. /Үшіншіге!/. Оттегі жастықтары дайын болсын /Төртіншіге!/. Суды бірте- бірте, мұзда ауа қысымында ауыстыра отырып жіберіңіз. /Бесіншіге!/. Бет тақтайды лезде ашыңыз /Алтыншыға! Айнаға қарап, тірілу кезеңдерін байқап отырыңыз. /Дәрігерлер түсінгендігін білдіріп , бастарын изейді де орындарына барады!/.*

Бастадық. Ток жіберіледі, температураға үңіліседі. Су тамшылайды. Оң жақтағы айнасы бар кішкене қабырғадан көз айырмай дәрігер тұр.

6 – шы дәрігер. Табиғи бояу пайда бола бастады. */Пауза!/. Мұздан босанды; /Пауза!/. Кеудесі қозғала бастады. /Пауза. Қорқып кетеді!/. Профессор, қараңызшы, ерекше желікпе қозғалыстары бар...*

Профессор. */жақын келіп, байсалды пішінмен қарайды!/. Қозғалыстары әдеттегідей, қасынады жобасы, осы сияқты индивидумдарға тән жәндіктер де тіріле бастаса керек.*

6 – шы дәрігер. Профессор, түсініксіз бір нәрсе? Сол қолын қимылдатып, денесінен бөлініп...

Профессор */тесіле қарап!/. Ол музыкамен әбден тоғысқан адам, олар сондайды: «сезімтал жан» деп атайтын. Ескілікте Страдивариус пен Уткин дегендер өмір сүрген-ді. Страдивариус скрипка жасайтын , ал мынаны Уткин істеуші еді, гитара деп айтатын.*

Профессор термометр мен қан қысымын өлшейтін аппаратқа қарайды.

1-ші дәрігер. 36,1.

2-ші дәрігер. Жүрек соғуы 68.

6-шы дәрігер. Дем алуы біркелкіленді.

Профессор. Орындарыңызға тұрыңыздар!

Дәрігерлер жәшіктің жанынан кетеді. Бет тақтайы лезде ашылып, жәшіктен шашы дударланған, таң қалғандай түрмен Присыпкин тұрады.

Гитарасын құшақтап жан –жағына қарайды.

П р и с ы п к и н. Ұйқым қанды-ау! Кешіріңіздер, жолдастар, әрине азырақ ішіп едім! Бұл қай милиция бөлімі?

Профессор. Жок, бұл мүлдем басқа бөлім! Бұл сіздің теріңізге қатқан мұзды жібітетін бөлім...

П р и с ы п к и н. Немене? Сіз өзіңіз бірдемеңізді қатырып алған боларсыз. Қайсымыз бұрын мас болғанымызды әлі көрерміз. Сіздер, дәрігерлер, мамандар, өмір-бақи спирттің маңында боласыздар . Ал мен өзімнің кім екенімді қашанда анықтап бере аламын. Документтерім қалтамда. */Атып тұрып айналдырады/* 17 сом 60 тиын қалтамда. МОПР-ға! Төлеппін. Осовиахимға? Төледім. «Сауатсыздық жойылсын!» Рахым етіңіз. Мынасы несі? Загстің қағазы ғой! */Ысқырып қалады/* Ойбай-ау кеше үйленген едім-ау! Қазір қайдасыз, саусағыңызды кім сүйіп жүр? Сазайымды берер-ақ енді маған үйде! Күйеу-қосымшалардың куәліктері жанымда. Кәсіподақ билеті жанымда */Көзі календарьға түсіп, көзін уқалайды, әбден шошынып кетеді/*.

1979 жыл, 12 май! Сонда мен қанша уақыт кәсіподақ ұйымына төлемеген болғанмын ! 50 жыл! Справка, справка сұрайды-ау ! Губотдел ! ЦК! Құдай-ай ! Әйелім!!! Жіберіндер!

Айнала тұрғандардың қолдарын қысып, есікке жөнелді. Соңынан дегбірсізденген Березкина кетеді. Дәрігерлер профессордың жанына жиналады .

Б ә р і. Оның қолымен істегені не нәрсе? Сұғып, сілкіп, сұғып, сілкіп...

П р о ф е с с о р. Ескілікте сондай санитарияға қайшы әдет болатын.

Алты дәрігер мен профессор ойланып, үнсіз қолдарын жуады.

П р и с ы п к и н . */Зояға кездесін/*. Сіздер, азаматтар, кімсіздер өздерің? Мен кім? Сіз Зоя Березкинаның анасы емессіз бе? */Сиренаның дауысынан Присыпкин басын бұрады/*. Мен қайдамын осы? Мені қайда әкелген? Бұл не? Москва ма?... Париж бе? Нью-Йорк пе? Извозчик! */Автомобильдің сиренасының дауысы/*. Адам да жок, ат та жок! Автодор! Автодор! Автодор!!! */Есікке*

жабысып арқасын үйкейді, бес саусағымен арқасынан іздейді, бұрылып қараса: ақ қабырғада жағасынан шығып кетіп бара жатқан қандаланы көреді/. Қандала, қандалаш, қандала-жан!!! Гитараны қағып, өлең айтады. Кетпе, кетпе, жанымда бола тұршы...

Қандаланы бес саусағымен ұстамақшы болады: қандала жорғалап кетеді.

Айырылыстық екеуміз
Кемелердей теңізде...
Кетіп қалды!... Жалғыз қалдым!
Жауап берер адам жоқ,
Тағы да мен жалғызбын...

Жалғызбын!!! Извозчик, автодор... Луначарский көшесі,17;
нәрсем жоқ!!!

Басын ұстай алып, есеңгіреп, есіктен кіріп келген Березкинаның қолына құлайды.

VII

Сахнаның ортасы – сквердің мүйісі. Скверде қолдан отырғызған үш ағаш. Бірінші ағаштың табақтай жайпақ жапырағына қойылған үлкен тарелкалар, тарелкаларда толтыра салынған мандариндер. Екінші ағашта қағаз тарелкалар, оларда алмалар. Үшінші ағаш жасыл, елка бүршіктес, онда әтірдің аузы ашық шынылары. Сахнаның қабырғалары шынымен өрнектелген. Сквердің жиектерінде ұзын орындықтар. Репортер оның соңында әйел және еркек - небары төрт кісі кіреді.

Р е п о р т е р. Жолдастар, мында, мында келіңіздер! Көлеңкеде! Міне осы қайғылы және ғажап оқиғаларды бастанаяқ баяндап берейін. Біріншіден... Маған мандарин әперіңдерші. Қалалық басқарманың мұнысы дұрыс екен: бүгін ағаштарды мандариндеп қойыпты, әйтпесе кеше тек алмұрт-ақ еді, алмұрттың сусындығы да, коректілігі де шамалы, дәмі де онша емес...

Қыз ағаштан мандарини бар тарелканы алып келеді; отырғандар тазалап жеп, репортердің аузына қарайды.

І – ш і е р к е к . Ал, жолдас, айтыңыз тезірек: бастан – аяқ, толық етіп айтыңыз.

Р е п о р т е р. Сонымен... Қандай тамаша, тілге тимей жатып, еріп жатыр! Жемейсіздер ме? Жақсы, жақсы, айтайын.

Ойпырмау, шыдамсыздық-ай! Репортаждың президенті болғандықтан, әрине, маған бәрі мәлім... Сонымен, көрдіңіз бе, көрдіңіз?...

Дәрігерлік қобдыйша мен термометр ұстаған кісі тез жүріп өтеді.

Р е п о р т е р . Бұл мал дәрігері. Индет жайылып барады. Сол тірілтілген сүтқоректі хайуанат жалғыз қалдырылған екен, небоскребтегі үй хайуанаттарының бәрімен салыстырып, ит атаулы құтырып кеткен көрінеді. Сол хайуанат иттердің бәрін қаз тұруға үйретіпті. Иттер ұлымайды, арсаландап ойнамайды, тек қызмет етеді. Олар тамақ ішкендердің жанына барып жылмың қағып, жағымпазданатын көрінеді. Дәрігерлердің айтуы бойынша, сондай иттің тісі тиген адам, жағымпаздық жұқпалы ауруына душар болмақ.

О т ы р ғ а н д а р . Япыр-ай!!!

Р е п о р т е р . Қараңыздар, қараңыздар! Сыраға толы корзина ұстаған адам, шайқала жүріп өтеді. Өтіп бара жатқан кісі */өлеңдетіп/*.

Он тоғызыншы ғасырда
Бопты тұрмыс тамаша
Арақ-сыра қасында,
Мас болыпты таласа!

Р е п о р т е р . Қараңыздар, ауру мендеткен адам! Бұл екінші медицина лабораториясының 175 жұмыскерлерінің бірі. Біздің тұрмысқа бейімделуін жеңілдету үшін дәрігерлер тірілтілген сүт қоректі хайуанатқа сыра деп аталатын, көп ішсең уландыратын, аз ішсе жүрек айнытатын суықты ішуді бұйырыпты. Улы будан басы айналып, байқамай, сол салқын сұйықты олардың өздері ішіп жіберіпті. Содан бері жұмыскерлердің үшінші тобын ауыстыруға тура келіпті. Бес жүз жиырма жұмыскер ауруханада жатқан көрінеді, бірақ ауыр індет асқынып, жайылып құалап жатыр.

О т ы р ғ а н д а р . Япыр-ай!!!

Е р к е к . */қыялга кетіп, мойын/*. Мен өзімді ғылымға құрбан етер ем - сол сыйқыр ауруды маған да ексін!

Р е п о р т е р . Біткен адам! Мынау да біткен адам! Ақырын... мына есуас қызды сескендіріп алмаңыздар...*/Қыз өтеді/*; аяқтары

фокстрот пен чарльстонның «па» сын жасаймын деп қыйқаң-қыйқаң етеді, созған қолының екі саусағына ұстаған кітаптан балдырлап өлең оқиды.

Бұл байғұс, әлгі есірік сүтқоректі хайуанатпен тұрушы еді, түнде, қала ұйықтаған кезде, оған қабырғадан гитараның дыңғыры, сонсоң созыла шыққан, жүрек айнығандай ыңыл мен еңіреу естілетін болыпты; мұны олар «романс» дейтін бе еді? Күннен күнге байғұс қыз есінен ауыса бастапты. Қасірет шеккен ата-анасы дәрігерлер кеңесін шақырыпты. Профессорлардың айтуы бойынша бұл асқынған «ғашықтық өксімі» - деген ескі ауру. Біз кәзір адамның жыныс қуатын өмірге жетерлік етіп жұмсаймыз да, тез ысырап қылмаймыз; ал, егер, сол жыныс қуатын бойға жинап алып, бір жеті ішінде ысырап қылмақшы болсақ, біз құтырып желікпе ауруына ұшырар едік, бұл сол аурудың аты.

Қыз /*көзін алақанмен басып*/. Менің қарамағаным жөн болар: ауада сол ғашықтық микробы деген пәленің ұшып жүргенін сезе бастадым.

Репортер. Мынау да біткен адам... Індет әлемді алып барады /*30 герлс қыз билеп өтеді*/. Қараңыздар мына отыз бес, алпыс аяққа! Осы аяқ көтеруді /*аудиторияға қарап*/ олар искусство деп те атапты—ау! /*Фокстрот билеген екі адам*/. Індет жайылып... Жайылып... жетті /*Сөздікке қарап*/ несіне жетті деуші еді? А-погейіне жетті, ал, мынау қос жынысты төртаяқты хайуанат. Қолына кішкене шыны қобдиша ұстаған зоология бақшасының директоры жүгіріп кіреді. Директордың соңында үлкейткіш труба, фотоаппарат, өртші сатыларын ұстаған топ.

Директор. /*бәріне*/ Көрдіндер ме? Көрдіндер ме?

Уәй, сіздер еш нәрсені көрген жоқсыздар! Аңшылардың отряды оны осыдан 15 минут бұрын төртінші этажға шығып бара жатқанын көрдік деп мәлімдеді. Орта есеппен сағатына 1,5 метр жүреді деп есептесек, ол алысқа кете қойған жоқ. Жолдастар, қабырғаларды тексеріңіздер!

Қараушылар трубаларын бұрап тастап, орындықтарынан атып тұрып, көздерін қалқалап, қарайды. Директор топты бөліп, іздеуді басқарады.

Дауыстар. Табылушы ма еді! ... Әрбір терезеге матрац салып жалаңаш кісі жатқызып қою керек, ол жалаңаш кісіге баратын көрінеді. Бақырмандар, қашып кетеді!!!

Мен тауып алсам, бірде-бір адамға бермеймін...

Неге бермейсің: комуналдық меншік емес пе?...

Қуанышты дауыс. Таптым! Міне! Жорғалап келеді!...

Бинокльдер мен трубалар бір нүктеге бағытталады. Тым-тырыс.

Тек фотоаппараттар мен киноаппараттар тырсылдайды.

Проектор./ақырын сыбырлап/. Я... Дәл өзі! Қарауыл, күзет қойындар. Өртішілер мұнда кел!!!

Тор ұстаған адамдар сол жерді қоршайды. Өртішілер сатысын бекітеді, кісілер бірінен соң бірі жоғары өрмелейді.

Директор. /Трубасын босатып жіберіп, жыламсыраған дауыспен/. Кетіп қалады... Көрші қабырғаға шығып кетті...

Құлап кетсе өліп қалады! Ерлерін, жауынгерлердің, жүректілерін!!! Мұнда келіндер!!!

Сатыны екінші қабырғаға бекітіп, өрмелейді. Қарағандар тына қалады. Жоғарыдан естілген қуанышты дауыс. Ұстадым! Ура!!!

Директор. Тез!!! Сақтанындар, байқандар!!! Жіберіп қоймандар, хайуанаттың аяқтарын сындырып алмандар...

Хайуанат саты бойы қолдан-қолға беріледі, ақыры директордың қолына келеді. Директор хайуанатты қобдишаға салады да, қобдишаны басынан жоғары көтеріп ұстайды.

Ғылымның қарапайым еңбекшілері, рахмет сіздерге! Біздің зоологиялық бағымыз бақыт пен асыл қазнаға ие болды... Біз осы ғасырдың бас кезінде көп тараған, бірақ кәзір өліп, қураған хайуанаттың сирек экземплярларын ұстап алдық. Біздің қаламыз мақтанш етуіне болады - біздің қалаға оқымыстылар мен туристер ағылып келе бастайды... Кәзір менің қолымда «кандилис нормалистің» жалғыз тірі экземплярлары. Өрірек тұрыңыздар, жолдастар: хайуанат ұйқыға кетті, хайуанат аяқтарын айкастырып жатып дем алғысы келеді! Бөріңізді зоопарктың ашылу салтанатына шақырамын. Хайуанатты ұстаудың маңызды да, мазасыз да кезеңі аяқталды!

VIII

Қабырғалары күңгірт-мөлдір асыл тастан жасалған бөлме. Жоғарыдағы корзинадан көкшілдеу жарық сәуле түсіп тұр. Сол жақта үлкен терезе, терезе алдында үлкен сызу столы. Радио. Экран. Үш-төрт кітап. Оң жақта қабырғадан бері шығарып қойған кереует: кереуетте тап-таза көрпенің астында сатпақ-сатпақ Присыпкин. Вентиляторлар, Присыпкинның маңындағы бұрыш та лас. Стол үстінде шылым қалдықтары, құлаган шынылар. Шамда қызыл қағаздың жыртығы, Присыпкин ыңырсиды. Дәрігер ызалы пішінмен комнатада әрлі-берлі жүр.

Профессор./кіріп келеді/. Науқастың халі нешік?

Дәрігер. Науқастың халін білмеймін - ал менің халім өте жаман. Егер сіз жарты сағат сайын ауыстырып тұрсаңыз бұл ауруын бәрімізге жұқтырады.

Демін алып қалған кезде-менің сай-сүйегім сырқырайды! Мұның шығарған демін дамытпау үшін жеті вентилятор қойдым.

Присыпкин. О-о-о!

Профессор жалма-жан Присыпкиннің жанына барады.

Присыпкин. Профессор, ә, профессор!

Профессор танауын тартады, басы айналып, қолын ербеңдетіп шегініп кетеді.

Присыпкин. Басымды жазуға аз ғана...

Профессор стаканның түбіне ғана сыра құйып береді.

Присыпкин. /шынтағын тіреп, көтеріліп; назданып/. Тірілтіп алып... Мазақ етеді! Бұл не мазақ, жұқ та болмайды!-пілге бір қасық лимонад бергендей.

Профессор. Қауым сені адамгершілік дәрежесіне жеткізгісі келеді.

Присыпкин. Өзіңіз де, қауымыңыз да құрып неге кетпейді! Мені тірілт деп мен қашан өтініп едім. Қайтадан қатырып тастаңыз! Солай!

Профессор. Сенің не деп тұрғаныңды түсінбей тұрмын? Біздің өміріміз коллективтің меншігі: өмірді мен де, басқа да...

Присыпкин. Осы өмір ме, сүйген қызыңның карточкасын қабырғаға қадап қоюға мүмкіншілік болмаса, не қылған өмір? Мына лағнат шыныға кнопка батпай, майыса береді... Профессор жолдас, басымды жазуға беріңізші.

Профессор! /*Стаканға құйып жатып!*. Тек мен жаққа деміңізді жібермеңіз.

Екі бума кітап ұстап Зоя Березкина кіреді. Дәрігерлер онымен сыбырласа сөйлесіп, шығып кетеді.

З о я Б е р е з к и н а. /*Присыпкиннің жанына отырып, кітаптың бумаларын шешеді!*. Білмеймін, мыналар жарар ма екен? Сенің айтқан кітаптарың жоқ, ол кітаптарды бірде-бір адам білмейді-де. Роза гүлі жөнінде тек бақ өсіру жөніндегі кітаптарда бар, ал түс жөнінде тек медицина кітаптарының, ұйқы туралы бөлімдерінде бар екен. Міне, шамасы сол заманда жазылған екі қызыл кітап. Ағылшынның аударылған Хувердің «Мен қалай президент болдым» деген кітабы.

П р и с ы п к и н. /*кітапты алып, лақтырып жібереді!*. Жоқ, бұл жүрек үшін емес, жүректі толықсытып, алкындырып жіберетін кітап керек...

З о я Б е р е з к и н а. Мына екінші кітап Муссолини дегеннің «Айдаудан жазылған хаттары».

П р и с ы п к и н. /*кітапты алып, лақтырып жібереді!*. Жоқ, бұл жан жалыны үшін емес. Кетіңізші, деректі үгіт кітаптарын ұсынбай. Жан-жүйенді шымырлатып тұрса ғой...

З о я Б е р е з к и н а. Түсінбеймін, не деп отырғаныңды? Алкындырып, шымырлатып... жыбырлатып, толқытып...

П р и с ы п к и н. Бұл не? Маған, жеңіс иесі - гегемонға өз қоғамында жаңадан үйренген биімді билеуге болмаса, біз не үшін қан төгіп, ілгері тырмыстық?

З о я Б е р е з к и н а. Мен сіздің дене қимылдарыңызды тіпті орталық қимыл институтының директорына да көрсеттім. Ол мұндайды Париж ашық хаттарының ескі жинағында көрген едім, ал енді көзір мұның не екенін сұрап білетін адам да табылмайды,- дейді. Екі кәрі кемпір бар, естерінде көрінеді, бірақ аяқтары ревматизм, көрсете алмайды.

П р и с ы п к и н. Сонда мұрагер болып, әсем білім неге алдым? Мен қара жұмысты революциядан бұрын істейтін едім ғой.

З о я Б е р е з к и н а. Мен ертең сені 10 мың жұмыскер мен жұмыскер-әйелдің биіне апарам, алар алаңда билейді. Ол дала жұмыстарын жаңа системамен істеуге көңілді түрде дағдылану.

П р и с ы п к и н. Жолдастар, мен қарсымын!!! Мен сендер мүлден кептіріп тастасын деп ерігем жоқ. /Көрпені лақтырып тастап, атып тұрады да, бумадағы кітаптарды алып, шашып тастайды. Кітап қаптаған қағазды жыртығысы келіп оңтайланғанда, жамылған әріптеріне көзі түседі: әріптерге үңіліп, бір шамнан екінші шамға барады/. Сіз мынаны қайдан алдыңыз? Қайдан?...

З о я Б е р е з к и н а. Далада жұрттың бәріне үлестіріп жатыр еді... Кітапхана кітап ішіне салып жіберсе керек.

П р и с ы п к и н. Құтылдым!!! Ура!!! /Қағазды жалаудай желбіретіп ұстап, есікке жүгіреді/.

З о я Б е р е з к и н а./жалғыз/. Мен елу жас ілгері өмір сүрдім: шіркін-ай, мына сияқты азғын үшін елу жыл бұрын өліп те қала жаздадым-ау...

IX

Зоология бақшасы. Ортасында, пьедестал үстінде мата, жалаулармен қапталған клетка. Клетка сыртында екі ағаш. Ағаштардың аржағында пілдер мен жирафтардың клеткалары. Клетканың сол жағында мінбе, оң жағында құрметті қонақтар үшін жоғарырақ орындар. Айнала музыкашылар. Көрушілер бірте-бірте кіре бастайды. Қолына қызыл таққан даяғашылар келгендерді орналастырады. Әркімді қызметіне қарай.

Д а я ғ а ш ы. Шетелдік тілшілер, мұнда келіндер, жолдастар! Мінбеге жақынырақ? Былайырақ тұрып, бразилиялықтарға орын беріңіздер! Олардың ауа кемесі кәзір орталық аэродромға қонып жатыр /Әрірек барып, қарайды/. Негр жолдастар, ағылшындармен араласып, әдемі қарала топ болып тұрыңыздар, ақ англосакстар қара сіздерді онан сайын айқындай түссін. ВУЗ оқушылары, сол жаққа барындар, сіздерге жүз жасағандар одағынан үш шал мен үш кемпір жіберілді. Профессордың айтқандарын өз көзімен көрген олар толықтырып отырады.

Коляскаға мінген шалдар мен кемпірлер келеді.

1-ші к е м п і р. Кәзіргідей есімде...

1-ші ш а л. Жоқ, менің кәзіргідей есімде!

2-ші к е м п і р. Сендердің естерінде кәзіргідей болса, менің есімде бұрынғыдай.

2-ші ш а л. Ал менің есімде бұрынғы кәзіргідей.

3-ші к е м п і р. Ал менің есімде одан да бұрынғы, тіпті ертедегі.

3-ші ш а л. Ал менің кәзіргі де, бұрынғы да есімде.

Д а я ғ а ш ы. Көзбен көргендер, ақырынырақ шолжанданыңдар? Жолдастар, былай тұрып, балаларға жол беріңіздер! Мында, жолдастар! Тез! Тез!

Балалар /саппен аяқтарын дақ басып жүріп, әнге қосады/.

Оқимыз

тамаша,

Ерінбей,

жалықпай

Және де

әрқашан

Дайынбыз

сауыққа

Икс пен

игректен

Құтылып

алғанбыз,

Жолбарыс,

піл тұрған

Жерге

енді барамыз.

Зоопарк

жеріне

Қалыспай

елден біз,

Көп анды

көруге

Келеміз!

Келеміз! Келеміз!!!

Д а я ғ а ш ы. Экспонаттарды көңілдендірмекші, және оларды ғылыми мақсатта пайдаланбақшы азаматтар өлшеніп мысқалданған экзотикалық продуктылар мен ғылыми аспаптарды тек зоосадтың ресми қызметкерлерінен алуды ескеріңіздер. Ол мысқалдағы дилетантық пен гипербола өлімге соғады. Тек сол орталық медицина институты мен қаланың

дөншіл механика институттары шығарған продуктылар мен
всннаттарды пайдалануларыңызды өтінеміз.

Бақша мен театрда зоосад қызметкерлері жүреді.

1-ші қызметкер. Бактерия

күр көзге
түспес анык,
Микроскоп
лупамен
байқа,
халык!

2-ші қызметкер. Жу

дейді
Тоболкин дәрігер
Түкірік
шашыраса,
карболка дәрімен.

3-ші қызметкер. Арақ-

пен никотинді
берсең
аздап,
Күлкіден
шегің қатад,
өле жаздап!

4-ші қызметкер. Алкоголь ішкізсең,

үлкейіп бауыры,
Хайуанға
қонады елірме
ауруы.

5-ші қызметкер. Түтін түсті розаммен

от қалампыр,
100 пайыз склероз
ауруына
етер мәжбүр!

6-шы қызметкер.

Құлаққа
тығыңыздар
құлаққапты,

Деректі сөз
естімеуге болар
сақтық.

Д а я ғ а ш ы. /қалалық кеңестің мінбесіне қарай өтетін жолды ашып/. Председатель жолдас пен орын жақын қызметтестері өте маңызды жұмыстарын тастап, ескі мемлекеттік маршты ойнатып, біздің салтанатты мерекемізге келді. Құрметті жолдастарды құттықтап қарсы алайық! /Бәрі қол шапалақтайды, жан-жағына сыпайы бас изеп, өлеңдете бір топ портфель ұстаған адамдар өтеді/.

Б ә р і. Қызметке
 жеңгізбе,
Ада бол
 әжімнен
Ісінді бітір де,
Сауыққа
 әзірлен!
Жүректі
 ерлері
Ұстапты
 қандала!
Жіберді
 билерін,
Құттықта
 деп қала!

П р е д с е д а т е л ь./мінбеге шығып, жалауын бұлғайды; бәрі тына қалады/. Жолдастар, салтанатты мерекені ашық деп жариялаймын. Біздің заман ішкі өзгерістер мен терең ой қимылдарына толы заман. Тыс оқиғалар сирек. Бұдан бұрын болған оқиғалардан қажыған халық осы-шамалы тыныштықтың өзіне қуанады: Бірақ біз сырты феериялық болғанмен, жарқылдақ киімнің ішінде терең ғылыми мағынасы бар көріністерден бас тартпаймыз. Біздің қалада болған қайғылы

оқиғалар, байқамай екі паразитті бос жіберуден болған оқиғалар менің күшімнің және де дүниежүзілік медицина күшінің арқасында басылды. Бірақ, ескіні аз да болса да елестететін сол оқиғалар, өлген өмірдің жиіркенішті сұрқиялығын және жұмыскер адамгершілігінің мәдени күресінің қуаттылығы мен ауырлығын көрсетеді.

Біздің жас түлектеріміздің рухы мен жүрегі осы ауыр мысалдарға шынықсын! Ғажайып құбылыстардың ішкі мағынасына түсініп, қатерлі құбылыстардың өзін ғылыми көңілді сауыққа айналдырғаны үшін біздің аты әйгілі директорымызға ризалығымды білдірмей тұра алмаймын; сол кісіге сөз берем.

Ура!

Бәрі «Ура!»-деп дауыстайды, музыка туш ойнайды, мінбеге жан-жағына басын изеп, зоосадтың директоры шығады.

Д и р е к т о р. Жолдастар! Мен сіздердің құрметтеулеріңізден әрі қуанам, әрі ұялам. Өзімнің қатысуымды ескере отырып, мен қандаланы ұстауда көп ерлік істеген аңшылар қоғамының ризасыз еңбекшілеріне, сондай-ақ тірілту институтының мұздап өлуді жеңуші құрметті профессорына алғыс айтпай өте алмаймын. Әйткенмен, құрметті, профессордың жасаған бірінші қатесі жұртқа әйгілі аппараттың себебінің бірі болғанын да айта кетуім керек. Сыртқы ым қимылдарына қолындағы күсіне, киіміне және басқа белгілеріне қарап, құрметті профессор тірітілген сүтқоректі хайуанатты «гомо сапиенс» қатарына, оның ең жоғарғы сатысы-жұмысшы қатарына жатқызыпты. Көмескілеу бір ой: «Жазып, құлақтандыру тарат»- деп ішімнен тықырыштай берді. Мен: «зоосадтың принциптеріне сүйене отырып, жаңадан пайда болған хайуанат жәндіктің үзбей сорып отыруына, қоректенуіне және өзіне әдетті жағдайда дұрыс дамуына керекті тірі адам денесін іздеймін»- деп құлақтандыру тараттым.

Т о п і ш і н е н ш ы қ қ а н д а у ы с. Ах, не деген сұмдық!

Д и р е к т о р. Сұмдық екенін мен түсінем, мен өз қиялыма өзім сенбедім, бірақ... Хайуанат жетіп келмесі бар ма! Сырт

тұлғасы адам баласына жақын-ақ... Осы сіз бен бізден айнымайды...

Советтің председателі. /қоңырауын сылдыратады/.
Директор жолдас, мен сізді тәртіпке шақырамын!

Директор. Кешіріңіз, кешіріңіз! Сұрастырып және аңғылымы арқылы салыстырып келгенімде, біздің қолымыздағы адамға ұқсас хайуан барып тұрған сүркия симмулянт екеніне, ол хайуанның адам айтқысыз паразит екеніне, әрине, көзім жетті. Толықтырып айтпай-ақ қояйын, өйткені кәзір сіздер бәрің толығынан клетканың ішінен көресіздер.

Бұлардың өзі-екеу, бірақ екеуінің де мағынасы бір, біреуі, аты әйгілі - «Кандалис нормалис», екіншісі... екіншісі... «Тоғышарис вульгарис». Екеуі де өткен заманның сасық төсенішінде өскен.

«Кандалис нормалис» бір адамның қанын сорып, семіріп, өзін өзі көтере алмай кереуеттің астына домалайды. «Тоғышарис вульгарис» бүкіл халықтың қанын сорып, семіріп, өзін-өзі көтере алмай кереуеттің үстіне құлайды. Айырмасы осы-ақ!

Революцияның еңбекші халықтары денесінен кірін сыпырып, қасынып, тырманған кезде, бұлар сол кірдің ішінде өздеріне үй орнатып, ұя жасап, әйелдерін ұрып, Бебельдің атымен ант беріп, кең галифелердің тасасында дем алып, тоғышарлық өмір сүрген болатын. Бірақ «тоғышарис вульгарис» ең қауіпті хайуанат. Өзінің сүркия құбылуының арқасында, ол біресе шегірткеше шырылдап ақын бола қалып, әншіл, романс дауысты күс бола қалып сорайын деген адамын арбап тастайды. Ол заманда бұлардың киімі де құбылмалы болатын, бейнебір құсқа ұқсап, құйрық-қанаты бар қап-қара фрак киіп, кеудесін крахмалдап аппақ етіп қоятын. Мұндай құстар өздеріне театр ложаларында ұя жасап, опараларда қыжынап кететін; балеттерде интернационалға қосылып аяғын-аяғына үйкейтін, өлең жолдарынан салбырай қалатын...

Толстойды Маркс етпекші болып әдемілейтін, жүрек айнығанша тынбай шақырып, айқайлауда болатын және де... тұрпайы сөз үшін кешірім сұраймын, бірақ біз ғылыми баяндама тындап тұрмыз ғой... және де бұлардан тараған ыластың көптігі

сондай... оны тек кішігірім зиянды құстың ісі деп қарауға болмайтын-ды. Жолдастар! Демек... өз көздеріңізбен көріңіздер!

Қолымен белгі береді, қызметкерлер клетканы ашады; пьедестал үстінде қандаланы салған қобдиша, аржағында жоғарырақта екі кісілік кереует. Кереуетте гитара ұстап Присыпкин жатыр. Клетканың жоғарғы жағына сары абажурлы шам ілінген. Присыпкиннің бас жағында жарқылдаған қағазжелтуіш откриткалар. Маңайы толған шыны-шөлмектер. Клетканың айналасында көптеген түкіргіштер. Клетканың қабырғаларында жазулар, фильтрлер мен озонаторлар. Жазулар: 1. «Сақтаныңыз қақырып қалады!». 2. «Рұқсатсыз кірме?» 3. «Құлағыңызды сақтаңыз-тұрпайы сөз айтады». Музыка туш ойнайды; бенгаль жарығы; кейін шегініп кеткен топ, таң қалып үнсіз жақындайды.

П р и с ы п к и н. Луначарский көшесінде
Ескі бір үй жадымда-
Ғажап үлкен баспалдақты
Әйнегі әсем тағы да!...

Д и р е к т о р. Жолдастар, қорықпаңыздар, жақынданыңдар; хайуанат асау емес, жуас! Жақынданыңдар, жақынданыңдар! Қауіптенбеніздер: жан-жағындағы төрт фильтр тұрпайы сөздерін іріктеп клетканың ішінде қалдырады да, сыртқа тек құлаққа жағымды сөздерін шығарады. Фильтрлерді әдейілеп дайындалған қызметкерлер противогаз киіп, тазартып тұрады. Қараңыздар, хайуанат қазір «шылым» дейтін пәлені тартады.

Т о п т ы ң і ш і н е н б і р д а у ы с. Не деген сұмдық!

Д и р е к т о р. Қорықпаңыздар –хайуанат қазір шабыттану дейтінді жасайды.

Скрипкин шыныға ұмтылады.

Т о п т ы ң і ш і н е н б і р д а у ы с. Ах, қойыңыздаршы, тоқтаныңдаршы, байғұс хайуанды азапқа салмаңыздаршы!

Д и р е к т о р. Жолдастар, қорқатын ештеңе жоқ: Хайуанат қолға үйреніп қалған-ды! Қараңыздар, мен қазір оны жетектеп мінбеге апарайын. /Клеткаға барып, қолқап киеді, пистолеттерін қарайды, есігін ашып, Скрипкинді шығарып мінбеге жетектеп аарады; бетін құрметті қонақтарға қаратып тұрғызады/. Қане, адамның тіліне, дауысына еліктеп, қысқаша бірдеме деп жіберіңізші.

С к р и п к и н /жуасып тұрады, жөткірініп қойып, гитарасын көтереді де, кенет бұрылып, көрушілер залына қарайды. Скрипкиннің жүзі өзгеріп, лепірме пішін пайда болады. Скрипкин директорды итеріп жібереді де, гитараны тастай беріп, көрушілер залына айқайлайды! Азаматтар! Туысқандар! Бауырлар! Туыстар! Қайдан келдіңдер? Қаншасындар? Сендердің бәрінді қай уақытта тірілтіп алады? Мені неге жалғыздан-жалғыз клеткаға қамап қойды? Туыстарым, бауырларым, жаныма келіңдер! Мен не үшін азап шегудемін?! Азаматтар!

Қ о н а қ т а р да у с ы. Балаларды, балаларды әкетіндер...

- Томаға, томаға кигізу керек хайуанға...

- Ах, бұл не деген сұмдық!

- Тоқтаныз, профессор!

- Ах, тек атып жібере көрмеңіз!

Директор екі қызметкерімен бірге вентилятор ұстап, эстрадаға шығарады. Қызметкерлер Скрипкинді сүйреп алып кетеді. Директор мінбенің ауасын тазартады. Музыка туш ойнайды. Қызметкерлер клетканы жабады.

Д и р е к т о р. Кешіріңіздер, жолдастар... кешіріңіздер... хайуанат шаршап қалды. Шу мен жарық есенгіретіп жіберді. Мазасызданбаңыздар. Ешнәрсе болған жоқ. Ертең хайуанат қалпына келеді... Азаматтар, шуламай, ертенге дейін үйлеріңізге қайтыңыздар /Музыка, марш/.

Buketov university

Керемет

Октябрь поэмасы

1

Уақыт –

ерекше зат
шексіз ұзақ.

Кей уақыт

әл қиссалап,
кетті ұзап.

Эпопея,

дастан,
аңыз,
болғай аулақ!

Телеграмма

болып ұш,
жырлы шумақ.

Кейбір теңдеу ерніңмен

сусындап бақ

Дария – судан

аты бар
«факт».

Бұл уақыт

телеграф
сымын кернеп,

Бұл жүрек

мәңгі шындық
бірге сермер.

Бұл істер

тән еліме,
ел еріне,

Бұл істер

тұнған
менің жүрегімде.

Тілегім –
ашқан
осы кітап бетін,
Тоқтыққа,
тыныштыққа
жатпай батып,
Безенсе
баяғыдай
пулеметін,
Найзадай
жырдың жолын
жалтылдатып.
Тілегім –
қуанышты көзден өтіп,
Бойына
бақытты жан болса айғақ,
Құйса деп
осы кітап,
ой сергітіп,
Шаршаса,
іскер шабыт,
долы қайрат.
Ешкімге
жалынбаймын
осы күнді
Жырла деп,
қарандаш пен
қағаз барда.
Жазғаным
елестетсін
дәуірімді,
Жалау болып
төбеде
көп жылдарға.

«Токтат соғысты!
жетті!

болды!

Елді аш қылған.

Таусылды шыдам.

Бәсендер:

«халық –

бостандық,

дәуір,

таң,

арман...» -

Бәрі жалған.

Жерің қайда?

Заңың

қайда?

Биыл жазда

жерді берер? –

Бәрі бекер!

Не берді,

февраль үшін,

бейнет үшін,

кетпегенге

майданнан қашып?

Атаңның басын!

Желкеге мінген,

ЫҒЫ-ЖЫҒЫ,

Гучковы,

үш тобы.

Шайтаны,

министрі,

Родзянкесі...

Ұрылмас па әкесі!

Осы үкімет
бай жағында –
бағынамыз
бекерге құр!

Ұр!! –
Осындай
зілді күңкіл,
туды тұтқыр,
Керенский
қақпасынан
дабыл тапты.

Далада
естіді оны
елді түкпір,

Заводтар
болат тісін
шақыратты.

Көптеген
көк мылжындар
не керек дер,
Олардың партиясынан
жиіркенді.

Бізге тек
бастаушы деп
большевиктер,
Ақшасын,
күшін беріп,
соңына ерді.

Мұжықтың
топырақ миы
лақаппенен
Тоғысып,
түйісіп кеп,
мынаны ұқты:

-Можықтарға
жаншыр
«большак»
деген,
Пай-пай-пай,
солар
мықты!-

3

Патшаға
сарай салды
Растрелли.
Патшалар
тұрып жатты
бірі өліп,
бірі келіп.
Ойлап па,
жылпос қуға
іс тіріліп,
Кіреуетте
патшайым жатыр
толқыған төсін керіп.
Присяжный поверенный
серейіп жатыр
деген
елеске еріп.
Мансап,
билік,
жібек көрпе,
әсем жиһаз...
Поверенный присяжный
елтіген мас.

Партия,
тап
есте жоқ,
екіленіп,
Кезекті
шығады ол
сөзін айтып.
Шапанын
әскери түс
түймеленіп,
Бонапартша
көздерін
бажырайтып.
Мылжын сөзге лепірме
бір жалықпас,
Шіңкілдейді
безектеп,
сауысқандай.
Өз даңқына есіріп,
бір өзі мас,
Қырық градус
жартыны
тауысқандай.
Тыңдаңыз
ана біреу
адыютантын,
Түр екен
жыбырлап ерні
құрып салтын:
«Жайлар болды
қызық мүлде –
Келе жатса
автомобильде,
Кім екенін
біліп қалып,

Машинадан
мәпелеп
қолына алып,
Мотор-аттын
орнына
өздері боп,
Көтеріп-ақ
әкетті
шуылдақ топ».
Қошеметке
бойы балқып,
Премьер
Невскиймен
өтер қалқып.
Анасы да,
баласы да
Гүл лақтыра
аласұра.
Зерікпестің
ойлап қамын,
Ермек табар,
батыл ырғып:
Өзін өзі
бірде соғыс,
бірде заңның,
Тағы ненің...
министрі ғып.
Бітіре сала
сөзді желік,
Казнаны,
істі
билер,
қайта келіп.
Қол қояды,
әсемдеп,
жазып атын.

«Диқаншылар?
Наразы ма?
Қас дейді?
Жібер ана,
не деуші еді,
жазалайтын
Әскерді!
Ленин?
Большевик?
тұтқында,
ұста мықтап!
Не?
Болмайды?
Қаттырақ!
Естілмеді көз әйнексіз.
Айтса да,
Мәртебелі...
Корниловқа...
Казак әскер
керегін
ескертсек біз...
Патша -
ағзам ба?
Білемін.
Көргем талай...
Қолын қысқам.
Мұнысы қалай?
Императорды?
Құр суға?
Қара нанға?
Советің не?
Бұйрық былай-
Жөнелт тура
король Георг,
Лондонға» -

Тарихқа
номерленіп,
мөрленіп,
тігіліп,
бекітілген.
Суретке
салып
жатыр
Бродский, Репинмен.

4

Петербургта
қараңғы
терезе-әйнек.
Ұйқыда үнсіз
тым-тырыс қала.
Тек...
Ұйқысыз
мадам Кускова
болды әлек,
Кереуетін,
арманын
тартып шұғыла,
Кемпірдің
бойы қызып
құмарланған.
Ашыналықтан лепірме
көзі бұла,
Сары жоңқа
шашы ұйысып
жұмарланған.
Қиналғаны
байғұс қыз
мұнша несі!?

Үндемейді...
жан-жалын...
Лүпілі көп...
Жанында түр
жұбатып
мұртты әжесі
Көргені көп
алаяк
Пэ Эн Милкоков.
«Ұйқы жоқ, әже.
Ауа тым тар.
Терезені аш,
отыр келіп.»
- Кускова,
о не? –
«Көңіл енжар
Айтшы
ескіден
шежірені».
- Кускова,
не айтам.
Мен бұрын
Сақтаушы ем
есте
көп сырын
Қандық өмір,
ескінің
Жалғаны мен
шынын.
Аз миыммен
алыс шықпай,
Басқаны іздеп...
патшалыққа,
Михаилды
ұсынар ем...

Уай,
тыңдау жоқ,
неде ойың?! –
«Әже,
әже!
қызып денем,
Қайғы-зарда
тұла бойым.
Жыламасқа
амалым жоқ!!»
- Есірке өзін,
сақта құдай...
Не тілейсің,
айт,
ұялмай.
Ренжітпен.
Берем
тіпті,
Конституция,
азаттықты...
Сөз суымен
бүркейін тек
Қызғандарды – «Ауру емен,
Әже, түсін,
ғашықпын мен!»
- Балам-
сыйын
тәңірге бек!-
Милоков
қызға
тауба тілеп,
Өз қолымен
шоқынтты кеп.
- Қой Кускова,
біздің жаста

Адам деген
сүймес босқа.-
Профессорге:
«Ғашықпын» - деп
сыбырлады ол қайтадан.
- Қой қарағым,
аурусын тек.-
Жоқ, ғашықпын.
Тиме маған».
- Кускова,
Емдел...
Бұл бір дерт қой...
«Әже,
сөйлегенде ол
тура өрт қой...
Япырым, әже,
япырым,
Көпке
ерке
батырым.
Азаттық
деп
сайрап тұр,
Онсыз маған өмір тұл».
Өксіді кемпір.
Жастықтан
Естілер тек
«Саша-жан!»
Көз жасын
сүртіп
жеңімен,
Гүр етті
сонда
мұртты әжең:
- Кім дедің?

Айт,
жасқанба!
Керенский ме,
Сашка ма? –
Аңсағаны
түсіп дөп,
Қуанып қалды
Милоков.
Тіріліп кетті
профессор:
- Бізге, тіпті
бәрі бір.
Кем бе Саша
Николайдан,
Кемімесе
біздің
пайда?
Жағасында
Нева-судын
Көрдіңіз бе
бұл сұлуды?

5

Тебінгілі етігі
сынғыр-сынғыр,
Ілінген
белге дейін
аксельбантпен,
Штабс-капитан Попов
сөйлесіп тұр
Лиговка «Селектада»
адьютантпен.
«Адьютант мырза,
бермеймін,
кайтесіз сөзді ұзатып,

Нені күттік?
Түсінбеймін
осы елді?...
Жид дегенің
Ресейді
жидқа сатып,
Ежелгі офицерлер
жидқа
болды тәуелді.
Сіз, профессор,
әрине,
либералсыз.
Бірақ,
қажетпе,
қозғап қазақты?
Мысалы,
менің жайымды
алыңыз-
Бұл
ит өмір
күлкі ме,
мазақ па?
Бүгін
күтуші жігітке: - «Әй!
Ұқсат етікті
тұмсық көрер
айнаға»!
Деп,
енеден жіберсем,
ол,
міз бақпай,
Мені де
жібереді
өз анам
Елизавета Кирилловнаға!»

«Жок
мен емес,
так,
тәж,
патшаны
арман етер.

Тек
социализм деп
негізсіз
күр қызамыз.

Әуелі демократия,
сонсоң парламент бер.
Мәдениет керек.
Не десекте-
Азиямыз!

Мен өзім
социалисттің.
Бірақ,
өртеп, тонамай

Жүрмін ғой.
Бәрі бірден
бола ма?

Аздап,
ақырындап,
абыржымай,
шуламай,

Бүгін,
ертең,
жиырма жылсыз
ойлама.

Ал мыналар?
Вильгельмнен
крест пен ленталары,

Берлинде
шыққан
перондық билет алып.

Ақша штабтан.
Бәрі агент,
тыңшылары.
Құртса
сол «келгендерді
вагонда пломбалы!»
«Бұл дұрыс,
бұған қосыламын,
Ол иттердің
әлі аз
асылғаны».
«Әлгі бір
бүлікшісі,
Ленині
Министрлік Советке
аға дейме?
Адамның
болмас сірә
көрмегені,
Не дерсің
шатасқан қарт
Ресейге?!
Суворов,
Голенишев-Кутузовтың
офицері,
жобасы,
Балғынбақ, қой,
саясатшы
қулардың
арқасында,
Картоз іліп көрмеген
жұмыр басы,
Бронштейннің
жалаң бұт
Левкасына?!

Қойсын!
Казакпен
ойнамасын!

Өз қанына
батырлар
белшесінен!»

Қостады
адьютанттың
ха-ха-сымен,

Поповта
ыржалақтап
хе-хе-сімен.

Қарғыс атсын
бәрінді!
Қалғаның қырылып қал!

Адьютант мырза,
кұлағыңызды...
Доннан

Ұлы...
мәртебелі
Каледин
...ерал

Ойнатар
қамшысын
жонынан!

Ұлы мәртебелі...
Тек ол ма
атқа мінген!

Кубань казактары...
Днепр...
Дон...»

Стакандары
қосылды:
«дон-ден...»

Тебінгісі
колдады
«ден-дон...»

Капитан
лэйліген мас,
үкідей боз.

Малайлар
шайын
үнсіз
тасып жүрді.

Сол шақта
Лиговкада басқа бір сөз

Шет жақта
подвалдардан
шығып тұрды.

«Әскери бюроданмын
мен,
жолдастар,

Отырыс
біткені осы
жаңа ғана.

Ал міне,
екі жүз оқ
маузерге бар,

Қалғаны-
жүз патрон-
винтовкаға.

Келісімшілер
жұмғанша,
аузын майлап,

Казактар,
самокаттар
беттеп қалған.

Бұрыпты,-
питерлікті
майданға айдап,

Жібер,-деп
бізге қарсы
Гадчинадан.
Выборг жағынан
келгендер,
сендер,
Шығындар
Литейный
көпірінен.
Қас қарая
сымдай боп,
тізілңдер,
Шуылдап,
ішіп жүрме
нөпірінмен.
Мен
Лашевич соңынан
телефонды алам.
Біз төкпесек
олар төгед
қаныңды.
Телефонды алам.
Алмасам
қалам
Пида етіп
пролетарлық
жанымды.
Жыртық пальто
кигені...
Өзі кепті.
Жүр,
дейді,
бейтаныс
боп,
қалдырмай із,

Ұлы істі
бүгін бастау
ерте, депті,
Бүрсі күнге
созбалық,
кешігеміз.
Онда ертен.
Төндіреміз
бұларға
кереметті.
Сезе ме
Керенский?
ұрылмағын
бұла төні.
Сүйрейміз
ханым жатқан
кереуеттен,
Сонау бір
Александра Федоровнаны!!»

6

Тройкий бойымен
авто мен
трам
жүрді.
Жүргендері
жолдары еді
әдетті.
Октябрь желі
үріп,
соғып тұрды,
Капитализм
желдері еді әдетті.

Кронштадтықтар
Неваны өрлей
Келеді
көпір астында
Қыс сарайын
теңселтердей
Мылтық оғы
тасқындар.
Жүйткіген
автомобильмен,
жаны ыршып,
Орап қойған түтіктейтін
ұрланып,
Гатчинадан әрі
қашты
кешегі күнгі
әмірші:
«Құтырған
күл-күн!
Қағармын
ертең
жындарын!»
Жұлдыз ғана
көрген болар,
Ішінен шығып
казарманың
Мильонныймен
кексгольмдықтар
Қыс сарайын
қоршағанын.
Смольныйда
ертеңгі
ұлы іс
барлық ойы,
Ильич, беті грим,
адымдап жүр.

Шабуыл жасар
жерлерге
жалау қойып,
Карта алдында
нүктелеп,
Антонов пен
Подвойский тұр.

Ырқыңмен бер
үкіметті,
Жерің жоқ,
аман құтылар!
Қыс сарайын
келді беттеп
Қызыл гвардиялықтар.
Келді кедей,
матрос,
жұмысшы
жан-жағынан,

Найзалары
жалтырайд
табысқандай.

Сарайдың мәпелеген
тамағынан
Қылқынып
мың бір саусак
қарысқандай.

Екі
орасан көлеңке,
екі жақтан
тенселіп кеп,

Маңдайларын түйісіп,
жақындады.

Сарайдың
сырт қоршауын
еңсеріп кеп,

Көптің күші ауласын
тақымдады.
Екі
орасан көлеңке
теңселді кеп
Жел мен
оқтың
екпініне
орайлы.
Сүйектейін
сындырған
әдейілеп
Пулеметтер
қосыла
шықырлайды.
Павловшы әскерлер
ұрысып тұр:
«Саясатқа...
қарашы...
кірісіпті...
Бочкарева сайқалдары
бізбенен
тіреспек пе?
Тезірек
жібермей ме
жекпе-жекке?!»
Айқасты
екі көлеңке,
аяғымен
шалысып,
Айырмады
оларды ешкім
арашалап.
Осы үнсіз сайысқа
шыдамаған
жаны ұшып,

Кетіп жатты
жөнімен,
бассауғалап.

Әуелі
көрсетті
жонын
Қатындар батольоны.
Батарядан
кетті
он бір тұсында
Михаилшысы ма,
әлде константиншысы ма?...
Ал, Керенский
тығылған.
Қолға бір
түсер ме еді?

Ойланды басы
казактың.
Сарайды қорғаушылар
сиреді
Тісіндейін
тарақтың.
Ұзақ тұрды,
үндемей,
қасарыса.

Бірі үмітте,
бірі ауыр
дағдарыста.

Министрлер
сарайда
жұмсақ мебель,
жиһазы көп,

Отырысқан
сылдырап
жезі-мысы.

Қырынған
жып-жылмағай,
мұнтаздай боп,
Манайынан
аңқиды
қош иісі.
Ешбір жан
тындар емес,
білер емес
олар жайын.
Ну найза
ортасында
отыр олар.
Халі бар,
пісіп,
толған
алмұрттайын,
Сіліксе-ақ
түсе қалар.
Сыбырласу,
ымдасу.
Сөз
сирек.
- Керенский
қайда осы? –
- Казактарды
әкелмек, -
Сөздерінің
бары осы.
Тек кеште:
- Прокопович
қайда осы? –
- Түңіл
Прокоповичтен! –
Николай көпірі
шойыны.

Сол шойыннан
әрі
«Авроранын»
үңірейіп тұр
мойыны,
Өлімнен әрі
ызғары.
Иығынан
қозғалтып,
мойнын бұрап,
Көтерді
Коновалов
жуан басын.
Қай гуіл,
шуылдаған
бейне бұлақ,
Енді кетті
арқырап,
тулай тасып.
Бұл қайсысы
қолы ұзын
мұнда жеткен?
Әр әйнекті
соққылап,
кім мынасы?
Бұл
келген
үшдүймды
зенбіректен
Петропавлов форттары
сыбағасы.
Одан әрі-
қаланы
жарып түсті

«Аврораның»
алтыдоймдық
алып күші.
Тұрғанда
қаһар тарап,
шашырап,
Тарсылы
сынып барып
үзілгелі,
Петропавловск басында
жанды шырақ –
Көтерілістің
белгісі
уәделі.
Болды!
Жетті!
Кеттік ілгері! –
Кірді
алтын ордаға,
кілемін таптап.
Әрбір сатының
әрбір бедерін
Алды,
юнкердің сүйегін
аттап.
Әр бөлмеге
су толғандай
құйылып,
Әр өлімді
ақты,
орай түйіліп,
Әр шымылдық,
әр диванның
тұсында

Болды
айқастар,
жанды салған
қысымға.

Осы үйде,
көрген талай
патша тағын,

Естіген
мың мадақтау,
мың алғысты,

Дулатып
коридорын,
барқыт залын,

Етіктер,
мылтық дүмпі –
бәрі алысты.

Жаутандаған
бір оңбаған.

Путиловшы
әкесіндей
төніп тұр

- Сен, бала,
сағатты шығар
ұрлаған,

Біздің сағат
енді бұл! –

Дүрсіл,
тарсыл
ұлғайды.

Ана
он үшті

Бүрістіріп,
ығыстырып,
айырды
есінен.

Амал не?
Галстугі астына
тығылысты
Қанды балта
төнгендей
желкесінен.
Екі жүз адым...
Отыз адым...
Жиырма адым.
Жүгіре кірді юнкер:
«Қарсыласу ақымақтық!»
«Көндік!
Көндік!»
Он үші
он үш жақтан
қыңсылады,
Көргенде
айнала аққан
шинель,
тұлып,
бушлатты.
Сол кезде
асқан дауыс
гүрілдеді,
Сәл тыныштық
кезеңін
бірден жарып:
«Уақытша
оқығандар
кімдер еді?
Түсіндер!
Бітті енді
Уақыттарың!»
Кіргендердің біреуі,
көз әйнегін
төңкеріп,

Жариялады,
бітіргендей істердің
ең жеңілін,
ең оңайын:
Ревенкомитет ағасымын.
Фамилиям Антонов,
Уақытша үкіметтің
түскенін
жариялаймын».

Смольныйда
қуанышты
осы шақ
Мың кеудеден
өлең болып
атылды.
Деудің орнына:
«Бұл біздің ақырғы»...
Таяқ бойы
қалғандай
күн шығуға,
Шығыстан
шапақтанды
нұр шұғыла.
Шаршаған Подвойский:
«Бітті білем...
Смольныйға»,
Дей салды,
отыра беріп
машинаға.
Пулемет тоқтады,
алып өшін.
Оқтың
ұшқан ызыңы да
тыйылды.

Жұлдыз отын
шашыратты
найза
ұшы,
Сенді
көкте
сақшы жұлдыз жиынды.
Бұрынғыдай
авто мен
трам жүрді
Жүргені
сол бұрынғы
жолдары еді.
Октябрь
желі гулеп,
соғып тұрды,
Бірақ бұл
социализм
желдері еді.

7

Осындай күндерде,
осындай түндерде,
Кез емес
жүретін оңаша
Көшелерде
түнерген,
Ақын мен ұры
болмаса.
Жер бетін
бейне мұхит
жапты ымырт.

Көп-көңбек.
Күрендеу
оттар жалыны.
Сүнгір қайықша,
тұңғыйыққа күнгірт
Петербург шомды,
жарылып.
От жалын
жүйткіді,
теңселе ауып,
Көлеңке
ыршып,
сенделіп,
секіреді.
Осы сәт
төбең,
астың,
айналаң-
бәрі дауыл,
Екенін
тағы да
еске түсіреді.
Бұл ымырт
топан суға
жай да ұқсапты.
Көкпеңбек,
түп жоқ,
терең
кең сұйық.
Оған қоса,
кит сияқты
«Аврора» түр
дөңкиіп.
Пулемет
таза қырған аланды.

Жағалаулар
иесіз.
Тек оттар
жалаңдайды
қараңғы
Түнекті тесіп.
Осында,
от тұсында
қызығын маңы,
Дірілдеген
қорқыппа,
иә мұздаппа?
Жалатқан
жалынға
қос алақанын
Жақындадым
солдатқа.
Солдаттың
шалды сәуле
көзін, қасын,
Шашына да
сүйкенді
шөк...
Таныдым,
таңдандым да
амандастым:
«Саумысыз, Александр Блок.
Футуриссің
бүгіндер
көңілің ток.
Ескінің шапаны
жыртылды,
апшып!!
Оттарға қарады да
айтты Блок:
«Әбден жақсы!»

«Бейтаныс ару»,
«Терістік түтіні», - деп
Блок көксеген
Ресей
қирап жатыр.
Консерві қалбырындай
су түбіне
Кетуде
бірінен соң
бірі батып.
Сонан соң
бола қалды
түсі
ысқаяк,
Құда түсу
тойында
кісі өлгендей.
«Деревнядан жазыпты...
кітапханаң
Үйіндегі
өртелген, - деп»
Блок
қарап тұр.
Қабырғадан
қараңдап
Көлеңкесі де
үңілді,
үміт қосып.
Келе жатқан
сияқты,
су бетінде
аяндап,
Қашаннан бері
күткен
Христосы.

Жағалаулар
иесіз.
Тек оттар
жаландайды
қараңғы
Түнекті тесіп.
Осында,
от тұсында
қызығын маңы,
Дірілдеген
қорқыппа,
иә мұздаппа?
Жалатқан
жалынға
қос алақанын
Жақындадым
солдатқа.
Солдаттын
шалды сәуле
көзін, қасын,
Шашына да
сүйкенді
шок...
Таныдым,
таңдандым да
амандастым:
«Саумысыз, Александр Блок.
Футуриссін
бүгіндер
көңілің ток.
Ескінің шапаны
жыртылды,
апшып!!
Оттарға қарады да
айтты Блок:
«Әбден жақсы!»

«Бейтаныс ару»,
«Терістік түтіні», - деп

Блок көксеген
Ресей

қирап жатыр.

Консерві қалбырындай
су түбіне

Кетуде

бірінен соң
бірі батып.

Сонан соң

бола қалды
түсі

ысқаяк,

Құда түсу

тойында

кісі өлгендей.

«Деревнядан жазыпты...

кітапханаң

Үйіндегі

өртелген, - деп»

Блок

қарап тұр.

Қабырғадан

қарандап

Көленкесі де

үнілді,

үміт қосып.

Келе жатқан

сияқты,

су бетінде

аяндап,

Қашаннан бері

күткен

Христосы.

Кемелді Блокқа
Христосы
аңсаған.
Блоктың жүзін
қайғы
басқан.
Христос орнына
көрші тасадан
Шыға келді
тірілер
дауылдасқан.
Көтер-
жалауды.
Тұр-
аш-жалаңаш!
Құлат
жауды!
Ылас күннен
қаш!
Болсын десең
бостандық,
тыныштық,
тоқтық,
Ынтымақпен
шабуылға
шық бәрің.
Помещик пен
буржуаға
бер де
соққы,
Қолыңа ал
жерін,
малын,
заводтарын.
Ескі-кұры!
Қирап бақ!

Байлар
ұрыл!
Трах!
тах!
Жетті,
болды,
бас ілгері!
Иықтан
төзім түсер
тақалды шақ!
Дірілде,
алтын тақтың
иелері!
Капитал
үй күшігі,
болындар сақ!
Майлы,
бүріс!
Бүгіл,
қорқақ!
Трах!
тах!
Тах!
тах!
Әрқайсысы
өзінше
осы өлеңді

Жеткізді

түкпірдегі

селоларға.

Шаруалар

дабылынан

жер күңіренді,

Шыққанда,

балта қайрап,

олар жолға.

Қы-

нап-

тан

су-

ыр

кез-

дік-

ті,

Түй-

ре

сұм

по-

ме-

щик-

ті.

Уай,

по-

ме-

щик

мыр-

за-

мыз,

Жү-
гі-
ніз-
ді
жи-
на-
ңыз!

Атты
таңың,
Түр,
жалаң
аяқтар!

Қайра
балтанды,

Шалдыр
ораққа.

Қайсысынан кем
менің Нинам,

Ханымнан да
қымбаттым.

Кіргіз
үйге
пианино,

Граммфон,
сағатты.

Тонадың-
бітті.

Кел,
қырандар.

Шоқпарлап
күткен,

Айырлап
шығарар.

Жолықты
жынға
есер

Жұмыр бас,
буылдық.
Тачанка
жүйткіртер
Пулемет
ауылын.
Стенька менен
Пугачевтің
Жаңғырықтайық
өр ісін!
Бай біткеннің
өртеп шеттен
Күл қылайық
қонысын.
Қораздан,

жалын,

Көтер
айырды!
Қоразым,

жаным,

Сөндірме

жалынды!

«Уай алма
пісіп тұр,
Сабағы
үзілді.
Оңынан
ақты ұр,

Солынан
қызылды»
Осы ойранды,
құрылысын да,
түтіндеткен өртін де,
Ойланғанын,
оқтанғанын қосып өңкей,
Партия
өз қолына
алдыдағы
біртіндеп
Тәртіппен
сап тұрғызып,
салды жөнге.

8

Күн өте суық.
Қыс қатты.
Бірақ
шапаны жабысқанша
денесі тер.
Бұл субботник.
Артып жатыр.
Отынды
коммунистер.
Біз қайтпаймыз,
қайтуға
бар
Болсада
хақымыз.
Өз жолымыз,
өзіміздің вагондар,

Өзіміздің
отынды
артып жатырмыз.
Қайтуға болады
сағат екіге
жуық.
Бірақ
біз қайтамыз
кешірек.
Біздің жолдастардың
үйі суық.
Біздің отын
соларға керек.
Жұмыс ауыр.
Жұмыс қиын.
Ақысы жоқ
бірде-бір
тиын.
Бірақ
біз
осыған шыдаймыз,
Өйткені
біз
ұлы эпопея
жасағандаймыз.
Шыдаймыз жұмысқа.
Тек
біздің далада
Біздің вагонмен,
біздің
тонған қалаға,
Темір маршпен
күндерді домалатып,

Жылу-тірлік
жетсе
болды.
Осы арада
Бәріне де
шыдаймыз
аштық-татып.

«Ағатай,
осынша ағаларды
Жидыңыздар
неліктен?»
-Ұқ, балам!
Социализм-
ерікті адамдардың
Ерікті еңбегі
біріккен.

9

Біздің республикаға
байлар таңырқауда.
Өздерінше
түсініспек.
Сұрақ,
сауал дегеннің
шексіз саны,
Бұл
қай ұлтты
атайды
«социалистік» - деп,
Бұнысы несі
«Социалистік отаны?»

«Несіне
масайрайсындар,
түсіну
бізге
қиынды.

Нені
жыр
етесіндер,
нелерің
мақтаның?

Айтындаршы,
қандай
жеміс-шырынды

Гүлдетті
большевиктік
жұмақтарың?

Нан мен
судан басқаны
көрген күнін,
Айтшы санап,
тоқ болған күнің бар ма?
Осындай отанның,
осындай түтіні

Көңілге
сонша
қонар ма?
«Соғысқа бар»-десе,
не үшін бармақсын?

Мысалы,
бомба түсіп,
өліп кетесін...

Сонда
өзіңнің жерің үшін
өлсең жақсы,

Ал,
жалпыны,
көптікін
қорғап
не деп өлесің?

Ұнамды-ақ
орысты кеп
орыс күшса,

Бірақ,
«Россия»
атыңнан да
безіп беріпсін.

Отан деп
несін айтпақ
өз ұлтын
ұмыттырса,

Не қылған ұлт?
Бәрің де Коминтернсің!

Әйелің,
пәтерің,
банкте болса
ақшаң,

Міне бұл-
отан,
бұл -
жұмақ-шам.

Дәл осындай
отан үшін
Садақа етсе
болады
ердің күшін.

Тыңдаңыз,
ұлттық
кене-тоғышар!

Біздің күн қиын.

Біз сүйеміз
дәл осы
өлі күнді
Осы жыр
қашандағы
жырлап шығар
Ауырлықты,
жеңісті,
күнбе-күн өмірінді.

10

Саясат
ұғуға оңай,
ұрттам судай.
Білді әбден
аранын ашып
келгендер,
Буржуй құсы
тырнағы
бір іліксе-ақ
ұзамай,
Ресейлерде
кеудесінен
түсетінін көгенге.
«Интеллидженс сервистен»,
«Сюрте дженералдан»,
«Сигуранц»,
«Диффензивтен»
Сұр шинель
тіккен,
Бомбасын
қоржынға
салып алған,

Сұм-сұркия
 жиналған.
Жалданғандар
 жалдаушы
 агенттердің
 ақшасына,
Сығылысып,
 трюмге,
 палубаға
 мініп алып,
Марсельден
 Новороссийск
 қаласына
Дуврдан
 Архангельскіге
 жетпек барып.
Вискиге
 көп қанып,
Өлеңін
 соқты.
Тамаша
 шошқалық,
Тамаша
 тоқтық.
Кильдері
 қазбалап келеді,
Суық суды
 жарып.
Перископпен
 қарап келеді
Сүңгуір
 қайықтары.
Атқылап,
 есерленіп
Келеді крейсерлері,

Кемелері
 миналық
Келеді
 мина
 алып.
Бәрінің үстінен,
Зеңбірегінің
 сорайып
 мойындары,
Келеді үстем
 дредноуттары.
Әртүрлі
 газын
 мүнкіте,
 дүрілдеп,
Бұлттарды
 пропеллермен
 жарып,
 жосып,
Авиокемелердің
 бірінен
 біріне
Секіріп жүр
«гидросы».
Алаяк капитаны
 капиталдың
Жанды жерді
 тауып ап
 қылқынтпақшы.
Ақ теңіз
 Қара теңіз,
 Каспий,
 Балтық,
Түртініп,
 кемеңменен
 кезіп бақшы,

Бір кідірет
жаға
тапшы.

Бәріне де
бұрыннан ие,
Теңіз-суға
төбеттей сақшы,
Тұр арсылдап
Британия.
Блокада шеңберін
жан-жақтан
қысқан,
Зеңбірегін
үңірейте
үңіліп тұр
әр тұстан.

-Қызылдарға
ұнамсыз жай.
Ашығып,
арыған ба?

Тоясындар балыққа
су түбіне
барғанда-

Арасында болса
жерге құмар
Кемеден
түсіп
жерде тонар.

-Теңізде
батырып,
байқадық

Құрыны да
байқадық.-

Білгендер
бөтен қолмен
шоқ ұстауды,

Отанның
түтіні деп,
алдап,
нұсқап,
Алға айдады
аңқау
жұрт
байғұстарды,
Князь бен
барондары
қашып пысқан.
Қаз
қабырын
Беттақтай
бапта.
Юденич тобыры
Питерді
шаппақ.
Обозда
тәтті
Консерві,
тамақ.
Табаны
танктің
Питерді
таптамақ.
Сібірдің
бидайын
етігімен жанша
Терістіктен
келеді
адмирал Колчак.
Жұмыскердің
оғына,
поп қызының
бағына

Күлгін чехтар
соңына ерген,
ағыла.

Врангельдің
зеңбірегі

Перекоптан
жекті
айбын.

Орлады
сапер
Қырым жерін,

Келсе
олардың
оры дайын.

Биязы жанды
бикеш-ханым
полковникті ұнатар.

Полковниктер
ас үстінде
оларды бөсіп
жұбатар.

Виски ішіп,
бесуін көр:
-алдымнан
бір күні

Еңгезердей
он большевик
шыға келді,
жұлқынып.

Пердім кеп
бірін, екіншісін
соғып салдым.

Демек,
еркекпіз ғой,
сол қызды
айырып алдым.

Сұрашы
бұл көк мәстектен,
ханым,
бүгін,
Айтпас па екен
Мурманскідегі
аюандығын.
Айтпай ма
бұл қуың,
Двина
суын
Бояп
қанға
Өлі жанға
Толтырғанын.
Әуре боп
тыкпай,
Мүз мұхитқа
Түгелдей
тоғытқанын.
Айтпай ма екен,
мәз болып,
ерлігіне шаттанып,
Байлаулы
бір коммунисті
бір топ «ердің»
атқанын.
Айтпай ма екен,
офицерді патшаның
Оқ атылса-ақ,
жағаны тастап,
қашқанын,
Айтпай ма ол,
қараша үйге
өрт жіберіп,

Салғанын

жұмсақ қолмен
мойын бұғау.

Бірақ:

«Итс э лонг уэй
ту Типерери,
Итс э лонг уэй ту го!»
Жер жүзінің байлары
анасы да,
мынасы да,

Жұмыскер

шаруаны
бірінші республикасына

Оқ жаудырып,
найза безеп,
есіре,

Ұмтылды кеп
флотымен,
армиясымен.

Құрысын

бұлардың
асты ылғал
«фратэрнитесі»,
«эгалитесі де».

Шіріген

патшалығы
демократиясымен.

Қорғасын оқ

жауып тұр,
қайнаған судай боп.

Біз жалғызбыз,

барар жер кем-ді.

«Янки

дудль
кип ит об,

«Янки дудль дэнди».

Жан-жағынан
 мылтық-зеңбірек
 оғы қоршай ұласты.
Москва – арал ортасы,
 біз тұрмыз
 аралда тар.
Біз ашпыз,
 біз жалаңашпыз,
Бірақ
 Ленин баста бар,
 бірақ,
 наған
 қолда бар.

11

Тірлік
 даңғыл,
 құры күйінде,
Өтуде
 сырғып,
 есен, сау.
Тұрам
 Сахеев үйінде,
Қазіргі
 Везсэнха.
Мылтықпен
 найзалы
Қорқытып
 жинапты.

Кассалы,
ақшалы
Адамды,
тапты.
Қыста
дызылдық
ара-пешке
Тықты
Шекспир томдарын.
Тіс шықылдап
тимей тіске,
Картоп
болса
тойлады.
Тыңдағаны
жазда
асфальт,
Терезеден
тыйындап.
«Қайран елім,
Трансваль,
Трансваль,
Сені
кетті
өрт жайлап».
Мен де
осы
тас қазанда.
Қайнадым.
Сол мазасыз
Күндерде,
күркіреп
от
ойнағанда,

Тірліктің
талас-тартыс
ұйқы-азасы,
Қойғандай этаждарын
етіп айна,
Көрінді
сол бір үйде
бастан-аяқ.
Мысалы,
көшедегі
трамвайлар
Айна боп
тұрған жұртқа
өткендей-ақ.
Оқ атылса
отырып
шарт жүгініп,
Тынышталса
форточкаға
үңіліп,
Алыстағыға
түйіліп,
Сол бір
бөлме-қайықпен
Үш мың күн
өттім
қалқып мен.

12

Саудагерлер
Главтоп маңын
жайлапты,
Құшып
сүйіп,
күрғады
бір сом үшін.

Байпақ киіп
балпаңдайды
хатшы-қыздар
жауапты,
Орманшылар
нан қағазын
тұрса күтіп,
бүрісіп.
Ауыр
жұмысы,
Уайым
жоқ бірақ
Ең сыйлысы-
Табандай
бір қадақ.
Шайын
ішіп алып,
Отынын кесті.
Біз-
көнбес халық,
Біз-
Филиппов емес-ті
Түскі ас
болса,
кешкі ас та
болар,-
Белсене шық
актарды
елден
айдауға.
Белбеуінді
тартынып
бұдан да тар,
Керек болса,
мылтық боп,
тарт майданға,

Өтті
маңынан
тендессіз
жан.

Етігін
тықылдатып,

Паекке
бара жатыр.

Басшылар
беріпті,

Павидло,
өрікті.

Байлар-қу.
Жеді,

ішті,

Үйінде Зунделовичтің.

Сізден нан
одан бифштекс,

Әрине,
бульон.

Ботка емес,
ши емес,

Бір жарым
миллион.

Ғалымның
күйі

фосфорсыз
қиын.

Маймен
шыжытса,

Болар ед
тоқ.

Бірақ,
тек революция,

Майы
жоқ.

Олар ғылыми істе,
Жазар,
 жазылар.
Анатолий Васильевичтің
Мандатта өз қолы
 бар.
Нан бар,
 ас бар
 үйді
Сағалап келіп,
 тұрысар.
Мандатын Луначарскийдің
Окиды
 комиссар.
«Иә...
 кант...
 ия...
 ептеп майын...
Отыны...
 құрғақ...
 қайың.
Сонан соң
Байырға тон.
Мен, жолдас,
 төте айтам,
 ышынды.
Алыңыз,
 мына тұрған
 құлақшынды.
Әйтпесе,
 әрқайсысы
 жоқты іздейді
 қайдағы...
Алыңыз,
 мінекей,
 мәстектің сыйрағы»

Үйге
қайттым
Басымды
елтірілей,
Үш аяқты
Мыстан
кемпірдей.

13

Он екі
шаршы кезге
кем болса тең.

Бөлмеде
төртеу
едік.

Лиля,
Ося,
мен.

Иттің аты
Шеник.

Бас киімді
киіп алып
жамаған,

Шығардым
ит шананы.

-Қайда кеттің?
Әжетханаға.

Ярославский жаққа
барамын.

Тонымнан,
желкемдей бос,
қолпылдаған

Шығады
ісі
текешіктің.

Шарбақтан ап,
қиратып,
колды болған,
Сүйреп келем
тепешікті.
Құрығы
ағаш
Ауыр,
зілдей.
Ісінген
оғаш
Бейне бір
пілдей.
Ағашымды
құшақтап,
Жеттім,
терлеп-тепшіп.
Асықпай,
саспай,
пышақты ап,
Ағашты
жонып,
кестім,
Жоңқам...
қуанышым...
Пышағым
тотық,
Көтерді
градусын
Басымның
оты.
Шілде желі
есіп кеп,
Жасыл етті
гүл даланы.

Күйе түтік
тесіктен
Улы газдың
тарағаны.
Ұйқтадық
төрт үсік,
Бүктісіп,
бүрісіп.
Біреулер
кіріп жүр.
Оятпак,
түргіп тұр.
Әзер-әзер
ояндық біз.
Қоламтадан
угарлаппыз.
Терезе тұсы
тау күртік.
Өңкиіп қарайды.
Үсіп-қатқан
жоксындар ма?
Аяз,
түнімен
аралап
маңайды,
Етікше
сықырлайды
оппа қарда.
Бөлме еңкейген
аспанды
малып
Дария-шапағына,
күнде
батты.
Алқызыл дарияның
бетінде қалқып,

Кеме-бұлттар
оң жаққа
өтіп жатты.

Алқызыл
айдында
ағып,

Барады
жыраққа.

Сонау
қайың жағып,
Маздатқан
жаққа.

Жылы елдердің
көп таттым
дәм-суынан.

Тек бірақ
осы қыста
ұғынғанмын,

Артық жылу
жоқтығын
жылуынан

Махаббаттың,
достықтың,
семьяның.

Бірге тоңып,
бірге мұздап,
осылай

Тісіңе тісің
тимей
дірілдесең,

Адам үшін
жылы көрпе,
мейірбан
жылы шырай

Аямасқа
керегін
түсінесін.
Ауасы
морстай
жерлерді
Өткен соң ақ
басқада
ықыласың.
Ал мына
өзіңменен
бірге
тонған
біздің жерді
Сәл ұзатсаң
болғаны-
сағынасын.

14

Сәл ысқаяқ,
зәрлі қыс.
Көп жанның
мәңгі ұйқыға
берілгені.
Сөз жетпей ме?
Сондықтан,
Жыр-жолымыз.
Қозғамайды
қасіретті
Еділдегі.
Мен алам
көп ішінен
бір-ақ күнді,
Мың күнмен,
ерек шықпай,
қосқан үнді.

Тоқ та
 емес онша,
Аш та
 емес онша,
Біріңғай сұрғылт
 күндерді
 алдына сап,
Сушы-жылдар
 тұрған еді
 қуалап.
Әлде не
 жазсам да,
Әлде не
 айтсам да,
Шабыт та,
 сезім де,
Қап-қара
 дөңгеленген,
Қараса
 күйдіргендей,
Жарымның
 түнғыық көзінде.
Телефон
 безектеп кеп,
 тулады да
Дүрс етіп,
 ұрып қалды
 құлағыма:
Аштықтан
 ісік
 тартыпты,
Тостаған көз
 қысық
 тартыпты.
Дәріс айтар
 дәрігер:

Көз кетеді
ашылып,
Болса
жылы жер,
Және
жемістің
жасылы.
Сабағынан
ұстап, мәпелеп,
Екі сәбіз
әкелем.
Көжеге емес
үйдегі,
Ойымда
тек
сүйгенім.
Кәмпит, гүлдің
әкеп едім талайын,
Ойлаушы ем
келісті деп
сый сыйпаты.
Бірақ осы сәбіз бен
төмпе қайың
Сыйлығымның
болған-ды
ең қымбаты.
Сусінді
шоғырмақ,
Шығарсам
қолтықтан,
Қастан
аз-ақ
Екен жуан.
Беттері
ісік.

Көздері
қысық.
Қорек,
жылы сезім,
Емдеді көзін.
Келіссе
тамағының сәні,
Көрер-ақ
революцияны.
Маған
өзгеден
оңай.
Мен
Маяковскиймін.
Кеміре,
шайнай,
Жылқы етіне
оқыс тидім.
Есік
сықырлады.
Әпкем.
Кіре
жылады.
-Володя, есен бе?-
-Оля, амансың ба?-
-Жаңа жылға,
ертеңге,
Тұз
табасың ба?-
Шөкімдеп
тұзды
есепті,
Алақаныңа
септім.
Торыққан әпкем,
болған безер,

Қардан асып,
 барады әзер.
Үш шақырым Персиядан
 өтіп,
Тұздамақ картобын,
 үйге жетіп.
Соңынан
 суық,
Қалмады
 куып.
Қытықтап
 ерген,
Тұзынды
 бер-деп.
Жетгі үйге.
 Түспейді уыстан,
Түз
 саусаққа
 жабысқан.
Көрші
 -жақтан
Естілді:
 «Әйел,
Шапанды
 сат та
Көжелік
 әкел».
Әйнектен
 тыста
Жауады
 қар.
Жатысы
 жұмсақ,
Жүрісі
 ызғар.

Ақ жартастай
жалаң
Ақ
астанаң.
Жартас
жалаңаш,
Іргесі
орман-ағаш.
Сол орманның
тұсынан,
битше жылжып,
Шапағы
көкті жауып,
күн шықты,
ілбip.
Мәскеудегі
еліктемек
кызба
оба-сырқатты.
Бұлттар
ауды
аулақ.
Қонды елдер
тауып алмақ.
Жетпек
арғы жағаға
Сұлаған
Америкаға.
Жатыр
жалмап
кересін:
Какаосын,
кофесін.
Дөңгелек жүз,
ресторан табағындай,

Заводтардың
 қарнына
Отын жоқ
 -депті.
Аспан сырын
 былғаған
 түтінімен,
Жағатын,
 жүргізетін
 отын барда,
Ақ жамылып,
 жеткенше түтігіне,
Локомотив
 түр әне
 оппа қарда.
Киіп алып
 байпақтарын
 жамаулы,
Үлкен
 темір қақпаның
 аранынан,
Шығып жатты
 жазылғандар атаулы,
Күрек ұстап,
 еңбектің маңдайына.
Орманнан
 шыға
 әрі
Кірісті
 бірден бәрі.
Мен бе,
 сіз бе,
Бәріміз бірге,
Қазып қарды,
Поезды
 шығардық.

Жан бітіп,
жерді басып,
Кетті поезд,
белден асып.
Бәрі бірдей
шыдар ма,
Аш жүріп.
Әлсізін
қолдарына
Алыпты
айқатырып.
Ал, әндет,
үйге баста
қадамды.
Қолына тек
алыпты
бес үсіген адамды.
Бүгін
қараңғы,
кір сатыла,
шығып
іннен
Тоғышар
доңыз-өсек
түрткілесті.
-Деникин
оқ дәрінің
кіндігіне,
Туланың
дәл өзіне
жетті, - десті.
Тоғышарлар қомданды.
Қатын-қалаш
Үй күтетін,
сыбырлаң,
дауылдады:

-Ұны...

тек кіріп шетке,
қабыңды аш...

Шай,

қанты,
кепкен нан
бос болады.

Жақын, - дейді, - ақтар,
Керенкенді сақта! -
«Пролетарий аттан! – деп,
оятты елді ұрандар.

Шақырды-деп
партия

тұрды
қала жұрты да.

Жөнелді

оңға
қызыл эскадрондар

Мамонтовты құртуға.

Бүгінгі күн
кіріп келді,
асығып,

Шар етіп,

тынышты
бірден жарып.

Ок тиген

өкпесінен
қырылдап, тұншығып,

Қанға шомды,

кұлап барып,

Сатыдан

шыжымдап
аққан қан,

Еденде

қатып жатты,
басып шаңын.

Тағы да
тамшылады
қайтадан
Оғынан
Қапанның.
Төртбақ қол
епті
жауларды,
Қансылатып,
ұлытып
қорқауларды.
Екі тоғышар
Бірін бірі
құптады:
-Қозғалды
ұзынтүмсық
шортандар!
Ұзамай
бәрімізді жұтады!-
Сонсоң
табақ көздері
бажырайып,
Аты-жөнін
тіміскіп,
тізімдерге үніледі.
Атылғанның
тізімін
жерге жайып,
Жыртқышты
таптың
төртпақ
қолы батпан.
Төртбақ қол
Лубянкада.
Аты Че-Ка.

-Тырп етпе, жау!
 Былай тұр,
 артық, адасқан!
Тоғышар, бүк!
 От басынан шықпа!-
Ильичтің
 атын атап,
 миллиондық тап
Азулы
 ақ аюанға
 қарсы шықты.
Көптің
 көңіл-жігері
 Лениннің бойына
 тарап,
Шипалы
 дәріден де
 болды күшті.
Тоғышарлар,
 күйбендеп,
 ас үйді
 апан етті.
-Бізге тимендер,
 біз
 балапан іспетті.
Біз тек шіркей едік,
Біз бергенді жедік,
Уақыт,
 аузынды ашпай,
 тұр азырақ!
Біз тоғышармыз-
Біз бергенді құшамыз,
Берсеңіз-ақ
 біз
 сіздің жақ!

Ал таңертең
аспан
қандай жайдары!
Ашылғандай
кешегінің
өтірігі
Күн көзінің,
кұстардың да
сыңғырлатып айтары:
Тірі,
тірі,
тірі,
тірі!
Тағы да
күндер зырлап
кезегімен,
Топтанып
өтінгендей,
қиылып:
-Жүріңіздер
бізбен,
«Енді
бір қимыл!»
Көрдік сонда
шыққанын
сыпыра
аш-жалаңаштың
Шабыстан
еңбекке,
еңбектен
ұрысқа.
Қызарып,
қанданғанша
тырнақ асты,

Алғанын
мықтап ұстап.
Жерлер көрдім
бауы жиде
майысқан.
Бейнет-терсіз
жемісін же,
шалдықсаң.
Мұндай жердің
өзгеше екен
татымы.
Мен
жерімді
жаудан
қорғап
алысқам,
Бауыр басып,
мәпелегем,
тарықса,
Жатса мылтық,
тұрса оқ боп
атылып,
Қылаң көшпен
тамшысындай
табысқам.
Мұндай жердің
еңбегінен,
қызығынан
қалыспан,
Бұл жер үшін
ажалдан да
қайыспан!

«Қарасам,
есіктен шыға бере,
Барды екен теңізбен
тайып»...
Деп еді маған
момын еврей
Павел Ильич Лавутпын
етпе айып.
Жүгірді Севостопольдағылары
Түтінді кемелерге
бәрі жосып.
Бір күнгі жүгіріске
табандары
Бір жыл жорықтағыдай
болды тозып.
Рейдте түр кемешіктер,
кемелер.
Ұрыссып,
айқайлап,
тартысып,
таласып,
Балақ-жеңін түрініп,
кетіп жатты
еріктілер,

Солдаттар,
және де
«халықтың тазасы».

Біреуі
үй құсын
тасымақ,
біреуі роялін,

Біреуі уютюгі,
біреуі шкафты.

Сыпайлылығы
жұртқа мәлім

Кадаттер де,
қолын жұмсап,
боқтасты,

Сәндеу ойда жоқ,
ұмытқан ұятты:

Біреуі юбкасыз,
біреуі нәскисіз
ұмтылған.

Солдат
полковникті
сүйемелдеп
шалып құлатты.

Бір еркек
бикешті
түйіп өтті
тұмсығынан.

Ығыстырды
біздің жақта,
көздеп траптан.

Ақырғы эшелон
үйілісті,
бірін-бірі езіп.

Сарт еткізіп есікті,
бос қалған штабтан

Рапорттай қуақы
шықты өзі.
Аяғына
қарап,
Адымын
сәндеп,
Черкескесі
қара
Келеді
Врангель.
Қаланы
тастап кетті.
Жаға
ессіз қалды.
Қайық
алты ескекті
Жағада
дайындалды.
Ақ
құрбандық
үстіне
Оқ
шалғандай
жырынды
Тізерлеп
құлай түсті де
Бас қолбасшы жүгінді.
Үш рет
жерді
сүйіп құшты,
Үш рет
шоқынды
калаға.

Окка
 қарамай
 қайыққа
 түсті.
-Ұлы мәртебеңіз!
 Есуге бола ма?
-Ес!
Ескек ілінді.
Моторы дыр етті.
Ширақ жүрді.
«Алмазға» жетті.
Оқтай ұшып,
 өте шықты
 қолбасшы яхтасы.
Голош-түмсық
 сүйретпе
 кемелерде
Узелы
 жүз елуден
 өзер асып
Келеді
 айырылғандар
 іс пен жерден.
Отаннан кетіп,
 Дарданеллдан
 өтіп
 тар,
Болғандай түріктің
 түкпірі мен
 полициясына
 зар,
Келе жатты
 ертеңгі галлиполийлықтар,
Келе жатты
 кешегі орыстар.

Өгер ертең
жылдан жылдар
жылжысып.
Дірілдеп,
каска көрсең,
үркер жаның.
Боларсың
Аргентина
сауыншысы,
Өлерсің,
жерін қазып
Африканың.
Толқында бөтен
жүк кемелер
шайқалды.
Көзге жиі
туған айлы
жалаулар.
Естір ме
жүйрік яхта
ащы айқайды:
«Казнаны ұрлап,
қашқан
қорқаулар!»-
Экипаждың
сақтанғаны
Адасқан оқтан
жөн болар.
Екі кемесі
Американың
минаға толы
тұр қатар.
Трубасына
адмирал
Үңілді
ілгері қарай:

-Ол
 райт-
Босфор жаққа
 қашқынның соңын ала,
Бұларда кетті,
 мылтығын безеп қалаға,
Шыжытты күн
 тауларды
 қуырдақтай.
Ауаға
 гүл әтірін
 шашып қойған.
Біздің жақ,
 өлеңдетіп,
 дамыл таппай.
Келеді
 Симферополь,
 Джанкойдан.
Араласпай,
 қалыспай
 оқтан жауған,
Айқасарда
 қызыл туды жебелей
 жөнеліп,
Олармен бірге
 түсті тудан.
Жауынгерлік
 өлеңі.
Бұл өлең
 пулеметтен
 бел үзіліп,
Жатқанда
 әндете алған
 ең қайсар ер.

«Бізбен бірге
Ворошилов
Бірінші қызыл офицер».
Қашқанда
су мыстаны
зеңбіректер
Естіді
құлағының
таудан нөсер:
Аямайды
жанын ер
Отаны үшін Эс Эс Эс Эс!».
Штаб басы,
маңайын қурытырып
жазып жатты,
Ебетейсіз саусағы
қаламды нық басып.
«Врангельді
теңізге құлаттық.
Қолға түспей кетті,
бәрі қашып»:
Қойды
нүктені.
Сөз қысқа.
Телеграмма біткені,
Бітті
соғыс та.
Бірі
еске алды
егісін,
есіз жерін.
Екіншісі
домнаға
тез қайтпақшы.
Жөнелді,
жеңіменен сүртіп терін,

Елдеріне,
қарауылды жерлерге,
қойып сақшы.

17

Тұрса да
міндет пенен
жыр бұйырып,
Ісіміздің
мақтамас
ем тартысын.
Мен
отанның жартысын
тастап ысырып.
Жаңартып,
жайнатар ем,
тең жартысын.
Қарбаласқа тіршілікке
жұмсап күшін,
Мен біргемін
кұрғандармен
жаңартып.
Мадақтаймын
Отанымның бүгінгісін,
Мадақтаймын
боларын-
үш есе артық!
Біздің
асқақ жоспарларға
сүйсінем,
Кең сермеген
кұлашқа.

Мен қуанам
біздің марштын
күшіне
Шыққан кезде
еңбек пенен
айқасқа.
Көріп тұрмын
бүгінгі кір,
қоң жерде,
Жаңа ұрық
тереңнен тескенін.
Көріп тұрмын
сол жерде
күні ертең.
Коммунаның
үйлерінің
өскенін.
Қолмен шауып
алған
күшак шөбіне-
Жаратылыс сыйы-
деп, етпей құлдык,
Шаруалардың
күс жүрегі
енді міне
Тракторға
бұрылды.
Кеше ғана
кедейлік
бермей дәрмен,
Шықпаған көрікті ойлар
ми мен бастан.
Бүгін
сол ой
құлашты пәрменімен

Темір мен
тас бейнелі
іске асқан.
Сондықтан да,
еңбекке де,
соғысқа да
жортамын,
Құрған осы
адамзаттың көктемін,
Жырым менің-
ата мекен Отаным,
Республикам менің!

18

Келгем мұнда
тоғыз рет Октябрь,
тоғыз Майда.
Қызыл тулар астына
бүлкүлдеген.
Жүрегім
жайдары,
ерке,
шаттық жайда
Миллиондар жүрегіне
қосылып лүпілдеген.

Келуші ем
мұнда
қаралы тулар
астына,
Қатып болмай
өлгеннің оқтан
қаны.
Маза таппай,
барушы ем
жаракты жаудың қасына,
Ыза кернеп,
түнеріп,
айқайлап,
ашуланьп.
Мен
мұнда
келуші ем
барабан дүңкілдесе,
Мұздатқан
суықтарда
жасын көздің.
Келуші ем, бірақ,
көбінесе,
Жападан-жалғыз өзім.
Башнялар
берік сақшы
солдатқа ұқсап,
Шлемі істік
жарқырап,
әр бұрышты
тұр қиялай.
Құпиясын
мұнаралы басында
сақтап,

Момақансыйды
шіркеулер
өзімсіп
шұрқырамай.

Толған-ай
төбемізден

Төнді
бізге.

Келе жатыр
сонау жақтан
сырғып...

Сонау
Совнарком мен ЦИК
тұсынан.

Кремльдің біразын
қараңғыдан
бөле жылжып,

Бері аунады
қабырғаның тісінен.

Жылтыраған
түйе тас
тұсына кеп

Сәл ғана
еңкейді де,

Қайтадан
ақ басын
түзеп,

Сырғыды
ілгеріге,

Бұл түйе тас-
үкім төбе-
бас кесер.

Бас үшін
әбден
қолайсыз жер.

Ай
жарығын
күндізгідей
жайды алаңға.

Кремль қабырғасы:
іргесі қабыр.

Тәжім етіп,
еңкейіп
жатқандарға,

Ту көтерген
әйел
тұр.

Алаң тасын
никельдеп
жуып тұрды
ай.

Сақшылардың
найзасын
ай
ызғарлы еткендей.

Дәстерлеп үйген
кітаптардай,
Өзі
жатқан мавзолей.

Бірақ, мен
бұл есіктен
кіре алмаймын,

Болсада
ащы қасірет,
ауыр уайым.

Келмейді
торыққым
жансыз сол тұлғадан,

Адамшылық,
тіршіліктің
көктеміндей
әрдайым

Жүректе өзі,
баста өзі
тұрғанда.

Бірақ қабырлар
мені тоқтатты.

Жіберер емес
есімі,
аты.

Оқыдым
түнеріп:
«жолдас Краснин».

Есімде Париж...
Дорио терезесі...

Келе жатты,
қуанып
ақ шашты
өсем тұлғасы.

Жұмысшы көпті
тұрған
иін тіресіп.

Кезектескен
аз-ақ бұрын
мына кісі.

Қалжындап,
суретке түстім
жанында.

Құлады Войков,
қаны ыршып,

Газет те
батты
қанына.

Сонан сон
 бір лезде
 алдымнан
Шиелі көне,
 сақалы сүйрік,
 әдепті
Портреттегі түрінен
 бірде аумаған,
Темірдей шымыр
 кісі өтті.
Менімен ақылдасса
 егер
 жастар,
Айтар ем,
 -менен бұл өмірде іске үйрен,-
Айтар ем,
 әуел бастан,
Үлгі ал
 жолдас Дзержинскийден!-
Бірі сүйек,
 бірі күл,
 іргеде жатыр.
Кеткендер көп-
 колға түспей
 күлі де.
Ауыр еңбек,
 айдауда, оқ құлатып,
Жасы жетіп
 өткен емес
 бірі де.
Жолдастарды
 осы
 қызыл бейттегі,
Мазасыз ой-
 билеп жатқан
 сияқты.

Күлді аралап,
 қуыстарды сүйектегі
Бойлаған ой,
 жер бетіне
 жетіп тегі,
Шөп пен гүлді,
 назын айтып,
 сыбырлатқан сияқты.
-Айтындаршы,
 барсындар ма?
 Берілмей
 тұрсындар ма?
Жүрістерін
 ілгері ме?
 Жедел ме?
 Коммунаны,
Сәуле мен болаттан
 тұрғызатын
 түрі бар ма.
Республика
 кәзіргі
 тұрғындары?
-Дем алындар,
 жолдастар,
 аландамай,
Сіздің Отан
 көктем сайын
Гүлденіп,
 құлшырып,
 жас баладай,
Бекіп өсіп келеді,
 құлаш жайып-
Тағы да
 сыбырлады
 гүл қоймасы,

Жыбырлап
веноктардың
лента-тілі
-Сол ана
қаралардың
Европа,
Азиясы
Сол құрсаулы
күйінде ме,
мүлгүлі?
Жоқ!
Байлық, зорлық дүниесі
иелері
Ұстаса да
жұрттарды
сол қапаста,
Сендердің ізгі,
ұлы бейнелерің
Оятуда,
қозғауда,
алға бастап.
-Айтындар,
тоғышарлық
торы
торлап,
Жүрген
жоқ па
әкімшілік
зілі зорлап?
Айтындар-
бүтін бе?
Айтындар-
тұтас па?

Партия
дайын ба,
ұрысқа,
айқасқа?

-Ұйықтандар,
жолдастар,
алаңсыз...

Құр бекерге
сендерді
мазалар кім?

«Алға!»-деп
ұран шықса-ақ
ұмтыламыз,

Бірден тұрып,
безентіп найзаларды!

19

Сені,
жұмыр жерім,
Шарладым
сан рет.

Тіршілік
керім,
Тұрмыс
керемет.

Ал біздің дүрбелең,

Қайнаған шабыт
кернеген

Одан да
ерен.

Жылындай боп
ірілген

Көше бойы
түр үйлер.

Бұл көшеге
 ие мен.
Өзімдікі
 бұл үйлер.
Дүкендер
 каз қатар,
Әйнегі жалтырап,
Әйнекте
 азықтар.
Жеміс,
 шарап.
Шыбыннан
 шілтерлеп
Азықты
 қорғапты.
«Кеміді
 кұны» деп,
Ашық шам
 орнапты.
Берекесі
 мол ұям-
Менің
 кооперациям!
Тиынды
 теңгелет!
Болсын
 керемет!
Әнекей
 кітаптар
 тұр
 ілегімен.
Мен де бармын
 ақындар
 сөресінде.

Қуандым:-
 республикам
 еңбегіне
Қосылыпты
 менің де
 үлесім,-деп.
Табаны,
 балпық
 еріндей,
Келеді
 шаңын бүрқатып,
Менің
 автомобилімде
Менің
 депутатым.
Қызыл үйде
Бізді
 биле.
Бірақ,
 Моссоветте
Қалғып
 кетпе.
Мылтығы
 сары,
Жүзінде
 нұр.
Өз милицияларым
Өзімді
 қорғап тұр.
Оң жақ
 жолға
Сілтеді
 ерім.
Барайын
 оңға.

Тіпті де
керім.
Көк жібек
аспан
Төбемде
үлбіреп
түр.
Ұлыға
ұласқан
Неткен
керемет
бұл!
Тау-тау
бұлттар.
Бұлттан әрі
үшқыштар,
Өзімнің
үшқышым.
Тұрмын
калтиып.
Шығарад
быт-шытын,
Көрсін
жау тиіп.
Қара
газетті:
Ерлер веналық
Салуда
депті
Буржуйға
бұғалық!
Биіне
жүт.
Зер
гут.

Прокурор
сасқан
Өрт
қағаз беті.
Будан
асқан
Бар ма
кереметі!
Газетте
у мақала
Қорқытпақ
бөлекеттің.
Сол уына
қақалар,
Көреп
кереметін!
Жігін
кұрып,
Барабанын
ұрып
Алдымда
қаз-қатар
Келеді
полктар
Жүзінде
көрік,
Аяғы
берік.
Зенбірегін
безей шықты,
Қызыл жұлдызды
өңкей мықты.
Ырғағын
тауып-ап,
Адымды
бастым:

Се-
нін жау-
ыңа
Мен де қас-
пын.
Сұғынды ма?
күл-күл ет!
Болсын керемет!
Түтіні шуда
Ауадан жиіркен.
Буы будак
Менің фабрикем.
Машинам,
үдет,
Жұмысты қыздыра.
Сисаны көбейт
Комсомол қызыма.
Көрші бақ сыбдырлап,
Самал сыйпап өтті,
Көрдін бе бауға бап
Мұндай кереметті!

Қала сырты-
далалар.
Толған
егіс, бауға.
Далада
шаруалар
Сақалы
қауға.
Қарттар
керім.
Әрнеде
назары.
Жыртады
жерін,
Өлеңін
жазады.
Ауалы,
хуторы
Таң ата
тік тұрып,
Ісіне
кірісер.
Дәнін,
нанын,
Маған
пісірер.
Сауынын
сауып,
Өсіріп
бауын,
Егіп
егінін,
Балығын
аулап
Елім
менің

Гүлдеуде
қаулап.
Біздің
елден
басқаға
Тарих
бейне бір дозақ.
Менің елім-
жас бала-
Ойланyp,
өсіп,
іздеп бак!
Көл қуаныш!
Бөлісем,
етпей тарлық!
Шаттық өмір
тамаша
таң қаларлық!
Көрілік жоқ
бізге
Жетеміз
жүзге.
Жылма-жыл
үдер.
Біздің
күш-жігер.
Жастық ел,
балғын жер,
Балға-жыр
мақтап бер!

Тамара мен Демон

Buketov University

Ақындар осы Теректі,
көрсө болды, желіккен.

Бір көре алмай Теректі,
мен де мүлдем жеріккем.

Автобустан түстім де,
маң-маң жүріп,

Тақалдым
жағасына
жақынырақ:

Толқынына
шіркіннің
шырт түкіріп,

Көбігіне
таяқты
сұқтым бұрап.

Қызығарлық несі бар?
Асау долы,
Есенинше жұлқынған учаскеде.
Ойларсың,
Боржомға бір барған жолы
Бұл Теректі жасаған Луначарский деп.
Мұрнымды шүйірsem де, осы бұрып бетті,
Еркімді ала бастады
бойымдағы...

Болар ма
тап осындай
күдіретті

Мына су,
мына көбік
жын-ойнағы?!

Әне түр
қарауыл-сарай
аспанды арбап,
Тас төбесі
жыртардай
көктің қоңын.
Мұндай
асау сұлулық пысықарар ма,
Ұғындырсаң
басшың деп
Петр Коган.
Бойымды
ыза-намыс
кетті кернеп:
Жиһаннамның
мына су,
мына тасын,
Атақ үшін,
акша үшін
босқа терлеп,
Жүріппін ғой
ұмытып,
қара басып.
Менің орным
журнал ма?
Орным мұнда!
Әр жолымды
жүргенше
тыйынға өлшеп,

Осы арада
арқырап
тұрмаспын ба,

Гитарамның шектері үзілгенше!
Менің даусым
дауыс па?
Құр барқырау.

Айқайым
білем, бірақ
жер жарарын.

Естіген жан,
жетпес деп,
айтпайды дау,

Құлағына
патша-қыз Тамараның.

Тәкаббар қыз
саусакпен
асқақтығын

Сездіріп,
сұстанып тұр,
сыр білдірмей...

Мен оған
тура айттым:
«Маған бүгін

Патша-қыз ба,
күн қыз ба,
бәрі бірдей!

Және де
құр жырлаудан
не құралар,

Таудың берер несі бар,
күр суы ма?

Кір жусаң ғой
аздаған тиыны бар

Үйіне
күнкөріске
қосуына!»

Ашулы қыз
семсерін
суырып ап,

Оққа ұшқан ылақтай
ыршып түсті.

Сасайын ба...
Әдеппен,
өзімізше,
жуығырақ

Бардым да,
қолтыққа алып,
қолын қыстым.

Ханым-қыз,
қызбаңызшы паровоздай...

Өрісіміз лирика,
жақын жатыр.

Сіз туралы,
шер-сырын
терең қозғай.

Айтушы еді
Лермонтов
дейтін факыр.

Құмарлыққа
қыз жоқ деп
сізден асқан

Ант беруші ед...
келінсіз
онбай
тозбай...

Жар жолықпай
келдім мен
отыз жасқа,

Бірден ашна болайық...
істі созбай...

Құдайың,
шайтаның да
әрі тұрар,

Мамық болып төселер
тау менен тас.

Демон деген
немене?
Құр бір қиял,

Және кәрі...
Ең көне мифке құрдас...

Мына күзға
құлатпа тек,
ардақтым.

Аянып тұр,
ада деме сабырдан.

Шапанымды
жыртуға да
бармақпын,
Артық боп па
сол шапаннан
қабырғам!
Мықтап ұрсан...
кұларың...
оңай қаза:
Кеттің бірден
Терекке
батып,
сіңіп.
Мәскеу қызы
кұлатса,
қандай азап,
Қабырған
қырын санар
сатысының!
Айттым,
біттім.
Қалғандарын астарлап,
Өз шымбайын танымай,
арып-ашып,
Жаза берер,
керек болса,
Пастернак...
Көне қойшы,
көнекей,
Тамарашым!

Ендігіні
көтермес
қағаз жүзі.

Кереметтер
шығар
мендей
момыннан.

Демон келді...
көрді де,
күдер үзді...

Ұшып кетті,
желін ертіп
соңынан.

Лермонтов
аттап келіп
өз заманын

Қуанып тұр:
«Бакыт бұдан
асар ма?»

Әкел
ана шыныны,
Тамарашым,

Құй толтыра
құтты қонақ
гусарға!

СЕРГЕЙ ЕСЕНИН

Анна Снегина

Викетов university

1

«Радово» атты селомыз,
Екі жүз түгін, санасан.
Көркінен туар санаңыз,
Көз жіберіп қарасан.
Жайқалған орман, суға бай,
Жайылым мол, егінмен.
Егіндік бойын қуалай
Тізілтіп терек егілген.

Шатырлары қаңылтыр,
Әр үйде-қырман бау-бағы.
Дандайсу жоқ бірде-бір,
Бақытқа осы бойдағы.
Әшекей әйнек қақпасы,
Квас пен ет бар той сайын.
Келер ме көңілі соқпаса.
Исправник те әрдайым.

Тиісті салық үстіне
Старшин қаһар қу құлқын,
Алатын бізден үстеме:
Тары мен ұнды әр дүркін.
Болмаққа аулақ бүліктен
Көнгеміз қосар салыққа;
Ұлықтың аты ұлық деп
Біздей жуас халыққа.

Бірақ та адам – күнәһар,
Көзі бір найза безенген.
Көршілес криушалықтар,
Қас еді бізге ежелден.
Криушада тұратын
Егінжайын сұр кедей,
Қос мәстекпен жыртатын,
Бір соқамен жебелей.

Баюда емес ойлары.
Жан сақтаса-ақ болған-ды,
Отынға ұрлап қоймады
Сол тобыр біздің орманды.
Ұрмақ та болдық ұстап-ап...
Басталып кетті төбелес.
Балтаға балта шақылдап,
Жан түршігер болды егес.

Екі жақ түгел қызынған,
Сұмдыққа түбі келтірді.
Бір адам ет қызуда
Старшинды өлтірді.
Амалдап шара ұсынып,
Жиылысып ек болмады.
Сот болды. Он кісіні
Кісендеп, Сібір айдады.
Осыдан кейін бақыт-құт
Бізден де қаша бастады.

* * *

Үш жыл бойғы өрт пен жұт
Тұралатып тастады.
Дем алыс алып еліме
Келе жатсам, жолшыбай
Сөзуар көшір егіле,
Мұнын кеп шақты осылай.

Біреудің болып шокпары
Соғысу батты жаныма,
Жақынға мылтық оқтанып,
Туыстың қалып қанына.
Кулығын білген мен енді.
Тылдағы көпес – байлардың,
Зеңбірек емес өлеңді
Оқтауға белді байладым.
Қоштасып мүлдем мылтықпен,

«Липаға»¹ төлеп пұл
Жүргенімде, ту тіккен
Он жетінші келді жыл.

Азаттық оты жетілді,
Жалыны қызыл өрістей.
Халифа болып лепірді,
Ақбоз ат мініп Керенский.
Женгенінше соғыспақ
Жендеттер қанға майланды.
Көк шекпенді байғұстар
Өлімге қайта айдалды.
Зеңбірек гуі астында
Қылышты тастап, лақтырып,
Жұрттан бұрын қаштым да,
Көрсеттім мен де «батырлық».

Сүрлеу жол жатты тартылып,
Соқты бір самал бойға жай.
Алыстан сары алтынын
Шашу ғып шашты толған ай:
«Радово осы, келдік, - деп.
Түсті енді атшы арбадан. -
Жемде тұрып желіккен,
Ышқынтып атты айдаған.
«Диірменші үйі әне түр.
Шайлықтан құтыл, тез беріп,
Құндамау, мырзам, әдетім
Сіздейлерден ат терін...»

Қырық сом бердім. «Еселе».
Жиырмананы қостым. «Бұ да аз».
Отыз жасқа келсе де,
Ұяты жоқ бір сабаз.
«Жансызбысын сен,- дедім.-

¹ «Липа» – жалған документ (автордың ескертпесі)

Осыншама қырғаның?»
«Егіндер биыл өңбеді,-
Деді өңкиген мұңдары.-

Қосыңыз салмай тарлыққа,
Алты қағаз, әйтпесе, он.
Ішейін сіздің саулыққа,
Дүкеннен алып самогон».

Диірменге жетсем, мың шырақ
Самсап тұр шырша үстінде.
Сөйледі қартың абдырап,
Әбігер бола түсті де,

«Сергейжан, сен бе қарағым,
Тонғаның да сезілед.
Кемпір-ау, қайда тамағың,
Самауыр әкел тезірек».

Көкектің аяқ кезінде,
Тонбайды ау кісі көшеде еш.
Шырайлы достың жүзіндей,
Тамылжып тұрды қызған кеш
Диірменші қартың күшқанда,
Аюдың өзін жылатар.
Әйтсе де тағдыр қысқанда,
Дос болсын көңіл жұбатар.

«Қай жақтан келдің, қаншаға?»
«Салайық сайран!» «Бір жылға»,
Ат құлақ, жидек сонша мол,
Мәскеуге түгел жетерлік!
Құс пенен аңдар оғына
Ілігер өзі-ақ тынымсыз...
Япырмай, төрт жыл болды ма,
Көрмегелі сені біз».
Тірелді сұбхат тұйыққа.

Самаурынды қотардык.
Іліп ап тонды иыққа.
Пішен жаққа бет алдым.

Гүлдерге бетті сипатып,
Аралап келем бау-бақты.
Жарқ етті жастық қымбатты
Көргенде ескі шарбақты.
Мына бір есік тұсында
Он алты жаста ем, үмітті ем.
Ақ киген албырт қыз сонда,
Елжіреп еді: «ұмыт!» – деп.
Көңілге ыстық өткен іс,
Бейнесі өшпес ақ еді.
Жастықта сүйдік бәріміз,
Бізді аз сүйген шақ еді.

2

«Тұр, Сергейжан тезірек,
Тарқамай таңның қияғы.
Кемпір де саған ертерек,
Пісіріп қойды құймағын.
Аттанам қазір, дәл міне,
Снегина – ханым жаққа мен.
Олардың түскі дәміне
Мамыр құс кеше атқан ем».

Армысың, өмір шапағы!
Киіндім, тұрдым, келем мен.
Алма ағаш тұр, жапырағы
Буына шықтың бөленген.
Ойладым: жерім құлпырған,
Жұрты да соған лайық!
Соғыста, бірақ, қанша жан
Көріп боп қайтты мұнайып.
Ор асты қалды қанша жан,
Талайы әлі-ақ қалады.
Жақ сүйектен қарысқан

Дірілдеп бетім барады.
Жоқ, Жоқ!
Барман ешқашан,
Терсін деп мешеу солдаттар
Тастаған сол бір оңбаған
Жатса да алтын шандақта.

«О, Шешей, таңың қайырлы!
Кәрілік меңдеп қалған ба?»
Күркілдеп кемпір қайырды:
«Біздің қол бос болған ба!
Іс бастымыз... және де
Село мен село төбелес,
Тыныштық жоқ пәлеге,
Іштен іріп, болдық ез.
Соғыс күнде итжығыс,
Криуша мен Радово,
Мұжықтары тіпті тынымсыз
Қыж-қыж, гу-гу қалдығы.
Бассыздықтан бәрі де...
Патшаны қуып, есіріп,
Тартты, ұзамай әріге,
Ақылсыз халық өшігіп.
Абақтыдан жалма-жан
Ұрыларды босатып,
Жолаушының алдынан
Болды андып тосатын.
Криушаның айталық,
Түрмедегі сұмдарын,
Жіберіпті қайтарып.
Түрмеде қақпай жындарын.
Прон Оглоблин бастығы
Төбелесқой сұмпайы.
Әмбеге аян қастығы,
Апталап мас ұдайы.
Салады тентек зор күшке
Үш жыл бұрын, сол жалдап,

Өлтірген еді тал түсте
Старшинды балталап.
Мың сандаған баскесер,
Бұзық пен ұрыны берді
Қорғаным, анам Ресей...
Құрыды ғой, құрыды...»
Есімде көшір айтқан сөз,
Қолымда қалпақ, таяғым,
Мұжықтарға кеттім тез,

Сәлемші дос боп баяғы.
Көмкеріп жолды тастаған,
Шалғында келем шық шалған.
Желдірте атын бастаған,
Диірменші қарт та шықты алдан.
«Сергейжан, тоқта айтайын,
Қызықты мына тыңдай кет.
Божымды жөндеп алайын,
Естисің сонсоң керемет.
Ескертсең еді-ау, таңертең...
Қалыпсың менен сыр бүгіп.
Снегиндерге соқтым мен,
Келді деп дарқан бір жігіт.
(Мені олар көптен біледі,
Жүреміз өте сыйласып).
- Ақын емес пе? – деді,
Күйеудегі қызы – Аннасы.
- Таптыңыз, - дедім, - түп-тура,
- Сары шаш па?
- Сары шаш...
- Бұйра ма шашы?
- Бүп-бұйра,
Күлдіргі мырза, ісі оғаш.
- Қашан келді?
- Жуықта.
- Мамажан, дәл сол, меніңше.
Жасында сондай қызық та,

Ғашық ед маған өлгенше.
Қандай ол момын бала еді...
Енді, міне...
Бағы ұшып...
Шақырсаң ғана келеді.
Атақты адам...
Жазушы...
«Түскі асқа орай тез келгей,
Тағы да айтар бар сөзім».
Деп шалың жауын жеңгендей
Кулана қысты бір көзін.
Криуша тартым мен жаяу,
Шалғынды басып көгілдір.
Жүректе ешбір жоқ қаяу,
Қобалжыр емес көңілім.
Мас болып ауа иісінен,
Сан саққа ойым кетеді.
Солдатқа сұлу жесірмен,
Көңілдес болса нетеді...

Криуша міне, шатыры
Сағынған көзге тым ыстық.
Гүлді ауа шашып әтірін,
Гүлдете шашқан тыныштық.
Естілмейді үрген ит,
Қорғасын иесін шайлығып.
Әрбірінде шіріген үй,
Көсеу мен пеш байлығы.
Прон алдын қарасам,
Мұжықтар тұр шуласып,
Таласқаны жаңа заң,
Бидай мен мал бағасы.
- Сәлем, достар! Бар мұнда,
- Саған да сәлем саятшы.
Өмірді біздің кел, тыңда,
Көңіл-жай жігіт, көне, айтшы:
Питерде нені естідін,

Ұлыққа жақын десіп жүр.
Қолында байдың өстің де,
Жеттің ғой, енең ұрылғыр!
Жамандыққа сонда да
Баламаймыз даңқыңды,
Менмендік жоқ бойыңда,
Сыйлайсың мұжық халқыңды.
Еріміз едің көреген,
Біз үшін жүрген аянбай.
Айтшы сен, көне бере ме,
Байлардың жерін бізге жай!
Әлі де ерте, тимеңдер,
Келген жоқ десек, кезегі...
Майданда сонда күр бекер,
Төгіппіз қанды неге біз?»
Олар менің көзіме,
Қарап тұрды мұнайып.
Ауыр ойға кезіге.
Таппадым жауап лайық.
Айналды басым бір дүркін,
Есте бірең сөздерін.
«Дейсіңдер ме Ленин кім?»
«Ленин осы - өздерін».

3

Өсектер өрді еңбектеп,
Бар менен жоқты мол тізді.
Бәрін де маған тізбектеп,
Қарт ана шіркін жеткізді.
Саяттап шаршап бой талып,
Қисайдым бір күн төсекке.
Қопаның дертті ылғалы,
Жабысса керек, бос өтпей.
Қалшылдап денем бір суып,
Бір өртеніп, бір қызды.
Дөңбекшітіп дертті уыт,
Төсекте төрт күн жатқызды.
Қарт біреуді алып кеп,

Абдырап жүр, кеткен ес.
Таңқы мұрын, ақ көйлек,
Әлде ақиқат, әлде елес.
Дене ыстығы баяулап,
Бесінші күн кешінде
Бой сергіп, жаным саялап,
Өзерге жидым есімді.
Тұруда болып үмітім.
Көтердім ептеп басымды,
- Аман ба? – деді – жігітім!
Көңілді дауыс қасымда,
Арада өтті жыл неше,
Қарасын талай үзді күн.
Мен болдым сыйлы бәйбіше,
Атақты ақын-сіз бүгін.

Отырайық,
Кездейсоқ.
Кеткен болар дерт мүлдем,
Бұрынғы сізден түк те жоқ.
Күрсініп те қойдым ішімнен.
«Иә...
Оралмас өткен күн деген,
Жылдарды шашып ағынға...
Ұнатушы ем мен сізбенен
Отыруды қақпа алдында.
Арманымыз асқақ та,
Көрсеттіңіз сіз өнер.
Тәтті үмітті сол шақта
Ұмыттырды жас офицер».

Тыңдадым бәрін амалсыз.
Көз салдым әсем бойына
«Қойыңыз сөзді ләззатсыз»
Деу келді менің ойыма.
Білмедім, бірақ өзім де
Аузымнан менің шыққанын:

«Иә... Иә...
Бәрі есімде...
Сізге де сондай қуандым.
Отырыңыз, өлең тыңдаңыз,
Кабакты Ресей жайында.
Цыганның әні толы аңыз,
Не түрлі нәзік уайымға».
«Сергей-ау,
Сізге не болды?
Жаныма менің батады.
Жайылды елге оң-солды
Маскүнем деген атағың...
Осының бар ма бір сыры?»
«Білмеймін».
«Сонда кім білген?»
«Өмірге сірә, жаңбырлы
Жайсыз бір күнде келдім бе?»
«Күлесіз-ау»...
«Сіз де Анна».
«Бар болар ғашық жарыңыз»,
«Жок» «Сіз сияқты адамға
Жалғыздық жастан ерсі іс:
Болашақ жарқын сіз үшін»...
Қоюланды ауа бұлдырап...
Байқамай қолқап, шәлісін
Отырыппын сипалап.
Ай өзәзіл мәз бүгін,
Жок жүректе жас қарқын.
Қайта келді жаз бүгін.
Қайта келді он алтым.
Күпиямыз көп өзара...
Айырылыстық таң ағара!..

Қызыққа бізді мәз еткен,
Күдіретті еді жаз неткен.
Қарт диірменші-ай!

Бір көрім!
Мінезі бір әңгүдік...
Асып-сасып жүргені,
Почташыдай дәл біліп.
Күткендей-ақ мен көптен,
Тапсырды хатты кеп қолға.
«Келіңіз бізге... құрметпен,
Оглоблин Прон», –
Депті онда.
Криуша келсем, аяндап,
Оглоблин ішіп алыпты.
Қақпа алдында балпылдап,
Сыбап тұр мүскін халықты.
«Әй,
Таракан тұқымы!
Снегинаға барайық,
Төлемейміз жер құнын,
Жай бер деп, ойран салайық».
Мені көріп, күмілжіп,
Бәсендеп төккен зәрінен,
Деді шынымен қынжылып:
«Шаруаға керек бәрінен».

«Шакырдың, Прон не жайлы?»
«Шакырмадым мен сынап,
Ат әкелсін, барайық.
Снегинаға,
Жер сұрап...
Қабырғасы ырсиған
Жегілді бір жануар.
Жылқыдан мұндай есті жан,
Қосар беріп құтылар.
Аяңмен ілбіп келеміз,
Бір қынжылып, бір күліп.
Белең жер келсе-ақ өзіміз
Жөнелеміз жегіліп.
Күмбезді үйге келдік біз,

Сәл еңкейген ілгері.
Аула толы қош иіс,
Аңқиды еккен гүлдері.
Террасада киімнен
Шанды сілке бастап ек.
Өлді деп біреу төр үйден
Азалы сөздер естідік.
«...Жыла-жылама бәрі бір,
Өлді, болды жан ғайып.
Есікті біреу қағып тұр,
Көзінді сұрт...
Ашайын».

Толықтау мұңлы бәйбіше
Ашты бізге есікті.
Есендікке келгенше,
Проним былай есіп тұр:
«Жерінді бер
Бәлсінбе!
Жығылар біз жоқ аяққа».
Бәйбіше не десең де,
Естір емес, бірақ та.
Маған қарап уайым
Жеңсе де, бөлді сөзді арсыз:
«Отырыңыз, - деді - айтайын,
Қызыма келген боларсыз».
Кездіккен тағдыр шеңбері
Бәйбіше айтқан сөзіне.
Қиын ед сол күндері,
Қарау да Анна көзіне.
Түсіндім ауыр жағдайды.
Етпек ем көмек мен үнсіз.
«Боря... енді ол қайтпайды...,
Көрінбеңіз,
Кетіңіз.
Сіздердей қорлар, қорқақтар
Мұнда жүр... ол өлгенде...».

Жә... мұндайға кім шыдар,
Жаралмаса еменнен.
Түскендей жара бетіме,
Өзімнен өзім ұялып:
«Прон, - дедім, - кеттік те...
Ішейік, бұл үй қаралы...»
Аң аулаумен жаз өтті.
Ұмыттым атын, шырайын.
Қопа құсы әндетті,
Менімен бірге мұнайып.

4

Қайыңнан шырын төгілген,
Туған жер момын, жұпыны.
Келте жаз өтті бөгелмей,
Бейне бір жылы май түні.
Көк тұман жерге басылды,
Сұрланды таң салқындап,
Орманда жапырақ шашылды,
Сары шымшық саңқылдап.

Диірменшім жүр жымыып,
Жер таппай жанын қоярға.
«Көрелік шеттен бір тиіп
Сергейжан, барып қоянға!»
Аңға асықпын. Бытырап
Кетер ме екен ой құрғыр.
Жүзі айдай жылтырап,
Прон кешке келіп тұр.
«Уа, досым, бақыт, тұр, қуан!
Күн туды сонша аңсаған!
Құтты болсын жаңа заң!
Саламыз енді байға ойран!
Ешбір құнын төлетпей
Тиеді егіс, ағашы.
Ресейде енді Советгер,
Ленин - комиссар ағасы.
Достым, міне орасан!

Куаныштан құтыра
Мен бейбақ өле жаздасам,
Жіберді-ау інім бұтына.
Еңсенді көтер, көңілден!
Уай, ененді ұрайын!
Коммунаны елімде
Бірінші болып құрайын».
Лабутя-Прон інісі,
Бесінші «тузы» ед мұжықтың,
Қорқыныш болса бүрісіп,
Есетін кейін сол мықтың.
Арамызда мұндай мың,
Көпірер бөсіп әр неге.
Соғысынан Жапонның
Қос медаль таққан кеудеге,
Қабаққа барып, мастықтан
Ыңырситын түс бұзып:
«Ерлігіме куә Ляоян,
Жіберіндер аз ішкізіп»...
Ес кеткенше ішіп ап,
Шын тебіреніп толғанып,
Айтатын көзі жасаурап,
Порт-Артур жауда қалғанын.
«Петя!» –
Дейтін айқайлап,
Айтты деме мастықтан,
Күйінем..
Шектім көп азап...
Ерлігіме куә Ляоян»
Мұндайлар есіп жүред те,
Санаттан қалмас әрқашан.
Лабутя төре Советте
Медалін тығып тастаған.
Өткендей бәрі өз басынан
Ішіп алып, көпіріп,
Нерчинскі менен Турухан
Жайында соғар лепіріп.

«Тайынбадық біз, шырақ,
Көрсек те қандай көресін».
Медаліндей сылдырап
Жөнелетін ол бөсіп.
Басын ол сонда сап дауға,
Пронның көнбей ырқына,
Снегин үйін хаттауға
Лабутя барды жұлқына.

Кідірмес тегі, аларман
Мұндай іске болысқан.
Екі әйел және мал мен жан.
Айдалған тіке болысқа.
Бұл диірменші жүрмес тек,
Әбігер іске дағдылы.
Ана мен қызын алып кеп,
Ойлатты солар тағдырын.
Айырылдым тағы мазадан...
Аузына әсем тартымды,
Ойлы ерніне тас жұмған,
Қараумен таңды атырдым.

Жадымда айтқан сөздері:
«Жарымды сондай сүйген ем.
Есіме түскен кездері
Қаламын ауыр күйде мен.
Жөн жосықсыз жазғырып,
Істетті ашу бұл істі.
Айтатын болсам... шын сыры...
Құмарлық дер ем, қылмысты.
Әрине, ләззат, тәтті жай –
Бітер ед өтпей осы күз.
Ішіліп біткен шыныдай
Тастап кетер едініз.
Тартынып едім сол бір кез...
Кездесуден ашына жай...
Шешем де және... ескі көз,

Ренжуі оп-онай»...

Көзіне қарап кеңесті,
Басқаға бұрдым мен бірақ.
Тығыршықтай денесі
Шалқая түсті азырақ.
«Айтыңызшы, Анна, мал-мүлік
Қосымша болды-ау уайым?»
Бірақ ол тек сүзіліп
Қарады төмен мұңайып.

«Қараңыз...
Атқан таң ба бұл?
Көк жиек өртке ұқсайды...
Сепкендей елес жанға нұр,
Жақсылық сезім қостайды.
Балдырған
Бала кезіміз...
Қоштады күзгі гүл алаң...
Жарасты ынтық сөзіміз,
Он алты жасар екі адам...»

Аққудай қолы иіліп,
Аялай маған бір қарап:
Айтқаны есте сүйініп,
Ақ білек бояу сырғанап,

Жүріп кетті кешке олар,
Қай жаққа... біле алмағам.
Іздеген адам жол табар,
Сүрлеуі көп даладан.
Есте емес болған оқиға,
Білмедім жайын Пронның.
Питерге тарттым асыға,
Тарқатпаққа қайғы-мұң.

Суреттеу қиын орайлап,
 Жылдарды зілді, шаңдатқан.
 Естіді алтын сарайлар,
 Боктықты талай солдаттан.
 Ұмтылған өсіре гүлді алға,
 Сыпыра тобыр, кір-қотыр,
 Қорада қалған рояльда
 Сиырлар үшін сол кезде
 Ойнады Тамбов фокстротын.

Картоп, бидай, сұлыға,
 Грамофон алып,
 Сән көріп.
 Сілекейін жағып шылымға,
 Тыңдады мұжық танғоны.

Шығасы десе шамданып,
 Пайдаға ешбір тоймады.
 Көңіл тоң. Енді бұл халық,
 Великті жиі ойлайды.
 Бермеді жылдар береке
 Шаруаны құттан айырды.
 Сансыз «ходь» пен «керенке»
 Шіріді, болмай қайыры.

Жерге де, малға өзі ие,
 Қамқоршы, жанды сақтаған.
 Тозығы жеткен «катыкеге»
 Сатады арын оңбаған.
 Қойдык, жетті қайғырып...
 Мысқылды,
 Сөзді шегердік...
 Баяндап Прон тағдырын
 Диірменшім бір хат жіберді.
 «Сергейжан, қалай әл-халың?
 Бізден де саған, көп сәлем.

Криушадан кетіп қалғалы
Алты жыл келмей жүрсін сен.
Сағындық, қуант қарттарды,
Көктемнен қалмас боларсың.
Оқиға көп-ақ айтарлық,
Қайсысын хатқа жазарсың.
Жөнделді қазір елде хал,
Елірген дауыл басылды.
Жиырмасыншы жылы, біліп ал...
Оглоблин Прон атылды.
Россия...

Заман есірік.
Естіген жазғыр құлақты.
Деникиншілер сап бүлік,
Криушаны келіп шулатты.
Сайран да ойран боп жатты,
Мазак пен өлім сайысып.
Тілгілеп жонды ойнатты
Казактар қанды қамшысын.
Жығылды Прон сонда оқтан,
Лабутя сүңгіп сабанға,
Шығыпты тек казактар
Сінгенде барып орманға.
Осыдан бері ішіп кеп,
Қоймайды есер айқайын.
«Қызылдар орден берер деп,
Көрсетіп едім жауға айбын...»
Көшкен бұлт әбден тарады,
Тұрмасақ та жұмақта,
Шақырам кел деп қарағым,
Қуант бұл кәрі бейбақты...»

Тағы да елге келемін...
Шілденің түні еркелі.
Арбада жеңіл желемін,
Самал жел мұңын шертеді.
Тымық дала даңғылы

Жолы да сылқым жанға жай.
Сары алтынның жаңбырын,
Алысқа төкті туған ай.
Қалып та жатыр зымырап,
Шіркеу мен шарбақ, өткелде.
Алқынды жүрек жыр құрап,
Оралдым көп жыл өткенде.

Диірменге келсем, мың шырақ
Самсап тұр шырша үстінде.
Сөйледі қартын абдырап,
Әбігер бола түсті де.
«Сергейжан, сен бе, қарағым?»
Тоңдың ғой, сірә, тітіреп...
Келді кемпір қонағың,
Самауырды әкел тезірек.
Алтыным, Сергей тындашы...

Сен де айырылдың жастықтан
Беретін қазір, қарғашым,
Сәлемдемең бар саған».
«Сәлемдеме?»
«Жоқ, хат қой жай...
Асықпашы, қарғажан,
Болып қалды екі айдай
Әкелгелі почтадан».
Аштым... оқыдым оны мен.
Әрине, сол бір асыл жан!
Жайдары жазғыш қолымен
Лондон мөрі басылған.
«Есенсіз бе... мен дағы...
Есік алды есімде
Сөздеріңіз сондағы,
Естілер жиі түсімде.
Мен жүрмін қазір алшақта.
Ресейде сәуір туды айы...
Оранды мауыт сіз жақта

Терек пенен ну қайың.
Мен қазір осы қаламға
Шерттірген шақта түпсіз зар,
Қартпен, сірә, сіз анда
Қырғауыл тосып тұрсыздар.
Айлаққа жиі барам мен...
Қуанар, қорқар әдетім.
Тауып ап, тұрам караумен
Жалауын қызыл советтің...
Әлденген елім жаңаша.
Адасқандар көп мендей...
Қымбатсыз маған әрқашан
Отанымдай, көктемдей...»

Мұндайды салса ырыққа,
Жазбас ем хатқа бет алды.

Іліп ап тонды иыққа
Пішен жаққа бет алдым.

Жапыраққа бетті сипатып,
Аралап келем бау-бақты.
Жарк етті жастық қымбатты
Көргенде ескі шарбақты.
Көз таныс есік түр жолда,
Он алты жаста ем, үмітті ем.
Ақ көйлек албырт қыз сонда,
Елжіреп еді: «ұмыт!» – деп.
Айтпасқа жетпес әліміз,
Бейнесі өшпес жан екен.
Жас күнде сүйдік бәріміз,
Бізді де сүйген бар екен.

Советтік Русь

Buketov university

Өтті ғой сол бір дауыл. Сиреп қалдық.
Көбі жоқ жау соңынан қуған ердің.
Сегіз жыл араға сап, іздеп бардым
Торыққан топырағын туған жердің.

Кімге айтам? Тірі қалдым сол дүрмекте,
Мұная қуандым деп тірі қалып?
Сыңар қанат ағаш құс-жел диірмен де,
Ол да тұр селт етпестен, мүлгіп-қалғып.

Ешқайсы танымайды мені мұнда,
Білгендердің сезінем ұмытқанын.
Әнекей ата шаңырақ орнында,
Көң жатыр, жамылтқы етіп жолдың шаңын.

Ал, тірліктің барысы бұрынғыдай...
Қасымнан өтіп жатыр кәрі-жасы...
Көрмедім бірінен де жылы шырай,
Жалпандап кім сыйласын танымасын.

Бойымды билеп кетті ой шыңырауы:
Түсім бе бұл? Осы ма Отан-ана?
Болдым ба әлде қайдан келген ауып,
Өз елімде күңіренген бір диюана!

Ресейге атышулы шөлкес ақын,
Уа, селом, мен емес пе ем азаматың?
Тумаса осы ақынды сары қатын,
Қай күні шығар еді сенің атын?

Ой санасы жүрекке айтты бірақ:
Сабыр ет, өкпеге бой ұсынба деп,
Бұл тегі жаңа түлек жаққан шырақ,
Жас буын баспанасы тұсына кеп.

Сен аздап егде тарттың солғындана,
Жас түлек келді өзінің әнін шырқап,

Бізден неге аспасын бұл жас ұрпақ,
Село емес, бар жер шары болса ана.

Шіркін, Отан! Бейбақ жоқ менен өткен,
Жүдеу өңім қызарад, ұяттымын.
Жерлестерім өзіме жат боп кеткен,
Өз еліме жат елдік сияқтымын.

Қарасам... жексенбі күн... селолықтар
Болысқа шіркеуіндей жиылыпты.
Төтелеген тұрпайы сөзбен олар,
Шуласып талқылап тұр тірілікті.

Кеш түсті... Сұр даланы алтындаған,
Батыр күннен жайылып төгілді нұр
Сирағындай торпақтың қақпа аттаған,
Әр жырадан сидиып теректер тұр.

Бір ақсақ қызыл әскер есінер де,
Маңдайын құрыстырып, найқалып кеп,
Айтып тұр: Буденный ең есіл ер деп,
Ақтарды Перекопта жайпадық көп.

Біз әлі... буржуйды сол... Қырымдағы
Олай да... бұлай етіп... мықтан күнде...
Тыңдаған құрысты ағаш жапырағы,
Қатындар күрсінеді мылқау түнде.

Үгіт-жырға мәз болып, ду қып маңын,
Тау басынан әнге ауып бар аңсары.
Сырнайға қосып Бедный Демьянін,
Келе жатыр шаруа комсомолы.

Уә, елім! Біргемін халқыммен деп бөсіп
Мен неге өлеңімде босқа лақтым?!
Бұларға керек емес менің жырым,
Өзімнің де керегім жоқ сияқты.

Ендеше қош айтамын туған маңға,
Бірзамын осы азды-көп үлесіме.
Жырлағам ел басына күн туғанда,
Ұмыт болсам өкінем мен несіне.

Көп ісіне қосылам, болам бірге,
Шұбырынды сүрлеуден таймаймын мен,
Жаным пида Майым мен Октябрьге,
Тек сүйікті лирамды қимаймын мен.

Мен оны бере алмаймын бөтен қолға,
Досыма, жұбайыма, анама да.
Өйткені ол бар ырғағын маған толғап,
Нәзік сырын айтты ғой маған ғана.

Уә, жастар, тез гүлденіп, қуат ұтып,
Сай болғын жаңа өмір, соны лепке.
Мен болсам, жанымды асау жуасытып,
Кеттім сол болжаусыз жақ, бөтен шепке.

Бұл күні жер бетінен кеткен шақта
Қайрат, қаскүнемдік, ұрыс деген, -
Ақындық жүрегіммен өтем мақтап,
Алтыдан бірін жердің – Русь деген.

Келіншекке хат

Buketov University

Есте ғой... Бәрі, әрине, есіңізде.
Тұрғамын сол бөлмеде шеткері мен,
Бзалы ерсілі-қарсылы жүрдіңіз де,
Остыңыз зілді сөзбен беттерімнен.

Дедіңіз: «Қылықтарың түпке жетті.
Айырылысып тынатын туды күндер,
Мен енді игі іске бұрам бетті,
Сен құлдырап төменге сырғанай бер»,

Сіз мені сүймегенсіз, ғашық жарым,
Сезбегенсіз ашысын көбік тердің.
Мініс аттай болдым мен болдыратын,
Шапқылаған астында батыл ердің.

Білмегенсіз, сіз сонда көз көргенде,
Тірліктің дауылында қирағанын.
Сүйіктіңіз сол түтін, дүрбеленде
Не боларын түсінбей қиналғанын.

Бет көрінбес бетке-бет тақау келсе,
Іріні көрмек үшін тұр алыстау.
Теңізде асау толқын тулап берсе,
Кемеге күн туады қиын-қыстау.

Жер - сол кеме. Бәз біреу сонда тұрып,
Жаңа өмір, жаңа даңққа ұран тастап,
Сол кемемен бағытын шұғыл бұрып,
Сол түтін, сол дауылға араласқан.

Кім сонда кемеңің сол үстінде кеп
Құлап, құсып, ұрыспай болды берік?
Аз еді керіскенде иілмеген,
Көпті көріп ысылған ердің ері.

Төккенде қаһарлы шу бар ызғарын,
Мен сүйенгем іскерлік біліміме.

Көрмеуге көп ездердің былықтарын,
Түсіп кеткем кемеңің трюміне.

Сол трюм орыс арақанасы да,
Үңіліп сонда әйгілі қырлы ыдысқа,
Қашқан ем жасанды елес панасына,
Аяныш, күйзелістен жанды қысқан.

Сүйіктім, көзіңізден шерді сезгем,
Шектіңіз мен үшін сіз азапты көп.
Ұрыс-жанжал шығарып көрнеу-көзге,
Тірлікті жүрдім ғой мен ысырап қып.

Бірақ сіз білмедіңіз көз көргенде,
Дауыл соғып бәрінің қирағанын.
Сүйіктіңіз сол түтін, дүрбеленде,
Не боларын түсінбей қиналғанын.

Өтті, кетті сол жылдар. Өзгерді арман,
Ой өзге, көңіл өзге, өзге жайым.
Көтеріп шарабымды мейрамдарда,
Енді мен басшы даңқын мадақтаймын.

Сол шаршаған кезіңіз түсті есіме,
Бойымды билеп бүгін нәзік сезім.
Не болдым, жеттім бе арман белесіне,
Айтуға батпай тұрмын сізге өзім.

Қуанамын сүйіктім ауыр шақта,
Құламай құздан өттім, тірімін деп.
Енді мен өзіміздің Совет жақта,
Құлшынған жол серіктің бірімін деп.

Қазір әбден өзгердім, өзге ісім.
Сіз қиналған міне деп алыстағам.
Бостандық, жарқын еңбек туы үшін
Барамын керек болса Ламаншқа да.

Білемін безінгенсіз менен мүлде.
Бар десед өте мықты жұбайыңыз.
Тірлігімнің сізге бұл керегі не,
Бір жола мені ұмытқан сыңайыңыз.

Тұрыңыз саясында бақтың жаңа,
Жұлдызыңыз бастасын жолға еселі.
Сәлемші, сізді естен шығармаған,
Танысыңыз Сергей ғой сол Есенин.

Қачаловтың итіне

Buketov university

Уай Джимым, табаныңды әкел жайып,
Мұндай табан көргем жоқ бұл маңайда.
Қанекей қосылып бір абалайық,
Тымық түнде толықсып туған айға.
Уай Джимым, табаныңды әкел жайып.

Жаламай тыңдасайшы, айналайын,
Түсінгін ең оңайын бұл жалғанның.
Сен шіркін, білмейсің ғой тірлік жайын
Білмейсің артықтығын тірі жанның.

Иен сенің атақты, пейілі кең.
Қонаққа әрқашан да үйі толы.
Әрбірі жымыып кеп жон түгіннен
Сыйпағысы келеді созып қолын.

Ит сұлуы болар-ақ сендей, сірә,
Ит мінезін жұғымды, жылы неткен,
Сөзге келіп, бөгеліп, жатпай сұрап,
Мас достарша сүйесің тіке беттен.

Жаным Джим, сіздің үйге бір де сокпай
Аз еді бұл маңайда кетер кісі.
Айтшы сен, әлдеқалай келген жоқ па
Әйел заттың ең түйық, ең мұндысы?

Келеді ол. Сөзіме сен. Мен күәсі.
Сонда оған тік қарап, есіркеп кеп,
Мен үшін оң қолынан бір жалашы,
Кінәнің барын, жоғын кешірсек деп.

Түсініктемелер

В.Шекспир Юлий Цезарь

В.Шекспирдің трагедияларының бірі – «Юлий Цезарь» (1599).

Цезарь – даңқты патша, талантты қолбасшы. Ағылшындардың арасында өзіндік орны бар тарихи дара тұлға. Шекспир жазған осы трагедия ағылшын еліндегі басқа пьесаларға үлгі болды.

Шекспир заманында Британ аралында дәл Цезарьдай даңқты ешкім болған жоқ. Ол өз жорықтарымен ағылшын елінде аңызға айналды.

Аталмыш пьесаның құндылығы – тарихи Цезарьдың әдебиеттегі көркем образын шағын көріністермен дәл жеткізуі.

«Юлий Цезарь» - тарихи драма.

Макбет

Бұл шығарманың жазылған уақыты – 1606 жыл. Шекспирдің тірі кезінде аталмыш трагедия баспа бетін көрген жоқ. Бірақ ол туралы, сахналық қойылымы жөніндегі мәліметтер сақталды.

1623 жылы алғашқы рет баспа жүзінде жарық көріп және сахналық қойылымы дайындалды.

Оқиғаның негізгі желісі – «Англия, Шотландия және Ирландия хроникалары» деп аталатын Р.Холинshedтің 1587 жылы жазылған жазбаларынан алынған. Әлем елдерінің бірнеше тілдеріне аударылды.

Макбет – Шотландия королі. Ол XI ғасырда Шотландия елінде патшалық құрған (1040-1057 ж.ж.): Галантты әскербасы, еркін де қайсар адам. Талай ұрыста жаудан беті қайтпаған ержүрек қолбасшы. Қаталдығымен, даңқ құмарлығымен қоса, кей кездері жан дүниесінде сыршылдыққа да жол беретіндігі байқалады. Сонымен қатар ол – жауыздық иесі. Қайырымдылық пен зұлымдықтың ара-жігін ажырата алатын адам. Әрқашан өз дегенін, өз намысын жоғары ұстайды. Өмірінің соңына дейін өзіне қарсы жақпен алысып өтеді.

Трагедияның ең өзекті мәселесі де осы Макбеттің іс-әрекеттері мен болмыс-бітімі.

Джон Флетчер Испан сопысы

1579 жылы Англияның Сассекс графына қарасты Рэй деп аталатын шағын мекенде дүниеге келген. Әкесі Ричард Флетчер сол жердің кішігірім шіркеуін басқарған. Ауылдың қарапайым дін өкілі болғанымен Ричардтың түпкі арманы – үлкен діни қайраткер болу еді. Осындай мақсатпен олар 1594 жылы Лондонға көшіп келеді. Ричард Флетчер 1596 жылы қайтыс болған.

Джон Флетчердің қай жерде оқығаны туралы ешқандай деректер сақталмаған. 1607 жылға дейінгі оның өмірі белгісіз. Алғашқы рет 1607 жылы Джонның есімі өлеңдері арқылы шығады. Алғашқы драмасы 1608 жылы жазылған «Верная пастушка».

Өз өмірінде Флетчер көптеген пьесаларын драматург Бомонтпен бірігіп жазған. Сондай-ақ Меосинджермен қосылып оң алты пьеса жазады. Солардың бірі – 1622 жылы жарыққа шыққан «Испанский священник». Аудармашы бұл шығарманы – «Испан сопысы» деп тәржімалаған.

«Испан сопысы» пьесасы, негізінен, комедиялық туынды.

В.В.Маяковский Қандала

«Қандала» пьесасы – 1928 жылдың аяғында жазылды. Комедия түріндегі бұл шығарма – В.Маяковский сатирасының жалғасы әрі соңы деуге болады. Негізгі тақырыбы – тоғышарлық пен бойкүйездікке қарсы күрес. Алғашқы премьерасы 1929 жылдың 13 ақпанында Вс.Мейерхольд атындағы мемлекеттік театрда қойылды. Режиссерге ассистент автордың өзі болды. Көркемдік-безендіру жұмыстарын Кукрыникстер және С.Родченко жасаса, музыкасын Д.Шостакович жазды.

1929 жылдың тамыз айынан бастап пьеса барлық жерде қойыла бастады.

Керемет

Поэма – 1927 жылы жазылды. Бұл кезең Ұлы Октябрь социалистік революциясының 10 жылдығы қарсаңы еді. Алғашқыда поэма «Октябрь» деп, одан кейін «1917 жыл. 25 октябрь» деп аталды. 1927 жылдың екінші жартысында газет-журналдарда жариялана бастады.

1927 жылдың қазан айында «Керемет» поэмасы толығымен басылып шықты. Поэманың бірнеше бөліктері театрға лайықталып, Ленинградтың Малый опералық театрында көрсетілді.

Поэманың тақырыбы мен идеясы – совет халқының ерлік істері мен жарқын болашағы.

Тамара мен Демон (1924)

«Тамара мен Демон» - В.В.Маяковский шығармаларының бірі. Аңыз желісінде жазылған лирикалық туынды. Табиғаттың бір құдіреті асау Теректің долы мінезі мен адамдардың арақатынасын таразыға тартқандай. Ақын ерке өзеннен өз болмысын және өткен тарихты іздейді. Аңыз астарында жатқан шындық санамызға сәуле ұялатады.

С.Есенин

Анна Снегина

Поэма – 1925 жылы жазылған. Негізгі оқиға ақынның туған жері Константиново селосындағы 1917 және 1918 жылдардағы оқиғалар. Осы уақытта ақын еліне жиі барып тұрған. Сонда өз көзімен көргендерін шығармасына арқау етеді. Ауылдағы крестьяндардың ауыр тұрмысын, әлеуметтік жағдайларын тілге тиек ете отырып, оларды қанаушы помещиктерді де сынайды.

Негізінен алғанда, «Анна Снегина» - лиро-эпикалық шығарма. Оқиғаның басынан-аяқ лирикалық қаһарман, яғни ақынның өзі қатысып отырады. Төңкеріс тұсындағы елді

мекеннің тағдыры, онда тұратын тұрғындардың тыныс-тіршілігі әрі тарихи деректермен, әрі драмалық күйінде берілген.

Качаловтың итіне

Бұл өлең – 1925 жылы жазылған. 1875-1948 жылдары өмір сүрген СССР Халық артисі Василий Иванович Качаловтың итіне арнап айтылған. В.И.Качалов Есениннің жақын араласқан досы болатын. Иттің аты – Джим.

МАЗМҰНЫ

1. К.Салықов	
Алғы сөз	5
2. <u>В.Шекспир</u>	
Юлий Цезарь	15
Макбет	97
3. <u>Дж.Флетчер</u>	
Испан сопысы	183
4. <u>В.Маяковский</u>	
Қаңдала	243
Керемет	287
Тамара мен Демон	389
5. <u>С.Есенин</u>	
Анна Снегина	397
Советтік Русь	419
Келіншекке хат	423
Қачаловтың итіне	427
Түсініктемелер	429

Формат 60x84 1/16. Объем 27,25 п.л.
Бумага офсетная. Печать офсетная.
Заказ № 46. Тираж 500 экз.
Отпечатано в ТОО «АРКО»,
г. Караганда, ул. Ленина, 2.

Buketov university



PLA D'INFORMACIÓ

PLA D'INFORMACIÓ
DE LA TERCERA EDICIÓN

